




Қазақ  
прозасы  
Қазынасынан

Тобық  
ЖАРМАҒАМБЕТОВ

# Отдады



**Тобық Жармағамбетов**

**ОТАМАЛЫ**

**Әңгімелер мен хикаялтар**

Алматы  
«Раритет»  
2002




Казак  
празасы  
казынасынан



батеңмектемде жүйдөт

НДАМДА





Казак  
прозасы  
казынысынан

Тобык  
ЖАРМАГАМБЕТОВ

ЛІДЕРЫ КУЛЬТУРИ

# Отамды

(ориг.)

Эңгімелер мен хикаяттар

048823/2 - 15

Петропавловская  
централизованная  
библиотечная система

2013 - 2014



**ББК 84(5Каз)  
Ж31**

*Редакция алқасы:*

А.П.Баранов (тераға), Ә.Аскәров,  
Ш.Мұртаза, З.Я.Тен, С.Асылбеков,  
3.Серікқалиұлы (жауапты шығарушы).

*Құрастырган Есенбай Дүйсенбайұлы*

**Жармагамбетов Т.**  
**Ж31**      Отамалы. Әңгімелер мен хикаялтар/Құраст. Е.Дүй-  
сенбайұлы. Алғысөзін жазған З.Серікқалиұлы. — Ал-  
маты: «Раритет», 2002. — 212 бет.

ISBN 5-7427-0197-7

Өмірден ерте еткен жазушының өз уақыты мен тұтас бір үрлактың гүмірнамасын өзек еткен «Жан», «Кара жаңбыр», «Қызыл ай», «Қарала сиыр» т.б. әңгіме-хикаялтарында шынайы шындықпен нәрленген нәзік мұн, сөулелі романтика өлендей егіз-қатар еріліп отырады. Ішкі лирикалық іірімінің есер-куаты жөнінен бұл жинаққа енген туындылардың қай-қайсысы да прозадагы поэзия іспетті.

**ББК 84(5Каз)**

**Ж 4702250200-00  
413(05)-02**

ISBN 5-7427-0197-7

© «Раритет» БК, 2002  
© Безендірген А.Тіленшиев, 2002

## БАСПАДАН

«...Жыл сайын қыс ызгары жұмсарып, жер жалаңаштанған көндө қайта соққан үскірік жел кең жазықпен қуып әкеlei еске түсіретін ел аудында бір аңыз бар. «Қаптай жауган қар қырытамқтарының әрқайсысында осы аңыздың мұз бол қатқан түшіршіктегі ұшып жүреді. Сол кездерде аңыздың әлсіреп жеткен тар-шері кең даланы көктемгі тұмандай бүркен кетеді. Бұл мұң өресе жазыққа жайылып, өресе бұлтқа сіңеді. Биік құздың шынынан жел болып құлап, сай-салага тығылады. Өзен бетінде шыны толқын болып ойнайды. Жер усті, аспан асты жүрек зарына тоюып, төбелердің баурайын қайғы шарбысы қоршап алады».

Қазақстанның сонау қиыр батысынан – Ақтөбеден жазастын Тобық Жармагамбетов дейтін бір талантты жігіттің халық атыны негізінде тұган «Отамалы» әңгімесі осылай басталады; ата тоғынды тік түргезып, оқушыны бірден баурап алады.

Ертеде, қазақтың құлазып жатқан құқыл даласының көне откөтерінде – әр төбениң астынан суырылып шығатын үскірік шорап мен жалаңдаган жұмытың отінде, табигаттың өзі табыс откен жоқшылық пен зар-мұңды талшық, қылып, жастаңып, үрнақтар маңдайына жасаған мұраны багып, бір адам жарық дүниемен дәмдес болыпты. Оның атын Отамалы дейді. Отамалы қойшының сол өмірі енді жас жазушыга, міне, ата-бабалардың сонау бір откен азалы тіршілігінің әлеуметтік сырттын ашуға көп мүмкіндік берген.

Халық қасіреті – халық өнерінің әуені, аңыз сарыны жалаң қалитмаданып қана қойған жосқ, бүкіл бір дәүірдің беттақ жүрзін бір аударып тастаған, адамгершілік атынан ауыр үкім оқыған телеген течіз сырға айналып кетті. Кең әлем көпсінген, кең әлемге сыймартан жұдырықтай өмір, мұңга батып буланған көз жасы, күреңілік айрылған көңіл, түтеп, жарылып кетейін деп тұрган ашу, кек, ыға, арналыс, адам рухының ұлы жеңісі – бір әңгіменің бойында қалыптама дөру.

*Отамалының байыргы тіршілігі – шыр етіп жерге тұскен-нен бері көріп келе жатқан бәз-баяғы өмірі – ішегін тартып, шаптыраштана батқан дәззіл күннің сұрықсыз өнінен басталды. Отамалы басын шайқайды. Бір сұмдықты тағдыр өзі жоралғы қылып кеткендей. «Кешке қарай қарға ұсасына кірмей ұзак ұшты... Ертең күн сұық болады, бүгін түн сұық болады». Отамалы осы түнде қой жаюдан біраз қашқақтап көріп еді. Бірақ оны түсінетін, оның сөзіне құлақ асатын бұл жалғанда тірі пенде жоқ екен.*

*Отамалы үлкен ойга шомды, түнеріп қалды, көпке дейін үндерген жоқ. Бай зілін, бай әйелінің қанағарын бар болмысымен, қокірегімен тосып алды да, қараңғы лашиғына келіп, шақпақ таспен ең соңғы үмітін жақты.*

*Жалғыздық – Отамалыга тағдыр теліген сый. Ата-анасы, жары да, әлділеген баласы да – көз ашқаннан бері көріп келе жатқан осы от басы, ошақ қасы. Онда өзінен басқа іліп алар ештеңе де жоқ. Оны мұсіркейтін, оны түсінетін қос пенде – тек қасындағы иті мен қоктегі қарлығаш гана.*

*Отамалы ошагының үш бұтағымен қоштасып, ата-бабаның арам мұлқі – бір қора қойды алдына салды да, қап-қараңғы түннің сұп-сұық қойының сіңіп кете барды.*

*Бір сұмдықтың жиегі сыздықтап көтеріліп келе жатты. Бір төбенің баурайында ызғырық, долы алақұйын Отамалыга лап қойды. Жел шекпенінің етегін түріп, қокірегінен өтіп кетті. Жердүниені қарлы боран орап алды. Отамалының алдындағы ата-баба мұрасының ойран-топырын шыгарды.*

*Карлы құйыннан жылт етер саңылау іздел, Отамалы көп қойымен ыға берді, ыға берді. Найза бұршақ еңесін басып, иығына қоноып алды, бірте-бірте өрмелеп келіп сақалына жабысты. Әлем өзгеріп кеткен. Таныс төбелер бетін бүркеп, көп қылмысқа күә болмайын дегендей, теріс қарайды. Ізылдаган, ысқырган әлем-тапырық, аласапыран дүниенің ортасында жұлқысып, арналасып Отамалы келеді.*

*Отамалы күнімен ықты, түнімен ықты. Ишін аяз қарып, аштық бүріп барады. Бірақ абы өмір түздігымен суарылған көнтері адам әлі келеді сүйретіліп. «Жер бетінде өскен бір бұта тыныш қалған жоқ, бәрі де ііліп, бүгіліп, зарлан жатыр». Отамалының алдындағы мұлқі тоз-тоз болды.*

*«Алда бейшарам-ай! Сорлым-ай! Жарықтығым-ау, енді не істейін». – Бұл Отамалының қатты дагдарғаны. Көз жасы үсіген бетіне муз бол қатып қалды. Қокірегін кек кернейді. «Ашқарақ жауыз! Қарғыс атқыр!» – Өмірбақи қой аузынан шөп алмайтын момын Отамалы, тағдыр дегеніне қарсы түрүп көрмеген Отамалы бұл абы уытты өмірінде бірінші рет Жапан байға арнап айтты. Шорт жарылды.*

Бірақ тағдыр деген қатал. Іші салбырап жасаппай қоздаган коптағында бауырындағы шала-жансар жас-жас өмірді жасалат-шұктан боран тілі зыр қағады. Отамалыны өлім халіне алып етті, саусақтарына жан тапсыртып, екі аяқтан айырып, біраң солкін алды да, ыстық құмды кешкендей жасалаң аяқ, жасалаң шаш тәнніретіп жіберді.

Дынышама жұпинаны, бұйығы адамның бойында қаншама ала-шат қайрат бар. Отамалы долы боранмен гана емес, мейірімсіз шынырының өзімен жасасынан үстап арпағысты. Өмірінің ақтық сипатта адамдық, пенделік үлкен құдіреттің көрсетті. «Қайдасың, тас жүрек! Бұындырайын! Тоқтаңдар, иттер, тоқтаңдар!»

Аңғас қарсы қанатын жайып, Отамалы ұшып түсті. Бұл оның сипаты айбары, көкірегі қарс айырылған соңғы жалыны, өліктей соңшырып откен өмірге ұлы қарсылығы.

Кот алдында көп елес: жылт етіп өшкен үміті, қайран қазанышты. «Мұрт дейтін жақсы жсанады екен гой» деп ойлайды Отамалы. Баір орнында бір уыс құл қалды. Отамалы аң-таң. Бұл да отр қоңғылғе медеу, қайтсін.

Арманда кеткен әлдебір адамның қабірінің басында оны таңшыттің өзі жарық дүниеге табыс еткен қалпында, үстіндегі жасалған жүзінде шоқпыштандырып алды да, басын желге қарсы қараташып, иманын оқыды.

Бірақ Отамалының тек жүрегі гана тоқтады, ал рухы өлген шоқ, ауыздан-ауызга тарап, аңызға айналып кетті. Оның есімін үлкенік өз көкірегіндеге сақтап қалды. Сол бес күндік боранды елшүрт «Отамалы», «Бес қонақ» немесе «Құралай» деп атайды. Қынғасын қар кетіп, жер бедере жұмсарған кезде қайта ора-шып соғатын ызырық жел осы аңызды еске салады.

«Отамалы: «Тоқтаңдар, иттер!» – деп айқайлап құлап түскенде, қарлы боранның омыртқасы күрт сынғандай жерге солқыншылғып, тұншығып өлті. Жел бойындағы бар күшінен айрынып, саң-салага сіңіп кетіпті. Қын қайта шығып, қарларды әпсіттіп ерітіп жіберген. Ал тұнде Жетіқарақша мен Темірқазық, қаштадан орнындағына келіп, бұрынғыдай селкілдемей, берік тұрып анытты. Койлар баурайда өскен қызыгальдақтарға қозыларын жасашып, кең даланың төсінде мәңгі-бақи қалып қойыпты».

Аңыз, міне, осылай азаматтық үлкен түйінмен бітеді. Бүкіл шығарма тұнтып тұрған ой, образ.

Бұл әңгіме не үшін керек? Бұл әңгіме ата-бабалардың откен оғасаші өмірін, ауыр азалы тіршілігін танып, түсіну үшін керек.

Бұл әңгіме бүгінгі бақытты бағалай білу үшін керек!..»

Зейнолла СЕРИКҚАЛИЕВ,  
Жас жазушылардың «Таңғы шық»  
жинағына алғысөзден, 1964 жыл.

Сөз болып отырган тек «Отамалы» аңыз-хикаяты гана емес, қырыққа жетпей арамыздан қырышын кеткен (1973) гажайып қаламгердің бүл алуандас талай шыгармалары («Ақ жауын», «Бәйтеректің жас шағы», «Сентябрь туні» т.б.) заманында жүртшылықтан, әдеби сыннан лайықты бағасын алғаны белгілі. Алайда рухани мәдениетімізді байытқан осындаи суреткер-жазушының әдебиетіміз кеңістігінен айқындалар орны, өзіндік ерекшелігі әлі күнге дейін жсан-жасақты, жесте зерттеліп, ғылыми зерделене қоймаганы өкінішті-ақ. Мәңгілік мұраның бір бөлігін гана қайталап жариялау арқылы біз бүгінгі үрпақтың – оқушылардың жаңа бұны назарын аударуга белгілі бір дәрежеде жослашар бола алармыз деген үміттеміз.

## ҚАРАЛА СИЫР

Ауылдың ең шетінде жарқабақ басында тұрған қыстаудың түрі тым жүдеу. Алыстан қарағанда мал тапаған ескі кебен сияқты. Тышқанның ініндей үңірейген үш қара тесік терезе есебінде. Есік алдында ескі самтықтан тұрғызылған ашық аула. Оның ішіндегі шөптің жанында бір қарала сиыр байлаулы түр. Неге екені белгісіз, екі мүйізі қалың шоқпытпен оралып, таңып тасталған. Бейне басына кішігірім қаңбақ іліп алған сияқты. Қора жанында сорайып тұрған ұзын діңгектің басына ескі қанылтыр шелек төңкөріліпті. Ол көктемгі суырма желдің әсерімен аласұра даңғырлайды. Ағаш басынан босануға әрекет қылады. Кейде ол дегенине жетіп қалғандай-ақ, тап ұшар басына қотеріле береді де, бірақ артынан әлсіреп барып, қайта тәмен құлайды. Шелек дауысы жел дауысынан да, қыстау маңайын қаптай өскен жалаңаш шидің ызылынан да аянышты, мұнды.

Қыстау үстінде тәмен үшқан жыртық бұлттар.

Кенет жансыз қыстаудың есігі шықырлап ашылды да, ішінен қырықтар шамасындағы мығым денелі, қара мұртты ерек шықты. Қолында күс мылтығы бар.

Бұл Малдыбай еді. Қожайының көрген қарала сиыр мөңіреп жіберді. Қара мұртты қөңілі толған кісіше сирына қарап бір жымып, мұртын сипап қойды.

Малдыбай өкеден туғалы қарыны тоыйып ас ішіп, көркейіп киім киген адам емес. Әйелімен екеуінің қолынан құрық пен көген, құрек пен шелек кетпесе де, өздерінің желісіне қотыр бұзау, я тышқақ, лақ байланбаған болатын. Екеуінің де күні бай есігінде өтүмен, бай малын бағумен келеді. Малдыбай деген атын да тағдыр әншнейін мазақтап қоя салған сияқты.

Мінеки, сол Малдыбай ойда жоқта малға ие болды. Еңбегі үшін байдын бірер мал берермін дегенине біраз уақыт болып

Калса да, айтқанын орындаамай жүр еші, жақында осы қарала сиыр Малдыбайдың қорасына байланда.

Қарала сиырдың сүттілігі ауылға аңыз болып кеткен. Соның жалшысына беріпті дегенді естігенде жұрттың көбі таң калды. Бірақ сиырдың айыбы да бар болатын – ол өте сүзеген-ді. Малдыбай алардың алдында ғана байдың бәйбішесі мен бір жалшыны жарып кете жаздаған. Бірақ Малдыбай оннын елең ете қойған жоқ, өйткені қарала сиырды қақпайтын, жөнге жүргізетіндердің бірі – өзі. Сондықтан ол жұрт не шең, ол десін, сиыр алғанына қатты қуанып, көтеріліп қалды. Малдыбайдың бұған қуанатын тағы бір реті бар. Осы қыстаулың бір жағында отырған ауру інісі мен оның бала-шағалары үшін де сиыр қуаныштың көзі болды. Өкпе ауруынан қыстымға олсіреп, жүдеп шыққан інісі көктемге қарсы ауызы аққаши, оналайын деді. Малдыбайдың әйелі мен келіні сиырға көзектеп шөп тасып әкелип, қора жылдытып, астындағы көңін аныстырып, жатпай-тұрмай еңбек етеді. Соларға жазатайым бірдеңе қылмасын деп, сиырдың мүйіздерін шоқпытпен ташып тастаған да Малдыбайдың өзі.

«Мөхх!».

Қарала сиыр осы мезетте тағы бір мөніреп жіберіп, шокпышт оралған мүйіздерін бұлғандатып қойды.

Жануар су ішпеген екен ғой! Суарып келейін, – деп, ол сиырга жақындай бергенде, артынан жас баланың жіңішке лаусын естіді:

Ағам сені шақырып жатыр! Келіп кетсін дейді!

Бұл інісінің жеті жасар ер баласы екен. Өзі есік алдындағы коктайғақ мұзда жалаң аяқ тұр. Бәшпайлары қызырып кеттігі. Малдыбай зілсіз зекіріп жіберді:

Кет өрмен! Қыстауға кір! Мен осы сендерге жалаң аяқ жүрмө деп қашанғы айтам, жүгірмектер! Бәшпайыңды қырқайын ба, осы?

Бала ауызын қисаңдатып, Малдыбайды мазақтап, кетпей түрүп алды.

– Мен саған көрсетейін-ай, – деп, Малдыбай күрегін көтөре оған қарай үмтүлыш қалып еді, сықылықтап тұрған бала үйге зып берді. Малдыбай өзіне көnlі біткендей мұртынан бір жимиып алды да, інісінің үйіне беттеді.

Есіктен кірер жерде босағаның омырылып, құлайын деп түрғанын байқады. Шамасы, күздікүнгі қара сұықта сылаңып, дұрыс жымдаспай қалған болу керек, енді көктемде сұланып, құлап түсейін деп тұр.

Болме іші сасықтау және қаракөленкे екен. Ортада ескірген ақ киіздің үстінде басын терезеге беріп інісі жатыр. Оның маңайында ірілі-уакты үш-төрт бала ойнап жүр. Жа-

ңағы есік алдындағы жалаң аяқ өкесінің артына тығылып қалыпты, тек ақ дамбалының бір шеті ғана көрінеді. Шамасы, құлқіден жарылайын деп жатқан болу керек, иші әрдір етеді. Малдыбай кіріп келгенде келіні жайпақ қара қазанды қырғышпен тырналап жатқан; қайнағасын көріп жұмысын тоқтатты.

Малдыбай қазандық маңындағы ескі самтықтың үстіне келіп отырды. Инісі ернінің ұшымен амандасты да, төбеге қарап жата берді.

— Халың қалай, қарагым?

— Жаман емес...

Әңгімеге келіні араласты:

— Бір айдан бері сүт болғалы оңалып келеді. Бірақ өлде де ішіңкіре, өсіресе айраннан ішіңкіре десем, тыңдамайды. Енді көк іісі шығып кетпей тұрып, өлденіп алу керек қой...

Інісінің артына тығылып жатқан бала басын көтеріп түрегелді де, Малдыбайға:

— Ал, көрсетші, көрсетші, ал! — деп шиқ-шиқ етіп құліп, қайта жасырынып қалды.

Інісі бірдеңе дейін деп келе жатыр еді, жөтеліп қалды.

— Кха-кхха! Кхх-ха.. Я... мен бір жылма жасаттырып ішейін деп... едім. Откен жылы қатты құлағанымда содан тәуір болғанмын... көк шығып кетпей, азғантай сары май жинасандар...

Малдыбай мылтығының құндағын сипап отырып:

— Жақсы! — деді. «Кеп болса, аздап бала-шағаның аузын тия тұруға тұра келер» деп ойлады ол тағы.

— Сосын мен... жазылып, аяғима тұрсам, жазда байдың жылқысына кетермін. Қошкенде бізді тастап кетпесін, соны айт. Мениң орныма Қаракамыстағы Мұнайдың Жұбанышын алам деп жүрген көрінеді.

— Жақсы...

Бұл жолы Малдыбай «жақсы» деп әштейін айта салды. Өйткені инісі оңалған күнде де, күзге дейін жұмысқа жарамайды. Одан ерте қосылса, қайта жығылуы ықтимал.

Малдыбай түрегеліп, есікке беттеген күйінде:

— Кешке дейін су жылытып қоярсың, босағаң құлайын деп түр екен, сылап берейін, — деді келініне. Сосын тағы да мұрнының астынан:

— Мен ши жақтан қоян-қопсы қарап келейін, — деп шығып кетті.

Ол мылтығын асынып, қолына таяқ алды да, қарала сиырды байлауынан шешті. Сиыр мүйіздерін шайқап, айбат шеккісі келіп еді, Малдыбай оны таяқпен жасқап, сайдагы құлдыққа қарай жетектеді. Жер бетіндегі қар көктемнің алғашкы жылуына ерігенмен, артынан қара өсуқ түсіп, қатып қал-

ғап маңай көктайғақ. Малдыбай мен сиыр аса сақтықпен төмөн түсіп келеді.

Шойт, әй!

Сиыр ұмтыла бергенде, Малдыбай ауыр таяғымен тұмсыпапан салып етті. Бірақ ұруын ұрганмен, жануарды ішінен аши қалды. Сонысына кешірім сұрағандай, өзі сиырмен ғұйғылесіп сөйлесіп келеді:

Қайт дейсің енді! Ұрмасқа болмайсың. Таяғым қатты тиши кетсе, жануарым, ренжімей-ақ қой. Бәрі өзіңнен. Әй-он! Ана қараши, өлде де қоймауыңды! Шелектей басында шашшадай ми жоқ-ау!

Малдыбай баурайдан түсіп, құдықтың жаңына келді. Құлық жыраның қак ортасынан қазылған екен, бұз жерден үн корінбейді. Жел де жоқ. Тек аспанда көшіп жатқан бұлттар ғориңді. Ол қауғаны құдыққа саумалап түсірді де, кішкентай астаңга су алғып құйды. Қыстай жақтан шелектің даңғыры солтүн түр. Сиыр шөлден өліп қалған екен, бірден бассалды. Малдыбай суды үшінші рет құйғаннан кейін, осыған қанарапаның дегендей, қауғаны орнына алғып қойды.

Сиыр танауы пышылдап сіміріп жатыр. Малдыбай мылтығының нығына жайластырынқырап қойды да, аспанға қарады. Бұлтар манағыдан да қоюланып, жиленіп, төмендей түскен етеп. Тігтен қол созым жерден үшып жатқандай. «Қар жауамаса не қылсын. Нағыз көктайғақ сонда болады. Мұндай кездे ғоншар қеуектерінен көп шықпайды, тек үстінен дәл түсіп үрлемесең...» — деп ойлап тұрғанда, оны бел түсынан ауыр өрлеме түйіп қалды. Малдыбай қалай үшып кеткенін де сезебен қалды. Есін жинағанда көргені — шоқпыт ораған мүйіздерін ғосеп, қарала сиыр төніп келеді екен! Малдыбай асылы қайратты, қажырлы және тез адам еді, жан-дәрмен атып тұрды да, шашшап мылтығын сұрып алды. Сиыр сәл қаймыққандай, ежерейіп тұрып қалды. Енді байқады, жаңағы қолындағы таяғы астаудың ар жағынан үшып кетіпти, сиырдан әрі жатыр.

Малдыбай ауырған белін үқалай тұрып, қарала сиырды ғана созбен жібітпек болды:

Қарағым-ау, мұнша саган не болған? Қабыргамды сыншырып кете жаздадың ғой! Жазатайым...

Қарала сиыр Малдыбайдың сезін аяқтатпай, тұра ұмтылған. Малдыбай оны мылтықтың дүмімен кеңсірік түсынан бір ғонды. Шанышқы тиген балықтай қайқаң ете қалған қарала сиыр бір жағына бұрылып кетті. Истің қыынға айналғанын етеп Малдыбай жыраның тұбіне қарай қашты. Себебі, жыраның тұбі аласа, адам бойындаған болатын. Ойы — содан екінші шығып, құтылып кету. Сиыр жыраның ол жерінен ғарыны шыға алмайды.

Артына қараған Малдыбай өзін өкшелеп келіп қалған сиырды көрді.

— Атам!

Ол мылтығын кезеп тұра қалды. Сиыр қатты дауыстан қаймыққандай тоқтап қалды. Бірақ мүйізін тынымсыз шұлғып, айбат шегуде. Малдыбайдың тон қеудешесін кигені абырой болған екен, жаңа бүйірден соққанда осының арқасында ғана жаны қалды. Ол мүйізді бұдан да гөрі қалың шок-пүтпен орамаган екемнін деп өкінді.

Малдыбай қапы қалмайын дегендей оң қалтасында бөлек тұрган қасқыр ататын ірі бытырамен оқталған оғын алды да, мылтығына салды. Сиыр бұған таңқала қарап қалыпты.

Ұнсіз тыныштықты алдымен Малдыбай бұзды. Ол етеп шегіншектеп, жыраның түбіне жүре берді. Сиыр біраздан соң, осы мен неғып орнымда қозғалмай тұрмын дегендей, өкіріп барып, Малдыбайға атылды. Малдыбай тез бұрылғандығының арқасында ғана шоқпыт мүйіздерге ілінбей қалды. Сиырдың өтіп кеткенін пайдаланып, ол енді құдық басында қалған таяққа қарай жүгірді. Бірақ үш-төрт қадам аттамай-ақ тоңқалаң асты. Арт жақтан екпінмен соққан қарала сиыр омыртқасын үзіп жібере жаздады. Малдыбай мен-зен болып орнынан әрең тұрганда, сиыр үлкен шеңбер жасап құдықты айналып, осылай қарай қайта тайрандап келе жатыр екен. Ол жыра түбіне қарай қайта жүгірді. Сиыр осы жеткенінде Малдыбайды бөкседен соқты. Ол қайқаң өтіп бір жағына ұшып түскенде, қолындағы мылтығынан айрылып қала жаздады. Қарала сиыр кезекті жұмысын бітіргендей, құдық жаққа тартты.

Сиыр енді құйрығын көтеріп алып ұнсіз шапқылап, құдықтың маңын қорыс қылып жүр. Малдыбай жыраның түбіне жетуғе жақындал қалды, бұрынғыдай жүгіруге де әл жоқ, аяғы ақсап қалыпты. Соңғы рет сиыр маңдай тұсына келе бергенде, мылтықтың шүріппесін басып қалып, жұмысты біржола бітірейін деп ойлады да, бірақ артынан саусағын тарташып алды. Осы соққы Малдыбайға ауыр тиді,— сиыр қеудеден түйген екен, орнынан тұра алмай қалды. Өкпесі қысылып, демі тарылғандай. Жүргегі де қатты-қатты соғып, басы айналып кетті.

Қарала сиыр Малдыбайды бір құлатқан сайын кең шеңбер жасап, құдықты айналып шауып келеді. Көптен байлауда ұсталып, іші пысқан ол еркін бой жазып алғысы келгендей еліре көследі. Аяқ астындағы қарда бір табын мал өткендей із жатыр. Ол соңғы соққыдан әрең көтеріліп, есін жия бергенде, сиыр өзінің шеңберін аяқтап, жақындал қалғанды. Малдыбай бұл жолы әдіс-айлаға көшті. Сиыр тап қасына

Енші қалғанша селк етпестен тұрды да, кенет бір жағына  
шығып бүрылды. Басымен жер сүзе жаздаған сиыр зымырап  
шығып, қайтадан құдыққа қарай қыстылады. Ол жаздан  
бері екі-үш ескі қаңбақ жатқан жыраның түкпіріне жетіп  
шығып. Бірақ денесі едөүір ауырлап, аяғы алдырттай тастаған  
екен, онша қатты жүргізбеді. Дегенмен, әлді адам гой, сиыр  
шығып айналып келгенше, ол жыраның ернеуіне жетті. Енді  
бір секіріп ернеуге қолын іліктірсе, шығып кетпек. «Сиырды  
артқашан ауыл болып үстап алармыз» деп ойлады ол. Бірақ  
жыраның ернеуі Малдыбай ойлағандай төмен емес екен. Ал-  
дан қарғығанда, шамасы әлсірегендіктен болуы керек, қолы  
жетпей қалды. Екінші рет күш жинап секіре бергенде, арт  
шығып бір қара күш қеудесін жарға сығып жіберді. Ол жан-  
сыннан тағтай қаңбақтың бірінің үстіне дұрс ете қалды. Тек көзіне  
шашығаны құйрығын көтеріп алыш, тұқайлары аспанға қар  
шаша, құдыққа қарай асып бара жатқан қарала сиыр болды.

Малдыбай қүйіп кетті де, мылтықты алақанына сарт еткізіп  
тосей қойды. Мандаіына сүкіп тер шашып шықты. Денесі  
алыу отқа жанып, миы үршықтай зыр айналып барады.

Атаңа нәлет! – деп боктап жіберді ызадан. Бұрын сиы-  
рына мұндағы қатты сөз айтып көрмеген еді. Сосын жарға  
шығып, теңселіп тұрып қалды. «Құйрысын, болмас, атып тас-  
тапши» деп бекінді ол.

Сиыр бұл кезде құдықты айналып, басын бері бүрған еді.  
Моніремей, дыбыс шығармай, тек тұқайлары сарт-сұрт етіп  
шашып келеді. Бейне аяқтарына он шақты күміс қоңырау  
шашып алғандай. Құйрығын сәл көтеріп артқа еркін таста-  
ғап. Онысы жауға шапқан батырлардың наизасының үкісінше  
желбейді. Малдыбай қолы дірілдеп мылтығын көтерді де,  
қарала сиырдың мандаіын іздеді. Қарауылға әуелі шоқпыт  
шығып. Ол қолдың қозғалуынан ба әлде сиырдың шабысынан  
ба, бір томен, бір жоғары секіріп, қарауылда тұрмады. Сосын  
Малдыбай мылтығын сәл төмен түсіріп, қолын демалдырып  
алы да, мандаіға дәлледі. Мандаіының қақ ортасындағы  
шопшелек ақ ноқат көздеуге жақсы екен. Мінеки, ол қара-  
уылға берік ілінді. Бұл кезде сиыр тіпті жақындаپ қалған еді.  
Жыраның төбесінде ойнақтаған желдің дыбысы естіледі. Алыс-  
тап шелектің әлсіз данғыры жетеді. Малдыбай шелек дауы-  
сан естігендеге үй іші есіне түсіп кетті. Үйдегі екіқабат әйелі,  
баласы (оның алты жасар бір баласы ғана бар еді), ақырында  
шешіп, оның балалары қөзінің алдына тұра қалды. Әлгі жылма-  
шетен соzi құлаққа ап-анық естіледі! Мына жақындаپ келе  
жатқап, мына қарауылға ілініп тұрған ақ ноқат – сол жыл-  
мың айран, сұт, ірімшік, құрт, балаларының бетіндегі қуаныш-  
тың күлкі ғой! Солардың өмірі! Інісінің өмірі! Өлейін деп жат-

қан жерінен тұрғызып алған осы сиыр емес пе еді?! Ендігі үміттің бәрі де осы сиырда.

Оның мылтық ұстаған қолы төмен түсіп кетті.

Қарала сиыр шауып келе жатыр.

Малдыбайдың көзіне жылма елестейді. Жайпақ қара қазаның ортасына дейін құйылған май бүркүлдап қайнап жатыр. Бетінде көпіршіген ақ көбігі. Жылма ішіп отырған ауру інісі... Алғысқа толы көз жанарын Малдыбайға аударады. Інісін ажалдан алып қалу мұның міндегі ғой. Сиырды атып өлтіру – ауру інісін өз қолымен өлтіру деген сөз. Осылардың қамыққанын көрмейін деп, жұмыс істегендеге де Малдыбай жан-тәнін салып бағатын. Енді мына кішкентай бір қатерден қорқып, қарала сиырды атып тастаса, ертең елге не бетін айтады, үй ішіне, ауру інісіне не демек?

Жоқ, Малдыбай қарала сиырды өлтірмейді.

«Малдыбай ондай қояншық емес!» – деп қойды ол қаттырақ, ойын бекіте және өзіне бекем бере түскендей.

Бірақ... қарала сиыр шауып келе жатыр.

Малдыбай не болар екен деп жарға сүйеніп үнсіз құтіп тұр.

«Мүйізі жарға тірелгенше шаба бермек пе! Астапыралла! Өзінің өжетін-ай! Аждаға сияқты екен, кәпір!»

Сиыр жыраның тап шетіне жетіп қалған кезде ғана алдыңғы екі аяғын тіреп, абажадай боп тұра қалды. Малдыбай да мылтығын қалай көтеріп алғанын сезген жоқ, тұла бойы тітіркеніп, дірілдеп кетті. Қарала сиыр бұл жолы Малдыбайды қорқытқанына мәз болғандай, біраз тұрды-тұрды да, кейін қарай қайта шаба жөнелді.

«Кердің бе, өлтірмегенім жақсы болған! Сөйте-сөйте желігі басылады ғой» деп ойлады ол. Жырадан жоғарыға шықпақшы болып тырмысып еді, онысынан ештеңе бола коймады, тіпті бұл жолы қолы манағы топыраққа да жетпей қалды. Денесі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда ауырлап кеткен. Әсіресе бүйірі мен қеудесі өзге жерінә қарағанда тызылдап, удай ашып ауырады. Соққының көбі де сол жерлерге тиген.

«Нем кетті, – деп мырс етті Малдыбай, – көгеріп кеткен жерлерімді қас қылғанда ертең тап өзіңің майыңды жағып жазып алам ғой. Бір-екі жұмада құлан-таза болады. Қап, мана аңқасы кепсе де, азанда қоянға кете бермеген екенмін!»

Малдыбай өншейінде кездесе кететін қаңғырган атты адамдардың біреуі де келе қалмайды-ау деп ойлады. «Бірақ олар жеке тұрған Малдыбайдың қыстауынан не алсын және құдықта бір ит өлген түкпірде. Үйдегі өйелдер біліп, келгенмен, не бітірмек. Қайта олардың өздерін өлтіріп кетіп жүрер. Келмегендері де жақсы. Мендей де емес, оларда қурай сияқ-

шындағы қауқар жоқ қой, мүйізді бір шайқағаннан қалмас...  
Аның, мүйізін таңып тастап, ақыл еткенмін».

Сиыр тағы айналып, арбиган мүйіздерін алға тастап шашып келеді. Малдыбай мылтығын созып, алға кезеді. Бірақ оған жоғы қарқыны әлгіндегі күшті емес. Баяулау келеді. Депінмен, түрінде бір сойқандық бар. Жаңағы жеріне жетіп тағы тұран алды. Малдыбай желімделіп қалған еріндерін ажыратып, сойлеп көрмекші болды.

Ойының әлі қанған жоқ па, қояншығым. Сен тентек тоған да, ақылды тентек едің ғой. Бүгін қоян аулауга + бермей тастағаның не болғаның. Осы үшін өзінді жақсыдан бір сабап алу керек-ау, ә?! Енді мені үйге жіберсейші.

Қарала сиыр тыңдал тұрғандаі түр білдірді. Сосын «жоқ» депіндей мүйізін бір сілкіті де, оған жақындаі түсті.

Кет! – деп жекірді Малдыбай.

Сиыр тыңдар болмады.

Он мылтығын кезеп, мандайға тікелеп үстады.

Қарала сиыр тап берді.

Мылтықтың аузы әуелі ақ ноқатқа тиді де, екпінмен жоғары ырынып кетті. Малдыбай шүріппені баспады, бірақ соның үшіннен керемет бір күш өзін жарға езіп, сығып бара жатқаннан сезуге шамасы әрең келді де, талықсып кетті. Қезінің үшіннен мындаған донғелектер, мұнарлар нажағайдай бір оғана ойнап шыға келді де, тез сөніп, тұңғылық қараңғылық салып кетті.

Канина уақыт өткені белгісіз, ол есін жиғанда, сиырдың мұншыларине ілініп тұрғанын көрді. Мылтық артына қайырылған, арқасымен жарлың арасында қыстырылып қалыпты. Оның аузы аспандағы көшіп бара жатқан бұлтарға қарап шошанын тұр. Қарала сиыр алдыңғы екі аяғын шірене тіреп шошанда, шоқпұт мүйіздерін Малдыбайдың қеудесінде берік шошан тұр. Мүйіздің бірі қеудеден сырпырылып, жарға тіреліпті. Шошаның ізі тон үстінде бел-белгілі, қара жермен сүйреттін шошаның ізіндегі. Шамасы, осы мүйіз ысырылып, қеудесін соңғақтан соңғана есін жиған болу керек. Екінші мүйіз қеуде көтіп коттықтың арасында.

Малдыбай демігіп тұр. Бетін сұық тер жуып кеткен. Әуелі оған жауап тұр ма деп қалып еді. Олай емес екен. Аузы, оған таңырылған жағынан да судан үшін кеткен болу керек, удаі ашып, терлеп, қызғындаған, оғаннан жатқандай. Дем алғанда қеудесі ырылдаған иттей күріншілер етеді. Тіпті шапшыған қан миды зырқ айналдырып, ғалғана соғады. Мылтықты алуға мүмкіншілік жоқ. Мылтық, үстәған қолы одан айрылған соң артына қашып панты да, жарға қысылып қалыпты. Ол үйіп қалған

булу керек, жан бар екені, жоқ екені белгісіз. Екінші қолын да мүйіз басып тұр.

Сыырдың жіберетін түрі жоқ сияқты. Малдыбай есін жиған соң, біраздан кейін қозғалмақ болып талпынып көріп еді, сай-сүйектері сырқырап, омыртқасы сынып бара жатқандай, тұла бойы қақсан қоя берді.

«Ит, мықтап шегелеген екен... Енді қайттім?!»

Жел күшайе тұсken. Оның зуылына қалың шидің сарнауы қосылады. Ескі қаңылтыр шелектін даңғыры өлі естіліп тұr. Ол манағыдан горі долдана, ызалана салдырлап айбат шегетін тәрізді. Анда-санда «дыр-р-др-р, ыр-а-дыр-ыр» деп қояды, онысы «адыра қалсын!» деген сияқты естіліп кетеді.

Малдыбайға ең анық көрініп жатқан – аспан ғана. Бұлттар бұрынғыдан да ғері көбейе тұсken. Таңертенен бері көшуде еді, әлі ағылуда. Таусылатын түрі жоқ. Малдыбай өзінің енді бір жылға дейін жұмысқа жарамсыз болып қалатынын ойлап жатыр. Інісі де ауру. Өзі де мүгедек болса, бұлардың тамағын кім табады? Келіні ме, өзінің әйелі ме? Әйелі болса екіқабат, босанайын деп отыр. Жас баламен ол жарытып не жұмыс істер дейсің. Бұл Малдыбайдың көрейін деп отырган екінші баласы. Сондықтан да соңғы кезде әйелінің асты-үстіне түсіп, жұмыс істептей қойған. Бай үйінің анау-мынау ұсақ жұмыстарына да қатыстырмады. Ол Малдыбайдың бұлай сиырдың мүйізінде тұрғанын біліп отыр деймісің. Қоян аулап жұр деп ойлайды гой. Малдыбай келініне су жылтытып қоярсың деген сезін есіне алды. Мүмкін, келіні су жылтытып та жатқан шығар.

Мүйіздер қыса түсті. Малдыбай қарлықкан дауыспен сиырға жекіріп еді, ол қысымын тоқтатқандай болды.

«Асталыралла, – деп ойлады ол, – дауысы шықпай қалу деген оп-опай екен гой. Жайшылықта наңбас едік-ау».

«Атаңа нәлет, – деді ол ішінен (ейткені дауысы естілмеді), – осыдан құтылатын құн болса, өзінді іреп тұрып сабар едім! Жаңа атып жібергенде, көзің кекшиіп жататын едің!»

Қарала сиырдың көзі бұрынғыдан жаман қанталап кеткен екен. Малдыбай қатты шошынып, тітіркеніп қалды.

– Тпа-тпа, бөлекет, өзіңмен кет! – деді ол тағы да дауысы естілмесе де.

«Өлімім осы иттен болар ма екен» деген ой басына ора-луы мұң екен, одан жаман демігіп, денесін сұық жайлап кетті. Соңсоң зұлым ойды денесінен аулақ құмақ болып, олай-булай тырыбынған болып еді, оған денесі де қозғалмады, басқа оралған шұбар жыландаі зұлым ой да кете қоймады. Малдыбайдың қорқыныштан жүрегі қатты-қатты соғып, терлеп кетті. Бір рет тіпті басы айналып, аспандағы бұлттардың селкілдең, билеп, қозғалақтап кеткенін сезгендей болды. Ол айқайла-

мысы келіп, аузының қымылдатып еді, онысынан да ештеңе шылкпады. Тек бишара шелектің дауысы ғана, зарлы дауысы ғана жетеді.

Малдыбай сиырдың көзіне қараган сайын жүрегін үрей үшілеп, тізесінің дірілдеп бара жатқанын сезді. Сонсоң өзіне өзі ғнді оған қарамасқа іштей серт етті де, көзін аспанға аударды.

Аспан баяғысындағы сүрең еді. Тек бұлттар, бұлттар, үүлттар. Жапырақ-жапырақ бұлттар. Кейбіреулері өзендеғі шылау, балдыры сияқты. Біреулері іріп кеткен айрандай. Мына бір бұлт адамға үқсас-ақ; мынау екі көзі, мына желбірегені шашы, мына бір шығыңқырап тұрганы иегі, анау аузы, иә, иә, мінеки, құлағы да шығып келе жатыр. Қалай, өзі марқұм Масабекке үқсай ма? Масабек демекші, ол бишара өткен күзде шылтада сүйкә үшып өлді-ау. Өлем деп жатқанда аспандағы үүттігінде да тауып алып, сонымен сөйлесіп жатып өлді ме екен? Бишара, менімен жандай құрдас болатын. Отыз тоғында қайтыс болды. Оны елеп, көмген де ешкім болмады, бай баласы өлігін көріпті ғой. Қасындағы жалшысы айтты. Ішік олгеніне көп болған екен деп, ауылға алып келуге жирикеніпті. Сонсоң жалшыны қорқытып, көрген жоқпыз, ғана алмадық деп айттып келген.

...Мына бір бұлт қой қора сияқты созылыңқы екен. Ішіндеғілері мал болуы мүмкін. Айтпақшы, аспанда ел бола ма екен? Молдалар солай деседі ғой. Адам өлгеннен кейін аспанға шығатын көрінеді. Әлгі бұлт дегенім шынында да сол аспанда үшып жүрген марқұм Масабек емес пе екен? Қой, ол емес шығар, біреулер аспан жын-шайтандардың мекенін деседі ғой, мысалы, найзағай жарқылдағанда сол шайтандарда шаш жатқан қамшының дауысы екен деп те айтады.

Оғең, ана бұлттарға мініп жүретін күн болса... Адамда шілдеке үша алатын қанат болса... Қанат болғанда ғой, мен шаш даалбаңдаш жыраның түбіне қарай қашпай, аспанға үша ғонисемін ғой. Қарала сиыр аузын ашып, мүйізін бұлғаң-шашын қала береді. Аха-ха... (ол езу тартқан сияқты болды). Ішік ол кезде, мүмкін, сиырлар да үшар. Қарала сиырга ғанаң бітіп, менің соңымнан қуа жөнелсе. Мен бұлттарға ғаршы үшар едім. Солардың арасына кіріп, жасырынып қалар еттім. Өлті қалқып өткен қой қоралардың ішінен керегімшे мал аралар едім. Аспан деген рақат қой...

Кайран інім! Ауру болып, кор болдың-ау, сен ауру болмында, қарала сиырды өлдекешан ет қылатын едім. Қолым-шаш жіңіз байладың ғой. Енді, мінеки, демігіп жатқаным... Ішіу келіп босатып алғанша, мына мүйіздерден құтылу жок. Ағие біразға дейін жұмысқа жарамай да қалдым.

...Бұл сиыр неғып түр? Неге жібермейді, қашанғы түр бермек? Сүтті мол бергенмен, сиырлардың ішінде де әумесерлері толып жатыр екен гой!

Шелектің мұнды дауысы естіледі. Сол шелекті Малдыбай діңгек басына өткен күзде өз қолымен іліп еді, содан бәрі әл тынымсыз қаңғырауда. «Күндердің күнінде түбі я бүйірі тесіліп, тәмен сырғып түсер ме екен? Өзінің де бүйірі иттен берік екен. Менін бүйірімнің жаман сиырдың бір-екі сүзгенине жарамай жатқаны мынау...»

Малдыбайдың денесін мұздай сұық билеп қоя берді. Себебі, бұл кезде қеудесі қабынып, езілеп, бұлығып бара жатыр еді. Сиыр күшпен итеріп келе ме өлде қеуденің өзі шыдамады ма, белгісіз. Оның бет-аузын ауыр да абыз тер тамшылары басып кетті. Кеуіп кезерген еріні көкшіл тартып барады.

«Ойбай-ай, өкпем! Атаңа нәлет-ай-ай-й-й!»

Осы жолы қарала сиыр Малдыбайды күшпен езіп жіберді. Аузынан қаны ытып кеткен Малдыбай әүсіл қырылдаған қалда да, артынша-ақ жан кешті. Оқыс қымылдан болу керек, тап осы мезетте жіңішке қара мылтық аспандағы бұлттар тобырының ең болмаса біреуін құлатайын дегендей ғұрс етіп атылып кетті.

Шошынған сиыр Малдыбайдың жансыз денесін лақтырып тастап, құйрығын шанша құдыққа қарай безіп барады.

## ОТАМАЛЫ

Бұл азыз көктемде қар еріп, жер жалаңаштанғаннан кейін кенеттөн ызырықтың қайта соғып, боран қақап кеткенінде еріксіз еске түседі. Сондағы соққан долы жел солтүстікегі мәңгі мұз тауларының арасында ұмыт болып қалған азызды сары далага қайта айдалап әкеледі. Сондағы қаптай жауған қар қырышықтарының әрқайсысында осы азыздың мұз бол қатқан түйіршіктегі ұшып жүреді. Сол кезде азыздың әлсіреп жеткен мұң-зары кең даланы тұмандай бұркеп кетеді. Бұл мұң біресе жусан басына соғылып, біресе қияқты тұншиқтырады. Біресе жазыққа жайылып, біресе бұлтқа сіңеді. Биік құздың басынан жел болып құлап, сай-салага тығылады. Өзен бетінде шыны толқын болып ойнайды. Жер үсті, аспан асты жүрек зарына толып, тәбелердің баурайын қайғы шарбысы қоршап алады.

Сол кезде қазактың көне даласындағы қартамыш жусандар бұл азызды тағы бір естиді.

Желмен бірге жеткен шер далага мынаны айтады деседі қариялар.

\* \* \*

Іріде қазақ даласын борандар мен аңызақтар, жұт пен салырлар, сосын... аздаған қазақтар жайлайтын. Қазақтың ішінде төбelerден тұратын. Әр төбенің баурайында тілін жаңылап жұт жортатын. Әр төбенің ар жағынан қамшыдай шырыны шығып боран ышқынатын. Әр төбенің астында қас-сир жатын. Сол көп төбелердің бірінің баурайында Отаман-шының қойшы өмір сүрген екен.

\* \* \*

Отамалы қолына таяғын алып, кішкене лашықтан далаға шығып. Құн шапыраштанып, қып-қызыл болып батып бара кеттір екен. Көзін қысынқырай оған біраз қарады. Ішінен өрлемелерді айтып күбірледі. Басын шайқады. Әлі оты сөнбек-шының оның аспан ортасына аударып, оны да барлад қарады. Алыстағы жардың басында бір топ қарға шуласып жүр екен. Оның тағы шайқады.

Ақырында орнынан қозғалып, анадай жерде тұрған аппақ шығынға беттеді. Ақ үйдің ар жағындағы төбелердің бауырланағында топ қой жатыр. Жер беті бусана жібіген. Ауа таптап Шыңғылдаپ тұр. Алыстағы төбелердің баурайларында бір шығында қар жоқ. Жер беті түгел жалаңаштанған. Құнгей шығынға беттері когере бастаған. Қектемнің көңілді сулары жер шығында жылжайлап өткелі де көп болмаған – әр жерден-ак шығында кішілі жыралар, жаңа сайлар көзге ілігеді.

Отамалының артынан ұзын құйрықты ала төбеті еріп шығып. Оның құлағы түйежапырақ сияқты салбыраңқы.

Отамалы ақ үйге жетті. Үйге кірмestен бұрын, бұрылып шығынға тағы қарады. «Ұнамайды...» деп күбір еткендей болды, өйткі еріп онша қозғалып жарымады. Иті қожайының шығында жығылғандай, о да құнгеп қарап біраз тұрды. Бірақ басын шайқаған жоқ.

Отамалы киіз үйдің есігін көтеріп ашты да, ішке енді.

Торде қара мұртты біреу зеренге мұртын малып шұбат ішіп шығып. Отамалыны қөргенмен, көңіл аударған жоқ, жамбас-шығында сораптал жұта берді.

Онда адам сусынның ішіп болғанша, Отамалы тыныш шығынға.

Үйдің іші жиһазға толы. Керегелерге оюлы кілемдер ілініп шығынған. Салбырап-салбырап тұрған жібек желбаулар. Қалып-аяқ жақта үлде мен бұлдеге оранған бір өйел отыр. Құмшындағы сырғалары, қолындағы білезіктегі – бәрі ақ құмстен соғылған, жалт-жұлт етеді. Аяғындағы биік өкшелі қабынан күміс шалынып, әшекейленген. Үстінде қытай, са-

марқан жібектері. Қасын сүрмелеткен. Бірақ киімі қанша әдемі болғанмен, өзі толық, келіссіздеу. Үршығын томар бояудың түбірі сияқты саусақтарымен қолапайсыз, икемсіз айналдырады. Одан гөрі жоғарырақ екі қызы отыр. Бірі бойжетіп қалған. Басында үкілі бөрік. Бұрымдары даланың жуан қара жыландарынша аяққа оратылып жатыр. Бірі тоғыз-он жастағы кішірек қызы. Төрде тең-тең болып жинаулы тұрган текеметтер мен оюлы, киіз қапты сандықтар. Олардың үстінде атлас, торғын, жолақ баршын көрпелер.

Қара мұртты шұбатын ішіп болды. Зеренді кішірек қызы на ұстatty да, мұртын біраз сұртіп отырды. Содан кейін көзін қысыңқырай Отамалыға қарады:

— Отамалы намаздыгерде келмейтін...

— Иә, байеке, Отамалы намаздыгерде келмейтін, — деді Отамалы да. Аз үзілістен кейін: — Бүгін Отамалы намаздыгерде келіп отыр, — деді сөзін бөліп-бөліп.

— Отамалы намаздыгерде етігін жамайтын я қойын қайратын. Қойларын тұнгі өріске алып шығуға дайындалатын.

— Дұрыс, байеке. Намаздыгерде Отамалы етігін жамайды, байеке намазын оқиды, қарға ұсына кіреді. Бірақ бүгін Отамалы етігін жамаған жоқ. Бүгін кешке қарай қарға ұсына кірмей, қиналып біраз ұшты... Отамалыға киім керек. Ертең құн сұық болады... Бүгін тұн сұық болады..

— Оны Отамалыға кім айтты?

— Оны Отамалыға батып бара жатқан құн айтты.

— Құн батып кетті ме?

— Иә...

— Ендеше, Отамалы мазасызданбасын. Құн айтты да кетті, ал Отамалы қойын өріске айдап шығуы керек. Құн айтады да кетеді, ол тұнде Отамалының қойын өріске айдастып апа-рып тастамайды.

— Отамалының үйінде ештеңе жоқ. Отамалыға қалың тон керек.

— Отамалыға көктем берілді.

— Отамалыға тاماқ керек.

— Отамалыға жылы тұн берілді.

— Отамалыға байпакты етік керек.

— Отамалыға бусанган жер берілді.

— Отамалыға жақсы ат керек.

— Отамалыға екі аяқ, бір таяқ берілді.

Отамалы тұнеріп қалды. Қастары көзін жауып отыр. Бірер сәттен кейін ғана ол жай дауыспен:

— Отамалы тұнде қойларды өріске шығармайды. Отамалы қойларды құндіз жаяды, — деді.

— Отамалыға мың жұлдыз берілді!

Жұлдыздарды бұлт бүркейді.  
Отамалыға тәбелер берілді.  
Табелерді тұман бүркейді.  
Отамалыға жыралар, сайлар берілді.  
Жыра-сайларды қар жабады.  
Отамалының жағына жылан жұмыртқалап, тамағына  
шашқан індесін!

Күн сұық болады! Тұн сұық болады! Қойлар ығып кетеді.  
Отамалы қойларды өріске шығармайды!

Байынқ көзі шапыраштанып кетті:  
Казірден бастап Отамалы қойға кетеді!

Отамалы үндеген жоқ. Бірақ бұжолы көзін төмен салмай,  
шашқа қарап отыр. Түйіліңкірей, сынай қарағандай. Аспанда  
шұрын бүркіттің төмендегі жәндіктерге байыппен көз  
шөргеніндей ғана.

О, Жапан, мен айтып болдым! – деді.  
Осы кездे үршығын тоқтатып қойып, манадан әңгімеге  
түшік түріп отырган әйел шап ете түсті:

Ендеше, Жапан да болды! Айтты ғой саған. Немене,  
шашқа тіреу, жағынды сүйеу қылып!

Отамалы әйел жаққа қараған жоқ. Тек Жапан әйеліне  
бірлеме дер ме еken деп күтіп еді, бірақ ол қоштағандай үнде-  
меш қалды. Сосын Отамалы жайлап түрегелді де, далаға шық-  
ти. Есіктің алдында иті мұны күтіп тұр еken. Иесін көріп,  
шұрығын жалқау бұлғаңдатты.

Дата қараңғыланып қалыпты. Темірқазық, Жеті-  
сақшылар көріне бастаған. Олар бір жанып, бір сөніп, селк-  
шік етеді. Ауа салқын. Жер беті сәл тоңазып, кілегейлене-  
тапши түрі бар.

Отамалы үшінші рет басын шайқады.  
Ол лашығына келді. Лашығының іші қараңғы еken.  
Іншөуіндегі шақпақ тас пен білтені алып, от тұтатты. Кеп-  
тін баялың пытырлап, зу-зу етіп жана бастады. Үш аяқты  
шашқында басын төмен салбыратып жіберіп Отама-  
ла отыр. Оның үйінде ешкім жоқ-ты. Өзінің бар өмірін осы  
шашқында өткізген. Ес біліп, етек жигалы бай-  
шының ошақты еншіге беріп, жаман лашыққа көшіріпті. Сол  
шашқа қазіргі тесіктерінен жұлдыз санауға болатын тозыры  
шіккен шұрқ-шұрқ киіздер де, сол ошақ осы алдындағысы.

Отамалы өмір бойы жалғыз келе жатыр. Ол үйленген жоқ.  
Інші, шамасы бұдан отыз жыл бұрын, мұның жігіт кезінде  
шашқа қазіргі Жапанның әкесі, үйлендіремін деп бір айтып  
шашқа ауызға алмай дүниесалды. Ал Жапанның мұнымен  
шашқа ісі болған жоқ. Қаншама ауылдармен қатар отырып,

қаншама қасына сүрме жаққан, қолына сыңғып білезік таққан қыздармен кездескенмен, Отамалы малы жоқ болғандықтан ұндемеді. Сөйтіп жүріп елудің үстіне шығып та кетті. Өмірден бар көргені осы ошақ, лашық, иттері, байдың үйі. Отамалының дүние тануы осымен шектеледі. Бірақ ол кең даланың етене баласы еді. Ол қайғырғанда қарлығаштар маңайлад ұшып жұбатқандай болатын. Ол жадырағанда күнде құліп, нұрын шашатын. Тебелері, өзендер, қырқа-сайлар, жусан, қияқ, дала гүлі – мұның әкесі де, шешесі де, сүйген жары да еді.

Ошаққа басын беріп ол ойланып отыр. Қыыншылық кездерінде ылғи осылай отыратын.

Үйде іліп алар ештеңе жоқ. Я киім, я көрпе-төсек, сандық, жиһаздар болсайыш! Тек шөп пен қойдың жүнін араластырып жасаған төсек тәріздес бірдеме... Кенет есік сәл қозғалып көтерілді де, ішке ит кірді. Ол өз орнын жазбай билетін, оң жақ қанатқа жатып алды. Отамалы итіне қөңіл аудармай, сақалын тәмен салып жіберіп үнсіз отыр. От пышырлад жаңып жатыр. Мінеки, манадан бері от тимей тұрған баялыстың бір жуандай бұтағын жалын тілі бір жалап өтті. Бірақ ештеңе болмағандай, баялыш бұрынғы қүйінде қала берді. От екінші рет соғып өткенде баялыш сәл құңгірттеніп қалды. Сонда да жанып кетпеді. От тілдері көбейіп көліп, үшінши рет шарпылғанда ғана баялыш денесіне от жабыстырды.

Отамалы сол баялыш бұтағына қарап отыр. Жаңағы қара бұтақ енді қызырып, шоққа айналып келеді. От тілдері енді бұдан ауысып, бөтен бұтақтарға қарай шапшуда. Әлті бұтақ түбірінен сынып жерге түскенше, қызыл шоқ құлғе айналғанша, Отамалы соған үнсіз қарап, сақалын ұстап, отырып алды. Біраздан кейін барып ақырын дауыспен:

– Ошақ, сау бол, – деді. Сосын белін қаттырақ тартып буды да, далага шықты.

«Ай, Жетіқарақшының теңселуін-ай!»

Баурайдағы қойларға қарай жүріп келеді. Дала едөуір қаранғы. Біраз жүргенмен кейін пырылдап жайылып жатқан қойлардың шетіне ілінді.

Кішкене байырқатып тұрғаннан кейін қойларды жайымен орнынан қозгалтып, күндеңі әдетінше Темірқазыққа бағыттап өргізді. Қойлар асықпай қаптап жайылып келеді. Ауа бұрынғыдан да шынылтыр. Жер дегдіп, ката бастаған. Жұлдыздардың бәрі самсал тұр. Бірақ Отамалыға тұрыстары үнамайды. Шеттерінен қалышылдап, дірілдеп, бір аяғымен се-кенделеп тұрған сияқты.

«Жұлдыздарға да қыын-ау, жап-жалаңаш, – деп ойлады Отамалы бір мезет... – бірақ олар көп қой».

Отамалы қойдың соңынан ере берді. Үстінде шекпені, оныңда байпағы жоқ тоған етігі бар. Баста жеңіл тымақ. Ішінде шақпақ тасты, білтелі, бір кішкене пышақты есік ғана белбеу. Артында иті еріп келеді. Ол өлі бір дыбыс оныңдаған жоқ. Жайшылықта дыбыс шығармай, қожайының соңынан жалқау еріп отыратын әдеті бар-ды оның.

Жетіқарақшы Темірқазықты айналып, тұнді жұта берді.

Гүн ортасында төбелердің бауырынан әрең көтеріліп, еп-теп жел есс бастады. Бұл ешкілерге жақсы болды, олар мұрындарын көтеріп, мұйіздерін артқа тастанап, жүрісін өндіртті. Қойтарақтардың сондарынан ентелей өріп, тұяқтың тысыры ғүшін біркелкі тыныштығын бұзып тұр. Эр жерден-ақ тұяққа тиғен тас, сынған бұта, секірген малдың топ еткені сияқты ғылыми таралған пытыры, қойлардың пыскырынуы, олардың ісі, артында қалған жылды булары Отамалыға өлі тұннің сүйектіңде сездірмей келе жатыр.

Отамалы қолына таяқ ұстағаны болмаса, оған сүйенбейтін.

Гүн ортасынан ауып барады. Қойлар жүрісін шапшаңдағы бастады. Тұннің бірте-бірте сұтып, бара жатқаны белгілі болыны.

«Күн айтып еді ғой!»

Отамалы ауылдан үзап кетті, ондаған таныс төбелер мұлгіп, ғары жаулық жамылып, артта қалды. Таныс жыралар мен саптарды да таставады. Бірақ құныққан қойлар жаңа өріс іздеп, түршілік межеден өтіп барады. Отамалы оларды кейін қашыған жоқ. Қайтатын уақыт әлі болмаған-ды. Отамалының қойлардың алды-артына шығып, әр жақтан дыбыс беріп ғояды.

Гаңға жақын, қайдан келгені белгісіз, бір мыжырайған ғовениң бауырынан ызырық жел кенеттеген қойлар мен Отамалыға лап берді. Жел шекпеннің етегін көтеріп, бөз көйлекті түрілдеп, Отамалының бүйірінен өтіп кетті.

Ол бірдеме деп құбір ете қалды. Әлгі жел жалғыз келген жоқ екен, аспанның сол жақ шетіндегі жұлдыздар жайын құтқан шабактардай жоғала берді.

Отамалы енді қойдың алдына шықты. Итін дауыстап шақырып, оны ық жаққа жөнелтті. Бірақ қойлар шашыранқыран көткен екен, тез қайырылып болмады. Аспандарғы жұлдыздар сонгіштеп жатыр. Бұлттар жабылған тұндіктей аспанды бүркей берді. Міне, Жетіқарақшы да жұтылды.

Отамалы жүгіргіштеп қайырып жұр. Аяғының астындағы қысташ шықкан көкпек сыйтырлап сыйнады, жусан езіледі. Жел

соғып берді. Қойлар үйлігіп қалды. Тұнге тағы бір тұн қосылғандай, тұнеріп кетті.

Маңайдағы бозғын төбелер де көрінбей барады. Ит анда-санда шәуілдеп үріп, кейде арс ете қалып, қойларға бағыт бергіштеуде. Желдің күшті ызылы қойлардың пысықрығы мен маңырауын әрең естіртеді. Отамалы ауылға қарай айдалап келеді. Қатты жүрістен жүргегі жиі-жі оғып, дүрс-дүрс етеді. Қарманып жүріп беліндегі шақпақ тасы мен пышағына қол жүгіртпін еді, олар орнында тұр екен. Әлден-ақ аяғының үші мұздап, тізесі қата бастады. Бірақ мұндай сұықтың талайын көргендіктен, оны елең еткен жоқ, ойына қорқыныш та алған жоқ, тек есіл-дерпті қойларды қайырып, аман жеткізу.

Қойлар алғашқыда жақсы жүрді. Бәрі де жұлуды қойып, ентелеп алға ұмтыла берді. Ит ық жақта. Қойлардың еріксіз ыққа ысырылатынын ит те, Отамалы да жақсы біледі. Жел күшейген үстіне күшіе түсті. Далада қалған бойшаң итсігектер мен бұталардың зарлағанын Отамалының тәжірибелі құлағы тұн дыбысынан ажыратып келеді. Бағдар беретін жүлдyz жоқ болғанмен, Отамалы жер танығыш еді, қойлардың сөл бұрыла бастағанын жазбай білетін. Ол қойларды қақпайлап, жүгіре басып қайыра берді. Ешкілердің бәрі ентелеп алға шығып кеткен болуы керек, Отамалыдан екі-үш адым жерде қойлардың құйрықтары ғана қомақталады, сирактардың бір-біріне тиген сартылы, топтың дүрілі желге қосылып, Отамалының алды қалың шуга толып келеді. Ит анда-санда қыңсылап қояды. Шамасы, ол да мұндай аласапыран жүрісті көптен көрмеген болуы керек.

Отамалының тізесі тоңа бастады. Денесіне де сұық жеткендей, бәз көйлектің іші салқындаі берді. Жел оның үлкен сақалына оратылып, төмен қарай, көйлектің ішіне лап етеді.

Қойлар да қауіпті сезгендей жүрісін қүшетті. Иттің даусы енді топтың я ана шетінен, я мына шетінен бір шығады.

Отамалы не де болса таңға аман жетсем, жарыққа бір ілінсем деп келеді. Қанша айтқанмен, жарықта жол табуға болады. Бұл қатты болғанмен, жел гой...

Жоқ, тек қана жел емес, Отамалының шекпеніне бірдемелер тысырлап тие бастады. Сипап қарап еді, жалаңаш қолына түсken түйіршіктер еріп барады.

«Қар!»

Қар жауып берді. Бірақ сұық қар емес, тигені тиген жерінде еріп, тез дымқылға айналып жатыр. Көп ұзамай-ақ Отамалының шекпенінің сыртынан еріп қатқан мұздың бір қабаты пайда болып, сырт киімі ауырлап кетті. Қойлардың да жұніне сабалақ қар қонып, мұз тонға оранып барады. Осы кездес ит ырсалақтап жүгіріп Отамалының қасына келіп еді, оның

Оннанынан ешқандай өзгерісті байқамаған соң, қойдың ық  
шашынан қайта шапты. Еріген қар Отамалының сақалына қата  
бүгіншідегі. Мұртын да сондай мұз қабыршақ бүркеп, аузына  
шешіп қалды.

Жел күшейіп, қар түсімін көбейтті. Бір мезет Отамалыға  
төрт тобыры бағыттан тайған секілденіп кетті. Жер үсті бул  
көне алай-түлей болып бара жатыр еді. Осы шамада бағыт-  
тан таймау, әрине, ете қыны.

Жел күшін жинағандай ыңырана бастады. Енді едәуіршік  
шоран болып қалып еді.

Еншеп жарық болды. Енді алдағы кетіп бара жатқан қой-  
тарлың дөңгелекше денелері де айқындалғандай.

«Гац...», — деп ойлады Отамалы.

Аяқтың астындағы жартылай мұз, жартылай қарға оран-  
тап жусандар мен көкпектер көріне бастады. Отамалы енді  
көйлардың орта шеніне дейін көз жеткізді. Қар әлі жауып,  
шоран түр. Жел ішін тартатын емес. Міне, қаптаған қойдың  
шүкірлесі қарауытты. Алды маңдайдағы төбенің бауырына  
ормелеп барады екен. Бәрінің де арқасында батырлардың са-  
шындарында жалтырауық мұз бен аппақ қар.

Гац атты. Бірақ маңай буалдыр. Дұрыс ештеңе көрінбейді.  
Інші де тұс көріп жатқандағыдай. Анық көзге ұрып түрган  
шілтеде жоқ. Қойлар буалдыр перденің ар жағында бара жа-  
нып. Жердегі шөп, бұта да сол тұс сияқты, белгісіз, буалдыр  
шоюмен боялған. Қардың әлі еріп болмаған бөлегін жел көте-  
ре ұшырып, қойлардың үстін, төбелердің баурайын мұнарга  
шоқтіріп барады.

Енді, шамасы, күн шыққан болу керек, жарық бір қалып-  
та қалды. Соның өзінде де бір тәбеден әрі ештеңе көрінбейді.  
«Енді кішкене жұрсем, ауылға ілініп қалуым мүмкін. Қой-  
тарды ауыл сыртындағы кең жыраға қамап, лашыққа кіріп,  
лемалуға, кептірінуге болады», — деп ойлап келеді Отамалы.

Қойлар ерімтік күрпік қардың үстімен, жіңішке аяқтары-  
мен ою сыза, қаптап барады. Артта қалған оюларды жел аяусыз  
шілтіріштеп, қармен тегістеуде. Қойлар басын төмен салып  
шілтап, Отамалыға тек олардың мыңдаған дөңгелек құйрық-  
тары көрінеді. Олары бір тәмен, бір жоғары шығып, ретсіз  
күмылдасады. Артта кейбір жерлерде қарайып қалып жатқан  
күмалақтарды жел өуелі бытыратып алады да, кейін қармен  
комеді.

Жарық болғалы да біраз болды. Қар басқандықтан ба-  
тобелердің де түрі өзгеріп кеткен. Таныс тәбелер бетін бүр-  
кеп, ақ шымылдықтың астында жасырынулы. Әлі қар қалың  
емес, бірақ таныс жыралар кездеспейді. Бәрі де ептеп өзгер-  
теп я жаңа ғана қозғалып, қайта қойылғандай.

Отамалының көңіліне күдік оралды. Осы шамада жерден бір уыс тас аралас топырақ алғып байқап көріп еді, одан күдікті ештеңе таба алмады. Және шөпттер де тап онша өзгеріп бара жатқан жоқ. Қунде кездесетін, осы маңайдың шептері. Жуссан, кекпек, еттеп баялыш, итсигектер, ескі қына...

Ол ішін жел кеулей бергесін, қаттырақ буынып алды. Шақпақ тасын, пышагын тағы бір ұстап көрді. Білте салған қалтаны қымтаңқырап жапты. Су болып қалса, от жаға алмайды ғой.

Жел баяғыдай зуылдан түр. Қаттылығы соншалық, көздің тұсынан өткен қар қырышығы көрінім жерге жеткенше құламайды, сол бағытпен ұша береді. Жел Отамалының шекпенінің етегін көтеріп, тізесін аймалайды. Жұн шалбардың тесіктерінен шашып кіріп, денеге инедей қадалады. Бірақ Отамалы оны ойлап келе жатқан жоқ. Күдігі – ауыл бағдары. Шамасы, ауылдан тайынқырап кеткен болуы керек, әйтпесе, жететін уақыты болған-ды.

Отамалы көп сессенбейтін. Егер таныс төбеге кездесе қалса, жөн табатыны анық. Тек қойларды желге қарай айдау қиын болатын шығар. Я бір жырада ііріп қойып, жел тынған соң айдал апаруға болады ғой. Көек айында қар ұзак жатпайды. Бір шай ішімнен кейін- ақ еріп сала бергенін көресін.

Ит те жарық болғасын тынышталыпты. Мұз қатқан құйрығын сүйретіп ық жақта келеді. Құн сұята бастағандай болды. Енді қар еріп жауғанын қойып, өзінің құрғақ қырышық күйінде Отамалының шекпеніне тиіп, тық-тық қайта ыршып түседі.

«Құн сұытып кетпесе жарар еді».

Ол басындағы тымағын басынқырап киді. Қолындағы таяғын оңтайлаپ ұстап, алға ентелей түсті.

Қойлар төбелердің баурайымен қалқып келеді. Маңай түтей бастады. Бұрын қар еріп, боран онша мықты болмай түр еді, енді қар ұлпадай ұшуға айналды. Итсигектер мен жусандар көмілуге жақын, олардың да ысырылған қарды енді ұстай алатындаид қауқары жоқ, тек қылтиып жіңішке ұштары қалыпты.

Қойлар бұрынғыдан да гөрі бір-біріне жабыса тығылып, бірінің бірі бүйірлерін үйкелей, алға ұмтылады. Жақындағы қойлардың маңырағаны айқын естіледі. Құн тұс болып қалған шығар. Енді Отамалы адасқанын анық білді. Бірақ ол мұны барлық дала адамдарындаі салқынқандылықпен қарсы алды: үн қатпастан қойлардың соңынан ере берді. Қайырганмен, қойлар бір ықтасынға жетіп алмай, сірә, тоқтамайды. Сондықтан алдына шығып та керегі жоқ. Мұз-қарға тиіп қайыс етіктің басы мүжіліп, ағарып барады.

Гүстен кейін қар бұрынғыдан да гөрі тұтіліп, маңай әлем-шының болып кетті. Осы шақта алдағы ешкілердің мүйіздері қоміліп, қой тобының тен жартысы қөрінбей қалды. Төбелер өрте-бірте терең судың тұбіне батып бара жатқандай, бірінің соңынан бірі жоғала берді.

Отамалының шекпенінен жел әлдеқашан өтіп кететін еді, үстінде қатқан мұзы абырой болды. Бірақ етек пен мойыннан үлкен, пәле боп тұр. Және башпайлары да удай ашығанын сөзде бастады.

Қойлар жүрісті ұдетті. Отамалы бұрынғыдан да гөрі енте-теп жесліп келеді. Енді айнала бірте-бірте қараңғыланана бастанап сияқты. Қар көбейе берді.

«Лашығым көміліп қалды-ау».

Отамалы байдың ақ үйін көз алдына бір елестетіп өтті. III үбат ішіп отырған бай, оның зеренге малынған қара мұрты көз алдына келіп тұрып алды.

Осы кезде қойлар жапатармағай маңырап кетті. Олар бір тоң бұтанаң арасына кірген екен. Отамалының көз алдындағы мұрт жоғалып кетті. Жыра я ықтасын кездесті ме деп үміттегіп қалды. Бірақ бұталардың арасында қар қалың екен ғоніе ықтасын боларлық биік те емес – жел айдаған қойлар, Отамалы, ит – бәрі малтығып, панаңы жоқ бұталардың жа-шынан жүзіп өте шықты.

Қараңғы тартып барады. Отамалының көзінің алды қара мұнарланып, тұнеріңкірей бастады. Жердегі қардың да, үшың быра жатқан ақ мұнардың да жүздеріне сынық енген. Тұнгечелін тоқталмаса, тағы қыын. Әсіресе тұнде қайда бара жатқынды білмейсің. Бірақ бәрі бір емес пе? Күндіз болғанмен, қазір не көрініп, не айырылып жатыр...

Отамалы кеше кештен бері тамақ ішпегенін есіне алды. Ориңе, қызулықтан, жүрістен, қауіптен әлі ол аштық туралы ойлаған жоқ, Қарнының да ашқанын сезген жоқ, бірақ бір күн тамақ ішпегендігін есіне алды да қойды. Белбеуін тигіз да тартынқырап буып, қымтанип алды да, тізеден қар кепіп, алға жылжи берді. Қойлар күндізгі үрдіс жүрісін қойған, жел қанша қатты болса да, жай жүріп келеді. Өйткені қар қойлардың жүрісіне қындық келтіре бастанап еді. Және лақаның биік шөптері де қарлы тұта берген. Отамалының көзінің алдында мындаған дөңгелектер ойнап, маңай қараңғытып, өзгере берді. Боранның басынлатын түрі жоқ. Жер бетін жалап, ызылдап, ысқырып тұр.

Отамалының көзіне бай үйі қайта елестеді. Байдың келіншегі, оның үстіндегі самарқан, қытай жібектері, қыздарының басындағы желкілдек үкілер, жібек желбаулар, ағылтегіл дүние...

Отамалының тізесіне шекпенінің етегі сарт етті де, оны мына дүниеге қайта алыш келді. Аяқты қайыс-сірі жеп тастапты. Аяз кеш жақындаған сайын қүшейіп келеді. Бірақ Отамалы аяздың белін тұн сындырады ғой деген үмітте.

Тұн келді. Тобыр қараңғылыққа бірден жұтылды. Отамалыға таяқ тастам жер өрен көрінеді. Қойлардың жалынышты маңырағаны ертіп келе жатыр оны. Манадан жауып тұрган қар қырышықтары да толастаған сияқты.

Отамалы қорықпайтын. Бірақ мына қатерлі тұн оның көніліне ұлкен құдік енгізді: қойға қасқыр шабуы мүмкін. Мұндайда қасқырлар, қайдан жиналғаны белгісіз, самсал қоршап алады. Боранда олардың отты қөздері де көрінбейді, аяқтың астынан шыға келіп, дүрілдетіп ала жөнеледі. Отамалы әлсін-әлі боран ызылының арасынан осы дүрілді іздең, құлағын тосады. Бірақ әзір тыныштық.

Бұларды жел қазір ырқынша айдал келе жатыр. Мындаған қойлар қар бетімен ұшқан бір жапырақ сияқты. Я қонатын сай, я тығылар пана бермей, бір төбенің баурайынан ысырып шығып, екінші төбенің баурайына қарай қалқытады. Одан тағы тайғанақтап, су бетіндегі қоғадай толқынмен алысып жылжи береді, жылжи береді.

Отамалы енді мықтап тоңа бастады. Жаңа кешке қарай басталған боран жылы бола ма деп еді, бірақ уақыт өткен сайын аяз біз тұмсығын тізеге батыра түсті.

Қойлар түнімен ықты. Бұларға бағыт беріп те, айдал та, адастырып та келе жатырған – сол жел. Ақ боранмен бірге ойнақтасқан жел таңға жақын төсін жазғандай. Ақырында ашулы ызамен төбелердің бауырынан тұнді де дүркірете ысырып, ық жаққа ұшырып алыш кетті. Таң Отамалыны мындаған қылыштардың сұлыымен қарсы алды. Бейне оның маңайында мың сан қол көрінбейтін қылыштарын жалаңдатып, бірін бірі аяусыз турап жүргендей.

Жер беті ақ түтінмен жанып жатыр. Аяз оттан жаман. Тиғен жерін қарып, қүйдіріп барады. Суық от бетті шымшып, көмейге толады. Демді буады.

Отамалы алғаш рет өзінен өл кете бастағанын сезді. Белі сырқырап ауырып барады. Сүйектерінің ауырлығы өмірінде бүгін білінді. Оларды баяғыдан бері қалай арқалап жүрген?!

Ол бетін уқалап, белбеуін тартыңқырап буды. Иші қабысып қалыпты. Мына шекпеніне қатқан мұздың бір кесегі түсіп кеткендей ішкі сарайы да сап-салқын.

Жел енді қара тілдерін жалақтатып, Отамалының тізесін, бетін, шекпенін, етігінің қонышын жалап келеді. Қазір өзі би, өзі құдай. Сонысина масаттанғандай кейде сыйылықтап құледі. Сосын ашу шақырып, барпылдап ала жөнеледі. Енді

шірле қаһарлана қорқытқысы келгендей өр түрлі үнге салады. Сол кезде маңай біресе бұралқы иттің ұлығанындаид, біресе тағы мысықтың мауықанындаид, біресе су өгіздің шиғранғанындаид дыбыстарға толып кетеді. Бәрін жасап, өзін игеріп, бағындырып түр. Тек күші келмейтін бір заты қаралғылық. Сондықтан оны көтеріп тастай алмай, әзірше осы қара бояудың ара-арасымен зулап, денесіне соның ғүнесін жаға ызғиды. Бұл түн Отамалының бағына тағы да қосқырысız етті.

Таң алабұртып атты. Әрине, ешқандай сәуле де, ашық жарық та, көкжиек те жоқ. Тек буалдыр, бұлдыр, су қосқан ғүгің түсіндей бірдене. Сол сүт ағара береді, ағара береді. Таң да, таңертеңгілік те осы.

Аяз күн өткен сайын басылмақ түгіл, қылышын қайрап, шайтасын үшікірлей түскен сияқты. Бүтін таңертең Отамалының тымағы, сақал-мұрты, қастары ак қырауға малынды да қалды. Қырауға бөккен қойларды да жел ұшыртып айдал көледі. Иттің қара көздері қыраудың арасынан моншақтай жілді-жылт етеді. Аяз қарлардың біразын қатырып тастаған екен, қойлардың жүрісі сөл женілденейін деді.

Боран сөл серпілгендей. Отамалы түсім емес пе екен деп, көпіс сенбей, қайта қарап еді, шынында да бір өзгеріс бар сияқты. Ұш-төрт төбе де көрінді маңайдан. Отамалының ішінде ғылыми, денесін өлсіздік билеп қоя берді.

«Енді райы қайтса екен, тәңірім-ай!»

Қойларына тағы бір көз тастап, екі күн бораннан аман қалғанына іштей қуанып келеді. Тіпті, осы жерге құлап түсіп, үшінші тағы да келеді.

Бірақ қуаныш ұзаққа созылмады. Түске жақын қар қайта жауып, жел оны ірітіп ала жөнелді. Ақ дүлей шабысына қайта ғасты. Енді әрі аяз, әрі боран қатар жұлынды. Қар бетінде қылтиған бір бұта тыныш қалған жоқ, бәрі де иіліп, бүгіліп, қарлап жатыр. Жер үсті – ызыл мен сарын. Жердің өкпесінен садақтың оғы тигендей ыңғыранып жатыр. Кешке қарай топтап екі қой бөлініп қалып қойды. Олардың бауырлары қарға малынды-малынды түр, шамасы, жүрөрге өлі қалмаған болу керек. Үзғырық желдің өтінде екеуі шоңқып-шоңқып қала берді.

«Алда, жануарларым-ай!»

Отамалының көзінен жас ыршып кетті. Артына үзак қаралды. Ішін белгісіз бір у тырнап өткендей, қатты күйзеліп кетті. Бірақ тоқтауға мүмкіншілік жоқ, топ алға кетіп барады. Отамалы да желмен жылжи берді. Олардың қыын өліммен, азапты өліммен өтетінін біліп кетті. Біраздан соң оларды боран ажал көрпесінен орап алып, жоқ қылып жіберді.

Тұнде бұлар бір топ қамысқа тап болды. Аяқтарында өрең тұрган қойлар қамыстың ішіне кірісімен қарға бауырларын төсеп жата-жата кетісті. Қамыстың арасы желден де ықтасын.

Отамалы қуанып кетті. Қамыстың о шеті мен бү шетіне бір шығып еді, қомақты-ақ. Қойлардың бәрі түгелдей соган сыйған. Жануарлар қамыстың ызылын жамылып жым-жырт жатыр. Тек қамыс бастары ғана бір-біріне тие сартылдасып, ызы-қиқы үн шығарады.

Отамалы ық жақтан келіп, біраз қамыс сындырды. Белі енкейгенде сырқырап, өрең иліктірді. Жүріспен байқамапты, қолдары, тізесі де үсіген сияқты. Сындырып алған қамыстарын өрірек апарып үйді де, бір шетінен жел ұшырып кетпесін деп, аяғымен басып тұрып, шақпак тасын сартылдата бастады. Қолы илікпейді, екі тасты бір-біріне өрең тигізеді. Ұшқын көпке дейін білтеге тимеді. Бірер уақыттан кейін ғана қу қамыс лап берді. Өуелі от Отамалыға шапшыды, бірақ Отамалы бұрылып үлгірді, сосын ол желдің ыңғайына құлап, дүрілдей ала жөнелді.

Отамалының денесінде ыстық қан ойнап кетті Беті балбырап, тізесі ысыды. Қолдарына өл кіргізді. Шекпенін шешіп, былай алып қойды. Ондағы ойы – сыртындағы жел жібермейтін қатқан мұзын ерітіп алмау. Отамалыны үйқы мен көмекі ойлар шырмап, денесін балбырата берді. Сақалындағы қатқан мұзы еріп, иегінен су болып ақты. Отамалы өзінің ескі ошағын есіне алды. Тап кетер күні кеште ошактың жаңында осылай отырып еді-ау. Көзін ғүрлеп жанып жатқан қамыстан айырмай, өткен өмірін ойша бір сүзіп өтті. Адам дегеннің өмірі жыланың бойындағы қысқа екен гой. Бірақ соның өзі тұндып тұрган азап, азап, азап...

Кенет оттың ар жағынан біреудің екі көзі жалт ете қалды. Отамалы түршігіп кетті. Қасқыр екен деп ұшып түрегелді. Бірақ иті екен. Ол да отқа тығылыпты, қайтсін, бишара!

От ұзақ жанбады. Отамалыны шырмаган ойлар да отпен бірге сөнді. Долы жел ұшқындарды ық жаққа құшақ-құшақ ұшырып, өрірек апарып тұншықтырып жатыр. Ақырғы қалған ұшқындар мен күлді де аямады. Кейбір ұшқындар боранға көпке дейін өл бермей, жарқырап барады да, ақырында, кеудесіндегі жылуын жоғалтып, көзден ғайып болады.

Отамалы шекпенін киіп, қамыстың ішіне қайта кірді. Жайлышау бір орын тапты да, арқасын қалың қарға беріп, тыным алды.

Қамыстар дүрілдеп тұр. Отамалы өмірі мұндай дыбысты естімеген еді. Бір жағынан жұмбақ, бір жағынан аянышты. Айдалада адам баспаған жерде жылдар бойы осылай сарнап тұру қамыстарға да оңай деймісің!

Біраздан кейін ол көзінің жұмылып бара жатқанын сезді. Желдің бірқалыпты уілі, қамыстың ызылы, түн түнегі, шаршагандық – бәрі де оны өлдилеп, үйқы құшағына еріксіз жетелеп барады. Көзіне астында от жаңып жатқан ескі ошак қынта бір елестеді де, үйықтап кетті.

Отамалы содан қанша уақыт өткенін де білмейді, шамасы, таң алды болу керек, қойлардың әлемет дүрілінен ояннады. Бірақ бірден есін жия алмады. Бір жағынан тәтті үйқыны қия алмай, бір жағынан өзінің қайда жатқанын да сезбей, өтраз отырды. Өуелі мына құлақтағы гүрліді қөктемдегі міншің тасыған шуылы ма деп қалды. Көзіне өзендерін шоршып ойнаған балықтар елестеп, бірауық солардың қызығына батты. Бірақ дыбыс өзен сарылына ұқсамай, өзгере берді. Сонын қамыстың шуылын анық естіді, көзіне ошақ қайта елестеді. Ақырында барып боранды, кешегі күнді, қамыстарлың пытырлап жануын, үйқысын есіне алып, орнынан ұшып үүрді. Маңайдағы желдің де, қамыстың да ызылышнан бөтен бір ұлы дүбір алып барады еken. Сол дүбірдің ішінен жапжақын жерден иттің бірде шөуілдеп үріп, бірде арсылдағаны естіледі.

### «Қасқырлар!»

Отамалы ыққа қарай жүгірді. Дүбірге қарағанда, қойлар на солай ысырылған. Тобырдың арты қамыстан жаңа шығып жатқан болу керек, сынған қамыстардың сартылы құлақ гүндірады. Маңай қой маңырауына толып кеткен. Бейне жаздықұнгі ауыл қасында қозылармен жамыраса көріспін жатқандары сиякты.

Кенет қойдың бір тобы Отамалының үстінен лап беріп отті де, оны көміп жіберді. Отамалы құлап түсті. Ол жұндер мен түқтартың, қойлардың денелерінің астында тұра алмай қалды. Енді босанып орнынан тұра бергенде, төбетінің тапқасынан арс ете қалғанын естіді.

Отамалы енді ғана байқады, алдында бес қадамдай жерде боранмен аралас екі отты көз жақындаш келеді еken. Отамалы қайта бұға қалды да, таяғын оңтайлай берді. Отты көздер боранды жарып, жаңынан зулап ете берген мезгілде ол салмақты таяқты бір-ақ сілтеді. Даала шырағы төңкеріліп түсті. Отамалы жалма-жан беліндегі пышағын суырып алып, қеуде тұсынан бір бойлатып жіберді де, оның көзіне қарап еді, отысөніп үлгірген еken.

Ол қойлардың артынан жүгірді. Екінші қасқырды төбет жайратыпты. Бір мезгілде ол қасқырдың ішек-қарнып аузына тістеп, Отамалыға жетіп келді. Отамалы төбетіне риза, көрдім дегендей бас изәп, қуана ниет білдірді. Төбет қайта зымырады.

Қойлар шығына қашқан. Отамалы екі өкпесін қолына алып жүгіріп келеді. Тұнгі үйқы біраз тыңдайтып тастағаны білініп-ақ тұр. Сонда да қой тобырына әрең ілеседі. Сол жақ қанат әлі әбігерде. Бұл шу ұзаққа созылды. Отамалы қанша жүгіргенмен, оған жете алатын емес. Тек бар сенгені – тебет. Маңыраған қой, жынданған жел, тәбеттің арсылы Отамалының денесін түршіктіріп барады. Қырып кеппесе неғылсын!

Бие сауымдай уақыт өткен соң, ала тебет арсаландап Отамалыға жетіп келді. Денесінің кейбір жерлерін жалаған болады, келе Отамалының бауырына асылды. Отамалының іші жылып кетті. Тәбет жеңіп келгенде осылай ететін әдеті еді. Отамалының көзінен жас ыршып кетті. Денесінің әр жерін ұстап көріп еді, айтулы жарақат жоқ сияқты, бірақ жүрегі қатты соғып тұр екен. Ол қой соңынан қайта жүгірді. Бұл кезде сол қанаттағы әбігер басылып қалып еді. Шамасы, енді қасқыр жоқ сияқты. Өздері үш-төрт қасқыр болса, артқы бір-екеуін тәбет жайратқан я қыуп салған ғой. Бірақ мына сүргінді тоқтату қыын. Үріккен малдың көпке дейін бой бермейтінін кім-кім де біледі. Егер арттан соққан жел болмағанда, Отамалы қалып қоятын да шамаға жетіп еді. Тағы да демігіп, өкпесін қолына алышп келеді. Манадан аязды да байқамапты, енді ол да өзінің тіршілігін білдіріп, сона тұмсығын дыз еткізіп бетке тығып алды.

Тобыр жылдам қозғала берді. Отамалы ықтан шығып кеткеніне тіпті риза емес. Бірақ амал қанша.

Осы ұзақ сонар дүрбеленің үстінде өліктей бозарып дала таңы тағы атты. Таң ата боран тіпті күшейіп кетті. Маңай лапылдан өртеніп жатқандай. Гүрл. Суыл. Ұзғырык.

Қайыс етік Отамалының аяғын қарып барады. Тізе тағы да қарысып катып қалды. Отамалының жөтелі қайта басталды. Енді бұрынғыдай дымқыл жөтел емес, құргақ, бірақ өкпені, өңменді тырнақ кететін терең жөтел. Қолдарының ұшы таң атарда мықтап ашып еді, қазір олары үйқыға кеткендей, ештеңе сезілмейді. Қолына ұстап келе жатқан таяғын да сезер-сезбес.

Қойлар желмен бірге дүрлдеп қөшіп келеді. Тұнде қаншасының шығын болғанын біліп болар емес. Көзбен шолып, қарамына қарап түгендеуге әлі толық жарық болған жоқ, шеті көрінбейді. Тек бөліп әкетпесе, қасқырлар көп шығындаі алмаған болу керек...

Суық жел мыңдаған жыландарға айналып барады. Жіңішке кәрі жыландар су-су етіп, Отамалының бетін, тізесін тіледі. Улы тістерін мойынға, аяқ-қолдардың ұштарына сұғып, оларды да жан төзгісіз аштыып жіберді...

Күн шыққан шығар. Бірақ одан не пайда? Жел осы ма-  
напіда жұз жыртылып, мың айрылды. Кейде бос тұндіктей  
сарт ете қалады да, кейде шыбыртқыдай шыптып өтеді.

Тортінші күн. Тағы жел. Тағы боран. Ашы аяз.

Отамалы құрк-құрк жөтеледі. Арсыз боран да мазақтап,  
құрк-құрк дейді. Артынан өңешін жырта қарқылдай ала  
әпшеледі.

Жарық болды. Қойлардың қорамы қарауытып көзге ша-  
ппанды. Топ онша өзгермеген сияқты. Отамалы қуанып, ішінен  
бірдемелерді құбірлекендей болды.

Жердегі қардың бірі қатып, бірі қатпаған. Отамалының  
кайыс етігі кей жерде қарға батпай, жеңіл аттаса, кей жерде  
тереңге күмп береді. Кейде жығылып қала жаздайды. Енді  
шығы үлкен жәрдем болды, соған сүйеніп жүріп келеді. Тек  
оның бір жаман жері — ұшы қарға кіріп-кіріп, кейде қайта  
сүйру біраз күшке түседі.

Ішінен Отамалы, егер күн өзгермессе, қойлар ертсінен аса  
лтас деп ойлайды. Бір көмескі сезіммен өзінің де халінің  
напарлығын сезгендей. Қазір ғана жүрегінің бір шетіне қор-  
қыныш үялғандай. Бірақ ол қандай қорқыныш? Белгісіз. Ол  
шығын жан-жағына сермел, әлгі қорқынышты қуғандай  
кимыл жасады. Шынында да бұдан кейін қорқыныш  
сейілгендей болды. Кенет, бұл, шамасы, тұс кезі болу керек,  
Отамалының үсік шалған өкпесіне біреу наиза сұғып алған-  
лай болды. Онша қысылмайтын, көп саспайтын адамның тер-  
тегеннен беті түтігіп кетті.

Ол ішінен құбірлеп, бірдемелерді санай бастады.

«Қараша... желтоқсан... қаңтар... ақпан... наурыз... көкек...  
жұлдыздың... Қырқүйек-көкек... Кешеден бері... бүгін...  
бүгін... тағы... Құйек алған уақыт — былтырғы қараша...»

Отамалы бұқіл денесімен селкілдеп, дірілдеп кетті. Ері  
кемсөң-кемсен етіп, тұсі бұзылып қоя берді. Қойлардың жап-  
пай қоздайтын уақыты жеткен ғой! Кешеден бастап! Боран-  
да! Мына әлемет ақ боранда! Аязда!!!

Кешегі артта қалған екі қой көз алдына қайта жетіп келді.  
Бишаралар! Тууга қалған екен ғой. Қазір дүниеге келген жас  
қозылармен бірге қатып жатыр!

Отамалының басында есуас ой самғап өтті. Таяғын көтеріп  
алып кейін, кешегі қалған қойларға қарай жүгіруге ыңғай-  
ланды. Бірақ сол бойда мұның пайдасыз екенін білгендей,  
жаралы қасқырдай ыңғыранып, кейін бұрылды.

Мына алдында гүрілдесіп келе жатқан қойлардың жарты-  
сынан көбінің ішінде бүгін-ертең туатын қозылар. Бишаралар  
сыртта дүлей боранның соғып тұрганын білмей, жарық  
дүниеге шығуды аңсап келе жатыр екен ғой.

«О, төңір! Сақтай көр!»

Осы сөздің аузынан қалай шығып, боранмен араласа, топ қойдың үстіне шашылып кеткенін де байқамай қалды. Ол үсігенін, жөтелін, бөтен қатерлердің бәрін ұмытып кетті.

Түстен кейін топтан жеті қой бөлініп қалды. Отамалы алғашқысының қасына ентіге жетіп келіп, ішін байқап еді, қозы тыптырып-ақ түр екен.

«Алда, бишарал-ай! Сорлым-ай! Жарықтығым-ау, енді не істейін?!» – Отамалының көз жасы үсіген бетінің үстіне мұз болып қатып қалды. Ашы у өкпесін тырнап, кеңірдегі жыртып, жөтел болып шықты. Қалған алтауы да әр жерде бір шоңқыып, ақ боранның ішіне жұтыла берді.

«О, Жапан бай! Айтпап па едім саған! Ашқарақ! Қарғыс атқыр!» – Амалы құрыған Отамалы тобырдың соңынан жүгірді.

Боран кешке дейін тоқтамады. Қойлар ыға берді, ыға берді. Құндізгі аяз мынаның қасында ойыншық екен. Тұннің ауасы мұз болып қалып, шартылдан сынып-сынып жатқандай. Отамалы сол мұз кесектермен әрең дем алып, жаны кеткен аяқтарын қозғай берді. Қойлар тұнде маңырауды қойды. Маңырауға да күш керек екенін Отамалы жақсы билетін. Өзінің белі сынып қалғандай. Әрең көтертеді. Аяғы саз балшықтан жасалғандай, ауырлап кетті. Арқасынан жел өтіп, жүздеген істік тұмсықтарын тыға айдал келеді. Тіпті жел үлкен тәбелерді де аударып тастауға ниет еткендей, өкпесіндегі барлық демін үрлеп, тұтігіп түр.

Бұл тұнді Отамалы ұмытпайды. Бұл Отамалы туғалы болған ең ұзын тұн.

Бұл тұн ерте басталып, кеш бітті. Бірақ бәрін бітіріп барап бітті. Тұннің тең жартысын Отамалы ессіздікте өткізді. Өзінің қалай жылжып келе жатқанын я құлаған-құламағанын, үсіген-үсімегенін – бірін білген жоқ. Тек мұның бірнеше айға созылған қара, сондай қара, қап-қара тұн екенін білді. Сірә, тұн жер бетіне біржолата орнап қалған екен деп ойлады. Өзі туғалы өткен барлық тұндерді қосқанда да мына тұннің ұзақтығына жете алmas.

Алғашқы қараңғы түскен кезде-ақ Отамалының қолынан жан кетіп еді, бірақ ұстаган таяғы таңертенге дейін түсіп қалмапты. Таң атқан соң бір шай ішімнен кейін ғана қолына қараган; ол таяғының жоқ екенін көрді. Енді ит қойдың алдына шығуды да қойды, қожасының алдында таяқ тастам жерде келе жатыр.

Қойлар жүрісті азайтты. Бірақ боран да, жел де, аяз да күшін кемітпеді. Көкек айы қантарға айналып кетті. Құн сайын бір көрпе төсегендей жер беті қалыңдай берді. Қойлар қарға төстерімен жүзе жылжиды. Отамалы әрең жүріп

Енді. Бір жағынан ажалдай үйқы қысады. Ендігі үйқы аял екенін далада тұғандардың бәрі біледі. Айнала жарық болған кезде ғана ол өзіне өзі қелгендей. Жарық бұған азлан жан беріп, тірілткендей. Жарық та үлкен сүйеу екен бол. Енді жел қанша үріп шәуілдегенмен, тобыр тұралап кішілді.

«Түннен қойлардың қаншасы қалды екен?» – деп ойлағы. Отамалы біраздан кейін. Қойларға көз жіберіп еді, топ күшірсійген тәрізді. Бірақ ол көзіне сенгісі келмеді. Жаман ойда басынан қуып, басқа нәрсеге алаңдауға күш салып бақты.

Аспан іріп кеткен. Сірө, аспан орнында жоқ шығар. Отамалы туғалы елу бес жыл мыңқ етпей тұрган аспан, тіпті мұның ата-бабаларының тұсында да берік тұрган аспан, құлатан шығар? «Аспанның аржағы толған боран деуші еді, сірө, солар жер бетін көміп салған шығар? Дүние өзгерген шығар? Ақырзаман болады дейтін еді, сол емес пе екен?! Ендеше, нарысып не керек? Олай болса, құстар ұшуын, кесіртке жорғалаудын, өзен ағуын қояды. Осы астымдағы жер қар жамылған болып, сылтаумен кетіп қалған жоқ па екен?!»

Ойна сенгені соншалық, ол жерге жата қалып, қолдарымен қарды қолапайсыз арши бастады. Мұз қолын тіліп кетті, өтірек оған да қараған жоқ, арши берді. Көзіне ақырында қатқан топырақ шалынды.

Отамалы тұрегеліп, ойының ессіздігіне таңырқады. Қойлардың соңынан тәлтіректеп тағы жүріп кетті. Енді ол аяқ емес, екі келсап сүйретіп келе жатқандай. Саусақтарда жан жоқ. Денедегі қан да жүрісін жайлатасты. Олар иық пен гүзден әрі бармай оралатын сияқты.

Бірақ қойлардың халі бұдан да жаман еді. Ерек қойларлың іші қабысып, саулықтардың іші салбырап кеткен. Кебі аязға қарамастан, ауыздарын ашып алышты.

Бесінші күн еді бұл. Отамалы оны еміс-еміс біліп келеді. Бірақ сандардың арасында айырма болмай қалды. Сандардың арасындағы айырмашылық боранда емес, жайшылықта екен фой. Қазіргі бес күн мен кейбір бес жылдың арасында айырмашылық болмай қалды.

Қазақтың даласына қыс қайта келді. Келгенде де, қаңтардың, ақпанның барлық демін қосып ала келді. Қазақтың коп тәбелерінің бауырындағы қойшыға қыс шекпен киғен күні келді. Қойлар қоздайтын уақытта келді.

Алғашқы қозыны қөргенде, Отамалы өзін ұмытып кетті. Бишара саулық қозысының денесін жалағыштап жатыр екен. Бірақ оның да әлі жоқ. Ең аяғы, тілін өрең жүргізді. Отамалы оған жетіп келіп, қозыны көтеріп алды да, икемсіз қолда-

рымен шекпенінің ішіне кіргізді. Қозының денесі қата бастаған. Әдемі жұндері сыйқырлап, арасына мұз тұрып қалыпты. Енді Отамалыға ит пен өлсіз саулық еріп келе жатыр.

Қойлар үлкен бір баурайға жеткенде, Отамалы аяғында әрең тұр еді. Осы жерге дейін бұлғақтап әрең келген. Бірақ мына белден асатын құш қойларда да жоқ сияқты. Бәрі де тырмысып, қарға кептеліп жатыр.

Міне, осы кездे Отамалы көптен күткен үлкен сүмдық басталды: қойлар жаппай қоздай бастады.

Отамалы қалышылдап кетті. Арқасынан мың сан құмырсақ инелерін батыра жүгіріп откендей, денесін діріл, селкіл билеп жөнелді.

«О, Аспан! О, Көк Тәңірі!»

Желдің өтінде бір қолын қанатша жайып, теңселіп тұрып қалды. Құлағының түбінен саулықтардың ашы зары өтіп барады. Қойныңдағы қозының шаранасы бүркіттің тырнағындаидай қадалады. Бірақ оны елеуге мұрша жоқ. Ол қайталап:

«О, Тәңірі!» – деді.

Қойлар жаппай тоқтап, қарға үйлігіса құлап жатыр. Ана жерден де, мына жерден де жел жыртқан ашы дауыстар.

Желдің зулауын!

Отамалының есі тағы ауып кеткендей. Ерні кемсендеп, ақ қарға көз жастары үзіліп тұсті. Кенет құшақтап тұрган қозысы сусып қарға құлады. Қардың үлпалалығы мен терендігі сондай, қозы қарға күрп етті де, көрінбей қалды. Отамалы да оның соңынан жерге үшіп тұсті. Тез арада-ақ қозыны қардан сұрып алғысы келді. Бірақ үсіген қолдары қозыны дұрыстап үстай алмады. Тек қарды ысырмалап, адасумен болды. Беті, көзі, сақал-мұртына қар жабысып қалды. Саулық маңырап жаны шығып барады. Қозы бір-екі рет тұншыға маңырады да, үні өшіп қалды.

Аяздың шытынауын!

Аспандағы ауа қатып қалған. Жел ышқынып кеткен. Қазақ даласының барлық бүркіттері де осы жерге келіп, қанат-қүйрықтары сұйлдастып құйылып, құлап жатқандай.

Отамалының демі тарылып, көмейіне сұық толып кетті. Шапанын сыпырған болып, қозы жатқан жерді жапқыштап жүр. Саулық алдыңғы екі аяғын бүгіп жата қалып, басын қарға тығып өліп барады. Мұны көріп ол жылағысы келіп кетті. Бірақ көзінен жас шықпады.

Ол тіреніп әрең түрегелді. Боран осы сөтте, көрсін дегендей, қас қағым уақытқа барлық ақ перделерін сыбырып алып, баурайда жайрап қалған қойларды тегіс көрсетіп өтті. Сосян ақ перде тағы жабылып, түк көрінбей қалды.

Отамалы ыңыранып кетті:

– О, Жапан! Обалы жібермесін!

Боран ызалы иттей ырылдап тұр. Ит демекші, ит топтың алдында жүрген болу керек, бұл маңайда өзір көрінбейді.

Отамалы бешпетшеш. Арқасынан жел өтіп барады. Қолда-ры икемге келмейді, аяқтары да денесін өрең ұстап тұр. Желмен бірге жас шіліктей теңсөледі. Қымызға мас болған адам сияқты.

Ол артына бұрылды. Қатып жатқан қозылар. Маңырап, жаны шыға есірген әлсіз саулықтар. Қебі шоқып-шоқып отыр. Қаншасы туда алмай қиналып жатқанын санап тауысу мүмкін емес. Боранның улы тілі бәрінің де маңайын жалап-жүктап, зырып жұр. Ол аяқтарын сүйретіп бір саулыққа келді. Саулықтың көзіне жас қатып қалыпты. Өлген мұз қозысын жалап, қақсан тұр. Отамалының жүргегі қарс айрылды. Жүгірген болып, ана саулыққа бір, мына саулыққа бір барлы. Бәрі де қинала туып жатыр. Қозылар дүниеге келе сала қатады. Боран мен аяз жап-жас өмірлерді үзіп, топ үстінде ойнақтап секіріп жұр.

Кенет оның аяқтарынан әлі кетіп, қардың үстіне отыра кетті. Сазарған көздерімен маңайға таңырқай қарап қалыпты. Оған боранның ызылды да, аяздың улы тілі де әсерін жойған сияқты. Тек көзін мына ақ кеністікке тігіп алып, үнсіз отыр. Есі ауып кеткендей.

Бір мезгілде ол қеңқілдеп жылап жіберді. Екі жансыз қолын өрөн көтеріп, алдына созды. Бірдемені қысып ұстағысы келгендей, саусақтарын бұтуға талпынды. Біреуді қарғап жатқан сияқты. Бірдемені іздегендей. Анда-санда «қайдасың» дегендей болады.

«Қайдасың, тас жүрек! Сұм боран! Буындырайын! Мой-ның қайда?» – Бірақ саусақтары қысылмай, ақ дүлейдің ішінде кепкен сексеуілдің бұтағындай арбышып-арбышып қала берді.

Ол орнынан тұрмақ болып талпынды. Бірақ қайта құлады. Сосын ол алға қарай құлауға тырысты. Алға құлаганнан кейін ғана аяқ-қолдарымен қарманып, өрең түрегелді. Ты-мағының екі құлағы желкілден, төлтіректеп желге қарсы жүрген болды.

– О, Тәңірі! Не істегенің? Не қылғаның? Қекек айы, сенің айдарың жұлдынсын! Қарғыс атсын сені, Жапан бай!

Ол тәлтіректеп жүріп келеді.

– Да, қаныпезер жел! Да, тас жүрек боран! Басылындар! Қараңдар мына жануарларға! Қасықтай қандары жібермесін!

Жел Отамалының кеудесінен итеріп, құлата жаздайды. Оның құлағының түбі әлемет зуылдайды. Жұздеген темір қанатты құстар ауаны тілгілеп үшып жатқандай. Ауа өзгеріп

кеткен. Бетті отша қариды. Ауаның шетіне біреу от тигізіп жіберіп, енді қалған бөлігі адам айтқысыз жылдамдықпен пышырладап жаңып жатқан сияқты.

Отамалы ессіз айқайлайды. Бірақ тоқтар жел жоқ. Қайта оның даусына ерегісіп өршеленегендей.

— Уа, Тәңірі! Бармысың, жоқпышың! Тоқтат мына қарғыс атқандарды!

Ол кеудесін жыртып жылап, топ ортасына келді: жан-жаяның бәрі – жас өлім. Дәл осы мезетте жел ышқыла түсті де, Отамалының көзіне қар кесектерін боратып, қайтадан өршеленіп қоя берді.

Өзін өзі тебелеп, осы мезетте:

— Уа, Тәңірі. Сен жоқсың! – деп ызаға бұлыға еңіреп жіберді.

Жел одан сайын құтырынып кетті. Аязын аралас алып соқты- ай келіп!

Ендігі сәтте денесінің бірте-бірте қызығындаш бара жатқанын еміскі сезіп қалды. Қандары да жүрісін қүштейткендей, тамырларын кере тасып ағатын сияқты. Отамалыға маңай жылынып кеткендей болды. Ол икемсіз қолдарымен бешпетін әрен шешті де, ақ дүлейге бере салды. Қуана қағып ала жәнелген жел ілезде-ақ бешпетін көзден ғайып қылды. Отамалы тырбандалап алға қарай жүгіріп келеді. Шаршағаны да ұмыт болған. Жел басындағы тымағын ұшырып түсірді. Қысқа шаштардың арасына қар тығызып, әп сәтте-ақ толтырып тастады. Бірақ оны да елейтін емес. Айқайлап, алға, желге қарсы қанатын жайып жүгіріп келеді.

— Тоқтаңдар, иттер! Тоқтаңдар!!

Ол ұшып түсті. Оң аяғымен бірдемеге сүрінген сияқты. Жандәрменде құлап жатып бұрылып қараса, бір ақ тас түр екен. Боран арасынан бір жақ бетіндегі шимайы көрінеді. Қардың үстімен Отамалы соған қарай жорғалады. Келіп қараса, құлыптас екен. Қабірдің өзін қар басып қалған болу керек, құлыптастың соқайған бас жағынан бөтен ештеңе көрінбейді. Отамалы екі қолын таянып отырып қалды. Ештеңе ойлауга мұршасы жоқ. Құлыптас бетінде ирек-ирек құрттар сияқты жазу көрінеді. Бірақ Отамалы оқи білмейді ғой. Оның бетіндегі жазу мына боранның тіліндегі түсініксіз. Неге екені белгісіз, осы құлыптастың жаңында отырып Отамалының үйқысы келді. Сосын қозғалғыштай бастады. Етігін сыпырам деп біраз өуреленді. Себебі, бұл кезде маңай әлемет ысып кетіп еді. Ақырында, екі етігін де шешіп, лақтырып тастады. Сосын бір қолын қарға бойлата, бір қолымен құлыптасқа сүйеніп түрегелді. Бетін желге қайта бағыттап, жүгірген болды. Аяғындағы бос шұлғауы екі-үш адым атта-

тапшан кейін сыптырылып, ыққа қарай домалап кетті. Жалаңаш тонді жел аяусыз ұрып, аяз сорып барады.

Ол жалаң аяқ қар кешіп келеді. Бірақ езінше ыссы құммен ұүріп келе жатырмын деп ойлайды. Қолда жан да, әл де жоқ. Тіпті қолдың өзі жоқ сияқты. Бар ма екен деп, ақырғы рет екі жанына кезекпен көз жүгіртіп еді, екі қолы да салбырап келе жатыр екен. Осы кезде, бірақ, есі кірген болу керек, қолының түрін көріп зәресі ұшып кетті. Олары қап-қара және жап-жалаңаш екен. Жел зуылдан құлағының түбінде ойнап жүр. Ақ түтек алдан ештеңе көрсетпейді. Кенет оның көзіне осы аппак түтектің ішінен бірдеме елес бергендей болды. Дұрыстап қараса, жер бетінен сәл көтеріңкі ғана деңгейде ойнің ошағы мен қазаны ұшып келе жатыр екен. Отамалы қуанып кетті. Ошақ пен қазан, бірақ мұның қасына тоқтамай, жанынан ұшып өтіп кетті. Тіпті астында жанып бара жатқан оты да ап-айқын.

Отамалы: «Тоқтамасаң, тоқтама», – деп күбір етті.

...Міне, ол байдың үйінің есігін көтеріп ашты да, кіріп келлі. Үйде бай шұбат ішіп отыр екен. Мұны көргенде, байлың түсі өзгеріп қоя берді. Отамалы үндеген жоқ. Құлағына байдың кетерде айтқан: «Жағыңа жылан жұмыртқаласын!» – деген сөздері келеді. Бай дірілдеп барады. Кенет есік ашылып, ішке ақ түтек шапшыды. Соның бір шеті байлың мұртына тиіп еді, ол лапылдан жана бастады. «Мұрт деген жақсы жанады екен фой», – деп ойлап түр ол. Ақырында, байдың орнында бір уыс күл қалды. Отамалы аң-таң болып босағада түр.

...Отамалы жалаң аяғымен құрпілдетіп қар кешіп келеді. Аяқтары тілініп-тілініп қалған. Бірақ қан жоқ. Қатып қалған бір кесек мұз сияқты. Түсі сұп-сұр. Бет-аузында адам корер жер жоқ. Келе жатқан сұр құбызық я аруақ сияқты. Көйлегінің омырауы ашылып кеткен, оның да ішіне қар тоғып барады. Көкірегіне бір қар, бір мұз қатып жатыр. Айқайлағандай болады:

– Иттер...

Дауыс бірте-бірте естілмей барады. Денесі иіліп, екі бүктелілген. Жұдырығын түйіп, айналға кезенген сияқты болады, бірақ онысы да келіспейді.

Ақырында оның құлағы тынып қалды. Жел де, шу да, боран да тоқтаған сияқты. Көзінің алдын әуелі дөңгелек мұнарлар, сосын ауыр қараңғылық жауып кетті.

Ақырғы рет:

– Тоқтаңдар, иттер... – дегендей болды да, жалаңаш денесімен қарға құлап түсті.

Басы желге қарсы қалды...

Міне, аңыз осы жерден бітеді.

Халық мұны былай жалғастырады:

— Сол Отамалы «Тоқтаңдар, иттер!» деп айқайлап құлап түскенде, кәрді бораның омыртқасы құрт сынғандай, жерге құлап түсіпті де, тұншығып өліпті. Жел бойындағы бар құшінен айрылып, сайдалата сіңіп кетіпти. Аспандағы бұлттар төбелердін баурайына соғылып қирап, етекке су болып сусып түсіпти. Құн қайта шығып, қарларды өп-сөтте ерітіп жіберген. Ал тұнде Жетіқарақшы мен Темірқазық қайтадан орындарына көліп, бұрынғыдан селкілдемей, берік тұрып алыпты. Қойлар баурайда өскен қызғалдақтарға қозыларын жайып, кең даланың төсінде мәңгі бақи қалып қойыпты. Оларды қасқырдан ит қорғапты.

Ал бес құн соққан боранды халық «Отамалы» немесе «Бес-қонақ» деп атап кеткен. Бұл қазақтың даласында сонан бері жылда сол уақытта бір соғып тұрады екен.

Қазақтың көне далаһы осы аңызды жыл сайын қар еріп, жер аяғы кеңігеннен кейін ызырақ қайта соққанда бір естиді. Сонда осы аңызды көрі жусандар зарлап айтқанда, байғұс қияқтар мұнға тұншығады екен. Сонда төбелер егіліп, ашуға булықкан өзен кемерінен асады екен, — деседі қариялар.

### ҚЫЗЫЛ АЙ

Шалпық құндегі өдетінше бүтін де сиырларын кешкүрім айдал әкеліп қораға қамап, тоғыз айлық баласы Төлемісті алдына алып, бебектің көзіне қарап, мұрның қысып, мандайынан сүйіп ойнап отыр. Төлеміс — Шалпықтың екінші баласы, бірінші баласы қызы болатын, бірақ ол бір жарым жасында қайтыс болған. Содан ба өлде өзінің бір қасиеті ме, Шалпық тіпті балажан. Далада колхоздың сиырын бағып жүргенде, көз алдына үйіндегі баласының жүзін елестетіп рахаттанатын. Көп сейлемейтін жан болса да, осындайда маңында ешкім жоқта өзімен өзі шешіліп сейлесеп кететін. Сонда көбінесе баласымен сейлесетін. «Айналайын, саған салқын тиіп қалмас па екен!», «Далаға жорғалап шығып кетіп жүрген жоқ па екенсің?», «Шешенәнің тілін ал, тентек болма, олай етуге болмайды» деген сияқты әкелік ақылдарын айтатын. Кейде малды бір ойпанға ііріп тастап, өзі кішкентайлау құм шоқыны тандап алып, соған жайғасып отырып, насыбайын атып, аспанға көзін бір салып қойып, ызындаған желмен бірге ыңылдап, қазақтың ескі әндерінің өүеніне басатын. Ол осылай ұзак отыратын. Насыбайын да ұзак соратын. Әнін де ұзак ыңыл-

лайтын. Тек малдың алды ойпаннан шыға түрегеліп, аузындағы насыбайын тастан, «Шәйт-әй! Шәй-и-и-ит» деп айқайладап, торы атына мініп қайырып тастантын.

Бұгін де Шалпық үйіне оралып, атын тұсап қоя беріп, кіріп отырған. Әдетінше үйде әйел Нәбия бар екен. Әдетінше шай қайнап түр екен. Ол әдетінше шешінді де, байтаба шұлғауын пештің артына жайып, жуынып, баласын қолына алды. Оның бетінен сүйіп, ойнатып отырып шайын ішті. Төлеміс өкесінің мұртынан тартады.

Әйел өнді ет қамында жүр. Бұл күз кезі болатын. Жұрт өлі соғым соя қоймаған, бірақ бұл бір еті үзілмейтін үй осында, қазанда жылқының еті қайнап жатыр. Оның иісі бүкіл үйді алып кетіпті. Күзгі қара сұықтан ба өлде өзі әуелден солай ма, жас еттің иісі мен оттың жылуына Шалпықтың бойы балқып, арқасын пешке тіреп, көнілді отыр.

— Бұгін жыңғыл алып келдің бе? — деді Нәбия нан илеп жатып.

— Иә. Қатты екен, көп сындыртпады.

— Ендеше, жыңғыл жағайын, шоқ болсын. Шұлғауынды қайда жүріп сулап алғансын?

— Мана бір балшыққа тұсіп кетіп.

— Малдарың аман ба?

— Әлгі ит жегір жуан қара өгіз колхозға Жұмаділ берген сары сиырды жарып кете жаздады. Екеуі де ылаң пәлелер еді. Ал ана қара пәленің өзі қандай қара болса, жүргі де сондай қап-қара-ау деймін.

— Бұқалар жоқ па?

— Құрттық қой оларды. Қалғандарынан қауіп етпеймін. Адамға жүгіретін қызыл бұқа мен шот мүйізді бөлек байласап бағудамыз. Мүйіздері наизадай.

— Ана атам бағып жүрген түйелерде бір буыршын бар екен. Сол кеше ақшамда Жұндібайдың бір қолын шайнап қойыпты. Жарықтық, гарып болмаса болар еді.

— Естідім, жаман емес, жазылады дейді.

— Е-е, байғұс-ай, сойтсе екен! — деді де, Нәбия далага шығып кетті.

Шалпық баласын әлдилеп, ыңылдан өлең айта бастады:

Төленжан біздің қайда екен?

Қыздарменен тойда екен.

Қыздар неғып жүр екен?

Бұзау бағып жүр екен.

Төленжан неғып жүр екен?

Қыздарды бағып жүр екен.

Есікке жыңғылдарды дарылдата жыргыза, бір құшақ жел алып, ішке Нәбия кірді.

— Үйге бір ат арбалылар келе жатқан сияқты ма? Үмыртта айыра алмадым.

— Кімдер екен?

— Әллеқалай жүргіншілер шығар.

Сөйткенше болмай-ақ, терезе алдынан арба донғалақтары салдырлап өтіп, есік алдына шиқ етіп тоқтай қалды. Қара төбет бір рет «өүп» дегендей дыбыс шығарып еді, оның да үні өшіп қалды. Аттардың жер тарпығаны естіледі. Шамасы, сұты жүрген біреулер болар деп ойлад, Шалпық баласын Нәбияға берді де, алдарынан шығайын деп, кетіп бара жатып бір күнк ете қалды:

— Қап, бүгін етігімнің манағы су кеткен жұлығын тігіп алам ба деп едім, реті келмейтін болды-ау...

\* \* \*

Әйел адамға шалғы орақ шабу қиямет қой. Әуелі оған құш керек. Жақсы қайрақшы керек. Өлең сияқты балауса шөп керек. Ал мына әйелдердің шауып жатқан жері – қамысты балқаш. Ішінде жыланы, бақа-шаяны, сұлігі көп. Кейде қара жыландар сабау қамыстарға өрмелеп, шырмауық сияқты оралып тұрып алады. Оны шалғыоракшылар кесіп, екі бөліп кетеді. Кейде жас әйелдердің санына сұлік қадалып қалса, шалғы орақтарын лақтырып тастап, ойбайлап, жағаға, сусыз жерге қарай қашып бара жатқаны. Сұлікті бір қадалғасын түсіру де қыын. Сондықтан әйелдердің көбінің қалтасында түюлі тұзы бар. Қадалған сұліктің аузына соны сепсе, ол түсіп қалады. Түйменің ішінде бір-екі қайнатым шайы, аздаған шекер-тәттісі, наны, тағы басқа сол сияқты тағамдary және жүреді. Тұсте ауылға баруга алыс. Осы маңда мосы қойып шай қайнатып, жағалай отырысып әңгіме-дүкен құрады. Соғыс туралы, соғысқа кеткен күйеулері туралы айтады, олардың мінезі мен істеген күлкілі істерін айттысып, өздері де шуладай күлсіп, бастарындағы қайты-мұңдарын бір сәтке сілкіп тастағандай сезінеді. Осы орақшылардың ішінде Нәбия да бар. Бірақ оның қөnlі өзгеше, жұдеу. Қасындағы әйелдер күйеум соғысқа кетті деп қайғырса, бұл күйеумінеге сол соғысқа кетпеді екен деп армандайды. Мұны жұрт шеттетін де сияқты. Былтыр, соғыс басталғасын күзге қарай ауырып, жұмысқа шыға алмай, жалғыз балага беретін ештепе болмай қалғанда, ауыл совет председателіне барып, азғана ақша я азық-тұлік жәрдемін сұраганда, ол:

— Бөтен семьяға да жеткізе алмаймыз, — деп бұрылып кеткен. Содан бері ол ең аяғы көршілерінен де сүт сұрауды қойды. Сиыры суалғанда я сүт болмай қалғанда, шайын қара ішे беретін. Шекер мен тәтті де қат болып барады. Сұтсіз,

шекерсіз, төттісіз ішкен шайдың берекесі де шамалы. Бірақ үйренип қалғасын, қайтерсің. Табылған кезде бидай қуырып, соны тістеп іshedі. Төлеміс те беске келіп қалды. Өсіп келе жатқан баланың киімі бір жағынан қысылтады. Қалдығара, Танау атты екі інісі бар еді, соның ұлkenінің қол үшін тиеді. Өйтпесе, тіпті қызы болатын. Ол ер жетіп, жұмысқа қосылғалы жағдайлары бірқыдыру дұрысталып қалған. Ал Танау болса әлі жас, мектепте.

Нәбия бір жетіден соң Ақтебеге келген-ді. Ірімшік, құрт, май, қуырдақ, сөгін алып арқаланып, қала шетіндегі түрмеге жеткен. Бірақ енгізіп сейлестірmedі. Бір қара қазақ: «Киіміңдің біреуін бер, мен апарып беремін, сосын ол киімінің біреуін береді, сонда бір-біріңе кімнің келгенін білесіндер, бөтен жолығыс жоқ, себебі, оның тергеу ісі біткен жоқ, ал тамақтарыңды беруге болады», – деген. Сонда Нәбия басындағы шашақты орамалын шешіп берген, Шалпық та тебетейін жіберіпті. Соны көргенде Нәбия ұзақ жылады. Тебетейді күйеуінің өзінен кем көрмей, маңайдағыларынан ұялмай-ак еніреп отырды. «Киімдеріңді қайтарасыңдар ма?» – деген өлгі құзетшінің сөзін де елең етпей, алып кеткен. Әлгі тебетей үйде әлі сақтаулы. Бірақ содан бері еш хабар жоқ. Нәбия іштей жазым болмас па екен деп те қорқады. Қайда кетіп, қайда тұрып жатқанын да, өлі-тірісін де білмейді.

Алыстан шауып бір атты келе жатыр. Қатындар елең ете қалды. Бұл бригадир екен. Орта жастан асқан мұртты. Ат үстінде үзенгіге тіреніп тұрып айқайлады:

– Жүріп жатқан соғыс болса анау, сендердің мынау көкорайда көсіліп, жайbaraқат шай ішіп отырғандарын. Тұрындар кәне! Жұмысқа кірісіндер! – деді де, қамшысын былғалактатып, әрі қарай шауып кетті.

– Қайтсін, сорлы, қатындарға батып сөз де айта алмайды, айтпайын десе, тағы болмайды, – деп бір қатын күңк ете қалды.

– Жақтамашы, жақтайтын түгі жоқ. Көп болса, өзіне ұнап қалған шығар.

– Өш, бетім-ау, қайдагы жоқты айтатының не? Ағайынымыз емес пе?

– Болса қайтейін, өзің күйдіресің. Жүрттың бәрі соғыста! Осылар қатын-қалаштың арасында неғып жүр екен сестійп! Ат үстінен айқайлауға мениң енем де жарайды!

– Ең болмаса, шалғымызды да қайрап бермейді!

– Қатындар, әй, түге! Етектерің жасқа тола бермесін! Айтты-айтпады, жұмысқа шығайық. Баяғыдай бір самаурын шайды бір қатын жарты күн ішетін жағдай жоқ. Соғыстан кейін сүйттерсіндер!

Әйелдер түрегеліп, жинала бастады. Біреулері шалғыла-  
рын қайрауда.

Нәбияның бүгін тіпті көнілі жоқ. Қолынан шалғы орағы  
түсіп, жұмыс істей алатын емес. Таңтертең түрғаннан солай.  
Сиырын да дұрыстап саяу алмай, желінінде біраз сүт жіберді.  
Төлемісті де арқадан бір үрды. Осы күні ашуланса, өшін ба-  
ладан алатын әдет шығарды. Әлде баласы жетіліп келе жат-  
қасын ба, әлде қүйіктен бе?

Кеш болып, жұрт ауылға кайтуға жиналды. Бір өгіз арба  
келіп түр екен. Бәрі де соның жайлы орнына мініп, жұріп  
кетті. Ауылға жақындағанда шеттеу түрган өз үйінің жаңын-  
дағы қызыл сиырын көрді. Сиыр байлаулы бұзауға тым жа-  
қын таянып, емізіп түр екен. Нәбия арбадан түсе сала, ай-  
қайлап жүгірді. «Жетпегір!» деген ашы даусы жер жарады.  
Келе шалғы орактың сыртымен сиырды бір қойды, бұзаудың  
басынан бір тепті. Оның аузы ақ көбік болып қалған. Жұтіріп  
үйге кірсе, Төлеміс асық ойнап отыр екен, оны да аяған жоқ.  
Оң аяқпен арқадан теуіп кетті. Сонын Нәбия отыра қалып  
дауыс етіп жылай бастады:

— Ашылмады маңдайым. Сен жалмауыз келіп, жан-жақтың  
бәрін жалмадың. Алдымен жұттың әкенді. Енді мені жұтқалы  
жүрсің. Үйде қарап отырып, сиырды неге емізесің? Осылып  
қалғыр ойының! Қектемегір, бақытсыздыққа туған бала!

Үйге Қалдығара кіріп келді.

— Женеше, мұның не? — деп Төлеміске қорған бола беріп  
еді, оны шырылдатып Қалдығараның қолынан жұлып алды  
да, тағы бір-екі рет ұрып жіберіп:

— Жұмысың болмасын баламда. Етін жеп, сүйегін итке  
тастасам да өз еркімде! — деді айқайлап, булыққан шерді кеу-  
деден шығарып жатып.

— Осы молаға келем деп қара бақыт болдым. Құрындар  
шетінен! Жоғалындар көзімнен!

Қалдығара төмен қарап, үндемей отырып қалды.

\* \* \*

Нәбия жалғыз. Үйде ымыртта жалғыз отыр. Төлеміс да-  
лада балалармен ойнат жүр. Соғыс бітіп, жұрттың көбі қайт-  
ты. Шалпықтан еш хабар жоқ. Осыдан үш жыл бұрын тұт-  
қыннан қайтқан біреулер оны көрдім, қайтыс болды, өз  
қолымнан жерледім деді. Сонда Нәбия бір ай бойы жылады.  
Бірақ көз жасынан не көмек? Қазір ол жара да ескіріп бара-  
ды. Шалпықтың екі інісі – Қалдығара мен Танау да армия-  
ға барып үлгіріп келді. Әлі үйлене қойған жоқ, қай-қайсы-  
сы да. Екеуі де осы үйде. Төлеміске көз болып жүр. Ол  
үшінші класта оқиды. Оқуы жаман емес. Бірақ Шалпықтың

орны бір басқа. Жүректі өртеп ала жөнелгенде, әйел өзін қайда қоярға жер таппайды. Әлгі көзіммен көрдім, қолым-шың жерледім деген сөзді естігесін, Нәбия тіпті шөгіп қалды. Өміріндегі бүкіл қызығын жоғалтқандай, құні сөнгендей. Жап-жағындағы жұрттың бөріне қараса, үй болып, семья болып, қызық көріп өмір сүріп жатыр. Ең аяғы қүйеуі армияда қайтыс болған әйелдер де біртіндеп қүйеуге шығып кетіп жатыр. Қазір олардың қебі де тым-тәуір үй болып қалды. Нәбия соларды ойлайды. Енді міне, біраздан бері осы үйге көрші колхоздың председателі Төрекhan келгіштей берестінді шығарды. Оның әйелі аурудан қайтыс болған. Қолында екі баласы қалыпты. Оның ниетін дебіледі Нәбия. Әр нәрсені сылтаурағып, босқа келіп жүрген жок. Сырттай құлақ қағыс қылып, бірер адамдардан сөз салдырыған да, он бесс жылдан бері колхозда председатель болған абырайлы адам көрінеді. Әйтеуір, ел мақтайды. Шалпық қайтыс болды дегеннен кейін іштей осы ойға еңісе берген. Жақында және бір адам жіберіпті. Егер келісім берсе, алып кетем деген. Оған да ешқандай жауап қайырған жок, үнсіз қалған. Бірақ сол үнсіздігінің өзі келісім сияқты. Тіпті келіп қалуы да ықтимал. Сондықтан Нәбия бөлен жыл түрған мына үйіне қарайды, кейде ойша қоштасады, Шалпықтың жүрген күндерін еске алады, сөзін ап-айқын естиді, Төлемістің тұған күндерін, алғашқы бақытты айлар мен одан кейінгі қара күндерді, жас сәбиінің жетім кездерін еске алады. Кейде Төлеміс: «Әкем қайда?» – дегенде: «Келеді, әлі соғыстың бір шеті бітпей жатқан көрінеді», – дейтін де қоятын. Қаллығара мен Танаудың да мұның қүйеуге шығуына ризалығы жок. Бұлар Төреканның жүрісінен іштей қауіптенстін де. Сол келсө, кірпідей жиырыла қалады.

Осы кезде үйге Қалдығара мен Танау кіріп келді. Үстіндегі қобырақ тондарымен бір қап сүкік жел әкелді. Шешініп-шешініп отыра кетті де, шай сұрады. Шай қайнап түр еді, Нәбия дастарқан жайып, тез жасай қойды.

- Құн мықты аяз екен! – деді Қалдығара.
- Мен малдардың астын жайғанша, башайларым үсіп қалды екен деп едім, – деді Танау.
- Етіктің ішіндегі киіз байпағың қайда?
- Білмеймін, ескіріп жүр ме, тесілген бе. Алып қарамасам болмас. Әйтеуір қасаңдана береді. Сосын тоңдырады-ау деймін.
- Денсаулығынды күт. Әлгі Төлеміс қайда жүр екен? Құн аяз фой.
- Үстінде жаман құртесі бар еді, қатып қалды-ау, жабысқыр! – деп Нәбия орнынан тұра берді. Далаға шығып:

— Төлемің! Ay, Төле-е-міс! — деп айқайлады.

Нәбия үйге кірді. Біраздан кейін Төлеміс те келді. Бетаузы қып-қызыл. Құлағы да ұлбірекен. Қалдығара мен Таңау оны жылы қолымен ыскылап жатыр.

— Катып қалдың ғой, адам осы уақытқа дейін ойнайтын ба еді?!

— Aға, мен тоңған жоқпын. Қырдан зырганақ тептік. Балалар өлі ойнап жатыр. Ертең тағы ойнаймыз, — деді. Шешініп болды да, ол да шайшуге кірісті.

Осы кезде сырттағы қар сықырлап, үй жанына бір атты шана тоқтады. Ешқайсысы ештеңе демесе де, бәрі іштей елегізіп, елең ете қалды. Бірақ ешкім орнынан тұрмады, шайларын іше берді. Біраздан соң есік ашылып, ішке тонға оранған үшеу кірді. Үйде отырғандар бұларды бірден таныды. Алдыңғы кірген Саги дейтін көрші колхоздың бухгалтері, екіншісі оның әйелі, ал үшінші кісі Төрехан еді. Нәбияның жүргегі атша тулас кетті, Қалдығара мен Таңау да ерін ұшымен амандасып, қабактары қыржылап қалды. Ешкім төрге шық деп айта алмады. Енді осы үйге бұрын бірнеше рет келген Сагидың әйелі жылмандағы бастады:

— Шешініңіздер, бір шай ішіп алалық. Әкел, аға, тоныңды ілейін... Я, аман тұрып жатырсыздар ма? Қалдығара, Таңау, жұмыстарың жақсы ма, денсаулық қалай? — деп, жауабын да күтпестен, ішке еріксіз кіріп бара жатыр.

Алда-азардың күшімен шешінген қонақтар дастарқан жанына жиналды. Нәбия шай салып, қайтадан қыздырып, құйып беріп отыр. Тәмен қарай береді. Әуелі ештеңе айта алмады. Біраздан кейін Сагидың әйелі тағы сөз бастады:

— Қалдығара, Таңау, — деді ол, — сіздер Шалпықтың қалған көзі едіңдер. Бәрі де құдайдың бүйіркесі шығар. Ол хабарсыз кетіп, артынан қайтыс болды. Жалғыз бала мен жеңгелерің қашанғы үйде отыра береді. Тұма-туысқандығынды сірәдан ешкім тартып ала алмайды. Бірақ адам баласы болғасын, бірігіп тұру тәңірдің ісі ғой. Женгелеріңің бұлай отырғаны сіздердің де қабыргаларыңызға батпайды демеймін. Төлеміске әке керек. Мына біздің ағай болса, жолдасы қайтыс болып, шиеттей екі баламен қалып отыр. Ер адамға әйелсіз отыру, бала бағу, тамақ асу қын зат екенін білесіздер. Әрі десе, үкіметтің жұмысынан күндіз-түні қол босамайды. Осы жайды ескеріп, екі жарты бірігіп, бала-шагаларын әкесіз, шешесіз қылмай, семья құрғызсақ деп едік, — деп барып тоқтады.

— Иә, алып кетейік деп келіп едік! — деп Саги бір бүйірден дүңк ете қалды.

Үй ішін осыдан кейін тағы тыныштық жайлады. Нәбия шайды ішуін қойып, орамалының шетін көзіне басып алды, үнсіз жылай бастады. Қалдығараның, Танаудың беттерінде қаш-сөл жоқ, қатып қалыпты. Төлеміс те бұрышта үнсіз отыр.

Бір мезетте Қалдығара:

– Беретін адамымыз жоқ! Тартып алам демесеніздер! – деді салмақтап.

– Иә, біздің жауап сол. Әуре болмай, қайта беріңіздер! – леді Танау да.

Сағи мұртынан білінер-білінбес бір құлді де:

– Олай деуге болмайды ғой. Заң бар, адамның еркі бар деген сияқты... Әуелде келіслеген нәрсе. Әйтпесе, біздер де түн ішінде тартып алды кетуге келген қарақшылар емеспіз. Әрқайсысымыз өзімізше елге белгілі, абырайдан құр емес адамдармыз. Мысалы, мына Төкен кімнен кем?! Бұкіл колхозды былай қойғанда, аудан, одан әрі облыс сыйлайды. Бір орында председатель болып істегеніне он бес жыл. Үкімет кезкелген адамға мұндай сенім білдіре бермейді. Әрі десе, оздерің де жақсы тума тауып, кол ұшынан жалғасып отырасындар. Сыйластықпен жүргенте не жетсін. Одан да ашуды қойып, келісімге келейік.

Қалдығара Нәбияның бетіне қарап еді, ол жасын тыйыпты, бірақ әлі орамалын жүзінен алған жоқ. Аузын басып отыр.

Біраз кеселер қаңтарылып қалыпты. Төрекhan мен Нәбиядан бөтен ешкім шай ішіп отырған жоқ. Олар да аса ішкісі келіп бара жатғанмен, мына қолайсыз жағдайдан қашу үшін, әйтеір бір ермек болсын деп, жүздерін кесемен жасыра, шай ішіп отырған сияқты. Аққұманның астындағы қызыл шок әлдеқашан құңгірт тартқан.

– Ендеше, алатын кісілерінді ала беріңдер, бірақ Төлемісті бермейміз! – деді Қалдығара қатайып.

– Шалпықтың шаңырағын құлата алмаймыз! – деді Танау.

– Сіздердей екі ар-азамат отырғанда, ешбір шаңырак құламайды. Төлеміс те амандық болып, ер жеткесін, өз үсінін кайтып келеді. Оған дейін жас баланы анасыз тастаған обал болар! – деді Сағи.

– Бала берілмейді! – деді тағы да Қалдығара. Сонын ол Төлеміске қарап: – Бері кел! – деді. Төлеміс анасына бір қаралды да, Қалдығараның тізесіне келіп отырды. Қалдығара оны бауырына қысып алды, маңдайынан бір сүйіп, комейге келіп қалған жасын жұтып жіберді де, қайтадан сазарып отырып алды.

– Кой, отыра береміз бе, қайтеміз, – деді бір кездे Төрекhan аяғын жазып. – Алдымыз түн.

Манадан бері әрі тартып, бері тартып жай сөйлесіп отырған Сағи енді ашуға міне бастады:

— Балалар, босқа бала болмандар. Мұндай жерге құдай да, адам да ара түсे алмайды. Одан да, мына ел- жұрттан ұят болар, ың-жыңсыз алып кетейік. Біз саған той істе деп отырған жоқпыз... — дей берген кезде, Қалдығара оның бетіне түкіріп жібере жаздады:

— Арсыз! Шық үйден! Менің ағамның әйелін саған той жасап берсем! Өзімнің бауыр етім інімді қолына ұстатьп қоя берсем! Аюан! Саған және той керек пе? Шығындар үйден! Алатын әйелдерінді алыңдар да, жоғалтындар көздерінді!

Осы жерде:

— Сағи, сенің мұның дұрыс болмады, — деп Төрехан басу айтты. Сосын оның құлағына бірдеме деп сыйырладап еді, ол орнынан тұрып, далаға шығып кетті де, шананы айдал ала жөнелді.

Енді әңгімеге Сағидың әйелі кірісті:

— Нәке-ау, тіпті масқара болды-ау, ең болмаса ыссы шай іше тұралық. Мынаны, ел құлағы елу деген, ешкім ести көрмесін, тыныштықпен тарасайық. Жігіттер, сендер де құштілік көрсетпендер. Адам болғасын, бәріміз де бір заңға бағынамыз. Шалпық ағайды жақсы адам деп естуші едік, бірақ, амал қанша, шетте жүріп қайтыс бопты. Жалғыз әйел от басында қашанғы отыра бермек? Төлемістің болашағын ойласандар, сендер бұлай істемеулерін керек. Балалыққа салынбаңдар! Төлеміс қайда қашар дейсін. Түбінде тұмасын табады. Төкене де қыын болып отыр. Ал ол баланы тастап кетсін дейік. Онда ел, жұрт не айтады? Жетім баланы екеуі бірігіп тағдырға ойыншық қылып кетті демей ме?

Енді Қалдығара мен Танау да, Нәбия мен Төрехан да – бәрінде де үн жоқ. Келіншек анда-санда тоқтап қойып, сөйлеп отыр. Ептең шай да ішіле бастады.

Арада бір сағаттай уақыт етіп, бұлар әңгімелерін келістіре алмай отырғанда, есіктің алдына шана қайта оралып келді. Ішке алдымен Сағи, содан кейін бір милиционер кіріп келді. Қалдығара естіртіп Сағиды боқтап жіберді. Мұны күтпеп еді ол. Танау лып етіп орнынан ұшып түрегелді де, Төлемісті арқасына салып алып, есіктен шыға жөнелді. Милиционер оған бөгет болған жоқ. Тек Қалдығарага қарап, оны үгіттей бастады:

— Қалдығара! Сен есті жігітсің ғой! Ұят болады. Жеті қараңғы түн ішінде мені алып келді.

Бұл кезде Танау қорадағы ескі шөптің түбіне Төлемісті тығып жүр еді. Төлемістің де бөтен ауылға, бөтен адамдарға кеткісі келмейді. Шешесінен зыр-зыр қашады. Танау оған:

— Мен бөтен үйге кетіп қалды дейін. Сен қозгалмай, жата бер! – деді де, үйге қайта кіріп кетті.

Төлеміс тынысын әзер алып жатыр. Бірақ шебі құрғыр сықыр-сықыр етеді. Жетім көніл жарықшақ дегендей, ішті бір ашы өрт кернеп бара жатыр. Көзге жас құйыла береді.

— Эке-ке-кем-ай! — деп өксіл-өксіл жылап жіберді. — Қайда гана кеттің! Қор болдым ғой! Кімге тастап кеттің мені! — деп дауыс шығармай қырылдаپ жылап отыр. Бейне осы үнсіз айтылған сөздері әкесіне жетіп жатқандай я содан үлкен бір женілдік кеп жатқандай.

Үйдегілер дабдырласып, шығуға айналды. Төлеміс үнсіз жылай берді, жылай берді. Он жастагы балаға бүтін ересектік келгендей, әкесін іштей шақырып, тағдырды қарғап, кішкентай жүргегіндегі үлкен шерін ескі шөптің арасына тығылып отырып ағытуда. Кенет ол шошып кетті, біреу келіп, бетіне ыстық демін лап еткізгендей болды — бұл Ақкүшік еken. Келіп, Толемістің бетін жалап алышты. Бір қыңыслап та қойды. Бала күшігін құшақтап алып, одан сайын жылай бастады. Тұып-оскен үйінен, қорасынан, күшігінен, Қалдығара мен Танау сияқты ағаларынан айрылам-ау деген ой жүргегін жыртады. Осы кезде сарт етіп есік ашылды да, қораның ішіне бір сөт үнсіз әлсіз жарық түсірді. Адамдар бірінін соңынан біреулері шығып жатыр. Шешесінің қолында буыншақ-түйіншектері бар сияқты. Ол «Төлеміс!» деп айқайлап жүр. Танаудың:

— Ол жоқ! Қөрішлерге қашып кетті! Был таба алмайсың!  
— деген даусы естіледі.

Милиционер:

— Ау, шырақтарым, естерің дұрыс па! — дейді.

Қалдығара:

— Ісім сенімен болсын! Шалпықтың шаңырағын ортасына түсірдің! — деп жүр. Оның милиционерге я Төреканға айтқанын түсіне алмады Төлеміс. Нәбия: «Төлеміс! Төлеміс! Қайда кеттің! Желкеңді үзермін!» — деп айқайлайды. Кенет ол кораға кіріп, қаранғыда қора ішін қолымен сипап, баласын іздей бастады. Сейтіп жүргенде аяғы бір бос шелекке тиіп кетті, жарға сүйеулі тұрған айыр-қүректер салдыр-гүлдір етіп құлап түсті.

— Адыра қалғыр!

Демігіп, жар жағалап, қораның ішін қаранғыда шарлап келеді. Осы кезде кішкентай ақ күшік шыдай алмай қыңыслап жіберіп еді. Нәбия ескі шөп тұрған жерге жетіп келіп, Толемісті үстап кеп алды. Желкесінен қатты қысып, сол бойда далага сүйрей жөнелді.

Бала бақырып қоя берді.

— Бармаймын! Бармаймын! Қалдығара аға! Бармаймын! Алып қалшы, аға-еке! — деп ашы даусымен түнде шыңғырып барады.

- Таста баланы!
  - Бермейміз!
  - Қой деймін енді! Әйтпесе, қару жұмсаймын!
  - Баламды бере алмаймын!
  - Аттарды дайындаңдар!
  - Ал салындар заттарынды!
  - Әлі қездеспей қалармыз!
  - Тарт атты!
- Әйт, шу! — деген дауыстар бірінен соң бірі жамырап шығып жатыр. Милиционер Төлемісті шырылдатып әкеліп, Төрекан мен Нәбияның ортасына отырғыза бергенде, Қалдығара кие-жара келіп:

— Бауырым-ай! Аман бол енді! Бізді үмыта көрме! Әкең өлі келеді! — деп Төлемістің жас жуған бетінен шөпілдептіп сүйіп-сүйіп алды. Ауыздықтарын быртылдатып шайнап тұрган аттар ала жөнелді!

Екі ат шана. Алдыңғысында Сағи әйелімен. Ай жоқ, бірақ жүлдyzдары самсап тұрган қараңғы тұн. Шаналардың табандары қатқан қарды шықырлата сырғиды, аттардың түяқтарынан үшқан қарлар артқа, алысқа топ етіп құлайды, анда-санда аттардың сауырларына сарт ете қалған шілиялардың дыбысы, шылдырлаған қоңыраулар, — тек осы дыбыстар ғана естіліп тұр. Нәбия мен Төрекан шыққалы өлі тіс жарған жоқ. Төлеміс жылы тонға оранып алып, өлі үнсіз жылауда. Сөйтіп келе жатып, ол бір-екі сағаттан кейін, шананың жайлы жүрісімен тербеліп, үйіктап кеткенін де байқамай қалды. Тек сол кезде ғана Нәбия Төреканға қарап, қисая құлағына сыйырлады:

— Тұқымың жайылғы! Бала-шағаны еңіретіп, ақыр мұратыңа жеттің бе?

Төрекан мұртынан бір мырс етті.

Төлеміс өзін біреулер жұлқылап, тұр-тұрлап жатқанға оянып кетсе, өлі тұн екен. Бірақ шаналар үлкен бір үйдің жанына келіп тұрыпты. Бұл орта жолдағы Сағидың үйі бол шықты. Олар әлдекашан дайындалып қойған екен, со жерден тездетіп бір шай ішіп, ет жеп, әрі қарай жүргіп кетті. Бұлардың бәрі үйқы қысып жүрген Төлемістің есіне тұс сияқты ғана әсер қалдырған. Таң бозара берген мезгілде екі шана «Қайыңды» колхозының орталығына жетті де, маңайдағы ең үлкен, сәнді үйдің жанына тоқтады. Бұл Төреханның үйі. Ауыл да осыны құтіп тұрган екен, той басталып кетті. Үйге біреулер кіріп, біреулер шығуда. Ақ бауырсақтан, шекерттөттіден шашу шашылуда. Төлеміс шешесінің қасында біраз отырып, іші пысқасын далаға шығуға бетtedі. Оны пеш артында біраз әйелдер үстап алып, айналдыра бастады.

— Енді сенің әкең кім болады, білесің бе? — деді біреуі сысында. Сосын, бала жауап берे қоймағансын: — Әкең сенің Төрекан болады, әке де, сыйла, — деді. Сол кезде Төлемістің қасына бір бала жетіп келді.

— Оу! — деді келген бойда ол иығынан тартып. — Жұр, хан ойнайық, менде асық көп!

Кіші бөлмелердің біріне барып, бір дорба өртүрлі бояуга боялған асықтарды киіз үстіне төгіп салды әлгі бала. Өзін таныстырып жұр. Аты Жұбанияз екен. Төреканның екінші баласы.

Жұбанияз зан ойнағыш болып шықты. Әп-сәтке де апартай-ак Төлемісті ұтып ала берді. Ойнап болғаннан кейін ол:

— Мә, осы дорба асықты сен ал, саған бергенім! — дегенде, Төлеміс шын қуанып кетті. Содан кейін скеуі далаға шығып, зырганақ тебуге жөнелді. Үй жанында тәбе бар екен. Содан бір топ бала зырганап ойнап жұр. Төлеміс те ойынға қосылды. Көп баланың ішіне түскесін, аздап мақтанып та кеіті білем:

— Менің әкем председатель! — деп таудан қайта-қайта до-малап, бір-екі сағатқа жеткізбей-ак үстіндегі құртесінің дал-дулын шығарды. Құрте шалбар да тесілді, құлақшының бір құлағы дыр айрылды. Үйге келгенде, Нәбия Төлемістің түрін көріп шошып кетті. Бірақ топ адам отырғасын, ештеңе деп үрса алмаған болу керек, тек:

— Қарағым-ау, саған не болған! — деді де қойды. Бұ жолы Төлеміс ең болмаса бір-екі рет шапалақпен салып жібереді ғой деп еді, онысы болмай шықты.

Ертеңіне Төлеміс мектепке барды. Екінші класта оқитын. Үйден аттанарда Төрекан баланың жанына келіп:

— Төлемісжан, сен Менделғалиев болып жазылсайшы, — деді.

Төлеміс үндеген жок. Тек мектепке келіп, оқытушы оны түрегелгізіп, фамилиясын сұраганда:

— Менделғалиев, — деді күбірлеп.

Оқытушы:

— Сен әкеңе айт! Өзіңнің бұрынғы фамилияң алда керек болады. Өскесін қайта өзгерту қын. Айт солай деп. Мүмкін, рұқсат етер, — деді де, отырғызып қойды. Бірақ Төлеміс оны жаңа әкесіне айта қоймады, осы күннен бастап ол Менделғалиев болып кетті.

\* \* \*

Бір жарым жылдан кейін «Қайынды» колхозының орталығындағы төрт жылдық мектепті өте жақсы бітірген Төлемісті, Ақшатаудағы балалар үйінде аспаз болып істейтін Төреканның жақын тұмасы бар екен, соның үйіне жіберді. Оның да қолында бір баласы бар, күйеуі өскерге кеткен әйел

екен. Колхозшы Оразгали және бір әйел, Төлеміс үшеуі арбага мініп алып, азықтыққа алған екі қап тарыны тиеп, жолға түсіп жүріп кетті. Төлеміс жолшыбай таныс емес белдерге, жыра-сайларға, жер бедеріне, кездейсоқ құстарға қарап күнді өткізуде. Ыңылдап өлең айтқысы келеді, бірақ онысы келісетін емес. Баяғы туып-өскен жері, ағалары мен Қалдығараны ойлайды. Аққүшігін ойлайды. Мектептес, ойындас достарын ойлайды. Белгісіз, жұмбақ әкесін ойлайды. Қазір осы үлкен жолдың үстінде кездесе кетіп:

— Менің баламды қайда алып бара жатырсындар! Қайтадан тарт Саркемерге! Біздің ауыл сонда! — деп айқайладап, үрсып, арбаны кейін қайтарса деп ойлайды. Осындаі тәтті қиялмен ол аудан орталығы Ойылға қалай кіргенін де білмей қалды.

Ойыл балаға быжынаған қала сияқты болып көрінді. Сонда қонып шығуға үйғарған Оразғали өгіз арбаны туарып, танысының үйіне кірді. Төлеміс жаңа келген жерді қызықтап, көшеге шықты. Бір жағынан, алысқа ұзап кетуге тәуекелі де жоқ. Үлкен балалар сабап кете ме деп қорқады. Мына бір жерде «асхана» деген жазу тұр. Қасында дүкен. Дүкен ішіне кіріп, біраз жүрді. Сосын далаға шықты. Көшедегі телеграф бағандары ызылдап тұр екен, соған құлағын тосып, белгісіз тілді біраз тыңдады. Қайтып келсе, Оразғалилар шай ішіп отыр екен.

Ертеңіне таңертенін жүріп кетті. Әлі жер салқын екен. Жақындарап қалған сентябрьдің сыйы ма, белгісіз. Біраз жүргеннен кейін алдан өзен кездесе кетті. Өтіздер суға ауыздарын батыра, мойындарын былғалақтатып, жүріп ішіп келе жатқанда, бірінің мойынан қамыты шығып кетті. Арба тұрып қалды. Судың сұықтығынан болу керек, Оразғали мен әйел түскісі келмеді. Сосын Төлеміс секіріп түсті де, өгізді қамытқа жақындатып, жанауызын салды. Су зәрдей екен. Шекесінен бір-ақ шықты. Оразғали қасындағы әйеліне:

— Бұл бала түбінде адам болады,— деп жатыр.

Бұлар балалар үйі орналасқан жер — Ақшатауға қеліп жеткенде, көзге алдымен үлкен екі қатарлы екі үй түсті. Осындағы ең қорамды үйлер де осыларға екен. Бұл — балалар үйі мен соның мектебі десті арбадағылар. Арба кішкентайлау келген үйдің жаңына келіп тоқтады. Үйден жас шамасы отыздардағы әйел шығып, бұларды жылы жүзбен қарсы алды. Төлеміске және бір жақсы болғаны — өзімен қатар Хамит дейтін баласы бар екен. Танысып, ойнап, біраз көтеріліп қалды. Ертеңіне Оразғали кетіп қалды. Төлеміс балар үйіне қарай баруға батпады. Ондағылардың көбі тентек, шеттен келген балаларды сабайды дейтін сездер естіген. Шынында да, балалар үйінде тәрбиеленушілер үйден қатынайтындарды жек

коретін. Себебі, олардың ата-аналары бар, үйі-күйі бар дейтін. Өздерінің көбі әкесіз ішесісін, олардың ыстық құшағы мен мейірімін көрмегесін, күндегендей де пигылдары болатын. Мінеки, сондай жайдың бірі Төлемістің басына да келді. Сабактың алғаш басталар күні – дәл бірінші сентябрьде ол сөмкесін қолына ұстап, балалар үйінің мектебіне келе жатқан. Бір мезгілде мектепке тақала бергенде, кайдан шыққаны белгісіз, бір топ бала келіп, Төлеміске жабыла кетті.

Жұдырықтар мен тепкі де болып жатыр. Бір мезгілде әлгілердің бірі:

– Атанды! – деп айқайлап жіберуі мұн екен, топ бала дүркіреп қаша жөнелді. Бір жағынан мұғалім келе жатыр екен, жылап тұрган мұның қасына келіп, кім үрған деп сұрап жатыр. Үстінің шаңын қағып, класқа алып кірді. Бірақ Төлеміс кімнің үрганын білмейтін еді, керек десе, біреуінің де беті-әлпетін есіне сақтамапты.

Сөйтіп, оку күндері өте берді. Бірақ Төлеміс көпке дейін балар үйінде тәрбиленетіндермен жақсы тіл таба алмады. Олар көптігін пайдаланып, мұны ұрып кете беретін болды. Бір рет үрған балаларды оқытушысына айтып еді, сол күні кешкісін тағы сілейтіп кетті. Сосын көрген-білгенін, тәбелесін ешкімге тіс жарып айтпайтын күйге шықты. Бірақ енді балалар мұның да әкесінің жоқ екенін біліп, мұсіркеуге кірісті.

– Стройся! – деген команда саңқ ете қалды. Ағай келіп қалған екен! Бәрі де дүрліге орындарына жүгірді. Олардың ішінде Төлеміс пен әлті бала да араласа-мараласа орындарына әрекет жетіп отырды. Мұғалім тәбелестің шын мәнін білмеді ме әлде біле тұрса да ештеңе дегісі келмеді ме, әуелі тіс жарып ештеңе айтқан жоқ. Балаларды түгендеді. Не сабак берілгенін сұрады. Бұғінгі сабактың тақырыбын айтты. Осыларды бітіргеннен кейін ғана екі тәбелесуашіні түрегелтіп, кім бастады деп сұрады. Бұл кезде олар бет-ауыздарын сұртініп, ептеп қалыпқа келіп алған еді, ешқайсысы ләм-мим деп тіл катпады.

Төлеміс осыдан кейін әлгі баламен жандай дос болып кетті. Балалар үйіндегілер де енді Төлемісті колективінің сенімді бір мүшесі деп санады.

Бірақ осы колектив қатарына қосылу жағы ойдағыдай откенмен, Төлемістің сабагы жөне күйі бұл кезде төмендеп бара жатыр еді. Бұрын ылғи беске оқитын бала қазір үш пен терттеп жазбай қалды. Ара-арасында екілік те алып тастаған кездері болды. Күйі нашарлайтын себебі, баяғы өзін алып келген Оразғалидың тастап кеткен екі қап тарысы бітті де, енді өзі Айшаның үйіне түскен масыл болды. Қыңғылар армияға кетіп, хабарсыз қалған осы әйелдің де барлық жұрт сияқ-

ты соғыстар кейінгі жылдарда тұрмыс халі ауыр еді. Соңдықтан артық бір қасық, мейлі кішкентай қасық болсын, оның жанына ауыр батты. Соның салдарынан қыстың бір күні Төлемісті үйден қуып шықты.

— Бар, ауылыңа бар. Әкең әкеліп берем деген төрт қаптарысы өлі жоқ. Мен сені асырай алмаймын,— деп тұра айтқан. Баласы Хамитпен қатты дос бола тұрса да, ол да жаутаңдап қарағаны болмаса, шешесінің бетіне келе алмады. Үйден шыға жөнелген Төлеміс аязды далада қайда баарын білмей, жылап-жылап, жасын тауысқан соң, көрші татар кемпірдің үйіне барды. Кемпір екі күндей үйінде ұстап, тамақ беріп мұсіркеді. Төлеміс үшінші күні енді оқуы құрысын, ауылға қайтам деп жатқанда, Хамит кенет жүтіріп келді де:

— Мамам шақырып жатыр! — деді. Келсе, үйге Оразғали келген екен. Төрт қап тары алып келіпті. Енді Айшаның да жүзі жылды. Төлемісті Оразғалиға мақтап жатыр:

— Сабакты жаман оқымайды. Барды осының аузына тосамыз. Үйдегі жалғыз кереуетке осы жатады.

Төлеміс үндемей, төмен қарап отыра берді. Шынында да, сол күні Төлеміске төсек кереуетке салынды.

\* \* \*

Арада уш жыл өтіп кетті. Төлеміс жетінші класты бітірді. Жай бітірген жоқ, кластын алды болып, ылғи «беспен» бітірді. Төрехан мен Нәбия: «Сегізінші класқа бермей-ақ қояйық, тезірек адам болсын, педучилищеге берелік», — деп келіскен екен, оған Төлеміс те қарсылық білдіре қойған жоқ. Августың аяғында қалтасына екі жұз сом салып, оқу басталардың дәл алдында оны аттандырды. Жетіжүлдікты өте жақсы бітіргендіктен, оған сынақ жоқ еді. Тек кетерде шешесі:

— Құлыным-ай, күніңнің көбі далада өтетін boldы-ау! — деп көзіне жас алып, маңдайынан құшырлана сүйді.

Қала Төлеміске үлкен шытырман болып көрінді. Қаптаған машина. Тар көшелер. Үлғи танымайтын жат адамдар. Дүкендері көп екен. Қызыға-қызыға азғантай ақшасына әр нәрселер және оқулықтар алып, тез-ақ бітіріп қойды. Күнде сабактан қайтқан соң жатақханаға келіп алып: «Ақшам бітіп қалды, тез ақша салындар», — деп хатты салатын да жататын boldы. Бірақ, не себепті екені белгісіз, ақша келе қоймады. «Әлде хаттарым жетпей жүр ме екен, әлде ақша болмай жатыр ма екен?» — деп мұның да басы дал boldы. Әрі десе, паспорты жоқ екен, соны алууды ұмытыпты. Бір күні, бұл, шамасы, сабак басталған соң он бес шақты бір дәптерге жазғанын байқап қалып:

— Түрегел! Неге тентектік жасайсың? Сабакты неге ма-  
заққа айналдырасың?! Оқығың келмесе, оныңды айт! — деді  
даусынан ызғар шашы.

Төлеміс шыдай алмай, жылап жіберді де, бөлмеден ата  
жөнелді. Қасындағы жолдастары мұғалімге оның ең аяғы  
ләптер сатып алуға ақшасы қалмағанын айтып жатыр. Төлеміс  
сол жылауымен оқу ісінің менгерушісіне келді. Ол Жалау  
Лепесов деген оқытушы еді, жылап тұрып айтқан сөзіне  
түсінбеді. Қасында тұрган оқытушылардың бірінен не айт-  
қанын тусіндіріп беруді сұрады.

— Ақшам бітіп қалды. Ауылға барып келейін деп едім.  
Паспорт және тары алып қайтуға рұқсат етіңізші, ағай!

Оқытушы аздап жымып тұрып:

— Рұқсат! Он бес құнгे. Барып, паспортың мен тарыңды  
алып келе гой! — деді.

Төлемістін қуанышының шегі болмады. Арада аз-ак күн  
отсе де, сағынып қалған ауылына баратынына қуанды. Соның  
сртепінс-ақ Ойыл жақ бағытқа бара жатқан машинаның біріне  
сұрап мініп, аулына тартып кетті. Бірақ машина ауылдың  
үстімен өтпейді екен. Отыз бес шақырымдай жер бұру. Апа-  
рып тастайын десе, жол құмдақ, машина өте алмайды. Амал  
жоқ, үәделі жерге жеткенде тұсуге тұра келді.

Бұл кешкі сағат жетінің шамасы болатын. Күн тәмен-  
деп барады. Төлеміс екі өкпесін қолына алып, құмдақ жер-  
мен өмпендей келеді. Анда-санда жүрісін сәл азайтып, де-  
малып алады да, қайта желіске басады. Ел де жоқ екен, тек  
кешке қарай, күн батар кезде бір киіз үйді көрді. Бұл шо-  
паннның үйі боп шықты. Іште бір кемпір ғана бар екен, ол  
Төлеміске айран берді. О жерге көп айналмастан, әрі жүріп  
кеткен ол енді қорқуға айналды. Себебі, маңайының бәрі  
төбе-төбе құм, інір түсіп, караңғы болып кетті, қасқыр-  
масқырлар жүруі мүмкін. Оның үстіне, құм аяқтан тар-  
тып, жүрісті өндіретін емес. Анда-санда аяғына тікенек те  
қадалып қалады. Кейде алыстан, кейде жақыннан аңың  
ба, құстың ба, белгісіз дауыстары естіліп кетеді. Кейде  
көзінің алдынан әлсіз от жарығы я бір үшқын елестеген-  
дей болады. Бұлары ештеңе емес-ау, ендігі бір қорқып келе  
жатқан жері — Ақтогай. Жасында балалар және кейбір  
үлкендер де осы иесіз тогайды шайтандар бар дейтін. Тогай  
дегені — ертеден қалған екі-үш үйдің сидиган қабыргала-  
ры. Ол және қамысты, құрақты Қайынды өзенінің дәл  
өткелінің аузына төніп тұр.

Мана бір әзірде шыққан ай енді жоғары өрлең, жер бетін  
бозарта бастады. Енді жер бетіне біткен бұта мен дөңес, дөңдер  
бәрі біртіндең айқындалуда.

Таныс жер де жақындаған қалды. Белгे шыққанда анадайдан ақ төгай көрінді. Өзі ақ кірпіштен салынып, сол себепті Ақтогай атанған гой, өйтепе, айлы түнде сүйегі аппақ болып, алыстан-ақ жарқ ете қалды. Үңірейген терезе орындары бейне қурап қалған қу бастағы көздің орнында ұңірейіп, зәрені алып тұр. Манаңында ескен тал ма, ши ме, бірақ сол төгайдың маңына жиналып қалған мақұлыштар я құбыжыктар сияқты. «Шәйт» деп дыбыс шықса, бәрі андап, самсан-жалғыз балаға қарай тап берейін деп дайындалып қалғандай. Тек осының жақындағы түсін күтіп, дем шығармай, қатып, сілейіп тұр!

Төлемістің жүргегі мұздалап, жолдан шығып, тоғайдан қысыстап бара жатқанын әуелі өзі де сезбей қалды. Алысырақтан айналып өткен дұрыс болар деп ойлады ол. Екі көзін тоғайдан айырмай отырып, ол ақырында өзеннің жағасына ілінді. Судан бірдең шұрылдайды. Құс болар деді ол. Бірақ бұз жерде өткел жоқ болатын, тайыз шығар, бірдеме қылып өтермін деп, тәуекелге бел байлап, шалбарын шешті де, көйлегін түріп, сылдышлатып алмайын дегендей, суға ақырын сиді. Бірақ тайыз болар деп ойлап келе жатқан жері бірден шұңғыма болып кетті де, гүмп берді. Жан дәрменде әрі ұмтылған оның аяғы қайранға ілікті. Күімнің біразын су қылып алды.

«Ун!» деп демін алған ол солығын да баспастан, күімдерін де киместен, зырги жүгіріп, жағадан, Ақтогайдан алыстай берді. Біраз жер шыққасын, енді қауіп артта қалды-ау деген кезде ғана ол тоқтап, су күімдерін киіп алды. Өзеннің бұл жағында жер қатаңдау еді, атқа мінгендей қутындаған, шаршашанын да ұмытып кетті. Сол бұлкілмен желіп отырып, ауылдың шетіне ілінгенде тұнгі сағат бірлердің шамасы болып қалып еді. Қазір толық ай тас төбеге шығып алған, жер дүниенің бәрі керемет аппақ. Сүттей. Ауылдың әрбір үйі, оның жанындағы мал, ат арбалар түгел ап-айқын көрінеді. Алғашқы көз таставанда-ақ Толемістің әшіл қалғаны – өз үйінің терзесінен от сөнбесен екен: жүргегі құрғыр төтті езіліп сала берді. Үйдің жанында қантарулы ат, екі аяқты арба. Біреу келген болар деп ойлады Төлеміс. Үй жанына жеткен ол, енді не де болса келдім гой дегендей, кішкене демалып, солығын басып алайын деп, үй артына айналды...

«Үйдің жанында тұру қандай бақыт, таңертенге дейін осы жерге отыра берсем я үйіктасам, соның өзі де алыста, таныс емес жерде оқудан он есе артық бақыт қой», – деді балалық оймен. Сосын, тағы да терең бір дем ала, көкірегін кере тазартып, үйге енді. Әкесі төр алдында шай ішіп отыр екен. Нәбия шай құюда. Екеуі де түннің бір уағында үн-түнсіз, ың-шыңсыз, аруақтай кіріп келген Төлемісті көріп, шошып кетті.

Жағдай сұрасқаннан кейін ғана, шешесі оны құшағына алып, бетінен, маңдайынан сүйіп жатыр.

— Алда, айналайын-ай, бірер күн күте тұрмagan екенсін, мен саған ақша салып, Ойылдан жаңа келіп отырган бойым еді! — деді өкесі.

— Келгенің жақсы болды, ештеңе етпес. Қанша күнге рүқсат етті? — деді шешесі.

— Он бес күнге.

— Онша күнде не істейсің, жаным-ау, сабақтан қалып қоймайсың ба?

— Қалмаймын фой. Әрі десе, паспорт алу керек. Бөтен ба-лалар алып келген екен.

Үшеуі отырып, өткен-кеткеннен әңгіме қозғап, көпке дейін шай ішісті.

Ертеңіне Төлеміс өкесімен екеуі әлгі екі аяқты ат арбага мініп, Ойылға қайта тартты. Онда бір-екі күн болып, пас-порт алды. Ауылға оралып келсе, Нәбия ақ тарыны қайна-тып, қуырып, көп қылышп түйіп қойған екен. Асылы, Нәбия тарыға шебер еді. Жұрт Нәбия қайнатып, қуырган тарыны, «Нәбияның тарысын айтсайшы» деп, аузынан тастамайтын.

Төлеміс әлде де ауылда бір жетідей болып, Жұбаниязбен ойнап (бұл ол кезде сегізінші класс оқытын), таныс балала-рымен кездесіп, бой қотеріп қалды. Кетерде ақ тарыны арба-ға салып, және ақша алып, кейбір оқулық, дәптерлерін де түгендеп, Ақтөбеге қайта аттанғанда, тебесі көкке бір жет-кендей болып қалып еді.

Қалаға, жатақханаға келгенде, өзімен бірге жататын Жан-дай дейтін баламен әбден достасып алды. Қайда барса да екеуі бір жүретін. Сабақты бірігіп дайындастын, бар сырларын бір-біріне айтысатын.

Он алтыға жеткен бала жігіттің енді қыздарға да көзі түсे бастады. Бір күні училищeden, сабақтан шығып келе жат-канда, өзі сияқты оқуга осы жылы түскен, бірақ бөтен топта оқытын Шарагұл дейтін қызben кездесіп, екеуі жатақханаға дейін бірге барды. Содан кейін де әлгі қызben жиі кездесіп тұратын болды. Жатақханада сабақ дайындаудан қолы босап кетсе, Төлеміс коридорға шығып, көзімен әлгі қызды іздейтін. Кейде екеуі киноға да бара қоятын. Бірақ Төлеміс көбінесе үндемейтін. Амал жоқ, сол себепті қыз көбірек сөйлейтін. Жолдастары да бір жағынан мазақтауды шығарды. Мазақта-ғанда да, артық айтып жатқан ештеңелері жоқ, тек сен пәлен-шемен доссың дейді, ал Төлеміс қызырақтап: «Жоқ, жоқ, әншейін», — деп бағады. Бұрын ешбір қызben достасып, бірге жүріп көрмеген жас жігітке осы сөздердің өзі шаянның шақ-қанындаі болды.

Бір күні кешкісін өлгі қыз жатақхананың есігінің алдындағы ағашқа сүйеніп кітап оқып тұр екен, Тәлеміс оған жақындаپ келіп:

- Не оқып тұрсың? — деді.
- Орыс тілі ғой. Ертең сұрайтын шығар деп оқып тұрмын.

Көптен сұраған жоқ еді, — деді құлімсіреп қыз.

- Енді қанша оқисың?
- Негізуга?
- Жай... Әншейін... Қыдырасың ба дейін деп едім.
- Кітабымды тастап шығайын ба?
- Қазір ме? Жоқ, қазір тапа-талтұс қой. Жұрттың бәрі көріп тұр. Кішкенеден кейін, ымырт болсын.

Қыз қасын керді де, үндеген жоқ. Тәлеміс жайлап ысырылып, анда-санда көзінің қызығымен терезелерге, есік алдына қарап қойып, ішке кіріп кетті.

Арада бір сағаттай өтіп, ымырт тұскенде Тәлеміс даға қайта шықса, қыз баяғы жерінде өлі тұр екен. Тіпті кітабы да қолында. Оны қекірегіне қысып алған.

— Өлі оқып тұрсың ба? Қап-қараңғы ғой. Жазу көрінбейді ғой.

- Жоқ.
- Енді кітабыңмен неғып тұрсың?
- Ойланып...
- Нені?
- Жаңағы сенің айтқанынды...

Тәлеміс үндемеді. Тек көшеге қарай жүре берді. Қыз кітабын тастамай-ақ ерді.

Екейі жүріп келеді. Бірнеше үйлердің жанынан өтті. Паркке жетті. Бірақ оған кірген жоқ, көше бойлап жүре берді. Кенет Тәлеміс қараңғы көшелдердің біріне бұрылды да, үлкен қызық есken бір ағаштың түбіне келіп тұрды.

- Шарагұл!
- Қыз үндеген жоқ. Тәмен қарап қалды. Кітабын қолтығынан алып, қеудесіне басты да, аяғымен жерді шимайлап тұра берді.
- Шарагұл! — деді Тәлеміс екінші рет.
- Иә... — Қыз дауысы өте жай шықты.
- Біз осы... нетсек қайтеді... — деп Тәлеміс, әрі қарай айта алмай, қысылып қалды.

Қызда өлі үн жоқ. Тәлеміс өлгі сөздерден кейін аузына бірдеңе тұрып қалғандай ештеңе айта алатын емес, үнсіз қалыпты. Қараңғы көшениң ақ жарыққа кенелтіп, бір машина жүріп өтті. Содан кейін өлгі тыныштық қайта орнады. Ақырында Тәлеміс:

— Біз осы... екеуміз... нетсек... қойсак қайтеді... Балалар тыныштық беретін емес! — деді қысылып-қымтырылып.

Бірақ даусында мұндың ба, жалыныштың ба бір үшқыны жатқан сияқты.

Қыз сілейіп қалғандай, я үн, я дыбыс жоқ. Тек кенеттен кеудесіне қысқан кітабы жерге беттері ашыла-машыла салдыр етіп құлап түсті. Бірақ онысына да қараған жоқ. Төлеміс сіңкейіп кітапты алды да, қымылсыз тұрган қызға беруге бата алмай, өзі ұстап тұрып қалды. Енді қыз сөйледі. Үнінде ыза ма немесе қүйінші пе, әйттеір, бір кекті жұмбақ жатқандай. Бірақ қинала сөйледі:

— Мен сені... нетіп жүрген жоқпын... Қоймайтындей не істеппіз... — деді. Содан соң жайлап бұрылып жүре берді.

— Кітабынды... — деп еді Төлеміс, бірақ қыз оған қараған жоқ, қараңғы көшенин бұрылысынан айналып, көзден тасаланды. Төлеміс бөтен көшелермен жатақханаға келді. Жолдастары сабак оқып жатыр екен:

— Енді мені Шарагұлмен бірге ешуақытта да кормейсіндер! — деді аңы мақтанышпен. Жолдастары мұндың сөзіне елең ете қойған жоқ, «көрерміз» дегендей, сабактарын оқи берді. Қыздың кітабын Төлеміс ертеңіне оның дос қызына апарып берді.

Бұл Төлемісті біраз ойландырды. «Дұрыс істедім бе өлде қате ме, жолдастарымның айтқаны дұрыс па еді өлде жүректің бұруымен кету керек пе еді», — сол арасын білмей, дал болып біраз жүрді. Кейін өлгі қызды училищеде, жатақханада көргенде, қашып жүретін болды. Өзінің сол тұні айтқан сөздерінен үялады. Енді байқаса, ол да жақсы көретін еді, содан айрылып қалғанына өкінеді.

\* \* \*

Төлеміс қазір үшінші курста оқып жүр. Жақсы оқитын болып алды. Кластың да озығы. Жыл сайын жазда ауылға барып, демалып қайтады. Балық аулап, суға түседі, атқа мініп, достарымен жарысады. Енді міне, он сегізге келіп, тым-тәуір азамат болып қалды. Оқудың да бітуіне көп емес.

Бір күні шаш алдырайын деп қаланың ортасындағы базарға келе жатқанда, ол өзінің туған ауылы Саркемерде бухгалтер боп істейтін кісіні кездестірді. Ол бір жұмыспен келген екен, Төлемісті көргенде төбесі көкке жеткендей қуанды:

— Айналайын, енді болмаса, мектебіңде іздел барайын деп келе жатыр едім. Бақыттым бар екен, жақсы кездестің!

— Ие, ауыл аман ба?

— Аман болғанда қандай! Мұздай қара көк. Саған айтатын үлкен жаңалық бар.

— Ие?

Төлеміс сол жақтан тумалары азық я ақша беріп жіберген шығар деп ойлап тұр. Қалдығара мен Танау осыдан бірнеше жыл бұрын Орынбор жаққа көшіп кетсе де, жақын-жынық біраз тумалары, оның ішінде өкесінің туған апасы Ақбала және қарындасы Мақпал, солардың семьясы бар еді.

— Әкең тірі екен, қарағым! Әкең тірі болып шықты! Өзінен хат алдық.

Төлемістің тұла бойы қалтырап, қалшылдап кетті:

— Шын айтып тұрсың ба, ағаке!

— Шын, қарағым, шын болғанда қандай! Бізге, басқармаға өзінен хат келді. Нәбияны, сені, інілерін сұрапты. Қайда деп. Өзі біржолата ағарылыпты. Сотталуы қате көрінеді. Жақында ауылға қайтпақ. Қыыр Шығыста екен!— деп бухгалтер бүкіл жаңалықты асығып-аптығып айтып шықты.

Енді Төлеміс қасындағы тұрган адамнан ұялмай еңіреп қоя берді де, ес жоқ, тұс жоқ, жатақханаға қарай жүгіре жөнелді.

— Тоқта, тоқта! — деп айқайлады артынан бухгалтер.— Мына адресін ала кет. Хат жаз.

Төлеміс жүтіріп қайта келгенде ғана өрең есіне келгендей болды.

— Ағаке! Жүрініз! Менімен бірге болыңыз. Шүйіншініз бар!

— Ойбай, айналайын-ай, сенен не шүйінші дәметейін, бірақ қолым босамай тұр. Қалаға ауру адам алып келіп едім, соны корсету керек. Рахмет. Ал енді мынау адресі. Біздер де қуанып жатырмыз. Бүкіл Саркемер қуанышта. Тумаларың да жас төгіп алды. Сосын бәріміз жаздық. Нәбияның, сенің, інілерінің жағдайын айтып. Өзің де жазарсың.

Төлеміс адрес жазылған бір жапырақ қағазды ыссы шоқтап кем еместей көріп, көкірегіне қатты қысқан бойы жатақханаға жеткенше жүгірді. Оны осы кезде бірінші қарсы алған да Жандай еді. Ол өуелі Төлемістің түрін көріп шошып кетті де, тұсінгесін қуана құттықтады. Бөтен жолдастары да келіп, қаумаласып, құттықтап жатыр. Жауап жазу үшін қалам, үш бет қағаз да келіп қалды. Столдың үсті сыйырылып, ақ қағаз тоселіп, бір топ жас жігіттер дабырласып, отырысып келіп қалды. Әкесінің сауаты жоғын Төлеміс еститін, сондықтан жолдастары оқып берер деп, орысша жазуға келісілді. Отырғандардың біразы орысшага шорқақ болып шықты. Сосын көрші бөлмеден Қыдырбек дейтін орыс ауданында ескен бала шақыртылып, бәрі хат жазуға кірісті.

— Қымбатты, әке! — деп бастайық деді Жандай.

— Жақсы! — деді Төлеміс.

Әрі қарай қаумаласып отырып мынадай хат жазып шықты:

## «Қымбатты әке!

Бүгін сіздің хабарыңызды естіп, қуанышымды қайда сыйғы-  
зарга білмей отырмын. Адресіңізді, келген хатыңызды тұган  
аулының, бухгалтері айтты. Содан келген бойда осы хатты  
жазып отырмын. Мен қазір Ақтөбе педагогикалық училищесіндегі,  
үшінші курсында оқымын. Адресіміз: Коммунист қошесі, 7-үй.  
Жаттақханамыздың адресі: Жамбыл қошесі, 36.

Нәбия апам күйеуде, Қалдыгара мен Танау Орынбор облы-  
сында, семьяларымен. Сонда жұмыс істеп жатыр. Өзім оқуды  
осы жағдайда бітірем. Бөтен не айттайын.

Әке! Қашан келесіз? Суретіңізді салып жіберіңіз. Мен осы  
хаттеп осыдан жарты жыл бұрын тұскен суретімді салып отыр-  
мын. Кейін жақсылан түсіп, тағы салып жіберемін.

Әке! Келетін уақытыңды айттып, тез хат сал. Біз бүкіл жа-  
тақхана балалары болып күтіп аламыз. Тек тездеміп кел.

Сәлеммен балаң Төлеміс!»

Осы хатты жазып болғаннан кейін, конверттің аузын  
желімдеп, маркаларын қөбейтіп басып, поштаға апарып салды.

Енді хат күту күндері басталды. Бірақ алыс жер ғой,  
біразға дейін хат келмеді. Бір күні Төлеміске 100 сом ақша-  
ға қағаз кеп түр екен, бұрын мұндай ақша алып көрмеген  
ол Жандайды ертіп, қалтасына паспортын салып, поштаға  
жөнелді. Кімнен келгенін де, не үшін жіберілгенін де білмеді.  
Почтадағы әйел ақшаны қолына санап беріп, қайдан  
келгенін айтты. Әкесінен екен. Сол ақша салған қағазда аз  
сөзben болса да сәлем айттып, саулығын сұрапты. Бұл  
Төлеміске әкесінен жеткен алғашқы сөздер, алғашқы хабар,  
тіршілік белгісі еді.

Екеуі почтадан шығып, енді қайда баарын, не істерін  
білмеді. Төлемістің ойына келгені – арақ ішу болды. Бұрын  
үлкендердің осындағы жағдайда арақ іше салатынын билетін.  
Дүкенге кіріп, бір жартылық ақ арақты көрсетпей орап алды  
да, қайтадан көшеге шықты.

– Енді қайда баарын? – деді Төлеміс.

– Мына жер қаланың шеті ғой. Сай, аржағы қалың ағаш.  
Сонда барайық. Көріп қалар.

– Кеттік, ендеше.

Кішкене жүргеннен кейін олар қаланың шетіне шықты.  
Сайға түсіп, ағаштардың арасына кірді.

Екеуі бір қалтарыс жерге отырды да, бөтелкенің аузын  
ашты. Енді байқаса, ішетін ыдысы, жейтін тағамы да жоқ екен.  
Қайтып баруға алыс болатын болды да, осылай бөтелкенің  
аузынан ішуге үйғарды.

– Төттірек болады! – деді Жандай.

- Мә, іш, — деді Төлеміс.
- Не үшін ішеміз?
- Қайдан білейін.
- Жұрт ішкенде міндетті тұрде бірдене айтып, бердемеге арнап ішеді. Былай ішуге болмайды дейді.
- Онда бірдемеге арнап ішейік.
- Сенің әкеңе арнап ішейік.
- Сейтсек, сейтейік.
- Онда алдымен сен ішсейіші. Қанша айтқанмен, әке сенікі ғой.
- Алдымен сен ішсейіші. Бәрібір емес пе!
- Екеуінің де іше алмай, жүрексініп отырганы белгілі болды.
- Ал енді іш. Әуелі, бөтелкенің аузынаң ішу қыын болса, бір үртта да қой.
- Неге? Қорқатындағы ештеңе жоқ қой. Біздегі Ауганбай менен бір жас кіші болса да, арақты іше берем дейді. Әкесі үйретіп тастаған. Менің одан нем кем! — деп мақтанып қалды Жандай. Сосын шынының аузын тақап, бірнеше рет жұтып жіберді. Көзінен жас көрінді. Беті де тыржып кетті. Бірак:
- Түү, ашы екен. Дегенмен, ішуге болады! — деді сыр бермегенсіп.

Ендігі кезек Төлемістікі еді. Ол да бірнеше рет жұтып жіберді. Бала жігіттер, біраздан кейін арақ буындарына тұсті ме, әңгімені де, ішуді де көбейтті. Содан екеуі де мас болды. Тек әйтеуір сыр білдірмегенсіп, аяқтарын шақ басып, жатақханаға беттеді. Жатақханаға көздері қызырып жеткен екеуі сол бойда кереуетке құлады да, танертен бір-ақ тұрды. Екеуінің қарындары ашып қалыпты.

— Іссы борщ ішпесе, болмас, — деді Төлеміс. Екеуі жуынап, киініп алды да, асханаға барып тамақтанып, одан қала шетіндегі базарга аттанды. Кешегі ақшага Төлемістің костюм алғысы келіп жүр. Базарда жарты сағаттың ішінде-ақ, бір қара шевиот костюмды тауып, сұраған ақшасын беріп, қайтып келді. Кіп қарап еді, шап-шақ екен. Балағы кен, далиып жатыр.

— Тамаша! — деді Жандай. — Шалбардың балағы бөтенкенің басына жетіп тұрса, нағыз мода сол болады. Өзі де солай екен.

Төлеміс те осындағы жақсы костюмнің табылғанына қатты қуанды. Осыдан кейінгі күндері сабаққа барғанда да іштей мақтанып жүрді ол. Шынын айтқанда, балалар да көпке дейін оның костюміне қызырып болды. Костюмді киіп, шашты алдырып, жақсылап суретке түсіп, онысын хатқа қосып әкесіне салып жіберді.

Енді әкесінен де хат жіңі келіп тұратын болды. Ал ақшадеген одан да жиңі жететін. Шалпық хаттарында өзінің жазықсыз екенін, ағарылғанын, енді жақын арада қайтатынын ай-

тып жазатын. Шалпықтың хабарын ауыл да түгел естіген. Нәбия, Төреканға да жетіпти. Бірақ Төлеміс одан бері шешесін көрген жоқ. Биыл жазда барғанда болмаса.

Оған да бір-екі ай қалды гой. Оқу біткенше барып қалармын деген өкесі. Осында келсе, тіпті жақсы. Елге бірге баратын. Бірақ сынақ күндері жетті, ол да етті. Әке келмеді. Сонын Төлеміс оқу біткесін қарап жатсын ба, ауылына кетті. Ең алдымен оны көрген шешесі баласының мәндайынан, бетінен сүйіп:

— Әкең келетін болыпты ғой, қарағым, бақытты екенсің! — деді. Төрекан ештеңе дей қойған жоқ. Бірақ сол ұнсіз көзқарастың, анда-санда бірдене айтайын деп оқталып барып, айтпай, бүгіп қалудың аржағында үлкен толқыныс бар еді.

Төлеміс енді ештеңе болмагандай-ақ, жаздың тамаша күндерін өткізіп, ойынын ойнап, балық аулап, қуанышты көнілмен жүріп жатты.

Бір күні түске жақын қармағына қапқан бір топ ұсақ балығын жіпке тізіп, күн ысып кеткесін, үйге келе жатса, есік алдында бір кемпір отыр екен. Ол Төлемісті көрген бойда-ақ кішкентай баладай мәндайынан сипап, бетінен сүйді.

— Қарағым-ау, ауылды ұмыттың ба? — деп жылады. — Саркемерге келуді қойдың ғой.

— Білем гой, — деп күмілжіді Толеміс. Нәбия үнде мейді, тек күйбеңдей береді. Төрекан үйде жоқ-ты. Бірақ анасының баласына бірдене айтқысы келетін сыңайы бар сияқты, оған батылы да бармай жүргендей. Қайта-қайта әлгі кемпірден ауылдың жағдайын сүрай береді. Ақырында, бір мезгілде, шыдай алмады білем, баласына тіктеп қарап:

— Әкең келіпті. Ауылға бармайсың ба? — деді.

Төлемістің жүрегі ойнап кетті. Жүзі бал-бул жанып, не айтарын, не дерін білмей, ұнсіз қалса да, шырақтай жанған көздері көп нәрсениң алғартып-ақ түр еді. Шешесінің де көзінде жас түр екен. Бірақ ол, бір жағынан, қуаныш болса, екінші жағынан, күйініш, қайғы жасы сияқты. Төлемістен көзін алар смес. «Қош бол енді, құлыным! Менің құшағымнан ұшып бара жатырсың ба? Енді сенен айрылдым ба? Баяғыда әкеңнің інілерінен тартып алғандай қылыш алыш келіп едім, асырап-бағып есіріп едім, енді үяңа қайта ұшып бара жатырсың ба? Мені тастап бара жатырсың ба?» деген ойлар жазулы түр еді ана көзінде. Соны Төлеміс түсініп қалды. Сол жазуды көнілімен оқыды бала. Кенеттен келген таудай қуаныш сондай қайғы да, сондай жара да алыш жеткендей. Мүмкін, ана осы кезде ертерек күйеуге шығып кеткенін ойлаң отыр ма екен, енді не бетіммен көрем оны деп отыр ма екен, әлде өлді деп хабар айттып келген адамды іштей қарғап отыр ма екен,

әлде бағып-қаққан баласының мұны тастап жөнелейін деп отырғанына назалануда ма, әйтеуір, көзінен жас енді бүршактап ағуда. Жас жігіттің көкірегін кернеген осындаи бұлдыр сөзім үстінде кемпірдің:

— Мен сендерді Саркемерге тойға шақыра келдім. Екеуінді де. Нәбия, сені де, Төлеміс, сені де... — деген сөздері естіледі. Бейне екеуіне де тұман арасынан жеткен сөздердей әсер етті бұл.

Бірақ жауап болмады. Ана мен бала екеуі де жерге қарап отыра берді. Кемпір ешқандай жауап ала алмады. Сонын ол тамыр-тамыр жіңішке қолдарымен бетін бір сипап алды да:

— Ия-я... — деп, ақырын орнынан қозғалды. — Қой, мен неғып отырмын, кетейін.

Нәбия тағы үндемеді.

Кемпір сүйретіліп шығып кетті. Нәбия жылай берді, жылай берді.

— Қойши, апа, — деді Төлеміс. Бірақ анасы бұған қараған да жоқ.

Төлеміс жайлап ысырылып далаға шықты. Енді ол не істерін білмей жүр. Кемпір ат арбамен келген екен. Ол аулақта. Ат айдаушы бала жүруге дайын отыр. Кемпір сол арбаға жақындалап қалыпты. Төлеміс енді шыдап тұра алмады. Жүгіріп кемпірдің қасына жетті. Оны арбаға сүйемелдеп мінгізіп жатып:

— Эже, мен бір аптадан кейін Ақтөбеге барам. Әкем мені сонда күтсін. Жұрманбайдың үйінде! — деді де, көзіне тығылып келіп қалған жасты көрсетпейін деп, айнала берді. Ат айдаушы бала да осыны аңдып тұргандай қамышыны сарт еткізді. Арба жөнеле берді. Төлеміс арба артынан әлі қарап тұр. Женіл шаң шығара заулап бара жатқан арба, көнілді арбашы бала, ак жаулықты кемпір, осы бір ұзын жол — бәрі де Төлеміске тым қымбатты, тым тәтті нәрселер, олар әкесінің көзі сияқты болып кетті. Мінеки, белден асып кетті олар. Төлеміс сол жерде ұзақ тұрды. Бір мезілде иығынан біреу тартқандай, қараса, Жұбанияз екен.

— Негып тұрсың, әй! — деді ол. — Түсің бұзылып кетіпті ғой. Мәс-саған, тіпті жылапсың ғой.

Төлеміс үндемей, женімен жасын сүрте берді.

— Қой, жүр, үйге барайық. Әлде шешем ренжітті ме? — деді ол тағы Төлемісті иығынан ұстап, үйге әкеле жатып. Кірсе, Нәбияның да көзі бұлаудай. Жұбанияз шошып кетті:

— Бұ не болды, жаным-ая! Аманшылық па, әйтеуір!

Нәбия жауап қатудың орнына, Жұбаниязды тұрган жерінен өзіне тартып, құшақтап алып, енді дауыс етіп жылай бастады: «Жасынан асырап едім, шешекеңнің жоқтығын білдірмей.

Басып едім бауырыма, қарағым-ай. Төлеміс екеуің тел қозылай өсіп едіндер!»

Осы сияқты сөздер бірінің артынан бірі шұбыра жөнелді. Төлеміс мұны енді шешесінің Жұбаниязды бала еттім, сен менен кеттің деп айтқанында сезінді, шыдап тұра алмады, ысырылып есіктен шығып кетті де, қолына қармағын алғып, озен жағасына қайта тартты. Бұл жолы ол ымырт түсіп, әбден қарны ашқанша үйге қайтқан жоқ. Қармақты да жарытып салған жоқ. Суга түсті. Суға түсіп жүріп тағы жылады. Жыланған кезде сұңгіп, жасын сумен жуды. Судың астында сұңгіп жүріп жылады. Шешесіне ренжиді. «Неге мені жібере қоймады екен?» – деп ойлайды. «Мен бәрібір апамды ұмытпас едім ғой, айналып соғар едім ғой, неге қатты болды маған?» – деп ойлайды. Ойлайды да, көнілі тағы бұзылады. Суға тағы сұңгиді.

Әкесін көз алдына елестетеді. Онымен кездесетін сәтін елестетеді. «Қалай болар екен? Қалай қарсы алар екен? Не айттар екенмін? Құр арба барды ма екен? Кемпір жетті ме екен? Әкем хабарды естігенде, не айттар екен?» – Міне, осы ойлар тыныштық бермейді Төлеміске. «Әкем Саркемерге келіп, той істеп жатқанда, менің бүйтіп айдалада, қаңыраған су жағасында жасқа булығып, жалғыз жүргенше, теренге батып өлгенім де жақсы ғой», – деп суға қайта сұңгиді, терендейді, көзін ашып қарап, аппақ қайрандарды, қамыс тұбіне ілініп тұрган балдырларды, зымырап етіп жатқан кішкентай шабақтарды, өзеннің ең тұбіне дейін жетіп, мың сынған күннің сәулеесін, – жасыл судың, ақ қайранның, сарғыш сәуленің бәрінің сан құбылып ойнауын көреді. Дем бітіп бара жатыр. Сосын ол су бетіне қайта көтерілді.

\* \* \*

Бір аптадан кейін Төлеміс әке-шешесіне: «Ақтөбеде училищеде жұмысым бар, келерсіндер деген», – деп, рұқсат алды да, бір машинаға мініп, Ойыл, Қобда арқылы Ақтөбеге келді. Ақтөбенің ферросплав заводында металл қорытушы болып істейтін Жұрманбай дейтін жігіт бар еді, оның әкесі Сары дейтін кісі болатын. Сарының әйелі Ақбал – Шалпықтың апасы. Төлеміс анада сол кісінің үйін сілтеген. Келсе, ол үйде әкесі жоқ болып шықты. Екі-үш күн күтіп, келмегесін, шыдай алмай, ауылға қайта қайтып кетіпті. Мүмкін, баласы Саркемерге барып қалар, содан күтейін деп айтып кетіпті осындағыларға. Сол күні түнде Төлеміс поезда отырды. Саркемерге поезд жолы жақын болатын. Шұбарқұдық станциясынан түсken ол Алтықарасудан өтіп, Бабатайға жетті. Бабатайда Жұрмантайдың әкесі Сары тұратын. Ақбал Төлемісті көргенде еніреп қоя берді:

— Құлымын-ау, көкем-ау! Әкең келгенде қайда жүрсің! Сені көрмегелі қаша жыл! Осынша уақыт көзіме керінбей, маңдайыңнан бір ііскетпей, қайда жүрсің? Әкеңнің көзі едің ғой, ең болмаса мауқымды басып неге кетпедің? Әкең сені іздеп, қан жұтып сандалып жүр ғой. Әрі барып, бері барып, көзіне ештеңе көрінбей сенен бөтен. Осында келіп жатып еді, жата алмады. Ақтөбеге кетіп еді, одан тағы қайтып келді. Жаңағана, осы сенің алдында қайта кетті қалаға. Шырылдаған бозторгайдай. Сенің ауылыңа батып бара алмай, бөтен жерден таба алмай, сергелденге салып қойғаның не, құлымын?!

Ақбал осылардың бәрін жылап отырып жыр қылып айтты. Ұзак жылады. Осы сарнау Төлемістің сай-сүйегінен етіп, жүргегін тілгілеп жатқандай. Адам қайғысы дегеннің не екенін осы дауыс етуден түсінгендей. Көзіне еріксіз жас алып, ұнде-мей отыр. Ақырында, Ақбал түрегеліп: «Шай қояйын, саған деп арнап алып қойған сыбагам бар еді, соны асайын», — деді. Сары бригадир екен, шөpte. Кешке келетін көрінеді. Төлеміс: «Ештеңе іше алмаймын, әкемнің соңынан кетейін, тауып алайын», — деді. Сөйтіп, ол Ақтөбеге қайта аттанды. Сол күні кешкісін, қалада поездан түсіп, металлургтер қалашығына жөнелді. Жұрманбайдың үйіне жақындал қалғанда, жүргегі бірдемені сезгендей дірілдеп қоя берді. «Әкем бар екен», — деп ойлады ол толқыған ойын басып.

Табалдырықтан аттағанда, ол әкесін бірден көрді. Төрдің қақ алдында еңгезердегі болып, салалы саусақтарын екі тізесіне салып, малдас құрып отыр екен. Алдына Құмалақ жайып тастапты. Екіден, үштен топтап, ойға шомып отыр. «Құмалағы неси екен?!» — деп ойлады Төлеміс бір сөтте. Төлемістің көзі шалып қалған Жұрманбайдың әйелі:

— Шүйінші! Балаң келді! — деп айқайладап жіберді. Осы кезде Шалпық жалт қарады да, өзіне жақындал қеліп қалған баласын ұшып тұрып қапсыра құшақтап алды да, катып тұрып қалды. Деміккен әке көкірегінің абын иісін баласына құшырланған жұтқызып, көз жасын ағыта, маңдайынан, мойнынан өбіп жатыр. Бейнес сусынын қандыра алмай, аңкасы кепкен жандай құшырланады. Әкесі ұнсіз тығызып, ұзақ жылады. Тек анда-санда көмейіне тығылған әксікті жұтып-жұтып қойып, баласын бауырына басқан күйі егілуде. Осы бір сөтте ол аңсаған арманына жеткен болса, бір жағынан, өзінің осыншама жыл жазықсыз қаңғырғанына, бұқіл өмірін морт сындырғанына, туған елден, жерден, әке баладан айрылғанына қабырғасы қайысып, откен мен кеткен, казіргі мен кешегі суреттердің бәрін наизағайдың жарқылындағы мезетте елестетіп етті. Найзагайдан кейінгі қүйылған жаңбыр селіндегі көз жасы да жуып тұр баласының бұқіл денесін.

Жұрманбайдың әйелі:

— Қойыңыз, ағаке! Бұл қуаныш қой! Демалыңыз! — деп келіп, әке мен баланы айырды. Отырысты. Жұрманбай да орнына отырып:

— Қойыңдар, Захыра, шай әкел! Қуанудың орнына жылау деген немене! — деп жатыр.

Шалпық бет орамалымен көзінің жасын сүртіп біраз отырды.

— Шәкең балам қашан келер екен деп құмалақ салып отыр еді, өзің де жетіп келдің, қарагым Төлеміс, — деді Жұрманбай.

Төлеміс бұз жолы көзіне жас алған жоқ. Барынша тырысып бақты. Жөне қуаныштан жылауға ол өлі жас еді.

Әкесі қозғалып, дұрысталип отырды да:

— Тек өншейін іштегі шерді шығарып жатқаным фой. Оңай деймісің. Алыста жүргенде ылғи осыларды ойлаумен болды. Барлық өмірім қапа болды. Елге жетіп, баламды бір сүйіп, слідің, ауылдың ауасын бір жұтып, күнін бір көріп өлсем, арманым жоқ деп едім. Міне, келіп отырмын, көріп отырмын. Енді арман жоқ. Тек семьяның бұзылғаны болмаса, — деді.

— Қой, негылар дейсіз. Әйел адам. Тек Төлемістің анасы фой демесек, әйел табылар. Құдайға шұқір, денің сау, аманнесен оралдың.

— Менің де босанғаныма, ағарғаныма бір жыл. Сол жерде де қалып қоюға, жұмыс жасауға болатын еді, бірақ жүрегім тартты да түрдү. Төлемісті, Нәбияны ойладым. Енді міне, жалғыз баламен бәлен күн өткенде әрең деп табысып отырмын. Тағдыр маған деген қаталдығын аямады фой, — деп Шалпық тағы егілді.

— Қой, Шәке, берік болыңыз. Ер жігіттің басына не түспейді. Ден сау, аман оралғасын, бәрі ұмыт. Ал енді тамақ желік, бөтен әңгіме айтайық. Міне, дастарқан да келді. Әй, Захыра-ай, тездет, тездет! Айналайын Амантай, ана бөлмеде ілулі түрган домбыра бар еді, соны әперші. Мен бір өн айтып жіберейін, — деді Жұрманбай. Кішкентай бала үлкен домбыра алып келді. Жұрманбай оның қүйін түсіріп, біраз тыңқылдатып отырды да, өн шырқап кетті. Даусы ашық, жайлы екен:

Сұ-ұр-ра-саң руымды-ай,  
Кар-ра-кесек,  
Досымнан дұшпаным көп-ай-й-й  
қылған өсек-ай,  
Харидаш-ай, харидаш-ай,  
ахау-уу-у...

Дастарқан жайылды. Шалпық қалтасынан бір жарқырауық өдемі жүзік алып, Жұрманбайдың әйеліне ұсынып жатыр.

— Ау-уы-рып жатқанымда қу төсекте,  
Болмады-ау хал сұрайтын-ай ту-уысқаным-ай,  
харидай-ай, ахай,  
харидай-ай, ахай,  
А-а-ахай, харидай-ай, ахай-ай!

— Қарағым, мынау шүйіншігে бергенім! — деді Шалпық  
Жұрманбайдың әйелінің қолына әлденені ұстасып.

— Рахмет, ағаке!  
— Рахатын көр, қарағым.  
— Әй, Жұрманбай, күніренбей, қоя түр. Шай ішелік. Ар-  
тынан айтартмыз.

Жұрманбай болатын емес:

— Аридаш-ай, ахай...  
Аридаш-ау, а-а-а-хай...-у-у...

— Қой дедім ғой енді саған.

— Ал, ендеши, болдым. Тек ағайдың көңілін көтерейін деп  
жатқаным ғой, — деді де, Жұрманбай домбыраны өрі алып  
қойды.

— Иә, мен қазақтың өнін естімелегі қанша уақыт болды.  
Тіпті осы жаңа байқап жүрмін, қазақтың көп сөздерін ұмы-  
тыппын да...

— Негылар дейсіз, өмір болса, енді бәрі дұрысталады ғой.

Шай басталып, өнгіме одан сайын дуылдан кетті. Шал-  
пық Төлемісті басынан сипап, өзіне тарта береді.

Көп ішімдік ішіліп, көп сөздер айтылды. Ақырында, ет  
желініп болғасын, төсек салынып, төргі бөлмеге Шалпық пен  
Төлеміс жатты. Қөрпеге кірген бойда-ақ Шалпық баласын  
бауырына қайта қысып, көз жасын селдетті. Арақтың әсерінен  
бе әлде одан емес пе, әйтеуір, баласының сүймеген, жасын  
жүқтірмашаң жері қалмады. Бүгін Төлеміс өзін дүниедегі ең  
бақытты адамдай көріп, қуанышқа мас болып жатып үйқыға  
енді. Одан кейін де оның бетін көпке дейін азы, ыстық көз  
жасы жуып жатыр еді.

Ертеңіне тұрып, шай ішіп алғасын, әке мен бала қалаға  
шықты. Құн де нұрын аямай төгіп түр екен. Көше жағалай  
көп ағаштар бой түзеп қалыпты. Машиналар. Адамдар. Құлкі.  
Құшақтасып бара жатқан қыз берін жігіттер. Тротуарда ойна-  
ған балалар. Қол арбасының ішіне бөбектерін салып алып,  
қыдырып жүрген аналар...

Шалпық Төлеміске көзінің қырымен үрлана қарап қояды.  
Олар өуелі бір дүкенге кірді. Әкесі Төлеміске сол жерде әдемі  
baston костюм сатып алғып берді. Ақ кейлек алынды. Сосын  
тағы да бірнеше дүкендерді аралап, бәтенкे, іш киімдер, шұлық,  
бәрін жаңалап алғып, моншага барды. Сол жерде баласының  
шашын алдырып, екеуі екі бөлмеге кіріп жуынып шықты. Бас-

аяғы екі-үш сағаттың ішінде Төлеміс бөтен адам сияқты болып кетті. Шаршаған олар үйге қайтып келе жатқанда әкесі:

— Тамақ ішіп шықсақ, қайтеді? — деді.

Төлеміс «иә» деді. Оның да қарны ашуға айналып еді.

— Тамақ ішетін жер қайда? — деп сұрады әкесі.

— Осы жерден алыс емес. Былай бұрылышыз.

Ресторанда адам көп емес екен. Екеуі жайғасып отырғасын даяшы келіп, ішетін тағамдарын сұрады.

Әкесі айтып жатыр. Төлеміс газетке қарап отырған, бір мезгілде алдына арақ алып келгенде шошып кетті:

— Мен ішпеймін ғой, папа.

— Екеумізге ғой.

Төлеміс үндеген жок.

Әкесі оған аздап құйып қойды. Сосын тағы да ұрланып көзінің астымен баласына бір қарап алды да:

— Осыны ішсең қайтеді, Төленжан! — деді.

Төлеміс әке сезін қайтара алмады. Ішіп жатқанда әкесі тағы бір ұрланып қарады. Біраздан кейін ол:

— Тұстардың бәрі тоз-тоз болып кетіпті ғой, — деді.

— Жұмыс жөндері солай болғасын. Қалдығара мен Танау ағамдар қазір Орынбор облысында.

— Естідім.

— Ондада қазақтар көп деседі.

— Шектес қой. Поезбен тез жетуге болады.

— Олар сіздің келген хабарыныңды естіді ме екен?! Мен хат жазған жоқпын.

— Өзім сол жақтан бірнеше хаттар жазғанмын. Кейін харласа жатармын. Енді сенің бір жылыш қалды ма?

— Иә.

— Бітіргесін қайда жібереді?

Төлеміс әкесіне жалт қарады.

— Әке, енді сіз қайда баrasыз? — деп сұрады.

Әкесі тәмен қарап қалды. Жуан арбіған саусақтарымен нәзік, жұқа кішкентай стақанды қысып үстап, ойланып отырып қалды. Мына сұрақ күтпеген сұрағы сияқты. Сосын әлгі аракты тағы ішіп жіберді де:

— Білмеймін, — деді.

— Ауыл ше? Мен де ауылға барайдын, оқу бітіргесін.

— Көрерміз. Әуелі оқуынды бітір.

Төлемістің тамағынан ештеңе өтпей қойды. Ол әкесінің туған ауылында да қазір еркін кіріп бара қоятын бір үйі жоқ екенін ойладап отыр. Шешесі Нәбия болса анау, бөтен колхозда. Шалпық әлі Төлемістен апасы туралы бір ауыз сез сұраған жоқ.

— Нәбия не істеп жүр?

Төлеміс селк ете қалды.

- Үйде, жұмыста жок.
- Қартайып па?
- Жоқ.

Бұл сөз Шалпыққа ұнамай қалған сияқты. Бала әке жүзіне көз салып еді, беті әжімге сыймай түр екен. Әлі терең көрілік келмесе де, әжім көп. Екі самай аппақ. Ақ қылтанақ басқа да шапқан. Мойында да ірі-ірі сызықтар жоталанады.

- Әкең не жұмыс істейді?

Төлеміс жасқана әкесіне қарады. Сосын:

- Төрехан ба? – деп сұрады.

- Иә.

- Қазір ферма менгерушісі. Енді менің әкем сен емессің бе?

- Мен өуелден-ақ сенің әкең емеспін бе?

Төлеміс қысыла күлді. Әкесі оны иығынан тартып, маңдайынан сүйді. Ресторанда музика басталып кетті. Музиканттар тым жақын отыр екен, ештеңе естіртпей таставды.

Сосын бұлар далаға шықты да, базардың қасынан такси алып, металургтер қалашығына кетті. Сол күні кешке Жұрманбайдың үйіне жақын-жық адамдары жиналып, Шалпықтың келген құрметіне той жасалынды. Жұрт тұн ортасында тарады.

Ертеңіне Шалпық пен Төлеміс тағы қалаға шығып, қала аралады, парктерінде болып, кинотеатрларға кірді.

Екеін осыдан кейін біраз уақыт үнсіз жүрді.

- Шаршадым, әке, үйге қайттайық.

- Кімнің үйіне?

- Жұрманбайдың...

Әкесі сұрауын сұраса да, баласының ренжіп қалған түрін көріп, іштей неге айттым деп ойлады. Бірақ қайтер екен де-гендей тағы да:

- Сенің, қайтсаң, ауылың бар. Қайыңдыға барасың. Мен қайда барамын? – деді.

Төлеміс әкесіне жалт қарады да, үндеғен жоқ.

- Иә, шынында да, солай. Мен сені өрең тапқан жоқтын ба? Шақыртып, іздеп жүргеннің өзінде, әкеңе он шақты құннен кейін өрең келдің. Ал Нәбия, ең болмаса, келіп көрінуге де жараган жоқ. Келіп кеткенде қайтеді екен. Төрехан екеуі-ақ келсін. Мен алып қалады деп қорықпай-ақ қойсын. Кездескенде осыны шешеңе айта бар.

Төлеміс не айтып, не қоярын білмеді. Әкесінен тап осын-дай мінез шығады деп ойламап еді. Бірақ қайғыдан, қүйіктен бе екен? Әлде... Төлемістің жылап жібергісі келді. Бірақ бекініп, жыламады. Неткен ауыр, қатал сездер! Бұдан кейінгі бірге болған он бес құннің ішінде баласы енді қайтып әкесінен әлгідей сөз естіп көрген жоқ. Тек реті келіп қалға-

сын, айтып тастағаны ма екен – Төлеміс осы арасын біле алмай дал болды. Бірақ көп ұзамай әлгі сөздер ұмыт болды. Бұлардың күн сайынғы өдегі қала араласа, әңгімелесу, көңіл кетеру, Жұрманбайдың үйінде жату, қонақ қабылдау боп кетті. Бір күні әкесі:

– Қарағым Төленжан! – деді.

Бала елең етті.

– Енді бұлай жата бергеннің реті болмас. Орынбор жақтағы інілеріме барып қайтайын. Сен оған дейін шешеңе бара бер. Мен де көп ұзамаспын. Саркемерге келермін. Сабағыңа дайындал. Біраздан кейін оқуың басталады.

Төлеміс «мен де барып қайтсам қайтеді» дегісі кеп еді, бірақ үндегі алмады. Сол күні кешке әкесі поезга отырып, Орынбор жаққа женелді. Ал Төлеміс болса, Гурьев жаққа жүретін поезга мініп, Нәбия мен Төрекханға келді. Бұлар Төлемістің қайдан келгенін түсінген болу керек, ләм-мим деп ештеңе айтпады. Төлемістің ұстіндегі кімдері де соны сезіріп тұрғандай. Тек арада бірнеше күн өткеннен кейін, оңашада шешесі әңгімені құздайсоқ бастаған болып:

– Әкең қандай болыпты? Қартайып па? – деп сұрады.

– Ониша қартаймаған сияқты, – деді Төлеміс. Сосын қалтасынан комсомол билетін суырып алып, ішіндегі кішігірім суретті көрсетті. Ол әкесі екеуінің түскен суреті еді. Нәбия суретті көргесін көңілі бұзылайын деді. Біраз ұстап қарап отырған оның бұл мезетте не ойлап отырғанын аңғару қыны болатын. Бір сәт осы суретінді маған бер дегісі келді ме, ыңғай білдіріп барып, баласына бата алмады. Сосын жаймен қайырып берді. Осы қолайсыз сәтті сезіп қалған Төлеміс те ештеңс дей алмады. «Мә. Суретті ал» деу бұған да қын.

Шешесі сәлден кейін:

– Бізді сұрап тұра ма? – деді.

– Иә. Сұрады... Көп сұрады...

Төлемістің есіне ресторандағы сөздер түсті. Сонда әкесі «Нәбия қартайып па?» деп сұрап еді. Шешесі де сезін сол сұрақтан бастап отыр. Әке ренішін жеткізгісі келмеді.

– Өзгеріп пе?

– Мен қайдан білемін. Бұрын көрген жоқпын ғой...

– Иә, айтпақшы...

– Суреті, әйтеуір, жаңағы...

– Мен туралы ештеңе деген жоқ па?

Бұл сөздерді тәмен қарап отырып айтты.

– Сіздің орамалыңыз туралы айтты. Көп жылға дейін сақтап жүріпті.

– Иә.

– Соны айтты.

- Тағы не ғыл деді? Орамал туралы?
- Біраз айтып еді...
- Не деп?
- Қазір есімде жоқ.
- Қашан жоғалтыпты?
- Жақында-ау деймін. Көп ізден таба алмадым деді.  
Әкемнің тебетей бар ма сенде?

— Қазір жоқ. Осында келгенше сандықтың түбінде жатын еді. Қазір жоқ. Тебетейде тұрган не бар дейсін. Бірақ көзі ғой деп көпке дейін мен де сақтап жүрдім. Әкең мұнда келмей ме екен?

— Білмеймін... Маған ештеңе айтқан жоқ. Қазір Орынборға кетті.

— Білем ғой...

\* \* \*

Арада ай өтті. Төлеміс қалаға келіп оқып жатыр. Әкесі Орынбордан қайтып келе жатып тағы бір соғып өткен. Онда да бір жетідей болды. Әрине, Жұрманбайдікінде. Ол үйге досы Жандайды ертіп апарып, әкесімен таныстырған-ды. Бір рет әкесі жатақханаға келді. Келуі де қызық. Сабақтан жаңа келген Төлеміс жуынып, киініп, енді Жұрманбайдікіне барайын деп далаға шықса, көшениң аргы бетіндегі қалың ағаштың көлеңкесінде әкесі сияқты біреу тұр. Төлеміс көз салса, шынында да сол екен. Өзін тым қолайсыз сезініп қалды.

— Қашан келдің, папа? — деген сұраққа бірден жауап таба алмай қалды да, кенет жас баладай қызырып кетіп:

— Таңертен... — деді.

Бақса, таңертен Төлемістер осы жатақханадан кеткеннен бастап, педучилищеге барғанша әкесі сонынан ерген де отырған. Сабақ біткенше сол маңда болған. Үзіліс кездерінде де ойнаған балалардың сыртынан қарап, солардың ішінен Төлемісті тауып тұрған. Енді міне, жатақханаға еріп келіпті.

— Осыншама уақыт жүргенің бе? — дегенде, ол:

— Менің бәрібір істеп жатқан ештеңем жоқ қой. Қолым бос болғасын... — дей салған.

Әкесі сол жолы Ойыл жаққа, ел жаққа барып жүргенде, қатарлары бір әйел алсайшы, осылай жүре бересің бе деген екен, Шалпық қолын бір сілтепті.

— Әйел алсам, жүрген жағымда әйелден көп ештеңе жоқ еді! — деген.

Сонызына қарағанда, қатты ашуланған. Еңбекке аралас-сайшы дегендеге:

— Енді менің Төлемісім адам болсын, сонымен бірге болам өле-өлгенші! Бірақ бұл жерде тұрмаймын. Әйел болса,

анау. Інілерім және бытырап кеткен. Өзім іздең келген елес-қиялымның бірі жоқ. Төлемісімді алдырып, сол Қыыр Шығыстың өзінде-ақ қалып қоюым екен. Білмеппін. Енді інілер жаққа барып, солардың сағаламасам болмас, жастың өзі де елудің ортасында, – деген.

Содан кейін ол Орынбор жаққа қайта кеткен. Барған жерінде де қөnlінің қошы болмаған. Әр нәрсені ойлад, терең ойға шомылып отыратын да қоятын деседі. Сосын інілері қорқып, жалғыздық қыын болар деп, өзі қатарлас бір жесір, жалғыз басты әйелге қосқан. Совхоздың жеңіл-желпі жұмысына кіргізген.

Енді міне, Төлеміс қысқы демалысы келіп, сол әкесінің үйіне бара жатыр. Бұрын барып көрмеген жер. Қалдығара мен Танауды да көптен көрген жоқ. Әкейдің ауылы Сандақтас станциясынан қашық емес екен, үйіне тұс кезінде жетті. Мұны есік алдынан елу бестер шамасындағы, бірақ бетінде өжімі аздау, кемпірлеу адам қарсы алып, бетінен сүйді, үйге кіргізді. Әкесі төрде отыр екен. Төлемісті көргенде ернін бір жыбырлатты. Онысының «айналайын» деген екенін әлде бөтен екенін ешкім айыра алмайтын еді. Әдетінше маңдайынан сүйді. Шешініп, шай ішілді. Тамақ пісерге жақын Қалдығара келді.

Бұл қазір соқталдай, жасы отыз бестерден асып кеткен, сом денелі жігіт екен. Төлемісті құшақтап сүйгенде, қабырғасын күтірлетіп жіберді.

Сол күні әкесі мен жаңа шешесі Төлемістің келген құрметіне қой сойып, кішкентай той жасады. Оған Қалдығара үй-ішімен, Танау үй-ішімен, көрші-қоландары жиналды. Төлеміс әкесінің ауылында он шақты құндей жатты. Бірақ байқайды, әкесінің қөnlінің қошы жоқ. Кетерінен бір құн бұрын:

– Төленжан, осы құні мен құса болып жүргендеймін. Қай жағына қарасам да, жүрттың бәрі менен әлдекашан озып кеткен сияқты, тіпті мені үмбітп кеткен, менен қашатын сияқты. Ел деп еніреп келгенімде, ол жерде де ошағым қалмапты. Қайтерімді білмей жүрмін. Осы уақытқа дейін айтпай жүріп едім, бірақ болатын емес. Маған сенің осы жүрісің де ұнамайды. Сен қазір екі үйдің арасында жүрген адам сияқтысың. Менің барма, қатынама деуге правом жоқ. Бірақ сенің орныңда мен болсам, бөтен істер едім. Менің жанымға қатты батқаны – алғаш ауылға келгенде не өйелімнің, не сенің құшағынды ашып келе алмағаның. Ұрыға үқсап, тығылып жүріп, Ақтөбеде әрең кездестік. Онда да әрлі-берлі шапқыланап он шақты құн жүргесін. Неге сен жалтақ болдың? Тіпті кейде өзімнен өзім отырып ойланғанда, сен менен горі соларға жақын сияқтысың. Ақырында, міне, туған жерден алыстап, өмірі көз көрме-

ген бұрышқа келіп, түйікталып отырғаным. Әрине, шешене қүйеуге шықпа дей алмаймын я қүйеуіңнен қайтып кел деп. Бірақ менің сонау жылдарда қисайған шаңырағымды мында түк қалдырымай қираттып тастапты. Орнын сипап ештеңе таба алмадым, — деп барып бір тоқтаған.

Төлеміске мына сөздер ауыр еді. Жас қабырғасы қайысып, не жауап айтарын білмей, тәмен қарап отыра берді.

— Сонда менің сонымнан еретін жалғызыым сен, жас болсаң да, бала болсаң да, жетім болсаң да, аш-жалаңаш болсаң да, мен келгенде кіретін үйде отырғаның дұрыс еді!

Төлеміс ішінен «оған жағдай болды ма, әке» дейін деді де, айтқан жоқ. Оның есіне баяғы ақ күшік, сол тұнгі аязды жол, аспандағы шыпырлаған жұлдыздар, бала қекіректі кернеген ашу-ыза, ішіп-жеуден кем болмаса да, өзінің, бір жағынан, жалтақ болып, бір жағынан, кутумен өткен балалық шағы, әкең кім дегендеге, қайсысын айта алмай қиналуы, бәр-бәрі есіне оралып, тағы бір іштей егіліп кетті.

— Ең аяғы фамилияңды да сақтамапсың, — деді ауыр дем алған Шалпық мұңдайып.

Төлеміс түтігіп кетті. Әкесі бұғанасы қатпаган бұған бала көтермес жүкті артқысы келеді деп ойлады ол. Бір жағынан, сол кездерде қауқарының, я жігерінің, я жасының жетпегеніне қиналса, екінші жағынан, әкесінің мына сөздері өлтіріп бара жатыр. Бірақ бала жігіт жүргегінің бір түкпірінен әкесінің айтып отырғанында шындықтың бір ұшығы жатқанын сезді.

— Әке-ай, өзіңіз жоқ болғасын, құрысын қөрген күнің...

Шалпық үлкен денелі адам еді, сол күйі шөгіп отыра берді. Күн де қаранғыланып, бірте-бірте тасқа, ескерткішке я тіпті құлпытасқа айналып бара жаткан дene сияқты екен деп ойлады Төлеміс қорқынышпен. Бір қимыл болсайшы. Сөйлеңде ең болмаса аузының да қимылы жоқтай. Әлгі ауыр ауыр сөздер тас бейнеден шығып жатқандай.

Ертеңіне Төлеміс жүріп кетті.

Кетердегі сөзі:

— Оқуды бітіргесін бірге боламыз, әке! Қиналмаңыз! Өзіңізді сақтаңыз!..

## МАЙЛЫАЯҚ

Сарғыш тартқан құ қамысы салбырап түрган төбеге қазандықтан шыққан от лап бергенде, үйде үйиқтап жатқан көрі кемпір мен екі жастағы ес білмейтін сәбиден бөтен ешкім жоқ еді. Тек далада қыстан қалған бір үйім сойдақ шағырдың үстінде бір жарым жастағы күшік — Майлышаяқ жатқан болатын.

Майлыаяқ, асылы, жай қымылдайтын: қандай жағдайдың да салқынқандылық сақтайтын, өзін әдеппен үстап, дүниедегі аса бір салмақты, сабырлы иттердің бірі болып келе жатыр еді. Қазір ол әдетінше шағырдың үстінде тыныш қана жатыр. Кеш болып қалыпты, күн енді ту сыртынан түсіп тұр.

Бұл адамдардың үғымынша наурыз деген ай болатын. Жұрт наурыз көже пісіретін. Сақалдары селеудей молдалар ала таяқтарына сүйеніп, қыстау жағалайтын. Келейлер де, байлар да малдарын далага айдаш шығарып, бірауық жайып алатын. Әрине, мұның бәрін Майлыаяқ білмейтін, оның билетіні – жердің бетіндегі агарғанның жоғалып кеткеніне де біраз болды, күннің де жылуы бірте-бірте өткіrlenіп келе жатыр, мақұлықтар да біртүрлі өзгеше қозғалыста. Бұл уақытта төтті тұтін ауыл үстінде қалықтап тұрып алатын. Үй араларында таныс иттер керілетін. Олар күндерінің көбін маужыраумен откізетін я ылғи құйрықтарын жалқау сүйретіп жүріп алатын. Олар бұл уақытта аз үретін. Қазір қасқыр дейтін ұлкен, ызақор иттер де бұл маңға жоламайды. Не керек, енді жақсы бола береді гой. Жер аяғы кеңілі, керіліп, маужырап, бүйірді күнгे қыздырып жатуға болады.

Майлыаяқ көзінің бір қыығымен үйдің ашиқ тұрған есігіне қарап жатыр. Қазір Майлыаяқтың шамалауынша қолына құман алып кемпір шығу керек. Сол кезде Майлыаяқ та әдетінше қасына жетіп барып, құйрығын бұлғандататын. Кемпір:

– Құшім, құшім, жат. Жата гой енді, – деп қақпайлауы керек. Сосын әкеліп ас құяды. Оны Майлыаяқ соғып алады да, қайтадан үолі шағырдың үстіне шығып жатады. Құн әбден төмен түскен кезде өрістен сиыр келеді. Бұл кезде бұзау да байланып болу керек, ал егер байланбаған болса, кемпірге қындау – ондай уақытта ол жаулығы желпілдеп, аяғын әрең сүйретіп, сиыр мен бұзаудың арасына жүгіреді. Майлыаяқ сірәден оның жете алмайтынын біледі гой – бұзауды сиырға жібермей, ойқастай шауып, өзінің жебеушісіне көмектесетін. Сонда көрі қожайыны алғысқа толы көз жаңарын аударғанда, Майлыаяқтың іші жылып кететін, бірақ сейлерге тілі жоқ, – онысын құйрығын бұрынғыдан жиірек бұлғандатуымен білдіретін еді.

Жалпы, кемпір мұны жақсы көретін сияқты. Себебі, кемпірдің әлгі айтылған жас сәбиден бөтен ермек ететінінің бірі, үршықты қоспағанда, осы Майлыаяқ. Сәби немересі. Оның әкесі жақында боранда қайтыс болған, шешесі осы баланы туу үстінде дүние салған.

Майлыаяқ бұлардан бөтен тағы бір кішкене қожайының билетін, сол тамаша қожайыны оны асырап, бағып-күткені

де еміс-еміс есінде. Бірақ оның оқу ізден, алысқа Қазанға кеткенін, әрине, білмейтін-ді.

Сонымен, қазір осы бір шым үйде қазандықтан от шық-қанға дейін кемпір мен жас сәби, ал даладағы шағырдың үстінде Майлыаяқ тұрып жатыр еді.

\* \* \*

Майлыаяқтың өзінің де жарық дүниені көргеніне көп болған жоқ, оның өмірінде екі рет қана сүйк түсіп, жер бетін сықырлауық ағарғандар бүркеді. Мінеки, қазір Майлыаяқтың сол екінші ағарғаннан құтылып тұрган кезі гой. Тағы да тамаша құндер туып келе жатыр. Әлі-ақ үстіндегі тонын ауырлайтын кезі алыс емес.

Майлыаяқ шағырдың үстінде жатыр еді. Кемпірдің шығатын мезгілі асып кеткен сияқты, бірақ Майлыаяқ оны күте алады гой. Тек анда-санда көзінің қызығымен есікті ұзағырақ шолып өтеді. Мына жақтағы қырдан ауылдың сиырлары құлап келе жатыр. Бұл үйдің бұзауы байланбаған.

Күн төмендей берді. Ұақыт өткен сайын Майлыаяқ жайғана қыңсыладап, құндерін әдettін бұзылып бара жатқандығын білдіріп қояды.

Кемпір көріне қоймады. Күннің қызғылт сөулелері қайырулы есікке түсіп тұр. Ауылдың сиырлары шұбатылып үйлерге жақындаپ қалды.

Майлыаяқ қаншама ішінен тынышсызданып жатса да, шағырдан түсіп, ашық тұрган есікке кірген жоқ. Асылы, ол шыдамды еді.

Кенет бүйірінен біреу тұртіп қалғандай болды: басын көтеріп алды да, құлағын тіге қойды. Бірақ ештеңе жоқ сияқты. Естілер-естілмес дауыспен бір қыңсылады. Мұнысы ештеңені түсіне алмағандығын білдіргендігі еді. Қызыл тілімен қап-қара еріндерін, тұмсығын бір жалап жіберіп, үй жаққа көзін қайта тікті. Солай ұзақ қарап қалды.

Ақырында үйдің тәбесінен бу сияқты бір нәрсенің жәй көтеріліп жатқанын байқады. Бірақ мұның не екенін түсіне алмады, мұндаиды бу анау қекке қарай сорайып тұрган тесіктерденған шығатын. Бірақ Майлыаяққа көп ойлануға тұра келмеді. Қораның ашық тұрган есігінен осы мезетте әлгіден де қою қалың бу бүрк етті. Есіктің алды қекпенбек болып кетті.

Майлыаяқ шағырдың үстінен қарғып тұсті. Әрине, мұндаидай жағдайда шыдамдылық сақтау қыын еді, ол шөуілдей үріп, есіктің алдына келіп шабынып тұрып алды. Бірақ тұтпін одан сайын ұлғайып, Майлыаяқты есіктен шегіндіре тұсті. Ақыры амалы қалмаган ол терезе жаққа шықты. Терезе бийірек еді, алдынғы екі аяғын көтеріп әйнекке тигізді де, шөуілдеп үре берді. Бірақ үйдің

ішінен кемпірдің не жас сәбидің даусы естілмеді. Үйдің іші де қарапқөк сияқты. Енді Майлыаяқ қораға қайта шапты. Тұтіннің көбейгеніне қарамастан, қора есігінен зып берді де, үйге кіруге ынғайланды. Бірақ оның ол ойы жүзеге аспады – үйге кірер есік лапылдаپ, тұтін мен қызыл жалын аралас жанып жатыр екен. Қөзіне тұтін толып, ештеңені көрсетпей жіберді. Ақырында қайтадан далага атып шықты. Жұндеріне тығылған тұтін көпке дейін созылып, кетіп болмады.

Майлыаяқ не істерін білмеді. Шөуілдей-шөуілдей ештеңе шығара алмасын білгеннен кейін, бөтен қыстауларға қарай шапты. Сол маңдағы кетіп бара жатқан екі-үш адамға үрді. Итке бұрылған олар үйден шығып жатқан тұтінді көріп, со-лай қарай жүгірісті. Үйге олардан бұрын жеткен Майлыаяқ өлі де кемпірді күтіп үрумен жүр. Бұл кезде тұтін шағырдың жанында жатқан итаяқты да торлай бастап еді. Жел жок болатын. Тұтін шөге жайылып, аспанға баяу көтеріліп жатыр. Ендігі сөтте үйдің маңайына адамдар толып кетті. Олардың екі-үшеуі алас-қапас бір терезені суырып алды да, ортасынан біреуін ішке кіргізіп жіберді. Алыстан жүгіріп келе жатқан адамдар да құжынай көрінеді. Иттер де қаптап кетіпті. Үрпісіп-үрпісіп, аулағырақта балалар жүр. Бұл мезгілде төбеден тұтінмен ара-лас оттың қызыл тілдері де көрініп қалып еді.

Бір мезгілде өлгі үйге кіріп кеткен адам Майлыаяқтың иесін екі қолдан көтеріп алып шықты. Неге екені белгісіз, кемпірдің ақ шаштары да, қолдары да салбырап кетіпті. Майлыаяқ иесін көре сала қыңсылап жіберді де, солай қарай тұра үмтүлыш еді, оны адамдардың шоғыры жібермей қойды. Үнірейген терезе орнынан тұтін будақтап шығып жатыр. Әлгі кемпірді алып шыққан адамға біреулер айқайладап бірденцелерді айттып еді, ол терезеден тағы да ішке еніп кетті. Осы кезде Майлыаяқ орістен сиырдың келіп, мөңіреп жүргенін көріп қалды. Жас бұзау оған қарай шапқылап барады екен. Майлыаяқ шыдап тұра алмады – әдетінше соларға қарай шапты. Келе сала сиыр мен бұзаудың арасына түсіп еді, сиыр мүйіздерін шайқап, қуып жібергісі келді. Майлыаяққа ешкім көмекке де келе қоймады. Ақырында ала сиыр бұзауды өз жағына шығарып алды да, үшкір мүйіздерін алға төсеп, Майлыаяқты маңынан қуып жіберді.

Майлыаяқ адамдардың қасына қайта келгенде, кемпір ақ кийздің үстінде шалқасынан жатыр екен. Қасында екі жасар сәби бар. Екеуі де көздерін жұмып алған, қозғалмайды. Басында бір-екі әйел жүр. Ол ептеп иесіне жақындаі беріп еді, жүзі таныс емес біреу дөу қара етігімен Майлыаяқты қыр арқалықтан беріп өтті. Майлыаяқтың іші қүйіп кетті – дүниеге келгелі ешкім бұлай ұрып көрмеп еді.

Кісілер бұл кезде тәбеле су құйып, үргыштап, өртті сөндіріп жатты. Майлайяқ кейбір адамдардың орамалдарын көздеріне басып жылап жүргендерін де байқап қалды.

Өрт өрши берді. Тұтін азайып, жалаңдаған жалын тілдері төбедегі азын-аулақ кісілерді де үркіте бастады, кейбіреулерінің киімдеріне от жармасып, айрылмай жүр. Ақырында сөнбейтініне көздері жетті ме, бәрі де түсіп кетті. Үйден көптеген заттар да шығарылып қалыпты.

Бір мезгілде сықырлап өзіс арба жетті. Майлайяқ одан сескеніп, үйдің екінші жағына шығып кетті. Кісілер арбаға кемпір мен сәбінді ептеп көтерісіп салды да, орнынан қозғалып жүріп кетті. Тобырдың көбі арба ізімен ілесе жөнелді. Халықты сағалап, Майлайяқ біраз жүгіріп еді, адамдар оны жай жүріп келе жатқан арбаға жуықтатар болмады. Қыңсылап, үріп те алды. Бірақ оны ешкім тыңдамады. Қожайыны арбадан басын көтеріп:

— Майлайяқ, Майлаш, кә, кә! — деп шақырған да жоқ. Тіпті түрекелген де жоқ. Әрі-беріден соң арба жүрісін үдестіп, ауылдың орталығына, құшті, зұлым иттердің көп жағына қарай үзап кетті.

Майлайяқ екі ойлы болып тұрып қалды. Біраздан кейін жанып жатқан үйге қайта келді. Үй жанында қазір ешкім жоқ екен. Майлайяқ алғашқы кезде жанып жатқан үйге қарап шабалаңдап біраз үріп еді, оған өрт тоқтамады, қайта айналаны жап-жарық қылып лапылдай берді. Қараңғылық маңайды тегіс қоршаса да, осы айнала қызыл жарыққа қарқ болып тұр.

Үй түнімен жанды. Тұн ортасы болғанда жел ауып, үйдің жалыны сидиган қу шағырларға ауысып тұсті. Шағыр лап етіп етіп жана жөнелді. Әуелгі кезде жарықтың керемет болғандығы сондай, Майлайяқ шошып кетті. Өзі бүйірып жататын шағырдың да өртеніп бара жатқанын көріп, ол үрейленіп тұрып қалды. Ақырында от желідегі арқанға тиіп, ол да көнірсіп жана берді.

Маңайда ештеңе қалмады. Шым үйдің кесектері де бықсып, қаракүйеленіп жанып жатыр.

Майлайяқ енді түрекеліп тұрудан шаршады ма, етбеттеп жата кетті. Біраз уақыт өткенде ол үрпісіп тұрған сиыр мен бұзауды көріп қалды. Олардың тек көздері ғана жалтылдап тұр. Майлайяқ серік тапқанына қуанып кетті. Орнынан ұшып тұрып, арсаландақ солардың қасына жетіп барды.

Бұзаулы сиыр мен Майлайяқ таң атқанша жанып жатқан үйге үрпісіп қарасты да тұрды. Таңға жақын үйдің төбесі ішке опырылып құлап тұсті. Енді бықсыған тұтін жаланаш қалған аппақ қабыргалардың бойымен жоғары өрледі. Таңгертең сиыр ауылдың сиырларына қосылып, бұзауын ертіп

оріске кетті. Майлыаяқ жалғыз қалды. Кешегі итаяқ тұрган жерге келіп еді. Онысы да шағырмен бірге өртеніп кетіпті, тек құйген сұлдесі жатыр. Алдыңғы бір аяғымен басып қарап еді, шытырлап сынып кетті.

Сосын Майлыаяқ кешегі арбаның ізімен иттердің қалың жағына қарай аяңдады.

\* \* \*

Ол ауыл жағалап жүріп келеді. Үйі шетте болғандықтан, бұл жаққа бұрын келген емес еді. Өткізген бір жарым жылы өртенген үйдің жанында қалды. Енді ол жана өмірге шықты. Бірақ онысын өзі біліп келе жатқан жоқ. Бөтен ит келіп, ала кете ме деген көмескі құдігі де бар. Анда-санда маңайына қарап қояды. Қоңыр қыстаулар бірінен соң бірі қалып жатыр. Бүгін де күн ашық. Жер беті жылы, бусанып жатыр. Кей жерде кішкентай балалар ойнайды.

Кенет алдындағы үйдің жанында топырлап жүрген адамдарды көрді. Ол құлағын тіге қояды. Солай қарай жақындаі берді. Іші бірдемені сезгендей. Бір дәңгелек үй тігіліп қойылыпты. Жанында аз ғана шөп жатыр. Сол үйге адамдар кіріпшығып жүр. Сүт жаулықты кемпірлер де қаптап кеткен. Әріректе қазандар тұр. Астында от жанып жатыр. Маңайында қызылды-жасылды киінген адамдар.

Майлыаяқ осы үйге жақындаپ келді де, тұрып қалды. Екі көзі әлгі адамдарда. Ішінде қожайыны бар ма екен деп іздегендей. Бірақ неге екені белгісіз, қожайынын көрмese де, Майлыаяқ осы жерден кетпеді.

Біраз уақыт өткеннен кейін жұрт әбігерлене бастады. Кешегі сияқты бір арба тағы пайда болды. Тігулі тұрган дәңгелек үйден бір мезгілде жұрт қаумаласып, аппақ шүберекке оралған біреуді алып шықты. Майлыаяқ қатты қыңысалап үріп жіберді.

Арба қозғалып, ақырын жүре бастады. Жұрт соның сонынан ерді. Майлыаяқ та арбаның соңынан асықты. Маңайында бөтен үш-төрт ит келе жатыр. Топ ауылдан шығып, әріректегі көп тәмпешікке жетті. Сол жерде іркіліп, тоқтасты. Онда жер қазылып жатыр екен. Жер қазушылар да сол мезгілде жұмысын тоқтатып, бірдеме десіп дабырласа қалды.

Ақ бума арбадан түсіріліп, әлгі жерге қарай алынып жүрді. Екі-үш адам жылай бастады. Олардың қожайынга кебірек келетін адамдар екенін Майлыаяқ танып қалды. Жылағандарды бірнеше адам сүйемелдеп үстап жүр. Майлыаяқ осы мезетте аққа ораулы иесін байқап қалды. Көтерген кісілер тоқтамастан әлгі қазылған шұқырға жетті де, соған түсіре бастады. Манағы жылаған адамдар енді тіпті өршеленіп кетті. Жұрт бір мезгілде қожайынды сонда қалдырыда да, шұқыр

үстіне ағаш, шөп салып, топырақпен жаба бастады. Ақырында үш бұрышты бір төмпешік пайда болды. Адамдар оның басына ұзын бір ағаш қақты да, одан кейінректегі екінші шұқырға аққа оралған тағы біреуді түсірді.

\* \* \*

Адамдар тарай бастады. Арба да кетті. Майлышаяқ аулақта жатқан. Сол қүйінде қозгалмай жата берді. Адамдар үйді-үйге сіңіп жоғалды, иттер де кетті.

Бұл наурыз еді. Майлышаяқтың бүйірі қызып жатыр. Құн тесіп барады. Адамдар әбден кеткенін көрген ол ақырындал орнынан тұрды. Жайлап барып, иесі жатқан төмпешікке келді. Біраз қарап тұрды. Кішкенеден кейін төмпешіктің жаңына жата кетті. Ол осылай біраз жатты. Бірақ төмпешік қозғалмады. Майлышаяқ әйттеүір бір уақытта иесі шығады ғой деген үмітте. Құн дәңгеленіп төмен түсе бастады. Майлышаяқтың бүйіріне көлеңке түсті. Құн батты. Майлышаяқ тоңа бастады. Бірақ төмпешік қозғалмады. Иесі шыққысы келмеді.

Майлышаяқ шыдамсыздана бастады. Орнынан тұрды. Қыңсылады. Үргісі келіп еді, жағын дұрыстап жаза алмады. Ақырында төмпешікке қарап тұрды да, маңайды қараңғылық бүркегеннен кейін аяңдап үйге қарай кетті. Жүріп бара жатып иесі жаққа бұрылып-бұрылып үш-төрт рет қарап қойды. Жоқ, ол бәрібір Майлышаяқты дауыстап шақыра қоймады. Артына қарай-қарай үйге жетті. Дала қараңғы болса да, үйдің қабырғалары ағарып тұр екен. Тұтін азайыпты, бірақ әлде де болса әр жерден сыйзықтап шығып жатыр. Құйғен желінің қасында сиыр тұр. Бұзауы енесінін баурына кіріп алышты. Майлышаяқ келгенде, бұлар онша елеңдескен жоқ, қайта Майлышаяқ таныстарын кездестіргеніне қуанып қалды.

Кенет алыстан бір адам соларға қарай жақындай берді. Ол жетіп, желі қасында тұрған сиырды қайырып айдай бастағанша, Майлышаяқ үндеген жоқ. Ақырында ол бұзаулы сиырды алдына салып жөнеле бергенде ғана, Майлышаяқ мәнісін жаңа түсінгендей, әлгіге шабалаңдап үре бастады. Бірақ әлті бейтаныс таяғын сермелеп маңайдына жолатпады. Майлышаяқты сиырга жақыннатпады да. Майлышаяқ одан сайын ершеленіп, тістерін аксита, ызалана шәуілдеді. Бірде тістері аяғына жақындалап-ақ қалды. Бірақ осы мезетте оның ауыр таяғы Майлышаяқтың жағына сарт ете қалды, көздерінен үшқындар шашырап кетті. Бұл өзінің жарық дүниеге келгелі жеген екінші таяғы. Басы айналып, дүние төңкеріліп жүре берді. Қараңғы төніректі Майлышаяқтың аңы қыңсылы жыртып-жыртып өтті.

Адам сиыр мен бұзауды айдалап, қараңғылыққа сіңіп кетті.

Тұн қоюлана бастады. Суық болып барады. Майлыаяқ бүрісіп, өртөнген шағырдың құлнің жанында жатыр. Жер бірте-бірте сыйқып қата бастады. Біраздан кейін ұлкен таба наң сияқты жарық ай туды. Жердің беті көңілсіз жарыққа толды. Жоғары көтерілген сайын ай сұтшө ағара берді. Енді жер беті көгілдірленіп қалып еді, ақырында шығыс жақ боза-рып барып, таң атты. Күн шықты. Майлыаяқтың жұндеріне тұрып қалған қыраулары майша еріді. Жер дегді.

Күн шыққасын Майлыаяқ аштан бұралып қалғанын сезді. Орнынан тұрып, үй маңайын біраз кезді, қора орнын қарады. Бірақ ештеңе жоқ екен. Көрші үйдің қорасына кіріп еді, бір кемпір итіне ас құйып жатыр екен. Майлыаяқ шыдай алмай, әлгі итке жақындаі берді. Ит сыйылдатып ішіп жатқан асын қоя қойда-да, тұмсығын итаяқтан көтермей, шеге тістерін ақситып, ырр ете қалды. Бірақ Майлыаяқ қорқақ емес-ті, әлі ол қорқыныш дегеннің не екенін түсінбейтін – жақындаі берді. Кенет әлгі ит орнынан атылып келіп, мойнынан ала кетті. Шеге тістері мойын етке кірш-кірш ете қалды. Жаны шығып кете жаздады. Үлкен иттің астында жатып ащы шәуілімен жер дұниені көшірді.

Ол әлгі иттің қаһарынан әрен құтылды. Мойнын жалай-жалаі иесі жатқан жаққа қарай тартты.

Келе иесіне мұңын шаққандай біраз қыңсылап алды. То-пырақ кешегі түрінен сәл ескіріп қалған. Иесі шықпаған. Шықпағандығы көрініп тұр. Малыаяқ ұзақ жатты, тұске жа-қын сүйір тұмсығын аспанға көтеріп, ұзақ-ұзақ ұлып алды. Кешке қарай қарыны әбден аша бастады, сонда да төмпешіктің қасынан иесі шығып, ас құяр деген үмітпен кетпеді. Дымқыл топырақтың үстіне алдыңғы екі аяғын салып алып жатты да қойды. Тұн қоюланып, тағы да қараңғы түсті. Аспанға сүйектің ірілі-ұсақты үгінділері сияқты жұлдыздар шашылып қалды. Майлыаяқ тұн ортасында топырақты сүйір тұмсығымен тұртқілеп қыңсылай бастады. Бірақ иесі жауап қатпады.

Майлыаяқ бүрісіп, таңертенге дейін жатты. Кешегідей ертеңгі құнгө үстіндегі қырауын ерітіп алды да, орнынан тұрып, үйге қарай ілбіп жүріп кетті. Иші удай ашып, от тұсіп кеткендей күйіп барады. Қабырғалары терісіне жабысып қалыпты. Сыртынан ырсып білініп тұр.

Біраз жер шыққасын ол иесі жатқан бағытқа қарап аял-дап қалды. Кетерін я кетпесін білмегендей. Тұмсығын көкке бағыштап ұзақ-ұзақ ұлыды. Сосын қүйріғын екі аяғының арасына қысыңқырап үйге қайтты. Үйдің қабырғалары со-пайып көрінді, маңайында тірі жан жоқ. Каңырап, төбесі ішіне тұсіп, ырсып тұрған ақ қабырғалар.

Майлыаяқ үшін ауыр күндер басталды. Күнінің көбін өртенген үй мен иесі жатқан жердің арасын жол қылумен өткізетін болды. Оны ешкім елемеді, атын атап шақырмады, ас құймады, еркелетпеді. Ол өзінің атын ұмыта бастады. Ол баяғы құндердегідей ешкімнің аяғына асылып, құйрығын бұлғандатып, қолын жаламады, жұні сабалақтанып, түрі қаша бастады. Ауылдың иттері оған зәбір көрсетуді шығарды. Тіпті Майлыаяқтан кейін туған күшіктер де оны талап кететін болды. Ауылдың барлық күшіктері төбелесуді Майлыаяқтың терісінде үйренетін болды.

Майлыаяқ бұл құндері әр үйдің жуындысын үрлап ішіп, даладағы бірлі-жарым тышқандарды аулап жеп күнелтіп жүрді. Жаз аяқталып, жылы құндердің азайып қалғанын ол көптен сезетін. Тұндерде аспандағы жұлдыздардың сұық жарқылына қарап ұзак ұлтын. Құндердің бірте-бірте салқынданып, ауырланып бара жатқандығы білініп тұрды. Тұнгі ауада ашы дауыстары шаңқылдап құстар ұшып жататын болды. Жаңбыр қебейіп кетті. Сұық жаңбыр еді бұл. Иесі жатқан жер мен үй арасындағы тышқан індерін ол енді жатқа білетін. Бірақ жолдар да таусылып келеді.

Бір күні танертең Майлыаяқ тоқазып қалғанын сезді. Денесіне қалын қырау тұрып қалыпты. Бұл алғашқы қырау еді. Даладағы тышқандар да азая берді. Жуындылар да кеміп, бетен қожайындар есіктердің алдына аз шығатын болды. Сөйтіп жүргенде жер сықып қатып, көшелерді үскірік жайлап кетті. Шөптің басы сияқты Майлыаяқ та бүрсендей бастады. Енді ол иті жок үйлердің қораларын аңдумен болды. Ақырында қар түсіп, жерді бүркеді де салды. Күн жылуын жоғалтты. Тышқанның індері көміліп қалды. Жұрт жуындыларын есік алдына төгс салатын болды — олар қатып қалатын. Үлкен иттердің бәрі де ашушаң, ызақор боп алды. Ал күшіктер жылы қорадан шығуды қойды. Тұндер жан төзгісіз сұық болды. Сайдағы мұздар шартылдап жарылып, бұзылған үйдің ішінде қалтырап жатқан Майлыаяққа естіліп тұратын еді. Боран құндері жер бетіндегі қардың бәрі көтеріліп келіп, Майлыаяқтың жұніне тығылатын әдет шығарды.

Майлыаяқ жүдеп кетті. Иесін де қар бүркеп тастанады. Ол жатқан жерінен тіпті шықпай қойды. Енді Майлыаяқ иесінің жатқан жеріне құнде баратын. Аспанды бұлттар бермей, жердің беті сықырлауық болып алды. Майлыаяқтың жұнінен будақ-будақ қырау арылмайтын болды. Күндіз-тұні тісіне басар ештеңе таба алмай, сенделумен күн өткізетін күйге ұшырады.

Бұғін де күн аяз еді. Майлыаяқ бұзылған қабыргалардың арасындағы қардан аршып істеген қуысынан көтерілді. Үстібасы ақ қырау болып қалыпты. Керіліп алды. Аяғының астындағы қар әлсіз сыйқыр-сыйқыр етеді. Күн сәулесі үңірейген терезе орнынан жетіп тұр. Аз тұрганнан кейін далаға шықты. Күн жылан бойы көтеріліп қалыпты. Қар қатты-ақ, күнмен шағылысып, көз қаратпайды. Майлыаяқ тілін шығарып аз тұрды, сосын екі ұртын жалап-жалап алды. Тағы да бір керіліп, көп қыстауладар жаққа қарады. Майлыаяқ қабыргаларын ырсита бір керілді де жүріп кетті.

Ешбір жел жоқ. Тек аяз. Үйлердің түтіндері тіке аспанға өрлейді.

Майлыаяқ әлі келе жатыр. Кенет оның мұрына бір иіс келді. Тұра қалды да, тұмсығын көтеріп тағы иіскеді. Құлағын тікті. Иә, біртүрлі әдемі иіс. Иіс шыққан жаққа қарай жүрді. Келіп бір үйдің ауласынан қарап еді, күрғен қардың орнында бір кемпір отынды жайып салып, әлденені отқа ұстал отыр. Күйген иісі шығады. Үйтіп отырғаны ет екенін Майлыаяқ иісінен әлдеқашан-ақ сезді. Кемпір қолындағы пышағымен анда-санда үйтіп отырған затын шұқылап, қырып қояды. Ақырында ол әлгі үйтіп отырғаның быж еткізіп қар үстіне қойды да, қырғыштай бастады. Майлыаяқ тамсанып қалды. Бірақ орнынан қозғалған жоқ, тілін бір сылп еткізді де, жасырынып тұра берді. Кемпір біраздан кейін отты жондеп қойды да, қораға кіріп кетті. Майлыаяқтың аяқтары дірілдеп қоя берді. Іші бірлемені сезгендей жәй қыңсылап жіберді. Қөздері шырақша лаулат жанып кетті. Бейне артынан бір күш итергендей, ол қорғанин атып барып, бастың қасынан бір-ақ шықты. Бұл оның істеген ең үлкен бейбастақтығы еді. Бірақ көп ойланып тұруға шамасы келмеді, басты тұмсықтан тістеп алды да, аққаладан ата жөнелді. Ол сол бетімен зымырап отырып, ауылдан безіп кетті. Ауыл сыртындағы төбе-төбе күмдарға бет алды. Абырой болғанда, мұны ешбір ит байқамай қалды. Майлыаяқ құмды төбешіктердің тасасына түсіп, ауыл қөзден ғайып болғанда ғана жүрісін жайлattты. Бір бұтандың түбіне тоқтады да, басты сол жерге қойды. Жас иіс мұрын жарып барады. Жүргегі әлі дүрсілдеп тұр. Кішкене кідірістен кейін, жер бауырлап жата кетті де, жей бастады. Құйқаларды сойдақ тістерімен жырта-мырта, қомағайлана асайды. Біраздан кейін бас сүйек жалаңаштанып-ақ қалды. Бірақ онысына да қараған Майлыаяқ жоқ, екі сағаттай кемірді. Ақырында ұсақ-ұсақ сүйектерден бөтен ештеңе де қалмады.

Майлыаяқ қоңілденіп кетті. Күн тас төбеге жетіп қалған. Жылынып та кеткен сияқты. Ол енді сол жерде бұтанды айна-

ла жүре бастады. Ауылға да қайтпады. Біраздан кейін жұндерін тікіретіп, қарға аунап-аунап алды. Маңайында ешкім жок болса да, құйрығын бұлғандатып біраз тұрды. Сосын әр бұтанды айналып жорта бастады. Біраздан кейін онысы шабысқа айналды. Барған сайын жүгіру шеңбері кеңеje берді. Ол ұзак жүгірді.

\* \* \*

Майлайаяқ енді үйлерді жиі жағалайтын болды. Бірақ әнеугідей бас үйтіп жатқан ешкімді кездестірмеді. Тіпті сол үйдің өзіне де барғанымен, енді қайтып от жағып, бас үстап отырған кемпір көрінбеді. Майлайяқтың жағдайы тағы ауырлай бастады. Оның үстіне, жердің бетін толтырып тағы да қар түсті, тағы да боран болып, күнді көрсетпей жіберді. Суық боп кетті. Бір күні ол тоңғасын әлдекімнің қорасына кіріп кетті. Далада боран болғанымен, қораның іші жып-жылы екен. Аяқ астына былқылдақ бірденелер төгіп қойыпты, басқанда жап-жайлай және жып-жылы. Майлайаяқ бір сілкініп, үстіндегі қарын түсірді де, қораның аузында тұрып қалды. Жылы, күлімсі иісі денесін балбыратып, жайландырып барады. Қораның ішінде өмір сүретін күшіктердің де арманы бар ма екен?

Рақаттана біраз тұрган оған енді қораның іші анық көріне бастады. Бергі бұрышта ұзын бір-екі таяқ тұр. Әріректе шелектер, тағы басқа ұсақ-түйектер көрінеді. Қораның ар жағында тағы бір бөлме бар сияқты. Оны Майлайаяқ енді ғана көрді. Ол біраз жерге дейін кірпіштен қаланып бөлінген де, төбесі ашық. Майлайаяқ алыстан тұрып қарап еді, сол бөлме ішінде бірдемелер бар сияқты. Жайлап басып жақындалап келді. Біраз уақыт үйдің есігіне қарап тұрды. Одан ешкім шыға қоймады. Сосын көзін әллі тесікке қайта тігіп еді, ар жағында ілініп салбырап тұрган еттер көзіне оттай басылды. Майлайяқты іштей біреу тұртіп қалғандай болды. Денесіндегі бар қайратын бойға жинап, ол кірпіш қорғаның үстіне атылып шықты. Ырғып арғы бетке түскен ол, аязға қатқан бір кесек етті тістеп алды да, қайта қарғыды. Майлайяқтың мұны епті, тез істегендігі сондай, үйден ешкім де білмей қалды, сол күйі қалың боранның ішіне қойып кетті. Баяғы бас жеген жерге келіп, тағы да тойып алды. Бұл жолы ет мол екен – анадағыдан да гөрі бүйірі шыға тойды. Денесіне жылы қан жүгіріп, сирақтары қатайып кетті. Бұл күні Майлайаяқ ешқайда да бармай, иесі жатқан жерге келіп, көпке дейін соның маңайында жүрді. Ет жеп алғаннан кейін боран Майлайаяққа жаңа туған күшіктің үргеніндей де әсер етпеді.

Майлайаяқ ертеңіне әлгі үйге тағы да келді. Бұл жолы да сәті түсіп, бір кесек етті қақты. Майлайаяқ өмірдің заңдары-

на түсіне бастады. Баяғыдан бергі азабы үшін келген қуаныш сияқты еді бұлар. Үшінші құні әлгі бөлмеге секіріп түскенде, кірпіш үстінде тұрган бос шелектің біреуін төңкеріп кетті. Бірақ ол салдырға қоңіл аударған жоқ, қозінің алдында сам-саپ тұрган еттердің кесегін таңдай берді. Ақырында біреуін тістер алып, қайта қарғын деп тұрганда, үйдің есірі сарт ашылды да, қора ішіне бір адамның шыға келген дыбысы естілді. Майлыаяқ көп ойланып тұрган жоқ, еттің кесегіне тісін қаттырақ батыра тұсті де, кейін секірді. Секіріп түсे берген мезгілде, екі қозінің ортасынан бір нәрсе жарқ ете қалғандай болды – қалай «қаңқ» ете қалғанын да, аунап түскенін де сезбеді. Еті бір жаққа ұшып кетті. Ұшып тұра келгенде, алдында қозінен от шашып бір еңгезердей адам тұр екен. Қолында – дәу таяқ. Кенет Майлыаяқ есін толық жиып болмай-ақ әлгі таяқ оны тағы ұшырып түсірді. Сай-сүйегі сынып кеткендей. Итке ғана тән шапшаңдықпен жатқан орнынан ызага булыға тұра атылды әлгі адамға. Сойдақ тістер адамның тізесіне кірш-кірш қадалды да, жырылып шықты. Кісі шыңғырып жіберді, таяғы қолынан түсіп кетті. Майлыаяқ қорадан зып берді. Кетерінде ұмытпай, алдында жатқан етті де ала жөнелді.

Бірақ Майлыаяқ ішкі сезіммен енді қайтып ол жерден тамақ таба алмайтынын біліп кетті. Сондықтан бір жетідей ол маңға жолаған жоқ. Тіпті жоламауға да бел байлаған тұрі бар. Себебі, еттің дәмінен ғөрі таяқтың соққысы оның миына тереңірек ұялап еді.

Бірақ аштық құндер қайта басталып, боран тіпті қүшейген, аяз шыдатпаған кезде, тамақ табылмағанда, Майлыаяқ қайта бүрісті. Өмір тез өзгереді екен. Құнді тағы бұлт басты. Майлыаяқтың жіліктерінің майы қайта сарқылып қалды. Анадағыдай мырза қоралар табылмады. Далада да ештеңе жоқ. Жақында ауыл сыртынан бұрын өзі көрмеген бір аппак аңға кездесіп, қуа жөнеліп еді, ол секіректеп маңына да жолатпай кетті. Бір-екі рет құм ішіндегі бағы ет жеген бұтасының тубіне барып жатты. Бірақ ол жердегі сүйектерді қар басып тастапты. Иесінде барып қайтты. Оның төмпешігі де қармен ұлкейе түскен, бетен белгі жоқ. Басындағы ағашының да тен жартысын қар көмген.

Енді Майлыаяқтың көз алдынан әлгі қора кетпей қойды. Оның ішіндегі салбырап-салбырап тұрган қып-қызыл еттер түсіне кіріп шығатын болды. Олардың айтып жеткізгісіз дәмі аузына келіп, сілекейін шұбыртатын. Уақыт өткесін бе, таяқтың соққысы да тұманданып, ұмытылып кетті. Шынында да, бір кесек тәтті ет үшін бір рет таяқ жеуге болады ғой... Қай ит осы құні таяқ жемей жүр.

\* \* \*

...Майлыаяқ аққаланың сыртына келді де, құлақтарын түре қойды. Тек боранның ұлыған даусы. Бөтен дыбыс жок. Құн де сұтып барады. Жел Майлыаяқтың бір бүйірінен кіріп, екінші бүйірінен шығып жатқандай. Боран көзге тығылып, ешнәрсені көрсетпейді. Тек қарауытып тұрган үй мен аққала...

Майлыаяқ ақырын жүріп келіп, аққаланың басына шықты. Жел бұл жерде қатты екен, итеріп құлата жаздады. Әрең деп аяқтарына тұрып қалған Майлыаяқ қора жаққа көз тігіп еді, әнеугі адамды көріп қалды. Ол есігінің алдында қар күреп жүр екен. Бірақ сол мезетте ол да Майлыаяқты көріп қалды. Қүрегін жерге тастай салды да, неге екені белгісіз, үйге кіріп кетті. Майлыаяқ аң-таң. Не істерін білмеді. Қорага кіруге бата алмады. Кетуге де онша асыққан жок. Бірер сәттен кейін әлгі адам қолына бір қара таяқ ұстап далага шықты. Майлыаяқ қүйрыйғын жымырып алды. Қашуға да ла-йындалып тұр. Құғанда, сірә, оған жеткізбейтіні белгілі. Ал мына қара таяқ жетер жерге келтірмейді де. Бірақ әлгі адам Майлыаяққа қарай айқайладап жүгірген жок, тек орнында тұрып, таяғын сындыра бастады. Сосын оны қайта түзетті де, таяғын Майлыаяққа қарай кезей қойды. Майлыаяқ таяқтың омыртқаның ортасы сияқты күыс екенін де байқап қалды. Әлде де ештеңсі түсінбесе де, тап осы жолы Майлыаяқ бір тұманды күдікпен аққала басынан жайлап түсе берді.

— Ә-ә-ә-а-ң!

Майлыаяқ не болып кеткенін түсінуге де мүршасы келмеді, тек құлақ жарған қатты дауыс пен белгісіз бірдемелер денесін түршіктірін жіберді де, қыңсылай ала жөнелді. Қенет ол денесінің дел-сал болып, өз ырқынан кетіп бара жатқанын сезді. Аяқтың астындағы қар да, балақ жұндері де біртүрлі түске боялып, өзгеріп бара жатыр. Өкпесі қабынып, жүрегі туласап кетті. Қөзінің алды қарауытып, тұмандар көбеюде. Әзінің қыңсылы да бірте-бірте естілмей, талып бара жатыр.

Ол бұзылған үйге, қардан жасаған үясына қарай бет алды. Бақытына қарай, ол алыс емес еді. Мінеки, қарауытып көрініп те қалды. Аяқ басысы әрпіл-төрпіл. Ұяға келе құлады. Әлі қыңсылап жатыр.

\* \* \*

Майлыаяқ сол орнынан тұра алмады. Маңайындағы қар қызыл қанға боялып, қатып қалды. Жұндеріне қып-қызыл мұз жабысып, салқын қарға одан сайын шегелей тұсті. Ол түнімен қыңсылады. Таңға жақын боран басылып, қатты аяз басталды.

Денесі түгелдей шөлмектеніп сиқып қалды. Енді қарныңың ашқаны ұмыт болып, азаппен арпалыса бастады. Денесін жалын жайлап кеткендей қүйдіріп барады.

Таң қылаң беріп, жер беті ағара бастады. Ақырында күн шықты. Терезенің үнірейген орнынан Майлыаяқ көріп жатыр, күн дөңгелек емес, біртүрлі шеттері шауып-шауып алынған сияқты. Майлыаяққа ешкім келмеді. Ешкім келіп ас қүймады. Ол бірнеше күннен бері нәр татқан жок. Тұрғысы келіп еді, қатқан қан терісін қарға шегелеп тастанты, тұра алмады.

Майлыаяқ сол қалпында үш күн жатты. Қасақана қылғандай, үш күн де ұскірік қатты аязды болды.

Төртінші күні таңертең ол бұзылған үйге жақындал келе жатқан адамның аяқ басысын естіді. Сықыр бірте-бірте күшшіе түсті. Ақырында ол үйдің сыртына келіп тоқтады. Майлыаяқ үрген жок, қыңсылаған да жок, тек жүрегін белгісіз бір қауп билеп, тым-тырыс жата берді. Бір жағынан, жара жанын жеп, денесін қүйіп жатыр. Әлгі адам үйдің үнірейген терезесінің алдына келді. Сол жерде біраз тұрды. Сосын ішке кірді. Ішке кіргесін де оның көзі Майлыаяққа тұспеді. Себебі, Майлыаяқтың денесін ақ қырау түгел көміп тастаған еді. Ол адам біраз уақыт қабырғаларға қарап тұрды да, кенет солқылдан жылай бастады. Қалтасынан орамалын алғып, бетіне басылып жылай берді.

Майлыаяқ құлағын көтеріп, тіккен болды. Тұрі таныс адам сияқты.

Кенет Майлыаяқ қатты қыңсылап жіберді. Иә, бұл оның кішкентай қожайыны ғой. Оны асырап осірген, өзімен талай ойнаған кішкентай, тамаша қожайыны ғой.

Майлыаяқ тағы да қатты-қатты қыңсылай берді. Өуелі кішкентай қожайыны шошып кетті. Сосын Майлыаяқты көре салды да, қасына жетіп келді. Көзінің жасы әлі кеппеген екен. Келіп, Майлыаяқты танып, басынан сипай бастады. Майлыаяқтың қуанышында шек болмады – өзінің кішкентай өмірінде мұндай қуанышып көрмеп еді – жаралы жүрегі ойнап, көзінен жас парлап қоя берді. Орнынан тұрайын деп еді, тұра алмады. Құйрығын да бұлғандатуға болмады, қатып қалыпты. Тек көздерін жыптылықтайп, қатты-қатты қыңсылап, шексіз қуанышын қожайынына білдіре берді, білдіре берді.

Қожайыны Майлыаяқтың үстіндегі қырауын сұртіп, денесіндегі жарасын көрді. Тұсі өзгеріп, біраз отырып қалды. Сосын үйге бір, Майлыаяққа бір қарап, үнсіз тағы жылады. Ол солай ұзак жылады. Майлыаяқ бұл уақытта қожайының қиналып отырғанын сезіп, іштей үнсіз қүйзеліп жатты. Біраздан кейін кішкентай қожайыны Майлыаяққа

бірдеңелерді айтқан болды да, шығып кетті. Майлыаяқ оның соңынан ерейін деп, қыңсылап орнынан көтерілмек болып еді, сүйектері ұсатылып, барлық жұндері жұлынып бара жа-тырғандай жібермеді.

Бірақ қожайыны кешікпеді. Біраздан кейін қасына бір кішкентай бала ертіп қайта келді. Кішкентай баланың қолында қып-қызыл еттер бар екен – Майлыаяқтың көзінен ыстық жастар тағы ыршып кетті. Кішкентай қожайын оның етті қалай апыл-қапыл жеп жатқанына қарап тұрды.

Сол күні кешке жақын қожайын қасына тағы бір адам ертіп әкеліп, Майлыаяқтың жанында ұзақ әңгімелесті. Ол адам Майлыаяқтың о жер, бұ жерін көріп, басын үздіксіз шайқаумен болды. Кішкентай қожайын да көпке дейін болмай, бірдемелерді айтты, жалынғандай да түр білдірді. Сосын кішкентай қожайын Майлыаяқтың үстін бірдемемен бүркеді де, екеуі кетіп қалды.

Кішкентай қожайын ертеңіне және оның арғы күні де қағазға орап ет әкеліп берді.

Төртінші күні қожайын бұ жерге екі ат жеккен шанамен келді. Устіне үлкен тон киіп алышты. Майлыаяққа қожайының бұл түрі онша ұнамады. Қожайын қасына біраз ет қойды. Сосын аяғымен, қолымен аршып, оның денесін қатқан мұздан босатты. Ұясының орнына шанадан алып біраз шөп салды. Соған Майлыаяқты ептеп жатқызды. Қораның, үйдің орнын тағы бір айналып шықты да, Майлыаяқтың дәл алдына келіп отырды. Майлыаяқ та одан көзін алмай мелшип жатыр. Кенет қожайының көзінен мөлдір жас үзіліп түсті. Майлыаяқтың қыңсылағысы келіп кетті. Бірақ мұным қожайынға ұнамас дегендей, дыбыс шығармай, тек аузын ашты да қойды. Қожайын үнсіз жылады. Беті буға толып кетті. Терезенің үңірейген орнынан шанаға жегілген аттар көрініп тұрды. Олар да аяқтарымен жер тепкілеп, осқырынып түр екен. Шана ішінде тағы бір адам бар. Қожайын әлі жылап отыр. Ақырында ол түрекеліп, иіліп келді де, Майлыаяқты басынан сипады.

– Сау бол, Майлыаяғым! – деді даусы дірілден.

Қалтасынан қойдың шарбы майындағы ақ шұбірек алып бетін сұртті. Сосын кенет:

– Оқу. Оқу. Түсінемісің, Майлыаяғым?! Оқу, – деп қатты-қатты айтты. Қайтер екен дегендей Майлыаяққа біраз қарап тұрды. Бірақ Майлыаяқ бұл сөздерді түсінбейтін. Мөлиіп қожайынға қарады да жатты.

Қожайын аяғының астындағы қарды сықырлатада езіп, енді шанаға қарай беттеді. Майлыаяқ қыңсылап жіберіп, орнынан көтерілуғе әрекет етті.

Аттар кісінесіп, шана орнынан қозғала берді. Шана сырғи бастады. Аттардың тұяғынан үшқан қарлар аспанға атылды. Майлайақ үніретген терезе орнынан өлі қарап тұр. Қожайын шана үстінен басын бұрып, Майлайаққа қол бұлғап барады. Артында екі тұзу сыйық – шана іздері қалып жатыр.

Майлайақ шыдап тұра алмады. Қожайының артынан ере женелді. Бірақ олар алыстап барады. Эне, қожайын ақырғы рет қол бұлғады. Шана белден әрі асып, көрінбей кетті. Майлайақ қыңсылып, жүрісін тездектен болды. Бірақ жүрісі өнбеді. Денесі ап-ауыр екен, тіпті қозғалтпады. Жаралары ауырып, сырқырай бастады. Басы айналып, белдер, қыраттар төңкөріліп бара жатқандай сезілді. Майлайақ белге шыққанда, қожайын көрінбей кеткен екен.

Ол төбе басында шоңқылып тұрып қалды. Қыңсылап, үшкір тұмсығын аспанға кетеріп ұлып жіберді. Ол осылай ұзак ұлыды. Құн жылынып келе жатыр еді, бірақ оның денесі жылылықты сезе алмады, жараларынан қан ағып, қатты ауыра берді. Аяғынан астындағы қар қанға боялып, түсін өзгеріп барады.

Майлайақ сүйретіліп кейін беттеді. Үйдің орнына келді. Үніретген терезеден ішке біраз қарап тұрды. Үйге кіргісі келмеді. Қан болып қатқан мұздың қасындағы етті де жегісі келмеді. Итке ғана тән сезімталдықпен ол енді өмірінде бір өзгеріс болатынын сезіп еді.

Ол ішке кірмедин. Ол үлкен иесінің жатқан жеріне қарай беттеді. Кезі қарауытып, денесі дел-сал бола берді. Жел жок. Ауылдың түтіндері көкке кетеріледі. Қар әлсіз сықырлайды...

Майлайақ жүріп келеді. Құйрығы сүйретіліп, жарасынан қан да ағып келеді. Енді ол қан аққан жерін жалауды қойды. Тіпті оған бәрібір сиякты. Жер теңселіп, шайқалып тұрған тәрізді.

Кенет Майлайақ қуанып кетті. Бұл оның ақырғы қуанышы еді – алдында қожайының шанаасының ізі жатыр екен. Өзінше жүгірген болып, шана ізіне жетіп келді, қатар жатқан екі тұзу сыйықтың ортасына тұсті де, денесін қуаныш билеп, үлкен иесі жатқан жерге қарай жүре берді. Ол шана ізінен айрылмады. Аяғынан астындағы қар қызыл бояуға боялып, жарқырап қалуда. Қожайының жатқан жері де жақын.

Енді жер бұрынғыдан да гөрі күштірек теңселе бастады. Үйлер селкілдеп, төбелер орындарынан қозғалған сиякты. Көзі бұлдырай берді. Қеудесі әлемет ауырлап, аяқтары маїысып барады. Денесінен қан бұрынғыдан да көбірек ағуда.

Қожайының жатқан жері бұлдырап көрінді. Майлайақтың көзіне баяғы үрлап жейтін еті елестеді. Сосын қара таяқты кісі... Қалай болып кетті өзі? Бәрі сол қара таяқтың кесірі ғой.

Бірақ бұл не? Көзінің алды мұнарланып, жер дөңгеленіп жүре берді. Үйлер, тұтіндер, шананың ізі, аспандығы бұлттар – бәрі де жоқ болып бара жатты. Тек күннің шипа жылуы...

Сорлы құшік осы мезетте өкпесіне қыстырылған қорғасын өзін өмір сүргеніне екі жыл болған жұмбак дүниеден біржолата алдып бара жатқанын сезбеп еді...

## УАҚЫТ

Терезе алдында ақ халат киген жалаңбас скі дәрігер сөйлесіп тұр. Бірі темекісін үсті-үстіне тартуда. Тәмен қарап, сұрақтарға селқос жауап береді. Екіншісі абажадай терезеден сыртқа қараған қалпы сөзден аузы босар емес. Бұл үйдің төртінші қатары болатын. Терезеден бұлтты аспан, қаланың солтүстік етегі, жақын қөшелер түгел көрінеді. Бұлттар ауыр салбырап, қала үстіне тоңіп тұр. Кей жерлері жыртылып кеткендей жалбырап, көкжиекке дейін, үйлердің тобесіне дейін жетіп тұр. Аяқ астындағы қөшеден өткен автобустардың арқасы ағараңдайды. Міне, бір жүк машинасы өтті. Қорабының тен жартысына дейін пияз тиелген. Оның үстінде рақаттана жайласып, кейлекшең бір әйел шалқасынан жатыр. Аяқ жағында бір ақ шелек пен қара қолғап. Бәрі ап-айқын көрініп тұр. Сіркіреуік жаңбыр бар сияқты, бірақ оны терезеден байқау қыын. Асфальт көше жарқырамайды. Асығыс бара жатқан да ешкім жоқ.

Терезеден қарап тұрған:

– Аспанның түсі бұзылып кеткен екен, – деді. Оған орындықта басын тәмен салып темекі тартып отырған жолдасы үн қатқан жоқ, шамасы, ойы бетен жақта.

– Бейне әкесі өлгендей... Күз болғанда, сызданып бола ма? Жалпы, құдай бұлданбаса екен. Қазір оның бұлданғанын ешкім көтермейді... Сен неге үндемейсің?

– Әншнейін...

– Бүгін бетіңде бір тамшы қан қалмады ғой. Мына аспан сияқты түтеп кеттің ғой. Сондай операцияны алғаш көрдің бе? Соңша үрейің ұшып, не қара көрінді?

– М-м...

– Рас, оны өлмейді деп ешкім ойлаған жоқ. Жасы алпыстан асқан, жүрек ауруы асқынған кемпір... Операцияға қатысқандардың бәрінің қаны қашып кетті.

– Бұл менің жүрекке жасаған жүзінші операциям.

– Түсінемін. Юбилей.

– Сасқан жоқпын мен.

– Шыныңмен айтып отырсың ба?

– Әрине. Тек бір тұман арасында жүргендей, тұманға мас болып, тұман жұтып жүргендей біртүрлі сезім...

- Мәссаған! — Ол терезеден бері бұрылды. — Неге?!
- Айта алмаймын.
- Себебі не?
- Себебін де...
- Мен сені түсіне алмай тұрған сияқтымын... Иә, Үбращ, құрметті дәрігер, мен сені бүгін алғаш рет түсіне алмай тұрмын. Он бес жылдан бері...

— Мүмкін... Мінеки, бір ай болды мен тыныштықтан айрылғалы. Әлті кемпірдің көздері менің соңыма түсіп қудалағаннан бері. Қайда жүрсем де. алдында тұрады да қояды. Кейде көзімді жұмып, ұмытқым келсе де, қараңғы қеудеме қадалып тұрған оның байыпты көз қарасын байқаймын. Кірерге қуыс таппадым. Онымен алғаш кездесіп, операцияға дайындаған қүннен бастап...

— Шамасы, қатты аяғансың гой. Рас, оның жалғыз басынан бөтен ешкім жоқ. Не баласы, не туысы. Алыстағы ауылдан. Ешкім ізделеп келіп, хал сұраған жоқ. Қатаң ауру. Бірақ өмірде не болмайды. Оған қатты қайғыра беруге бола ма?

— Жоқ, мен оған емес, көздері. Сен байқаған жоқсың ба, оның көздерін...

Дәрігердің көзінен білінер-білінбес жас шарбысы байқалғандай болды.

— Ехе-сій! Дәрігер болғаныңа. Студенттік кезінде өлген адамның жілігін үстап отырып қалаш жеген күндерінді ұмыттың ба? Мынауың не жаңалық. Операция сәтті шықты. Енді қуанатын, құдіктің бәрін ысырып тастайтын кез гой бүл. Жаңа операциядан кейін жиырма дәрігердің риза болған көз қарастарын, ғұл-ғұл жайнаған жұздерін көрген жоқсың ба? Бұл тіпті ғылымға қосылған үлкен үлес деуге болады. Ендігі жерде сені жүрек құдайы деп атап керек. Әрі жүзінші операция. Орталық газеттің журналисі де қатысып тұрды операцияға. Ол шыққанан кейін, мен «Жүзінші операция» деген очерк жазамын деп, қаламын қайрап кетті. Қөрдің бе, бірнеше қүннен кейін әлті газеттің номерін өзім әкеліп қөрсетемін. Бұл ойыншық емес, шырағым. Жұр, одан да, мұны сіздің үйге барып есте қалдырайык.

- Үйде жан жоқ.
- Эйел, балаларың Қырымнан өлі келген жоқ па?
- Ертең.
- Олар бір айдан қебірек болды-ау, шамасы?
- Жолда Москва бар гой...
- Ия-я... Сен де емделуің керек, нервің шіріген шарық жіптен жаман.
- Әңгіме онда емес.
- Ендеше, неге көзіңе керегі жоқ су жинайсың?

- Операцияның сөтті шыққанына жылап отырмын.
  - Мәссаған! — Жолдасы екі қолын жайып, иығын қиқаң еткізді. — Ендеше, біздің үтеге барайық. Жұз бірінші операция үшін...
  - Жоқ, зауқым болмай отыр.
  - Өзің біл, шырағым. Мен кеттім.
- Ол ақ халатын шешіп, бешшептін иығына ілді де, шығып кетті.

Біраздан кейін көшеге Ұбраш та шықты. Ауа жап-жаңа екен. Көкіректі кернеп қоя берді. Аздап жаңбыр сіркіреп тұр. Асфальт енді жарқырап қалыпты. Ол үйіне қайтқанда, күнде парк жанынан өтетін. Бұгін сенбі болғандықтан, парк ішінде адам көп-ақ. Жай жаңбырды елейтін емес. Әйел-қыздар қызылды-жасылды жауын өткізбейтін жеңіл плащ киіп алышты. Кей әйелдердің сүйреткен кішкентай арбалары, балалары бар. Мына бір эстрада алаңында он шақты адам аспаптарын байқап, өр нәрсені үзіп-жұлып ойнап отыр. Бәрі де жалаңбас. Жұріп келе жатқан Ұбраштың дәл алдына бір торғай қонды. Усті собалақ-собалақ болып, суланып қалыпты. Қанатын дүр еткізіп, сілкіп-сілкіп қояды.

- Жақсы жаңбыр екен,— деді ол сәл естірте, сосын біраз уақыт қысып тұрган қолдарын алдына тосып, жалаңаш ұстап жүрді.

Үтеге жеткенде інір болып қалды.

Бөлме іші қараңғы екен. Бұрыштарға ебедейсіз үлкен құбыжық қоленқелер орналасып қалыпты. Олар бірте-бірте түрін өзгертіп, қомақталып бара жатқандай.

Жарық жағып еді, бөлме іші қөңілденіп сала берді. Ебедейсіз құбыжықтар асқан жылдамдықпен ғайып болды. Сырт киімін шешіп, Ұбраш диванға қисайған бойда көз алдына манағы кемпірдің көздері келіп қайта тұрып алды.

Ұбраш тағы да дір етті. Иә, бұл қанша ойламайын десе де, осы көздерден қанша қашықтаса да, қаншама мойында маңын десе де, бұл оның аяулы анасының – бұдан отыз жыл бұрын, өзінің он үш жасына қайтыс болған анасының көздері еді. Ауруханада кемпірді алғаш көргенде, Ұбраштың тебесінен жай түскендей болды. Дәл осы көздер, сол бет-пішін, сол бір жасқаншак, өлсіз тіршілік иесі алдында жатыр. Неткен үқастық. Мұндай зат дүниеде екі айналып келуі мүмкін бе? Содан бері Ұбраш бейне бір есекіреп жүргендей. Бұлыққан ойды ақтарып, сырын төгер адам да жоқ. Әйелі болса, балашагасын ертіп, Қырым жаққа демалысқа кеткен. Күн сайын ауруханага барып, кемпір жанында ұзақ отырады, өр нәрсені сұрайды. Баласы я жақын тұған-туысқандары жоқ еді. Бар сұрауларына жоқ деп жауап береді. Алыстағы бір совхозда

тұрады екен. Аздаған пенсиясы, бір-екі малы бар. Жүрек ауру. Соңғы кезде аурудың салдарынан жүдеп қалыпты.

Операция күніне шейінгі біраз айдың ішінде Ұбраш қаты толқуда болды. Өйткені ауру тым қатаң, операция күрделі болатын. Ойша таразыға салғанда, өлім жағы мол басып, еңсеріп тұратын.

Енді міне... Операция сәтті аяқталды. Қандай тамаша! Бірақ... осы кемпір өлпеті уақыт өткен сайын бірте-бірте ұмытылып, қомескіленіп бара жатқан аяулы суреттерді отыз жылдық қараңғылықтан суырып алыш, соларға қайта шап беріп, жүргегін бұлқытып жіберді.

Онда Ұбраш он үш жаста болатын. Жардың астындағы жалғыз киіз үй күні кешегідей көз алдында тұр. Үйден берірек жағасында қамыс қоға есken кішкентай өзен. Өзеннің көгілдір иірімдері мен тунық құлақтары, аппақ қайраны, көрініп жатқан тайыздары, әр тайызда тұрып қалған қаңбактары бар. Қаңбакты қөтеріп қалсанған, ағыспен қисайып жүзіп жүре беретін шайымның кіп-кішкентай, қап-қара бала шабақтары бар. Жар басында қонып отыратын ақ мойын бүркіттері, түске жақын шырылдайтын шегірткелі шалғыны бар. Шалғының үстінде кешке қарай ауылдың маса бұлттары қаптайты. Ол кезде жалғыз үйдің жанында көк түтін бұлттанады. Кешке қарай үй жанына бір сиыр мен бір бұзау, бір ешкі мен екі лақ жиналады. Екі лақ өп-әдемі-ақ. Өлардың жас баланың тістеріндегі әдемі аппақ тістері әлі күнге дейін Ұбраштың көз алдында тұр. Тұн болса, үкінің бе өлле тұлқінің бе, – даусы үзілмейді, қашан үйқыға кеткенше. Қорқынышты-ақ. Бірақ Ұбраш апасының баурына тығылып алыш, тыныш үйқыға кететін. Бұл суреттер мен сезімдер Ұбраштың жүргегіне отпен ойып немесе пышақпен тіліп салғандай, өшер де, сөнер де емес, бейне кеше немесе бүгін таңертен үйқылы-ояу жатқанда болғандай сайрап, жарқырап жанып тұр. Кейде тіпті көзін жұмып сөл ойланса-ақ болғаны, түстегі саршұнақтардың өткір шиқылы мен шегірткелердің қою ызыны естіліп тұрады. Анасының аты Зәру болатын. Сол кезде жас шамасы қырықтарда я одан сөл үлкенірек еді. Манағы кемпірге қарағанда жас болғандықтан, әжімі аздау, көз жанары күштілеу еді.

Әкесін де толық білмейді, есінде тек оның арбиған үлкен күс-күс қолдары мен басындағы кішкентай қызыл тебетейі қалыпты. Қанша тырыssa да, бет-әлпетін көз алдына келтіре алмайды, тек әрбір ойлаған, қинаған сайын, әлгі қызыл тебетейі мен күс қолдар көз алдына қалқып келіп, өзгелерді көлегейлеп тұрып алады. Бұлардың да есінде қашан және не себепті қалғанын білмейді. Мүмкін, тіпті қызыл тебетей мен күс қолдар әкесінікі емес те шығар. Бірақ әйтеуір әкесі туралы

лы ойлағанда, өрқашанда осылар көз алдында келеді, шешесі әкең бұдан алты жыл бүрін бандылардың қолынан өлді дегенін біледі, оның жақсы адам еді дегенін есінен шығармайды, бірақ Ыбрашқа ол кезде бүкіл өмірі әкесіз, осылай жар астындағы жалғыз үйде өткен сияқты көрінетін. Бөтен үйлер алышырақта, езеннің аргы бетінде болатын. Шешесі мұнда малға еріс деп отыратын. Бұл колхоздардың жаңа-жана құрылып жатқан кезі еді.

Ал мына ертеңгілікті Ыбраш өмір бойы ұмытпайды. Күндегі әдептінше оны бұл жолы да апасы ояты.

Шұрық тесік жабықтан түскен күн сәулелері жуандыжіңшікелі ақ наизагайдай үйдің ішін шымырлатып толтырып тастапты. Анасы бұған қарал құлімсіреп отыр екен. Оның бетінде екі-үш күн сәулесінен түскен ақ жарық жылжиды.

— Тұр, қарағым,— деді ол мейірленіп. — Күн жақсы екен. Тамағынды ішіп ал да, қармағынды сал.

Ыбраш бір тостаған аңы айранды ішіп алды да, сыртқа шығып, белдеуде қыстырулы тұрған қармағын алып, озенге бетtedі. Жиырма шақты қадамнан соң өзен кемеріне тірелді. Шынында да, күн өте жақсы екен. Жел де, бұлт та жоқ. Үйдің ар жағындағы жардан жаңа көтерілген күн жер бетін әдемі ақ жарыққа бөлеп тұр. Өзен беті де тып-тыныш. Тек майдада толқындарға жағаға соғып, сылп-сылп етеді. Көк жасыл иірімге жағадағы жасыл құрақтар наздана иіліп, сзызылып қалыпты. Олардың суреттері де сол күйінде су бетінде жыптырап тұр. Тереніректегі шалау да әп-әдемі, нәзік жібектей есіліп жатыр. Оның үстінен бір-екі қызылқанат өтіп барады. Қанаттары қып-қызыл болғанда да, көздің жауын алып, жайқалып тұр. Нәп-нәзік, қызыл-қызыл, жіп-жіңішке.

Ыбраш қармағын жазып, кемердін басына жайласты да, кеше үлкен жапыраққа орап дайындал қойған қызыл құрттарының бірін қармаққа шаншып, оған сөл түкірді де, иірімге лақтырыды. Бау шолп ете түсті. Қызыл құрт керіліп батып барады. Қалтқы бір-екі деңгеленіп барып, қолайлы тұрысын тапты да, ағынмен төмен жылжыды. Біраз жерге барғаннан кейін, ол сөл ойланғандай, аялдағандай болды да, дәңгелек жасап, жоғарырак жақпен бері қарай қайта айналды.

Балықтар тұнде ашығып қала ма, танертең қапқыш келеді. Бұғін де солай болды, қалтқы бірден-ак тыптырып, тыным таптай, қозгала береді. Бірақ бұлардың майдада шабактар екені беп-белгілі еді. Дегенмен, бір шай ішімдей уақыт өткенде, қармаққа үш-төрт ақ балық түсіп үлгерді. Ыбраш оларды жіпке тізіп, суға салып қойды да, қармағын сала берді. Күн жоғарылаған сайын ыстығы молайып, Ыбраштың арқасын, желкесін күйдіріп, басын ысытып жіберді. Суға бір рет сұңғіп алғысы

келіп кетті. Бірақ кенет ол іірімде тұрган қалтқысының жоқ екенін байқады. Жаңылысқан жоқ па екенмін дегендей, ол асықпай су бетін тағы да барлады, жағадағы қамыстардың біріне ілінпі қалған жоқ па екен деп, жағаны да сүзді, бірақ қалтқыға ұқсас ештеңе көрінбейді. Болмаған соң, ол жайлап құрықты қөтере бастап еді, қолы теренген бір ауыр бұлқынуды сезіп, дір ете қалды. Ұбраштың кеудесінен қуаныш оты мен қоркыныш аязы бірден жүгіріп еткендей, қалтырап қоя берді. Қармақ әлсіз, майысқақ, қармақ бау жінішке болатын.

Қармаққа ілінген үлкен сары сазан екен, алғашқы тартқанда-ақ Ұбраштың қарсы алдындағы суды қорс қылып кетті. Ол сол сәтте отырған жерінен үшып түрегелді де, жағадан кейін ыршып, қармағын еппен тартып жылжи берді. Алтындаі жарқыраған сары сазан жағаға жақындаған сайын бір олай, бір бұлай жұлқына сұнгіп, үйрімнің астан-кестенін шығарып, қайнап жатқан қазанға ұқсатып жіберді.

Ұбраш қармақ бау үзілмесе екен деп іштей жалбарынып, жағаға сүйрей берді. Кенет жағадағы қамыстарды құйрығымен бір салып, салдыры-гүлдір еткізіп, үп-үлкен сары сазан кемерге келіп тірелді. Жан дәрменде үшып келіп желбезектен тартып ытқытып жіберген Ұбраш сонда барып үн деп демін бір алды. Алтын күннің бояуымен одан сайын алтынданып жатқан сары сазан бір секіргенде, құм болған бүйірін жоғары қаратып аунап түсті. Екінші секіргенде, құйрығын жоғары жіберіп, аузымен жер тіреі қалды, бейне топырақ асап жатқандай, бір сәт қалықтап тұрып, тағы да ғұрс етті. Қандай үлкен, ауыр, әдемі сазан.

Жүргі қатты-қатты соғып дүрсілдеп кеткен Ұбраш бойындағы қуаныш сезімін баса алмай біраз тұрды. Ол өмірі мұндай ірі сазан үстап көрген жоқ еді. Тіпті мұндай ірі балықтың қасына жақындаپ та көрмеп еді. Енді көп тұрмай-ақ, балықтың желбезегінен шөптің жуан тамырын еткізіп жіберіп, үлкен балықты сүйрете-мүйрете үйге қарай жүгірді.

Ақ жаулық тартқан шешесі есік алдына шыққанда, сазан сүйретіп қарбаңдаپ келе жатқан баласын көріп, қатты қуанып кетті:

— Қарағым-ау, мұны қалай үстадың? Тайыншадай ғой, құлышын-ау!

— Кармағыма қапты, апа. Өзім де қатты қорықтым. Әрең сүйреп шығардым. Асау сазан екен.

— Ей-й, құнім-ау, құтты болсын, жарықтық, тым үлкен екен.

Үлкен балық шешесіне де, Ұбрашқа да үлкен қуаныш әкелді. Өйткені бұл ауыр жылдар, бұлардың жалғыздық, жасқанишак, әлсіз жылдарды еді. Мұндай бұлышыған сазан түгіл,

құніне ақ балықтар дұрыс түсіп тұрса да қуаныш сезімі жалғыз үйді тастамайтын.

Ыбраш балықты қалай аршығанын да, қалай жуғанын да білмейді. Шешесі жуылған балықты алғып, ақ таза шидің үстіне салып, ұлкен қара пышақпен пытырлатып жарып жатыр. Адам қуанғанда қаншама өзгеретінін Ыбраш осы таңда алғаш байқағандай, анасының көз жанарына қарайды да, жүргегі лупіл қағады, өзін бір жағынан ертегінің батырларынша сезінеді.

Біраздан кейін Ыбраш өзенге қайта жөнелді. Жолы болғанда, қас қаққанша қармаққа екінші сазан ілінді. Бұл алғашқыға қарағанда кішілеу болғанмен, көп азаптан кейін алдырыды. Жағага шыққанда қармақ бау үзіліп те кетті, бірақ Ыбраштың жүгіріп барып үстіне жата қалғандығының арқасында ғана суға шомп бермеді.

Бұл күн бұрын мұнша көп балық үстап көрмеген Ыбраш үшін өміріндегі ең тамаша күн сияқты сезіліп кетті.

Сазанды сүйретіп келе жатып көргені – даладағы жер ошақта қазан қайнап, балық пісіп жатыр, үй сыртындағы шиге сазанның қалған еттерін жарқыратып жайып тастапты.

Ыбраш үйге кіргенде, жаңа ғана қуанышты шешесі төр алдындағы ескі киіздің үстіне ескі көрпе салып, жантайып жатып қалыпты. Түрі өзгеріп, қаны қашқан. Екінші сазанды көргенде де қуаныш сезімін білдіре алмады. Бар айтқаны:

– Қазанның астына от сал да, қармағыңа бар, қарағым, – болды.

Кеудесін күдік жайлабан Ыбраш, амал жок, айтқанын істеп, өзенге қайта кетті. Ол шешесінің осылай анда-санда ауырып қалатынын білетін. Ойлағаны «әлсін-әлсін қарап тұрсам гой» болды.

Бірақ көп уақыт отпей-ақ шешесінің шақырған әлсіз даусын естіді. Жүргегі лип ете қалды. Қорқыныш денесін жайлап, арқасынан сұық леп жүгіргендей діріл қағып, аяғы аяғына тимей, үйге қарай жөнелді. Келсе, шешесі екі иырынан дем алып жатыр екен. Бет-аузын жас жуып кетіпті. Ыбырашты бауырына қысып, құшақтап, көзінен сүйді.

– Қарағым-ау, қарғашым-ау, құлыным-ау, сені кімге тастап кетем? Шырылдатып кімге тастап кетем? Жетім балапан болдың гой! Сорладың гой, құлыним! – деп тұншыға зарлайды. Ыбраш шешесінің қеудесіне тығылғып, парлаған көз жасын тоқтата алмай, жылай берді, жылай берді. Біраздан кейін шешесі демі жетпегендей талықсып, баласын құшағынан босатты да:

– Көрші ауылдан қара молданы шақырып кел, тез жетсін. Ұш, құлыним! Сор-р-лап қалмасаң болар еді, – деп егілді.

Ыбраш есіктен шығарда қайта бір шақырып, сүйіп, құшағынан әрең босатты. Жалаң аяқ Ыбраш ауылға жеткенше жүгірді.

Ауыл адамдарын ертіп қайта келе жатқан оның жүргегі қатты тулас, тұрақтай алмады. Үйіне жақындаған сайын сескеніп, құты қаша түсті. Үрей, үрей, үрей... қара үй қорқыныш ордасына айналғандай. Жүргі жамандықты айтпай сезді-ау. Шешесі бол-боз болып төсек үстінде жатыр екен. «Қайран апам-ай! Көзің жұмыларда қасында жан болмады-ау» деген сүмдүк ой жүргегін жалап кетті Ыбраштың...

Сол күні Ыбраш үйден безіп, далаға шығып кетті. Таңтеренгі күн сүйген жар басы мен ар жағындағы кең жазыққа – итсигектер мен теріскендер, бүркіттер мен қаңбақтар дүниесіне кетті. Арқасын, шекесін күн күйдіріп, аяғын ұсақ тастар тілгілегеніне қарамастан, даланы кезіп жүріп, бойындағы бар шерін тарқатып ұзақ жылады. Ақырында жасы бітіп, денесі кеүіп қалғандай болып, тұла бойы қызды. Қызы кешке таман қүшнейіп, аяғы шөлге айналды. Сонда да үйге қайтпады. Тек інір түсे іздеген аттылар қарақұс сияқты қалқып отырған жерінен тауып алып, ауылға алып кетті. Сол күні ауылда үстап, тамақ беріп, ертеңіне алыстағы аудандағы балалар үйіне жөнелтті, содан кейін Алматыға дәрігерлік институтқа... Дәрігер болды... Әлгі жерге содан қайтып бір соға алмады. Бірақ көз алдында әлі күнге дейін тап кешегідей болып әлгі жарық таңтеренгілік, қармакқа түскен сазанның қамысқа соққан салдыры, шешесінің мейірімді көздері мен ақырғы көз қарасы, жар басы мен ар жағындағы жусан мен көкпек толы жазықтық, кешкі ауылдың оттары, мұсіркеген адамдар – бәр-бәрі ап-айқын қалқып тұр.

Бұл бұдан отыз жыл бүрын болған еді. Бірақ оның миынан шешесінің ауруы шықпайды. Жүрек ауруы. Қазір дәрігер болып шыққаннан кейін, тіпті өзін шешесінің өліміне кінөлі сияқты санайды. Дәрігерлікке түспей-ақ қою керек еді. Мұнысы қателік болды. Жүрекке жасаған әрбір сәтті операциясынан кейін шешесі ойына түседі. Қайтсін. Бөріне уақыт кінөлі. Бұдан отыз жыл бүрын жүрекке операция жасау деген атымен жоқ еді гой. Бірақ... Бірақ тек қана отыз жыл... кешегі ғана күн... кешегі ғана таңтеренгілік... кешегі ғана апасы... Сол бір жарқын, аспанда бір шөкім бұлт жоқ, ашық аспан... Отыз жыл дегенің қандай ойыншық... «Әттең, соны қайтарар болсам. Кешегі таңтеренгіні қайтара алсам», – деп көпшікке басын тығып, егіле жылады дәрігер.

Бұл кезде үйдің іші қап-қараңғы еді. Тек көшедегі электр шамдардың белмеге әлсіз жарығы еніп, тәбеге құңгірт бозғылт жолақтар салып қойыпты. Анда-санда гүрілдеп машина етіп жатыр көшеден.

«Әттең, – деп жылай береді дәрігер, – сол құнді қайтара алсам! Мүмкін емес! Мүмкін емес! Мүмкін... Мүмкін... мына кемпірлің көздері... апамның қөзінен айнымайды. Мүмкін, бұл кемпір ертең ауруханадан шыққаннан кейін... мүмкін емес... қалмайды... Жалғыз басты қайда барады ол? Бір бала-сы я бір жақыны жоқ. Одан да... Мен алдына барып, аяғына жығылып айтсам, қайтер еді? Бізде бәрі жеткілікті ғой. Бір бөлмеге үлкен киіз жайып, ортасында үршық ііріп отырса. Мен анда-санда келіп баяғыдай киіз үстінде аунап жатсам. Сол кезде үршық ііріп отырған апам... Апам бола ала ма? Қеніл... жүрек... қайдағы бір адам... Оның да бір кездерде мендей баласы болған шығар. Мен соны алмастыра алам ба? Мені бір айдан бері жегідей жеп жүрген ой осы ғой. Қырым-нан әйел де, балалар да келіп болмады. Олар қалай қарап екен? Менің жан дүниемді түсіне ме? Олар сол жарқын таңтеңгілікті, жазық үстін жайлайған сары жарықты көрген жоқ қой. Олар тікенекті сары далада аяғын тас тіліп, еніреп жүгірген жоқ қой! Мүмкін, түсінер. Ертең кемпірге айту ерте. Күту керек. Жазылсын...»

## ЖАН

Жан әр нәрсені көргісі, білгісі, ұстағысы келді. Көк аспаның тереніне бойлап, өсімдіктердің тамырына үңілгісі келді. Тауларлың қойнына қол салып, зәмзәм булақтардың шәрбөтінің сырын ашуға талпынды. Қалың ормандардың жүргегіне жол салып, жарық сөулемен жарыса өсуге құштарланды. Дүние жұмбактарының алтын кілтін тауып, планета есігін, кеңістік есігін иықпен итеріп ашқысы келді. Жер деген не, адам не зат, біз қайдамыз, қай кеңістікtemіз, қашаннан бері өмір сүріп келеміз? Жердегі тіршілік деген не, жапырақтар неге нәзік майысады, мыңдаған гүлдер жер үстін өтірге толтыра неге шешек атады? А纳ның құшағы неге ыстық, бриллиант коз жасы неге адамға қара тастай қайғы әкеледі – осылардың бәрін үққысы келді, бәрін белгісі келді. Мүмкін, мұның бәрі әркімнің де жас кезде басында болатын көгілдір тұманның әсерінен шығар. Бірақ, әйтеуір, ол талапты еді, талпынып еді. Дүниенің төрт бүрүшін шарлап, бәрін көріп, бәрін үққысы келіп еді. Мұның арманы қырдағы қызыл қызғалдақтай ғүлдеп, раушанша шешек атып түр еді. Бұл жас еді. Бірақ оның бәрінен не пайда? Қазір ауру. Рактың асқынған түрі. Қарын рагі. Өмір токтатады деген сез. Өмір бітті. Ендігі өмір откен жиырма бес жылдың инерциясы ғана. Аспанда оқ тиғен құс та біраз жер үшып барып құлайды ғой. Бұл да сол сияқты. Жаздың тамаша әсем құнінде қырда тұрган

қызыл қызғалдақ пен өтір істі раушанды қара дауыл, сұық бүршәқ бір секундта таптап өтті. Қызғалдақ жоқ болды, раушан семді. Өмірге кеудеден оқ тиді.

Оған оқ тиген күн қалалық дәрігердің қабылдауында болған күн еді. Қоңыр қөзілдірікті, қаба сақал дәрігер:

— Азамат, енді, әрі кетсе, төрт айлық қана өміріңіз қалды. Раксыз. Қарынрагі. Емдең жазуға ешбір мүмкіншілік жоқ,— леді шімірікпестен, бейне бір бос шегені қабырғадан суырып алғандай я бір ескі топсаны терезеден лақтырып тастағандай кейіппен.

Жүріп келе жатыр. Қар шықыр-шықыр етеді. «Жақында менің аяғымның астында қар шықырламайтын болады». Зығырданы қайнады. Бейне ішіне мың тонна тұз салып, аз ғана суға қайнатып жатқан сияқты. Жылап жібергісі де келді. Бірақ ол шыдамды еді. Оның еркі болат қақпаларды топсасынан жұлып, кедергілерді құл қылуға жететін еді. Ол боксер еді. Ол атақты СССР чемпионы Қасымовпен кездескенде, қол-аяғындағы бар күш сарқылып, қуат қалмаганына да қарамастан, рандтарды сыр бермей өткізіп еді. Оның өкпесі болаттан соғылған дейтін тренерлер. Ол шаршамайтын. Ол атышулы «Ажал қақпасы» асуынан асып, Қыргызстанға жеті күнде жеткенде де қынқ етпеген. Қасындағы жолдастары бір айдай демалып тұрганда, ол Өзбекстан мен Тәжікстанды аралап, Түркменстан арқылы Бакуғе жетіп еді. Содан самолетпен келген-ди Алматыға. Ол студенттердің ішінде күш жөнінен салыстырғанда мандай алды еді. Шынында да, оның денесі асыл металдан соғылған еді. Енді сол денеге ауру жабысыпты. Сол денеде — рак микробтары. Не деген сүмдүк?!

Жан тісін қайрап келе жатыр. Бет-аузын өрт шалғандай түтеп кеткен. Тротуармен жүріп келеді. Бұл Қазақстанның батыс жағына орналасқан орташа қалалардың бірі еді. Кешелер де ретсіздеу, ағашы да онша көп емес-ті. Мінеки, сол көшелердің бірімен келе жатыр.

Қыс кезі. Құн кешкіріп қалған. Аздаған аяз бар. Әр жерден көрінген ағаштардың жалаңаш бұтақтары сидиып, аспанға саусақтарын жайып қалыпты. Жұрт жұмыстан қайтып жатыр. Автобустар тұратын жерлерде халық көп. Ауыздарынан құшак-құшак бу шығара, дабырласа сойлеседі. Автобусты асыға күтіседі. Кейбіреулері ренжіп, қалада транспорттың дұрыс жүрмейтіндігін айтып, біреулерді балағаттап жатады. «Өмір деген осы-ау», — деп ойлады Жан. Алыстан фабрика-лар мен заводтардың тұтіндері көрінеді. Гудок даусы аязды ауаны сөл жыртып өтеді де, қайта құлайды. Көшеден бірен-саран аавтомашиналар өтеді. Міне, бір жеңіл машинада екі-

үш ұсақ бала және отыздар шамасындағы бір еркек, одан сөл жасырақ бір әйел кетіп барады, еркек рульде отыр. «Семья болуы керек, жұмыстан кейін қыдырысып бара жатыр гой. Шіркін, мен де осындай бір жеңіл машина аламын, семьялы боламын, тап осыларға үқсап балаларыммен, семьяммен серуен құрамын деп ойладым-ау».

Жел жоқ. Тутіндер, тәтті түтіндер көккө өрлейді. Анадай жерде иттер секірісіп жүр. Балалар сырғанақ тебеді. Аяқ астында себілген ұсақ қантша қар сықырлайды. Маңай толған өмір. Қаз-қатар тізілген үйлер созылады. Күн қаранғыланып, тере-зелерден сөуле жылтырай бастады. Әр терезеде әр өмір. Әр есіктің ар жағында әр тағдыр.. Міне, бір үйдің есігінің алдында бала жылап түр... Шешесі оған кейиң түсіп, одан сайын үрады. Бала қаттырақ жылайды. Бұрын мұндаиды қөргенде шыдан тұра алмайтын, ен болмаса, іштей назаланып болатын Жан мына құбылысқа селт еткен де жоқ. Енді оған бәрібір сияқты.

Неткен онбағандық! Жоқ, мүмкін емес. Абзалы, енді ол ауылға бармау керек. Ауылға қайтпау керек. Емделу керек. Қаба сақал айта берсін. Қаба сақал мылжындаі берсін. Алматыға, Москваға ұшу керек. Ұшқанда да, тез арада. Жан осылай бекінді.

Жан солай етті де. Самолет, поезд. Сағат, күн, жетілер. Алматы, Ташкент, Москва. Қөп дәрігерлердің алдынан өтті.

Бір айлық азап, толқу. Үміт күту айы. Суға кетіп бара жатқан адам жан-жағынан қолына ілігер қамыс, қармар ағаш іздейді гой. Бұл да сол сияқты. Бірақ маңайда тек толқыған толқындарға, шетіне шығып болар емес. Жаға алыс, тік. Талпынбай-ак су түбіне кете беруге болады. Үміт күту, аңсау айы өкініш пен үмітсіздіктен бөтен ештеңе әкелмеді. «Құдайлар» жәрдем бермедин. «Құдайлар» жәрдем бере алмады. Емделуге болады, бірақ құтқарып қалуға мүмкіншілік жоқ. Енде-ше, емделіп не керек? Қаба сақал дұрыс айтты. Қаба сақал біліп айтты. Енді ойлап отырса, сол қаба сақалдың тіпті бет әлпепті де есінде сақталмапты. Тек будаланған сақалыға көз алдында. «Сол қауға сақалға от тигізіп жіберсе, қандай пышырлап жанаң еді. Айызым бір қанар еді, шіркін», – деп ойлайды Жан. «Оның тек қаталдығы, болмаса айтқаны дәл келді гой. Оған несіне өшігесін?» – дейді екінші бір дауыс.

Сонымен, белгісіз үмітке берілген бір ай өтті. Қаба сақалдың кесімі бойынша, енді үш айлық қана өмір қалды. Онда да ең әрі дегендеге. Ал берірек болса...

Шынында да, бұл ауруын бұрын неғып байқамаган? Кей кездерде ішкен тамағы батпай, не құсып тастап жүретін-ді, соңғы кездерде өлсізденіп те кеткен сияқты еді. Ауылға келген осы соңғы екі жылда оның өмірінде осындай бір өзгешелік

пайда болып еді. Байқап тұрса, соның бәрі осының белгілері екен ғой. Бірақ рак дейтін тажал жас адамдарда өте сирек, шығанда біреуден кездесетін еді ғой, ал тәжірибеде көрініп жүргендей, ракпен аурушылардың көбінің жасы қырықтан асқан болатын. Ал енді шыныққан, денсаулығы құшті адамның денесінде рак микробтарының пайда болуы ғажап та зат емес пе? – Осылай деп ойлады Жан.

«Уш ай қалды. Уш ай ғана. Өмір сүріп болғаным. Енді жиналып, қайта беруге болады. Қараңғылыққа, түпсіздікке, белгісіздікке...»

Қазір март. Ол үйден шықпайды. Үйі ауыл шетінде. Төрт терезелі, екі бөлмелі шағын ғана үй. Ауыл биік қырдың басына орналасқан. Оңтүстігінде қырдан төмен қарай жазды құндері батпақ шалшық басталады, одан әрі шалғын, кішкене құм, өзен созылады, ар жағы өзен жарлары, жусаны мен көкпегі мол, үлкенді-кішілі жүздеген төбешіктерге толы қырлық болып кетеді. Солтүстігінде ауылдан екі шақырымдай жерден бастап-ак өркеш-өркеш жалтыр құмдар басталады.

Бұл маңай әзірше аппақ. Өзен бетінде еріп, қайта қатқан шарбы мұз. Батпақтың кей жерлерінде бейне астынан от жағып жатқандай буы бұрқыраған дөңгелек жылымдар көрінеді. Ақ қар үстіндегі қоян, тұлқі іздері ескіріп, өшіп бара жатыр. Құмдық төбелердегі қарлардың құнгей жақ беті еріп, қалғаны ерімеген, ала қанат. Қураган қияқтар жеңіл қырау жамылып, кірпікшешендей сұстиып тұр. Құн шыққанда мұзды жерлер сөүле шашып, көз қаратпайды. Ауыл шетіндегі баурай балалардың шаңғыларының ізімен айқышталып, тілінген қауындаі болек-бөлек болып жатыр. Тепсендегі миялар комақты қалпақтарына қар толтырып алып, соның ауырлығын ши аяқтарымен өрең көтерісіп, мұлғіп тұр. Көктем иісі сезіледі. «Енді еру басталады», – деп ойлады Жан. Терезеден осы ағарған, жылынуды күтіп тұрған алқапқа қарап, өзінің қанша өмірінің қалғанын да санап қойды. «Енді үш ай... Март, апрель... содан соң... май... Егер қаба сақалдың айтқаны рас болса, әрі қарай санап керегі жоқ... Тек майға дейін...»

Кенет оның есіне барлық өткен өмірі орала кетті. Бұдан жиырма бес жыл бұрын туған екен. Ес білгелі он шақты жыл өтіпті. Содан бері, қарап тұрса, оған ештеңе кедергі келтірмепті. Оған ешнәрсе қыын сияқты көрінбейтін. Бәрі де өз-өзінен толқып, еріп келіп тұратын. Тек аздап күш жұмса-сан болғаны. Өмір дегеннің өзі жақсы подшиппникке орнатылған нәрсе дейтін ол бұрын. Мектептегі өмір, сабак, жолдастар – мұнда да ол өмірдің ашы өткелінен өтіп көрген жоқ. Қөнілді, рақат өмір еді ол. Кешегі ғана балалық шақ. Кешегі ғана ыстық, отты ауылдағы өмір. Ауылы республиканың бір

түкпірінде кең даланың төсінде, құдіретті қалалардың гүрлінен алыс жатқан болатын. Ол осы кең даланың етбаяуыр баласы еді. Ол жазық даланың төсінде, шатқал-қияның баурайында киікше ойнап өсіп еді. Нарқамыстардың шуылының астында бұлақ сүйнен қылдырына құлақ, төсей өсіп еді. Аспандагы алып бүркіттің жайған қанатынан қалған көленкені қуа, боранды қыста аязбен алыса өсіп еді. Ол осы бір кішкентай аймақтағы өзеннің жағасынан қымыздық қазып, құмнан желек тере, табанын тікенге тестіре өсіп еді. Жаздың ыстық құнінде ерні кебере, қолына шанышқысын алып, тайыз суда тайдай тулаған сазандарды қуа өсіп еді. Ол кешке қарай құн ұясына жақындағанда қара жолмен асықпай аяндаған ауыл сиырларының аяқтарының сыртылын тыңдай, солардың артынан ерген қою шаңмен араласа өсіп еді. Ауылда асас үйретіп, Арқаның албырт желіне кеудесін төсеп өсіп еді. Үлкен шешенің мейірімді құшағында, әкесі оқып берген батырлар жырын тыңдап, Қобыландыға еліктеп, Қамбарды сүйе, қызы Баянды аяй өсіп еді. Қозыға елжірей, Жібекке жаны ашып, әжесімен бірге кінәсіз ыстық жастарын төгіп өсіп еді. Оған осы бір кішкене алқаптан бөтен дүние жоқ сияқтанып, ал өмірдегі барлық тамаша, қызық тек осы бір ойпаттаған сияқтанып өсіп еді. Ол анау көрініп тұрған белдерден әрі аспан басталады, сол жиектерде бұлт ілініп тұрады, ал ар жағында ештеңе жоқ, бар тіршілік осы жерде деп үғатын. Неткен өмір!

✓ Иә, өткен өмір. Сол бір шақтар неткен тәтті, неткен қызық еді. Бейне дүние көгілдір бір бояуға малынып алынғандай көркем де, өмір сұру көнілді де көрінетін (жалпы, адам есейген сайын өмірдің бояуы өші бермекші ме, немене?). Ақыры, ол онжылдықты бітіріп, алыстағы белгісіз қалаға аттанды. Қалаға аттанғанда артта көрі әжеған қалып еді, туған шешесі ол есін білмей тұрғанда қайтыс болыпты, ал әкесі Ұлы Отан соғысында қаза тапқан. Оқуға түсуге кетіп бара жатып, бұрын көрмесе де, кітаптан оқып танысқан темір жолды, шулы қаланы оймен шолды. Соған жетуге талпынды. Ол өзінің ұясынан алғаш рет тоңірекке қарап, қанат созған балапан сияқты еді, биікке самғау, білім қиясына қарай самғау дәуірі еді бұл оның. Бірақ екінші бір сезім оны туған ауылдың ақырғы белесінен асқанда қаншама елжіретті десенші. Сол белдің астында туған ауыл, ескен орта, құрбы-жолдас, күлім көзді қыздар, дүниеге келгелі қанбай жұтқан үйреншікті тәтті ауа, көрі әже, барлық балалық шақ қалып бара жатқан жоқ па. Көздің жасын іркіп-іркіп алып та еді ол. Көрі әжесінен ми-расқа бүйірган мінез бе, өйтеп ол ете сезімтал еді. Оның жүргегі көбелектің қанатының дірілімен қоса дірілдеп, көз

жасы таңғы жапырактан тамған шықпен бірге үзіліп тұсетін. Бірақ ол жүрегіне жақпаған іске темірше қасарысып, болатша сіресіп қалатын.

Сейтіп, ол поезга мінді. Екі жіп-жіңішке темірдің қырымен осынша жүк, адам бара жатыр дегенге өуелі сенгісі де келмеді, қызыға қарады. Жолда өзіне таныс емес тауларды көзімен жеп, алқапты өзендерге жанарынан от шаша, аузын ашып таңғала қарады. Таныс емес адамдардың жүзіне, олардың жүріс-тұрысына тігіле қарады. Бір сырды үккісі келген адамша сыйнай қарады. Ақыры ол қалаға келді. Дәу сіреңке қораптарындағы бірінің үстіне бірі мінгізіле салынған үйлерді көрді. Таза тас көшелер мен көкпеңбек ағаштарды көрді. Қаланың шуына үйренді. Тіпті қала өмірі оған қызықты да, қуанышты да көрінді. Әуелгі кездे трамвайдың тарсылы, мың сан дыбыстар мен шулар құлагына жаға қоймаганы да рас. Алыстағы ауылдағы өзен жарының астындағы жапырактың баяу тербелуі, шабақтардың шоршып ойнауы, қияқтың мұнды ызылы — осылардың бәрі еске түскенде, жүргегі бір сыйылыш кететін кездері де болатын. Қала туралы ойлай келіп, бәрін қосқанда «металл, тас, тұтін, шу» деген қорытындыға келген ол, ал ауылды қозалынан «жапырақ, үнсіз кеш, шанды жол, айлы тұн» деген үғымдар түрінде толқып өтетін. Биязылық, сол ауылдағы кешкі самалдай бір сезім кеудеден есіп өтетін... Сейтіп, университетке сын тапсырып жүре берді. Қасындағы балалар конкурстан қорқып, жандары алқымға тығыла сасқан шабақтардай жүгіріп жүргенде, оның ойына ештеңе де кіріп шықпайтын. Қайта оны көп еліктіріп, көп қызықтыратын осы өзіне таныс емес қаланың бұрын көрінбеген жақтары, жалпы қала өмірі еді. Сынаққа бірінші болып кіретін де, өзіне берілген сұрауға нақпа-нақ жауап қайырып, қала ара-лауга кететін. Паркінде болып, көліне шомылатын. Тау арасына дейін созылып жатқан, қызық-қызық аталған көшелерді аралап, арықтардан секіретін. Футбол жарыстарында болып, өуелі үшқан допқа, оны соншама біккө тепкен аяқтарға қарап, сол бір бұлшық еттерде қаншалықты қуат бар деп таңғалатын. Ал бокс жарысы болса, оған қатыспай қалуға төзеге алмайтын. Ерік, ерлік, қайсарлық мектебі дейтін ол бокссты. Боксерлардың қөзіндегі жанған жалынды, бұлшық еттердің ойнауын, барлық кимылдарды ол өте бір құрделі машинаның жұмысына теңейтін. Боксер болуды арман ететін. Ал сабакқа кешкісін я таңтеренгілікте дайындалып алатын. Оны көрген сын тапсырып жүрген жолдастары:

— Осы сен қай уақытта дайындаласың? — деп сұраушы еді. Ол, асылы, сөзге онша үйір болмайтын, сондықтан да ештеңе демейтін немесе иығын бір қайқаң еткізіп, сәл

құлімсіреттін де қоятын. «Екі аяқты этажерка» деп атайдын олар оның білімінің көптігіне таңғалып. Тағы бір тамаша қасиеті – оған жат ешкім жоқ еді. Ол ешкімге қатты сез айтпайтын. Кім болса, ол болсын, адамдардың бәрі де оған белгісіз бір құпия да тамаша, ізгі жандар болып көрінетін. Кейде мінезі нашар адамдарды жолдастары сынап жатқанда немесе одан пікірін сұрағанда:

— Кайтесіндер. Ол да жақсы адам немесе жақсы адам болуға тиісті. Тек өмірдің кейбір қаталдығы ғана осындай күйге түсірген болу керек; тәлім-тербие көрсе, жақсырак өмірге қолы жетсе, тастайды ғой, — дейтін. Жолдастары мұның осыншама ізгі ниеттілігіне таңданысатын да қоятын. Немесе қалжындал:

— Мұны өмірдің тек кейбір жұмсақтығы ғана осындай күйге түсірген шығар; кейін таяқ, соққы көрсе, түзеледі ғой, — десіп қарқ-қарқ құлсіп, бөлмені солқылдататын. Бұған Жан ашуланбайтын. Қайта сәтті табылған сезге ішек-сілесі қата беріле қулеттін.

Бір тал шөп, қанаты сынған көбелек, үйірінен айрылған еліктің лағы, уайымсыз балапан, көкпенбек аспан, толқындар — бәрі де Жан өмірінің бір бөлшегі сияқты еді. Ол бәрін де сүйе білеттін. Бақыт дегеніміздің өзі де сүйе білушілік қой деп ойлайтын.

Сөйтіп, университетке түсті. Білім іздену жолына түсті, көп уақыты кітапханада, тау қойнауында, далада жұрумен өтетін болды. Өсіресе, соңғы кезде әдеби шығармаларды көп оқумен шұғылданып еді. Баяғыдан бері, ондаған ғасырлардан бері тек осы жансыз әріп күйінде сақталып келген неше дана сөздердің жылылығын сезді. Ой ойлауға, болашаққа көз жіберуге үйренді. Табиғатты түсінуге тырысты. Жазушылар, ақындар туралы көп оқыды. Оқығанда да, әншайін беттерді бірінің соңынан бірін сыйырлата ашып, уақыфың қызығына ғана түсіп кетіп оқыған жоқ, әрбір сырлы сөзді сылай, сипай оқыды. Оның шын қасиетін түсіне, мағынасына бойлай оқыды. Әрбір сейлемнің астында әрбір жазушының төгілген тері мен көз жасын көре оқыды. Оған ұнаған кітаптарды оқып шығудың өзі үлкен күшке түсетін болды. Бір оқыған жерлерді бірнеше оқып, сызып, жазып алышп отырды. Астарлы, образды сөздер оның көзінен қағыс қала алмады. Әрбір астарлы сөзге қуана сүйініп, іштей таңғалып, қызыға қабылдап отырды. Классиктерді ете құмарланып оқыды. Олардың шығармаларын оқи отырып, бейне маңайы жұпарға толып, самал жұтып отырғандай я лаулаган жалынның ортасында отырғандай сезінетін болды. Әрбір құпия әріптің астарын сөгіп қарап, әрбір сөздің қақпағын ашып көріп отыр-

ды. Өзі де оңашада өлең жазатынды шығарды. Бірақ ешкімге көрсетпей, баласын қорғаған мысықша, қызғана, үрлана жазатын болды. Жазғандарының өзін де ешкімге көрсетпей, тығыла, ұяла сақтады. Штей жазушы болуды, ақын болуды арман етті. Оны әдебиетке одан сайын итермелей түскен бір қызың деген махаббаты еді. Ол қызы да өзі сияқты әдебиет факультетіндеге оқитын. Тұстары қалада өскен, қала тәртібімен тәрбиеленген нәзік бір қызы еді. Көрікті, көрікті болғанда да, искусствоның тамаша бір шығармасы дерлік жан еді. Ол жүрген жерде ерніне құлқі үйірмей, оның бетіне бір қарап, шипалы жанарының отынан бір ұшқын алмай қалғысы келмейтін жігіт жоқ еді. Оның бетіне бір қараудың өзі де көрген жанды рақаттандырып тастаушы еді. Кейде жігіттер әлгінің бетіне бір қарап құмарын қандырып кету үшін ғана келетін. Шаштары сондай нәзік, бейне желден тоқып істеп қойғандай өсерлі еді, бет пішіні мындаған скульпторлардың жүздеген жылдар бойы жабыла ойып, жана ғана халыққа тартқан қасиетті де тамаша өнері сияқты еді. Жұзінен есіп тұратын нәзіктік, үлбірлік самалына шек жоқ еді.

Сонымен қатар ол әдебиеттен де әжептөүір хабары бар, живопись пен музыканы қатар сүйеттің қызы еді. Эрине, мұндағы Бетховеннің бір симфониясын, Крамскойдың «Бейтанысын», Штраустың екі вальсін, Огинскийдің «Полонезін» немесе Венераның қолының не себепті сынғандығын билетін болса, өзін музыканың я живописьтің ең сүйікті адамымын деп есептейтіндер, өзін білгішпін деп санауга қақым бар дейтіндер толып жатыр. Бірақ Жан ол кезде мұнысын білмеді, оның асқан сұлулығына қызықты; көптеген кітаптардан оқыған сұлулықты, тазалықты, шынайылықты тапқандығына күмән келтірмей елікті. Мінекей, сол екеуі әңгімелесе қалғанда әлгі қызы көптеген музыкалық терминдерді айтып тастағанда, мұны түсінбейтін Жан едәүір қысылып қалатын. Содан кейін-ақ ол музыкамен, живописьпен кеп айналысып кетті. Неше түрлі архивтерді актариш, музыка дыбыстарының қасиетті шипасына шомылып, рақаттанды. Атақты суретшілердің бояуның өсерлілігіне таңырқап, сюжет құрудағы тапқырлығына қайран қалды. Ол енді өмірді қызығалдаққа теңеді. Өмір оған мындаған бояулардың қосындысы, солардың шағылышып, адам жанын сөулелендіруші деп ұқты. Сабак, лекция да енді оған бұрынғыдан да гөрі қызылылықты, көңілді болып кетті. Махаббат дегеннің, адам жылылығы дегеннің не екенін түсінгендей болды. Балалықтың бітіп, жастықтың басталғанын, жасқа тән сезімдердің өсу көктемін бастан кешірді. Сүйікті қызының ернінің балының өсерінен өмір оған ертектегідей көркемденіп кетті. Тіпті тамаша деген ертектің

өзі де мынаның қасында сұрғылттың кетті. Адамның сезімі, түйсігі дегендерді кітаптан оқыған ол, енді олармен жұзбезжұз кездесіп, солардың нәрлі саясында болды. Жүрек толқуының албырыт құшін сезінді. Әлгі қызды көргенде оның өн бойын мыңдаған ұсақ дірілдер билейтін болды. Оны өмірінің басты мақсаты, ен шыны деп түсінді. Шешек атқан гүлі деп түсінді. Оған барлық адамдарға тән құнделікті қасиеттер жат деп білді. Оның мөлдір шыныңдай тазалығына, пәктігіне күмән келтірмеді. Оны бұлттардың арасында өмір сүрге туған адам деп түсінді. Бірақ ол бұл ойынан тез қайты.

Бірде әлгі қызы екеуі қала сыртындағы көлге шомылуға барды. Олар анда-санда осылай қала сыртына серуен жасап, қайыққа мініп, қыдырып тұратын.

Маңай нұрға малынып, құстардың әсем даусына бөленіп тұрған шақ еді бұл. Күн сөүлесі тастарды да ерітіп жіберердей, олардың жылтыр денесіне сәулені аямай төгеді. Көл маңында ешкім жок екен. Тек жан-жақтан жартастар қоршап, бәрі де осы көл тұбіне қымбатты бірдемелерін түсіріп алғандай үніліп қалыпты. Су беті тұп-тұнық. Кілкімейді де, толқын таратпайды. Басылып, езіліп жатқандай.

Бір шыршаның тасасына тұрып, әлгі қызы шешіне бастады. Әріректе Жан да шешінуге кірісті. Кенет судың гүмп ете қалғанына жалт қараған Жан ендігі мезетте басын судан шығарып алып жүзіп бара жатқан қызды көрді. Бұл да тез шешіне, суға бет қойды да, еркін құлаштап, қызды тез қуып жетті. Екеуі су ішінде шабақша ойнап, сүлкіше бұраландасты. Қызы да сондай сұңғіғіш екен, тап бейне жыландаій ііліп, су ішінде үршықша үйріледі. Жан да шалқалап, етпептеп, бір қырымен, не керек, әйтесін, әртүрлі тұрге салып жүзіп бақты. Қызға су шашты, ол да бұршак тамшылармен жауап беріп, екеуі қызыққа әбден батысты. Біраздан кейін жағаға шығысты. Күнге күйдірінді. Қыздың жүзі шат, айқайлас дауыстайды. Оған маңайындағы зәулім жартастар көңілін жықпайын дегендей жамыраса қайта үн қосады. Қызы ол жартастарға қарап:

— Бейне бір музыкалық инструменттер сияқты, — дейді.  
Оған:

— Болашақта сен музыканту болғанда, осындаі аспаптың біреуін сатып алып берем, — деп қалжындаиды Жан.

Екеуі мәз-мәйрам болып құліседі. Қызы Жанның ернінен сүйеді, қызықтайды. Жан қашады, қызы қуады. Қызы қашады, Жан қуады. Қуып жетіп, жіңішке белінен тартып тұрып құшырлана сүйеді. Қызы тартынады, босап шығуға тырысады. Болмаған соң, мас болған адамдай көк шөптің үстіне құлай кетеді. Міне, енді екеуі де шалқалап жатыр. Аспанға көздері жаңа түсті — көкпенбек екен. Маңайды қоршаган теректер

осы көк аспанды бірнеше жерден тіреп тұргандай, сөйтіп, жер бетіндегі адамзатқа қайтпас қарыз беріп тұргандай, маңғаздана қарайды. Төбеден бірер тау құсы ғана үшып өтеді. Бөтен дыбыс жоқ. Жан үрләніп қыздың жалаңаш етіне көз жібереді. Жұқа су костюмдері әлі кеуіп болмапты. Ақ төнінің кейбір жерлерін күн шалып, әдемі қоңырқайлатаң. Қос алмасы төңкерілген кеседей тіп-тік. Бюсгалтерін жыртып жіберердей керіп тұр. Сол тебешіктердің кішкентай баурайшаларынан әлі де кеуіп болмаған су тамшылары төмен домалайды. Біреуінің ең үшар басында төбенің басында отырған қарақұстай қанатын қайшылап бір шыбын отыр... Топ-толық саны көк шөпті жапыра жатқан. Талай рет суга бірге түсіп жүрсе де, алғаш рет байқады: белі жіп-жіңішке еken. Әсіресе қозғалғанда, қымыл жасағанда бұрандап үзіліп кетейін деп тұргандай. Қазактың ««аш күзендей бүтіліп» деуі тегін емес-аяу» деп ойлат қалды ол осы сөтте. Қыз көзін жұмып, екі алақанымен бетін басып жатыр. Әдай өзінің осы дене сұлулығын ұялмай, қымтырылмай қарасын деген сияқты. Қыпқызыл, жұп-жұқа үлбір ерні де ішіндегі қаны сыймай, жарылып кетердей дөңгелене қалыпты. Я бір сызық, я бір қабыршақ жоқ. Шиедей қып-қызыл, топ-толық ерін. Тек сызықтата сорып жататын тәтті бір зәмзәм сұы я сығып алсан, қазірақ қабығы ғана қалатын балшырын бір жеміс сияқты. Одан төмен әлі сызық түспеген жұп-жұмыр мойын нәзік көкірекпен жалғасады. Қыз сұлқ жатыр. Буынсыз адам сияқты. Жан шынтақтай түрегелді де, қыз бетіне ұнілді. Оң қолымен белінен құшақтай, кеудесіне тартты. Қызда әлі қымыл жоқ, тек Жан кеудесінде жаны жоқ бір салмақты затты көтеріп келе жатқандай... Манай тып-тыныш, мұлтіп тұр. Ағаштар да селт етпей, жапырақ-бұтақтарын шойыннан құйып тастағандай немесе тап бір суреттердегідей қатыпты да қалыпты. Тек алыстан торғай шықылықтайды. Қыз денесі боп-бос. Кенет осы бос денені еркінше көтеріп алды да, қатты қысып, ернінен құшырлана сүйіп тұрып қалды. Қызға енді-енді жан кіргендей, ол да бірте-бірте Жанға қарай тартыла, қысыла берді. Екі деңе біріндегі жалынды біріне ауыстырғандай болған шақта, қыз кенет серіппедей жиырылып барып, жігітті қапсыра құшақтай алды да, сүйіп-сүйіп алды. Сол мезетте-ақ екеуі де салмақтарымен барып көк шөптерді аяусыз жапыра құлай кетті. Оқыс қимылдан шошыған бір ала қанат торғай жақын теректердің бұтағынан пыр етіп үша жөнелді. Жан енді байқады: қыз оны құшырлана тартып, ерітіп алып бара жатыр. Шынында да, белгісіз бір күш ыстық құшаққа... я тіпті одан да әріге алып бара жатырған сияқты. Су түбіне тартқан қалтқыдай шымырлатып алып барады. Жан сасып

қалды. Сірә, бұл тартып бара жатқан қыз емес, өзім шығармын, өзім, мүмкін, өзімді билей алмай бара жатқан шығармын деп ойлап қалды. Ал қыз мұнданың қызы емес қой, ол бұлттардың арасында жүрге тұған пәк, мәлдір, дүниедегі бөтен адамдардан өзгеше, артық, тамаша... Жоқ, жоқ, тартып бата жатқан қыз екен: сонын мынау сүйрік саусақтары, мынау соның нәзік, епті, жыланша иретілген қолдары. Мынау соның тартып бара жатқан күші... Жан адамдағы сезімнің осы бір түрімен бұрын кітаптардан оқып қана танысқаны болмаса, шын сырын білмейтін-ді. Енді мінеки, бүкіл денесін от жайлап, қып-қызыл болып кетті. Қараса, ол тап осы мәзетте қыздың көкірегінде, жаңағы екі қыратты басып жатыр екен. Жан шыдай алмады, ұшып тұрғысы келіп, бұлқына көтеріле беріп еді, өлі Жанның ішінде не болып жатқанын түсінбекен қыз қолын босата қоймады. Жан етпептей барып қыз үстіне қайта құлады. Таңдану сезімі оның жүзін алаулап соғып өтті. Қыздың көзіне көзі түсіп кетіп еді, ол тап бір жағаға шығарылған балықша аузын ашып, Жанға жалынышты көзben қарап, алабұртып, отша жанып жатыр екен. Жан күйіп кетті. Мұнданың қызы өдемінде одан күтпеген еді. Оны дүниедегі ең адал, ең таза, мәлдір адам деп, оның жанына табынып келіп еді, енді мінеки, оның да бөтен әйелдердегі әлсіз жақтары бар екен, барғана емес-ау, жеткілікті екен гой.

Қыз түсінді білем, қолын босатып жіберді. Ұшып тұра келді. Енді екі көзінде ыза оты мен қорланғандық оты алаулап жанып тұр. Әдемі кірпіктерін наизадай шаншып:

— Сен өлі шикі баласын! Түсіндің бе, шикі баласың, — деді де, шыршаның ар жағына жүргірп кетті. Сол кеткеннен оның жүргегінің билеушісі қайтып келмеді. Оқып жүріп күйеуге шықты. Күйеүі де сыртын сылаудан бөтен ештецені білмейтін біреу болатын. Оған қалай шығып, қалай тұрмыс құрып жүргеніне кейде Жан таң қалатын. Қыздың өзі университеттің бітіріп, диплом алып тұрғанда бір баласы құшағында еді. Бірақ Жан осы қыздың қызығына, оның ақырғы сезінен, өлгідей күйеуге шыққанына өлі күнге дейін түсіне алмайды. Дегенмен, осы жұмбақ Жан еміріне үлкен бір сұрақ белгісін қойып кетті. Бұрын бәрі түсінікті болып келген оған енді дүниенің, өмірдің сұрақтары қалқып шыға бастады. Тағы да іздену, кітап жолдарын ақтару құндері басталды. Әртүрлі ғылымдардың сарайларына өнгісі келді. Бірақ бәрінен де бұрын, шытырманы мен жаңсағы көп тамаша ойларымен, өсіресе, ап-айқын тенеулері үшін философияны бір жақсы көріп кетіп еді. Сонау Гегель мен Фейербахтан, утопистерден бастап, Маркске дейінгі, одан кейінгі ағымдарды, олардың мың сан айтыштарын қызыға оқытын. Биологияны, адам мен өсімдіктердің,

тірі жәндіктердің өмір сүру қабілетін, ортасын оқып білді. Алға аттау үшін көтерілген аяқ, ұруга оңтайланған қол – мінеки, осының бәрінде қаншалықты қимыл, сол қымылдардың заңдары жатыр, – соны түсінді. Тас таудан неге төмен домалайды, құстар қалай шарықтап ұша алады, қар неге жауды – мінеки, осының бәрінің физиканың қасиетті заңдарына байланысты екендігін түсінді. Откен заманың тарихына көз жіберіп, көптеген уақыттарды білді. Осы шаңды жердің бетімен нешелеген рулар, халықтар жүргенін, қазір солардың осы үнсіз төбелердің баурайларында тып-тыныш жатқанына қайран қалды.

«Кімдер бұл жолмен жүрмеген,

Кімдер де дәурен сүрмеген», –

деген жолдар келді оның ойына.

«Мынау осы мен тұрган тастың үстінде менен әлденесше ондаған жылдар бұрын бөтен біреу де осылай демалып тұрган шығару-ау, осы таста, бәлки, әлгі адамның жұз жылдық ізі де жатқан шығар, кім білсін. Бұл жерлерді талай іздер шарлаған шығар. Енді сол іздің иелері орнын балаларына, олар өздерінің балаларына тастап кеткен, шынында да, өмір деген бір ағын су деген дұрыс-ау», – деген Қорытындыға келген.

Бірақ ол әсіресе әдебиетті жатпай-тұрмай оқыды. Классиктерді түгел бітіруге тырысып, кітапханадан шықпайтын болды. Оның көз алдында осы бір ақын-жазушылар теңізі пайда болып, олардың кітаптардағы суреттерімен тірі адамдарша ақылласқандай болатын. Я оларды тірі күнінде көрген адамша немесе бірге шарап ішісіп отырғандай сезінетін. Бос уақытының көбін спортпен шұғылдануға арнады. Жұзу, коньки тебу, велосипед тебу, шаңғымен серуендеу мұнын ең сүйікті демалыстарының бірі еді. Ал бокс оның жаны еді. Алғашқы жылдың өзінде-ақ тамаша табыстарға жеткен ол күшті боксерлер қатарына тез ілінген. Және оның ең бір жақсы қасиеті – қайсар еді. Мейлі оны біреулер рингте төмпештеп жатсын, ұрып жатсын, бәрібір ол құламайтын, ол ешбір жасымайтын, қайта ызаланған жолбарыстай қасарыса тап беретін. Оның өкпесі өшпейтін еді, оның жүргегін тітірету киын еді. Шынында да, ол өзінің әріптестеріне қарағанда тіпті шаршамайтын немесе өкпесі жоқ адамдай сезінетін. Университетті бітірер қарсаңында республикаға аты жайылған күшті боксер болып шықты. Университеттің спорт залының ең сүйіктісі болып алды. Ол рингке шығып шабуыл бастағанда, студенттер оның қайсарлығына, күштілігіне, ептілігіне таңқалысып, ду қол шапалақтасып отыратын. Әсіресе оның жиырылып барып түйіліп қалатын, соның артынша-ақ тез қайта тарқатыла-

тын өсем бұлшық еттері – қымыл жасап жүрген кезде санда, қарда, қекіректе бөлек-бөлек болып ойнап жүрген бұлшық еттері – көз тартатын. Дәл соққылар кімді болса да сүйіндірмей қоймайтын. Ал оған көзделген соққы қолының астынан, басының жанынан кетіп жататын, электрдің аттас зарядындаи сокқыдан тез қашып құтыла алатын, тез реакция жасай алатын еді ол. Оның соққыны өзіне дарытпауы қасиетті бір дүғаның әсерінен сияқты еді. Кейде раундтар бойы мұның денесіне соққы дарыта алмай-ақ жарысты бітіретін боксерлер кездесетін. «Адам емес, машина» десетін олар. Сөйтіп жүріп университетті де бітіріп шықты. Алыстағы өз ауылына келді. Келсе, шешесі қайтыс болыпты, жас қабіріне шөптеге де шығып үлгерген. Үйі қаңырап бос түр. Есігіне салынған құлыптың топшысын тот басып қалыпты. Шықыр-шықыр етіп әрең ашылды. Еппен жүріп коридордан өтті. Ешбір тіршілік иесі білінбейді. Тек тап есіктің алдынан бір дәү қара мысық көптен адам көрмегендіктен бұған ожырая бір қарады, ас үйге сұңғіп кетті. Төргі бөлмеде де жан жоқ. Тек төрде өке суреті ілулі түр. Осы бөлмені құзетіп тұрған адам сияқты. Жүзінде сәл ғана мұн бар. Шамасы, бөлмедегі жалғыздық оның да жанын езіп тұрған сияқты. Төрде киіз, текеметтер әдемілеп жайылып қойылған. Бірақ бәрінің үстінде де жұқа шаң бар. Бұрышта ескі домбыра жатыр. Инженеріне шыбынның қонғанынан да дың етіп әлсіз дыбыс шығарады. Үй ішін жүлеушілік пен қөңілсіздік жайлалаған. Барлық заттар да – мына жаюлы жатқан әп-әдемі текемет, кілем, көрпе-жастықтар, кереует, ілулі тұрған суреттер, оның ішінде өке суреті де – бәрі де жетімсіреп тұрғандай. Тіпті осы бөлменің өзін мұнды ауа жайлап, дүниемүліктерге де нафталиндегі сіңіп қалған сияқты. Тіпті сол мұн, реніш, жетімдіктің де сол нафталиндегі іісі бар тәрізді. Мұны көрген Жан, қанша шыдамды болса да, көзіне келіп қалған ыстық тамшыларды тоқтата алмады. Соғыста қайтыс болған әкесін, мінекей, биыл окуды бітіріп келіп тұрған шағында дүние салған шешесін ойлад, қамырып кетті. Әрі десе, жалғыз ерке болып бұлғақтап өсken Жан жетімдіктің шын ауырлығын сезген кезі еді бұл.

Сөйтіп, ол осы үйде жападан жалғыз жұмыс құндерін бастады. Орта мектепке оқытушы болып орналасты. Сөйтіп жүріп екі жылдық қызымет уақыты да көшкен бұлттай қомескі көлеңке тастанап өте шықты. Енді міне, соңғы кезде әр жері бір ауыра бастаған соң, дәрігерге көрініп еді, қаба сақал оның армандарының құл-паршасын шығарды. Бұл түқымнан қалған ақырғы шыбық та қырқылуға тиис болды.

Мінекей оның өмірі. Оның қысқа өмірі осы-ақ еді.

Қаба сақал оның барлық жоспарын құл-талқан етті. Жазушы болу арманы да, жар сүю тілегі де бу болып үшіп кетті. Өмірдің қызығы, жердің шебі де сүргілт тартып, оның көз алдында сарғайып қоя берді. Әрқашанда салмақты ол қаба сақалдың кесімін естігенде айқайлап та жіберген жоқ, көзіне жас та алған жоқ, бірақ көзінің жарқ етіп, екі бетінің ду ете қалғанына қарағанда, бір нажағай жүректі өртеп кеткенін айыру қыын емес еді. Ол қопарылыс барлық сай-сүйегін бытырлата қиратып, ет бауырын мындаған өткір алмастармен туралап өтіп еді, тек аман қалған сыртқы түрі өлгі төгіліп кетейін деп тұрған миллиондаған ұсақ бөлшектерді ұстап тұрған қашық сияқты болып қалған-ды. Бірақ сыр білдірмеген.

Енді ойлап қараса, өзінің өмір жолы аттың тұсауынан да қысқа екен. Тіпті ештеңе істей де алмапты. Өзі ертеректе сүйіп айтатын, өзінше жақсы ойлап таптым дейтін:

«Топыракты үй дағы тәбе жаса,  
Тау тұрғызу қолыннан келмесе де», –

дегендей төбешік те жасай алмапты. Енді өмірмен есептесіп, қоштасып, жөнелейін деп тұр. Ұмыт қалған, кедергі келтіретін ештеңесі жоқ сияқты. Өкінетін де, өмір кемесінің бортына жабысып, айрылмайтын да ештеңесі жоқ. Өткен өмірі өншейін бір салдыры бар да, салмағы жоқ бос қауашақтар сияқты...

...Рас, ол біраз білім алды, келешекте адамдарға пайда келтіруді ойлады, жазушы болғысы, адам жүргегін нәзік, шипалы сөздермен емдегісі келді. Халқының адад, ардақты ұлы болғысы келді. Бірақ одан не пайда? Оның бәрі де әзірге тек арманғана емес пе? Ойғана емес пе? Ой деген, арман деген еркін құстарғой, ертең-ақ тән өлісімен көк аспанды шарықтап кезіп кетпей ме? Оны қайта ұстau қайдада?! Ол екінші бір адамның басына келіп үялағанша талай уақыт өтпей ме? Жүрек тоқтап, ми шіри бастағаннан кейін, мұның ойынан адамдарға не пайда? Шынымен-ақ адамдар үшін ештеңе істей алмай кеткені ме? Иә, солай... солай сияқты...

Ол осылай сезінді. Өзінің жаңа ғана қанаттанып келе жатқан жас ойларының ізсіз жоғалатынына оқінді. Шіркін, қаншама таланттар жаңа ғана гүлін ашайын деп келе жатқанда қыршынынан қылды екен. Солар әлде де біраз жылдар өмір сүргенде, Пушкиннен де басқа Пушкиндерді оқып жүрген болар едік-ау. Неше Лермонтов, неше Абайлар қанатын жая алмай қайрылды екен. Жас үміт пен албырт арманды қыршынынан қиятындаидай не деген тар едің, дүниe-ай.

Осыларды ойлағанда, оның денесін мұздай сұық билейді. Өзінің де жазушы болу арманының күйрекеніне күйінеді. Тіпті

сүмдүк. Бұрын өлім деген сырттан естігенде біртүрлі еді, енді бетпе-бет келгенде мұлдем басқаша екен. Қорқынышты да емес, қаһарлы да емес, бірақ жексүрын, зұлым, зымиян...

Мінеки, басы тағы ауыра бастады. Айнала бастады. Бейне миы осы бас сүйектің ішінде айналып жүрген сияқты немесе шамадан тыс өсіп кетіп, бас сүйектің бір жерінен тесіп шығуға, немесе шытынатуға талпынғандай жаман ауыртады, денесін дел-салдық билеп, шаршатады.

— Басы осы шығар, — деп ойлады ол.

Кенет есік сықыр ете қалды, ішке Кәрім кірді. Кезінде көзілдірігі бар, аласа бойлы жас жігіт болатын бұл. Бұрнағы жылы Жан екеуі Алматыдан бірге келген, медициналық институтты бітірген дәрігерлік мамандығы бар еді онын.

— Привет, Жан! — деді ол кірген бойдан, көзілдірігі мен тістерін бір жарқ еткізіп. — Қашан келіп қалдың? Жағдай қалай? Кәрінбей кеттің ғой. Осыншама уақыт қайда болдың?!

Асылы, ол өте көп сөйлейтін, сонысын өзі жарататын адамдардың қатарына жататын. Бірақ Жан үн қатқан жоқ. Кәрімнің бетіне қадалып қарады да, ұнсіз ойланып, ештеңемен ісі жоқ кісіше тұра берді. Тіпті бөлмеге кісінің кіргеніне, оның ішінде жақын досының кіріп келгеніне ешбір селт ететін емес.

— Жанушка, саған не болған? Неге ренжіп тұрсың? Қаладан келген адам осылай бола ма?! Саған тап болған қандай меланхолия? Бұрын сен мұндай емес едің ғой. Кәнекей, қаладан әкелген базарлығыңды шығар, — деп тағы да жүйдірмелете жөнелді. Мұнысы пулеметтен атылған екінші обойма сияқты сезілді Жанға. Бірақ сонда да үн қатпады. Беті шіміріккен де, бір мықтал сыр берген де жоқ. Баяғы қараған жеріне қарап, сөл ойланған қатып қалыпты. Жұзінде я реніш, я қуаныш, я ашу жоқ. Тек сөл ойланулы, ескерткіште қатып тұр.

— Сен керен болғаннан саумысың? Сен ауру емессің бе, Жанушка! Мені танымай тұрсың ба? Әлде Жан сияқты, Жанның рухын алған басқа біреу емессің бе?! Кәнекей, әуелі өзінді үстап көрейін, әруақ па әлде шын адам ба екенсің?!

Осылай үшінші обойманы теге салып алға атtagан Кәрімді Жанның:

— Тоқта! — деген қатал даусы кілт тоқтатты. Тап бір мың тони налық балғамен бастан салып қалғандай я сол жерге шегелеп жібергендей қатыра тоқтатты. Жұзіне қараса, ашуға бұлығып қалыпты. Досының мұндай түрін бұрын көрмеген Кәрім есептіреп қалды.

— Рак ауруын медицина жаза ала ма?

Сұрақ кенеттөн, күтпеген жерден қойылды. Кәрім сасып қалды.

— Смотря, оның қандай түрі...

— Ең асқынған түрі. Асқынған қарын рагі.

— А-а, олай болса, оған медицина... Сен бір рак ауруымен, қарын рагімен ауырған адамды көріп, соған ренжіп келіп түр екенсің гой. Сенің нәзік жүргегінді білемін гой. Ол, шамасы, қырықтан асқан адам болуы керек. Ничего. Оған ренжімеу керек. Ол адам қырық жыл өмір сұрді. Аянышты, бірақ не істерсің. Қазіргі медицина қарын рагінің асқынған түріне ештеңе істей алмайды. Ол адам өндептің о дүниеге журе беруіне болады. Жылына жер жүзінде рак ауруынан қайтыс болатын адамдардың саны...

Бөлме ішінде наизағай ойнап кеткендей болды. Көрімнің басы сәл қайқая, бір жақ беті толығырак көріне алға аттай беріп еді, ашулы сөздерді төге салған Жан боксерлық инстинкт бойынша оң қолды тәмен орап барып, иектен салып қалды. Қимылдың көз ілеспегендігі соншалық, тіпті Жанның өзі де дұрыс байқай алмай қалды, — тек Көрімнің екі аяғы жерден көтеріліп бара жатқанын, артынша есіктің алдына шелпек нанша жалп ете түскенін көрді.

Көрімнің көзі аларып кетті. Кенеттен тиген қатты соққы есекіретіп тастаса да, үрей ұшқыны көзіне қайта ойнап шықты. Шоқ басып алғандай дуылдаң бара жатқан жағын ұстап орнынан өрең түрді да, шамасы жынданған шығар деп ойлаған болуы керек, есікке қарай сүйретіле берді, бірақ Жанның ызгарлы даусы оны тағы тоқтатты:

— Тоқта! Тағы да айтамын, тоқта! Жыланша ирелеңдеп ешқайда қашып құтыла алмайсың. Ешкім, ешкім де емес, мына қарсы алдында тұрған Жан, мына мен — қарын рагімен ауырып келіп тұрмын. Енді үш айдан кейін жердің суық қойнына кіріп үлгеремін. Жаңағы өзің айтқандай, өндептің кете беруіме болады. Міне саған, достым, қаладан әкелген базарлығым. Қалап алармысың, достым. Кішкентай ғана дәрігерім. А-а-а?

Жан ыздан булығып, талып құлады. Бір жағынан, есі шыға қорқып, бір жағынан, сүмдық таңданып қалған Көрім жүгіріп келіп, Жанның басынан сүйеді. Бұл Жанның бүкіл өмірінің ішінде ашуына жол беріп, өзін өзі билей алмай қалған кезі еді.

\* \* \*

Жан бірте-бірте өзіне келе бастады. Көрімде үн жоқ. Бейне бір ағаштың түбірі сияқты қатып қалыпты, я қимыл, я сөз жоқ. Жанды жаңа көрген адамдай я тіпті ерте заманнан қалған жаңадан табылған бір жәндіктің тас бейнесіне қарағандай көз алмайды.

— Достым, ызаға булығып кеттім, кешірерсің. Маған ренжімессің, Көрім. Мына алдында отырған қу сүйек рак ауруымен ауырып келіп отыр. Күйіп кеткесін, шыдай алма-

дым. Алматыда, Ташкентте, Москвада болдым — бәрі де жаңағы сенің айтқаныңды айтты. Емдейміз, егеміз, қал деді, ауруханаға жат деді, бірақ бәрі де құтқарып қала алмаймыз дейді. Ендеши, ауруханаға жатып не керек? Үйде де өп- өсем өлүге болады ғой. Өлімді жолаушыны вокзалдан күтіп алғандай ауруханадан күтіп алу міндетті емес қой. Аурухана өлімге барап бірден-бір табалдырық емес. Өлімге қай жермен болса да оп-оңай баруға болады — оттың аузынан, жартастың басынан, майдан даласынан, жар құшағынан, тіпті бүйірып үйіктап жатқан жерінен де жетіп баруына болады. Өлімге баратаң жолдың саны бастағы шаштың, аспандағы жұлдыздың санынан да көп. Өлім қаласы бізден бір секундтік жерде ғана тұрады. Мен осыны біліп келіп отырмын, достым. Маған сен аянышты қөзіңмен қарама. Маған қазір жұбату айттайын деп отырганыңды да біліп отырмын. Бірақ керегі жоқ. Біз екеуіміз де мұны жақсы түсінеміз. Ештеңенің керегі жоқ. Бәрі шешілген. Сен тұғіл, талай бума сақалды, килограмм қозілдірікті профессорлар да ештеңе істей алмаған.

Көрім бірдене айттайын деп оқталады. Бірақ көмейінде бір кесек балшық қалып қойған адамдай, аузын ашқанымен, сөз шығара алмайды. Қысылғаннан терлеп те кеткен. Жұзі ала-бұртып жанып тұр.

Жан сейлем отыр:

— Солай, достым, жиырма бес жыл бірге ойнап өстік. Осы алқапта барлық жастық шағымызды өткіздік. Бірге таяқ ат мініп, бірге құрақ қамшыладық. Қофаның басын бірге бұркыраттық. Қамыстан сыйызғы тартып, бұзауға мініп, аударыспақ ойнадық. Мектепке бірге барып, бір кітаптың бетіне бірге үңілдік. Бірге білім алдық. Ауылға бірге келдік. Бірге жүрдік, бірге тұрдық.

Енді қашанғы бірге бола береміз — айрылысатын уақыт жеткен сияқты. Бұл сүм дүниесден жүрегі қанға толып, көз жасын жұта бір адам кеткеннен жердің сақалы ағарып, белі бүгіліп қалмас. Жер өз бетінше дөңгелене берер. Сен де, достым, бізді анда-санда бір ойыңа алып, осы бір тебенің баурында жатыр-ау деп көз қиығынды салып қоярсың. Біз де сол жердің жалықпас дөңгелеуімен бірге дөңгеленіп, қабірімізде тербеліліп жатармыз. Бірақ біз сендер сияқты емес, шіріп жатармыз, сіздер ойнап-куліп, бақыт құшып, шат құстарша еркін өмір сүрерсіздер. Біздің ернімізден құрттар үя жасап алған кезде сіздер сұлу қыздардың ұлбір ернінен бал татып жүрерсіздер.

— Жан!

— Иә, солай болуга тиіс те ғой. Арсыз дүние, ку тағдыр дегендердің не екенін енді түсініп келе жатқан сияқтымын.

Әке мен шешеден бір айрылып едім, олар да менің қызығымды көре алмай дүние салған жандар ғой, енді міне мен де, солардың артқа тастап кеткен жалғыз шыбығы мен де, қайран әке-шешемінің мекеніне, сыз жердің бауырына кетіп бара жатырмын. Сірә, сол шыбық қектемеуге тиіс болған ғой.

— Жан! Жан деймін!

— Досым, қазір сен не айтқанмен, шындықты жасырып қала алмайсың. Шындыққа қарсы ештеңе де айта алмайсың. Сенің манадан бері тілінді байлап отырған да сол шындық. «Жан» деген сөзден бөтен сенің аузыңа ештеңе түспей отыр, сен не айтартынды білмей отырсың. Ештеңе айта да алмайсың. Себебі, сенің анау қалың кітабында мені қорғайтындей ештеңе жок.

Көрім тәмен қарап, жаншылып қалды. Жанның айтқаны рас еді. Оның сөзінен шындық дауылы есіп отыр еді. Қатты, ызғырық болса да, бұл шындық дауылы еді. Сол еді Көрімнің мойнын тұқыртып, сөйлетпей отырған.

Иә, қалың кітапта солай жазылған еді. Жандікі рас еді. Көрім шыдай алмады, көзіндегі жасын жеңімен сүрте-мұртедаалаға атып шықты.

Бөлмеде тыныштық. «Көрімді жылатып жібергенім не? — деп ойлады Жан. — Бірақ бәрібір емес пе, мен шындықты айттым да қойдым ғой, ол оған неге қамыгады?».

Тағы бір шыбын домбыраның ішегінің үстіне келіп қонды. Мұны Жан әлсіз ғана дың еткен дыбыстан сезіп отыр. Стол үстіндегі кішкене сағаттың нәзік сыртылы естіледі. Күн жарайығы еденде ойнайды.

Кенет есік тағы сырт ете қалды. Ауызғы бөлмеден дыбыс шығармай-ақ тәргі бөлмеге енді. Бұл бір биязы ғана қыз бала екен. Тап Индияның фильмдерінен кездесетіндей шашы дудырап кеткен жап-жас қыз бала. Жас шамасы 17–18-дердс. Жүзінде сөл ғана үрей мен жылылықтың лебі жатқан сияқты. Өзі де еліктің үркек баласындей, таңғала, құдіктене қарайды.

— Ағатай, апам сізге тамақ пісіріп берсін деп жіберіп еді. — Сүйкімді, биязы нәресте, көзіндегі пәк үшқындарды карасаң. Жан таныды — көрші үйдің баласы екен. Аты Шәрбат болатын. Биыл онынши класта оқып жүрген болу керек. Неткен тамаша. Тұла бойынан, қимылынан, жүріс-турсынан өмір есіп тұр. Өмір үшін жаралған қыр гүлі. Еліктің лағы. Кішкентай ғана үлбір, нәзік дене. Үлбір, нәзік, өмір деп соғып тұрған жүрек. Қайғыны, ашуды, күйікті білмейтін таза жүрек.

Бір сөтте Жанның басында осы ой самғап өтті. Ауруын да ұмытып кеткен. Дүниеде сүйсінерлік нәрсе корсе, озін өзі ұмыттының ол қазір де басқа дүниені ұмытып, осы балаға қарап

қалған. Жаңа ғана жүзін бүркеп тұрган реніш шымылдығы түгел серпіліп, оның орнына таңданғандық, асқан таңданғандық пайда болған. «Бұрын байқамайтын да едім, қандай әдемі болып өсken», — деп ойлап қойды тағы да.

Шәрбат ұзақ ұнсіздік пен өзіне қадалып қалған жанардан қатты қысылып қалды да, қып-қызыл болып кетіп, кірпіктерін төмен түсірді.

«Қандай тамаша, жарасымды. Нағыз аспанның арулары сияқты. Ең тамашасы — адал, пәк, таза жан екендігі. Неткен мөлдірлік, шынайылық. Беттегі бояулар, бетке ойнап шыққан таңың сәулеңсіндегі үяттың қызылы. Ұялуды қандай әсем!».

Қыз ақырында шыдай алмады, бетін жасыра барып шығып кетті. Жан өлі аң-таң. «Өмірде байқалмаған заттар көп болады екен-ау,— деп ойлады ол. — Бұл бала мұндай болып өседі де-ген кімнің ойында бар. Кешегі ғана құрақ, балғын балапан сәби емес пе еді. Енді мінекей, бойын сыларап, қыз болып қалыпты. Қыз болғанда да, сондай әдемі, әсем, кіршіксіз».

Кенет түріктің қайқы қылышындағы бір ой бастан салып өтті:

«Тұфу, неткен жындымын мен. Дар ағашының астында тұрып, қызға таңырқанамын. Оған емірене қараң, жас сәбидің пәк жанын қорлаймын. Неткен есерсің сен, Жан?! Неткен ай-уансың?! Ап, жүрек бар ма сенде? Әлде оларды өлердегі киімінді сыпыратыныңдағы тастап жүре бересің бе? Сенің енді бұл дүниеден кетуіңе үш ай қалғанын сезесің бе? Қазір март, енді апрель мен май ғана сенің қарауындағой. Онда да жете алсан... Үш ай, үш ай ғана... Тоқсан күн... Әншейінде белгісіз өте шығатын тоқсан күндік жұмыс. Қезді бір ашып жұмғанша өте шығатын тоқсан күн... Аяғы желді, қанаты бар тоқсан күн...».

Осы ой тітіретіп кетті оны.

Осы ой ғана басында қазір.

Тағы санай бастады:

— Март, апрель... содан соң... май...

Әдейі осы бір санды мың айналдырып санатып қойған, тіпті жалақы төletіп санатып қойған адам сияқты.

— Март...

Кенет оның есіне өзінің дүниеден кететініне өлі де толық үш ай бар екені жай отындағы сап ете түсті, тіпті бұған ол, манадан қайталай санап отыrsa да, үлкен бір жаңалық ашқандай қуанып кетті.

Жұғіріп терезе алдына келді. Әйнектен қараса, күн түстен ауып қалыпты. Бұл марттың ортасы еді, қарлардың біразы кетіп үлгірген. Дарада ұзыннан ұзақ шұбалған жұздеген көлшіктер пайда болыпты, олар сай бойын тегіс алып жатқан жалтырауық қаңылтырлар сияқты.

Олардың ара-арасында былтырдан қалған өлі бұталар серейеді. Құмдағы кішкене тәбешіктер де оңтүстік жағындағы қар көрпесін көтере тастан, төсектен бір саны шығып жатқан аурулардай жайбақат қалғиды. Үйлердің төбелерінен ери аққан су жерге жете алмай, наиза мұздарға айналып, мындаған үштерін жерге қадап қалыпты. Әр жерде маңқып жүрген иттер, су алып бара жатқан өйелдер көрінеді. Жапжақын жерден торғайлардың шықылықтағаны естіледі. Бірақ өздері көрінбейді.

Ауа да біргүрлі жаңғыргандай, тазаланғандай.

Жан жазу столын терезеге жақындана түсті. «Мен бүгіннен бастап осы терезеден бүкіл дүниеге шабуыл бастайын деп отырымын», – деді ол өзімен өзі қалжындасып. Жанның мұнысын сыртынан байқап түрган біреулер болса, ол бір құрметті қонақты қарсы алайын деп жүр ме екен деп ойлап қалар еді. Ақырында қалам-сия, қағаздар да даяны болды.

Сейтіп, Жан өз өмірінің ішіндегі ең бір таңғажайып және ең соңғы іске кірісті: бірнеше жылдар бойы арман етіп, сол үшін күш жұмсап келген ол өмірінің ақырғы үш айында жазуышылық жұмысқа берілді.

«Өletін адамның мақтануға қақы бар, – деп ойлады ол, – өletін адам сыпайыгершілікті үш айға дейін қоя тұрса да болады, сондықтан мен осы қалған уақыт ішінде кітап жазып шығуға тиіспін! Мейлі мен өлі ешбір журналға, ешбір газетке өз саусағымнан туған бір әріп те бастырып көрмейін, мейлі мен өлі бір тірі жазушыны көзбе-көз көрмей-ақ қояйын, мені ешбір жазушы танымай-ақ қойсын, бірақ кітап жазып шыгаруға тиіспін. Мейлі бұл жазып жүргендердің күлкісін де келтірер, бірақ ойға алғанымды орындашығуға тиіспін. Сейтіп, өзімнің еткінші өмірімнің бір-бір көлеңкесін қалдыруға тиіспін. Менің басымдағы ой-пікір жақсы болсын, жаман болсын, халыққа жету керек. Ой-пікір елмен керек, себебі, олардың тәні жоқ. Тәні жоқ заттар елмейді. Ең болмаса, сол ой-пікірлер қағаз бетінде қамалып қалсын. Қайтадан ұшып кете алмайтындей болып, беттерге желимделіп қалсын. Кейінгілер дұрыс болса, ойланып қарап, шаңын қағып алар, ал бұрыс болса, архив жәшігі өрқашанда табылады гой, – оны өздері білсін».

Осылай ойлаған ол қаламсабын қарапқөк сияға малды да, ақ қағаз бетіне алғашқы таңба түсірді:

### «Кансыраган дастан»

Одан сөл тәменірек кішкентай, бірақ айқын әріптермен «Бірінші белім» деп жаза берді де, кенет ішін үстай алып, бір жерінен оқ тигендей орындықтан құлап бара жатты.

Бұл алда талай қайталаңатын кезекті соққылардың алғаш-  
кысы еді. Жан бұқ түсіп жатып қалды.

\* \* \*

Құндер өте берді. «Март, апрель, содан соң... май...» –  
Тек осы ой ғана Жанның басында. Қазір ауруы да мендең  
бара жатыр. Тамақты да аз ішеді, ішкен тамағы кейде шұбе-  
ректей тұрып қалады, кейде қайта құсады. Іші жаман ауыра-  
ды, бірақ соның беріне қарамастан, төсектен ілміп ерте тұра-  
ды. Жазу столына жетіп, қаламсапқа жармасады. Оңтүстікке  
қараған терезеден, осы бір төрт қабырғалы бір метрге жақын  
кішкене тесіктен кең далаға, дүниеге көз жібереді. Шеті жоқ,  
шегі жоқ сахарадай ақ қағаздың бетінде артынан ұсақ із қал-  
дырып, арабтың дәруішіндегі жалғыз қалам жорғалайды. Кей-  
кейде ол бір жерлерге жетіп тоқтайды. Демалып, тыныста-  
ғандай болады. Кейде ізімен қайта жүріп, жаңағы басып кет-  
кен іздерін өшіре бастайды: сол ізіне серік қып, қасына қай-  
тадан іздер салып, тағы да алға тартады. Ол құннің батуын,  
тұннің келуін сезбейді. Тек алға жылжуды біледі. Бейне бір  
жерүйікты іздең бара жатқан адамдай. Осылай ұзақ жүреді,  
талмай жүреді, шаршамайды, сусамайды, жүріп келеді. Бірақ  
әлі бітер құм, әлі бітер сахара жоқ. Бір төбенің астында екінші  
төбе, бір жотаның астында екінші жота, шеті, шегі жоқ қыыр-  
сыз, шексіз сахара.

Жан осы жұмысқа барлық жан-тәнімен берілген, бөтен  
ештемемен де ісі жоқ. Қазір өлімнен қорқуды да қойған. Тек  
бір тілегі, ақырғы мақсаты – осыны бітіріп барып өлу. Бітіру,  
сосын барып басты жастыққа біржолата тастау. Қаракөк сия,  
ұшқір қалам өлер жанның ойларын ақ қағазға байыппен  
шегелейді. Енді қайта ұша алмастай, сол ақ қағаздың бетінен  
көтеріле алмастай қылып шегелейді. Жазып отырып, Жан  
бейне шарап ішкендей бусанып, терлеп отырады. Басындағы  
ойлары бірінен соң бірі кезекпен келіп, мергеннің оғына  
кезіккен киқтердей қаламның үшіне ілгеді.

Жан денесінің, тәннің ауырганына қарамайды, қолынан  
қаламсапты шығармауга берік бел байлаған адам сияқты.

Ауру жас жанды жазықсыз сырқыратады, басты айналды-  
рады, терді еріксіз шығарады. Құрқіл жөтел жұмысты аяусыз  
тоқтатады – бір минутке жалғыз дәруіш аялдап, бір жотаның  
бауырында еріксіз демалады. Табақ-табақ қағаздар бірінен соң  
бірі нөмерленіп, таңбаланып, он жаққа шыға береді. Терін  
сүртіп, демалып алған дәруіш қайта бұлкілдейді.

Көрші үйдегі қызы бала қазір шешесінің айтуымен Жанға  
тамақ пісіріп беріп тұрады. Тамақ дегенде, Жанның оны ішіп  
жатқаны да шамалы. Кейде екі-үш құн бойы аузына нәр ал-

май, қиналып қалады. Осы кездерде өлгі жас бала сабағына да бармай, Жанның қасында отырып алады, шешесін шақырып келеді. Осы бір азап сағаттары әбден сарқылып, Жан жүзіне рең қайта жұғіргенде ғана ол жей алатын тамақтардан тәттілеп ас пісіріп беріп, сосын кетеді үйіне.

«Неткен тамаша жан, – деп ойлайтын Жан, – я бір ауыз соз қатып, я тіл шығарып бірдеме десе екен-ау. Тек іштей тынып қайғына қайғырып, қуанышына қуанып, бір тілекте тұрған бір жан. Қалай жақсы көрмессін?!.»

Кейде оның мөлдіреген көзіне, қап-қара бұрымдарына қарап тұрып:

«Жас қызығалдақ. Дүние сен үшін жаралған ғой, ал мына біз болсақ, бар жүгімізді буып-түйіп қойдық. Ертең кетеміз, билет алулы», – деп ойлайды. Оған сүйсіне қарап, мандайынан сипағысы келеді. Бірақ өз ойынан өзі тез шошып, қолын жинап алады.

«Жас өмірді өліктің сипап тұрғаны жан тұршігерлік қой», – дейді. Қазір оған барлық дүние өзгеріп кеткен сияқты. Оның өмірінің үкімін жирен сақал айтқан құні-ақ барлық жапырақ бояуынан, құн қызыуынан, өмір қызығынан айрылған сияқты еді. Қазір керісінше, барлығы да тамашаланып кеткен. Барлық дүние мен тіршілікті біреу қөктемеге қарсы мың тұрлі ашық бояулармен бояп, жаңартып кеткен сияқты. Бәрі де, ең аяғы мына еріп бара жатқан қар да, аппақ меруерттей, мұз да бұрынғыдан да гөрі мөп-мөлдір, ауа да зәмзәм сүйндей тап-таза, тәп-тәтті. Құн де тап қас қылғандай сұлуулана, бипаздана қалыпты. Мындаған, миллиондаған кірпіктерін тігіп, қадала қарап, тамсанып қалған аурулардай. Адамдарлың бәрінде де қөктемеге қарсы бір көнілділік, бақыттылық, шат сезім пайда болған. «Әх! Өмір сүріп жүрген адамдардың бақытсызбен дейтіндері өз бақытын түсіне білмейтіндері екен ғой. Бақыттылықты түсіне білмеушіліктің өзі бақытсыздық скен ғой. Ауаның қымбаттығын, судын шырынының, құннің жылууының бағасын білмеушіліктің өзі сорлылық екен ғой. Неткен қымбат едіңдер. Баяғыдан бері ақысыз-пұлсыз босқа пайдаланып, қадырыңды біле алмай жүр екенбіз ғой.

Шіркін, өмір. Талайлар осылай мен құсал зарлап өтті ме екен? Өмірге өліп бара жатқан адамдай ғашық ешкім жоқ екен ғой. Бар білінбейді, жоқ жылатады деген сол екен ғой».

Жанның уақыт өткен сайын жүзі күреңітіп, өңі қаша берді. Қатпа терілері сүйекке желімденіп қалғандай, қан тамырлары да құдіре耶 түскен. Көзі тереңге сұңғип, жүрек соғысы да жиілеген. Анда-санда оған: «Осы қаба сақал өтірік айтпады ма екен, – деген ой келеді. – Бірақ өтірік айтатындей мен оның несін алып едім. Рас екені рас қой. Мінеки, қу сүйек-

тер де, тамақтан өтпей жатқан ас та соның белгісі емес пе. Бірақ, шіркін, қаба сақалдың айтқанының бәрі, бәрі өтірік болып шықса. Бұл бір өте жаман, қорқынышты түс болып, мен қазір бір-екі секундтан кейін шошып оянсан». Ол осы ойына сенгені соншалық, өр жерін бір шымшылап қарайды, кезін сұртеді.

«Жоқ. Қайдан түс болсын! Ақымақсың сен, Жан. Дурак».  
— Жан!

Қатты дауыс оның ойын бөліп жіберді.

— Мен, мінекей, рак туралы кітаптардың бәрін актарып шықтым, достым. Бірақ бар ғой, теория айта берсін, мен бүгіннен бастап сені емдеуге кірісемін.

— Ха-ха-ха-ха!

Жан сықылықтап күлді. Тоқтаусыз, шалқалап ұзақ күлді.

— Сен жындысың, досым. Қалың кітаптың құлы мені еш уақытта жаза алмайды. Сен мені жаза алмайсың, өлсіз, нәзік, кішкентай докторым.

— Жоқ, жаза аламын. Бірақ қазір дәлелдеу кын. Жазуға тырысамын.

— Мүмкін, бұл үйден ойлап келген бір рецептің болар? Мүмкін, мен өлгенше көнілімді көтере тұру үшін ойлап тапқан бір өдісің болар? Иә, оның дұрыс. Қатты ауру адамдарды, жазылмайтын адамдарды жылы сөзбен жұбату керек.

— Жоқ, Жан, сен түсінсейші! Сен, сірә, рак ауруынан жазатын бір шипаның бар екеніне сенесің бе?

— Сеніп қана қоймаймын, достым, білемін. Рак ауруын жазатын мыңдаған шипалы заттар, мыңдаған қоспалар, миллиондаған дәрі-дәрмектер бар. Олар ана есіктің қайырылысында, жусанның түбірінде, жотаның бауырында, тастардың қатпарында мыңдалап жатыр. Бірақ соған адамның ақылы жете алған жоқ. Дүниеде не алапат болса да, соған қарсы дауа бар. Тышқанды бүркіт жейді, жыланды кірпікшешен жояды, торғайды қырғи қағады. Туберкулезді стептомицин қайырады, ракты... тағы бірдеме жазады. Иә, мұның барлығына мен бес саусағымның барлығындағы сенемін. Күннің шығуы мен батуындағы сенемін. Олар килограмдап, центнерлеп, тонналап жатыр жер қойнауында. Олар грамдап, килограмдап, центнерлеп жайқалып есіп тұр есімдіктің бастарында. Бірақ оларға адамның миы өлі жеткен жоқ. Медицина ғылыми дамыды дейді. Қазір медицина есейді десседі. Бірақ қайда оған өлі. Ол өлі күні кеше туған жөргектегі бала сияқты. Ол өлі әрбір аурудың түріне екі-үш дәріден ғана тапты. Ал әрбір аурудың езіне миллиондаған дәрі табуға болады. Адамның қарны ашиқанда оны неше түрлі тамақ тойдырады — мейлі алма болсын, нан, тұз, қант, ет, сүт, май, ірімшік. Міне, әрбір ауру-

лың да осы сияқты жүздеген емі болуы керек. Сонда ғана медицина өсіп жетілді. Сонда ғана медицина адамның бетіне үялмай қарай алады. Сонда ғана медицина ғылымына орден беруге болады. Адамдар тек өзінің организмінің қартауынан ғана жасы жетіп өлеңтін болсын. Міне, медицина!

Көрім тынып қалыпты. Екі кезі шырадай жайнап, толық-си, ызалаңа сөйлеп жатқан Жанға қарап аузын ашып қалыпты. Бейне алдында ракпен ауырып өлейін деп жатқан адам емес, медицина ғылымының профессоры кафедрадан лекция оқып турғандай.

— Жан! Сенің ойың таза, еркін, алымыңың кең екеніне қайран қаламын. Егер сен медицинадан хабарың болса, ракты жазатын бір нәрсе ойлап таба алар ма едің деп ойлап қалдым.

— Эх, достым! Бөріміз де өлі шикі баламыз ғой. Баяғыда бір қыз айтып еді маған тап осылай деп. Иә, сол бір сөз, өлі шикі баласың деген сөз есіме түсіп жатыр. Біз шикі баламыз. Біз әлі өмірді өте аз білеміз. Бір адам білуге тиісті нәрсенің бәрін біле бермейміз.

Көрім де тұрып кетуге ыңғайланды.

— Жан, бірақ мен, қарапайым бір шикі бала, рак ауруына қарсы ем іздеймін!

Жан ішінен күліп, мысқылдан қалды шығып кеткен Көрімді. «Қожаның көнілі құртқа шабады, көжесінің қатығы жоқ» деген бір мақал орала кетті ойына. «Шіркін, сірө, мені емдеп жазам деп шынымен ойлады ма екен? Не затқа кіріскеңін де білмейтін мәжнұн болмаса, жаарар еді. Ра к. Иә, рак. Саған бұл оңай жау емес, достым. Өлі бекіп болмаған қабыргаларынды құл-талқан қылып жүрмесін».

\* \* \*

Апрель басталды. Бауырайдағы қарлардың қазан ернеуіндегі үнтақ қанттардың ерігеніндей төмен сусып, жылжып түскендері көрініп тұрды Жанға. Құстар қайта бастады. Әсіресе тұн баласында тырналардың, қаздардың, қараашаның дауыстары естіліп, Жанды қызықтырып, соған қарай талпынтып жататын. Өзеннің сені жүрген күн де есте қалды. Сендердің бір-біrine тиіп ұсатылған дауысы алыстағы бір зенбіректердің гүрсіліндей зорға жетіп жататын. Омырылған, қырқылған, шайналған дыбыстар. Судың сарылы, бейне бауыздалған ірі малдың тамағынан атқып жатқан қанның қорқырындаі белгісіз дыбыс. Сай асты қазір батпаққа айналған. Көктер қылтанактана шығып, көтеріле бастаған. Өзеннің тасқынды ылайы кемерлерінен атқып шығып, құмдақ төбелердің көбін орап алған. Бейне төгілген қаймақтай сай астын түгел алып кеткен. Күннің де қызыу молайып, сиди-

ған ағаштарға бүршіктер пайда бола бастаған. Қыраттың құнгей жағы көгерे түсіп, алғашқы қызғалдақтар, сарғалдақтар шыға бастаған. Ауа тазарып, жер үстіне бір көңілділік пайда болған. Құстардың да қанат қағысы жылдамдағ, сулардың да сылдыры жіңішкеріп, нәзіктене түскен. Алда бір үлкен қуаныш, үміт, мақсат бар сияқты.

Ал Жанға ше? Оған ештеңе де жоқ. Соған қарамастан, ол мына тіршілік дүниесіне құмарлана қарайды. Көзінен бір де бір бөлшегін қағас жібермеуге, одан айрылып қалмауға тырысады. «Өмір» деген қызықты фильмнің акырығы бөлімдерін көріп жатыр. Қашан «Соны» деген үрейлі жазу пайда болғанша, одан көзін алмайды. Кейде құн құштірек жылынып, мол жарық берген кездерде, таза ауа жер бетін тегіс жайлап кеткен, шипалы нәр беретіндегі кездерде Жан сүйретіліп далаға шығады. «Мынау баяғы рингте жолбарысша атқып жүретін боксер дегенге кім нанар?!» – деп ойлайды өзінің осы турін көріп; отырғышын қойып, құнге қыздырынып, қолынан тастамай ала шыққан ақ қағазға осы әсем құннің суретін сөзбен салады. Қайта сызады, қайта жазады. Беттерді кейде түгел жыртып, қайта жазады. Қынжыла жыртып, қуана жазады. Басын көтеріп, маңайға қарайды. Құннің алтын сәулемесіне мас болып шаттанады, жаралы қырандай қомданып, алысқа, бұлттарға үшуды аңсайды. Бірақ орнынан котерілер хал де шамалы. Іштей санайды:

«Апрель... май...».

Адамға, табиғатқа деген сүйіспеншілік осы бір Жаннның қеудесінен берік орын алған еді, сейтіп, оның елер шағында қолына қалам алдырған еді. Енді сол қаламды кітап біткенше қолынан шығармауға, мейліл дүние өртеніп кетсін, бірақ кітап біткенше шығармауға тиісті еді.

Бірақ уақыт өткен сайын қолының да еті қашып, қалам ұстаған саусақтардың құші де азайып бара жатыр еді. Тек шаршаған, қайтпаған, мұқалмаған ойғана оның басын бұрынғыдан да артық құшпен шырмайтын. Қанатты сөздерді, мөлдір пікірлерді тудыратын.

...Енді Жан бөлмeden, үй жанынан қашықтай алмайтын халге жеткен. Март айының ішінде село орталығына барып, көшемен қыдырыстап, жолдастарына жолығып қайтатыны бар еді. Қазір онысын да қойған. Мендеткен ауру бұлшық еттерінің құшін сорып алып, барған сайын әлсіретіп барады. Бұрын таулардың асуынан міз қақпай өтіп жүрген, барлық раундта да автоматша жұмыс істеп, еш сыр білдірмеген өкпе, енді сөл аяқ басса, демігіп қалатынды шығарды. Бұрын баржогы білінбейтін жүрек енді қатты-қатты соғып, өлім сағатының жақындағ қалғанын ескертетін болды.

Сөйтіп, барған сайын оның жүріс шеңбері азайып, ақырында апрельдің екінші жартысынан бастап ол үйден де жиі шығудан қалды. Бөлмедегі серіктепі – қара мысық пен стол ұстіндегі кішкене сағат қана. Адам жокта бұлар да күшті сүйеу болады еken. Қара мысық, даладан ба әлде ас үйден бе, тышқандар ұстап алғып келіп, оны өлтіреп алдында ойнатып жүргенін көретін Жан. Бірақ өлім аузындағы адамның ойлайтыны да сол өлім емес пе, өзін ана мысықтың тырнағындағы тышқандай сезінетін. «Тағдыр мені де ана тышқандай мазақ етіп жатқан шығар-ау», – деп ойлайтын.

Қазір Шәrbat бұрынғыға қараганда әлдеқайда көп келіп тұратын болды. Жан осы бөлмеге шегеленгеннен бері ол коп қайғыны көріп, біраз есейіп қалған сияқты. Салмақты адам болып, көз жанарындағы балалық пен албырттықтың да үшкіны ығысып, оның орнына терең ой үялаған сияқты. Бөлмеде ауырып, дөңбекшіп, тамағына ас батпай, жүдеп, сарғайып бара жатқан, бірақ сонда да қолынан қаламын тастамай, қиналып жатқан адамды көргенде, оның да сәби жаны толқып, көзіне жас алатын. Онысын Жан да сезетін.

«Осы сәбиді балалық қалыптан шығарған мен ғой. Өзім оліп бара жатсам да, біреудің жас жанын ылайлап кеттім бе, не қылдым?» – дейтін. Сөйтіп, кебінесе қызға назар салмауға, онымен балаша сөйлесуге тырысатын. Бірақ қалай етсе де, Шәrbat Жанның ойлаған жерінен шықпайтын. Тіпті, осы өріс алғып бара жатқан бетінен қайтаратын күш жоқ сияқты еді оны.

Кейде Жанның ойына неше түрлі нәрселер келетін. «Осы Шәrbattы қыз қылған мен ғой. Оны қыз қылған, нәзіктікке үйреткен менің қайғым ғой. Мұны оның бойын түзеп, көз қарасының өзгеруінен-ақ байқауға болады. Егер жазылып кетсем, осы Шәrbattай адам табылmas еді маған. Бұның үнсіз көз қарасы баяғы университеттегі «романтик арудан», өмірді «түсіне билетін» әдемі қыздан қаншама биіктे жатыр. Неткен терең сезім! Неткен биязы жан!».

Бірақ бұл ойын қызға білдірмейтін. Қайта ол туралы ойлағанда сыр бермеске, қатпа бетке онсыз да азайып жатқан қанын жүгіртпеске тырысатын. Кейде келіп басын сүйегендеге, қолынан тартып тұрғызғанда, жас денеден электрдің тоғындаі жалын ұрып өтетін Жан жүргегін. Бірақ бұл сезімнің не екенін де түсіне алмай дал болатын. «Өліп бара жатқан адам да сезімге бас иеді екен-ау», – деп танырқап қоятын. Бірақ, әрине, мұның бәрін де жеңіп кететін сезімдердің сезімі, жатса-тұрса ойынан шықпайтыны оның өлімі мен кітабы болатын. Оның «Қансыраған дастаны» алғашқы перзенті,

сүйіктің болатын. Сол тездетіп бітіп, соны артқа мұра қылып қалдырып кетсем деп ойлайтын.

Рас, Жанның жолдастары келген күн оған үлкен тойдай болып сезілетін. Бірге қызмет істескен жолдастардың бөлмеде қаптап жүруі, әйелдердің ас пісіріп, қазандық жақта күйбендеуі, мына жағының домбыра шертіп, неше түрлі әңгімелер айтып отырысы, буын бүркүрата шай ішу – бәрі де Жанға соншама жылы, соншама қадірлі сезілетін. Бірақ, өрине, олар да қаншама құліп, ойнап, жарқылдақсанмен, өлеңтін адамның алдында шектен шығып кетпейтін, олардың қымылышынан біртүрлі жасандылықтың ісі шығып тұратын. Сондықтан да бұл сауықтары шынайылықтан гөрі артистердің ойынына көбірек үқсан тұратын. Бірақ, өрине, онысына да үлкен рахмет қой. Жанға ең қатты бататын кез – осы жолдастардың кетер кезі. Олар бөлмeden қалай шығып кетті – бағанадан бері шат жатқан Жанның көңілі бұзылышып қоя береді. Көпшілке сылқ түсіп, ұзақ жатып қалатын. Бармағын шайнап, тістеніп жатып, екі көзге жас еріксіз келетін. Адам көңілі қатты бұзылғанда, көз жасының тегеуріні дарияның тасқынынан да күшті болады екен. Ондай көз жасы барлық денені, сай-сүйекті сырқырата, әріден келіп, қайғының ашы тұзын аяусыз жуады екен. Біраздан кейін барып қана Жан көз жасын сүртіп, демалатын. Сөйтіп, әлі кеүіп болмаған, қызырып кеткен көздерін ақ қағаздың бетіне аударатын.

Табиғат кейібір адамға болаттай ерік беретін. Ол адам мейлі өлім аузында болсын, мейлі қандай да қыншылықта болсын, сол табиғат берген жігерін, еркін жоғалтпайтын. Мінекей, Жан да сондай адам еді. Оның жігерінің шегі жоқ еді. Ол бір нәрсені айтып, соны орындауды мақсат етсе, әліп кетсе де орындайтын. Мінекей, сол құдіретті ерік еді қазір оның қолына қалам алдырып, ажалмен арпалыстырып қойған.

Қазір шыгарма жартыланып қалған. Буда-буда қағаздар, беттер, ол беттердің әрқайсысында басындағы рим сандары жұмыстың біраз жерге барғанын көрсетіп түр еді. Соны көріп Жан шаттана түсетін. Тап бейне ғашық жарын көргендей не осы ажал тырнағынан сыйтылып бара жатқандай қуанатын. Өзінің ойларының енді өлмейтініне берік сенгендей қуанатын. Бірақ барған сайын күші де таусылып, әлсіреп бара жатқанын сезгенде, төсектен атып тұрып, қолына қаламды қайта алатын. Кейде жазып болған бөлімдерді түгелдей өртеп, өзіне өзі қарғыс айтып, боктап жүре қайта жазатын. Енді оны тамақ ішуден біржолата қалды деуге де болатын еді. Апрельдің аяғында тамағынан тек шайға салып еріткен

бір қасық қана май жүретін. Шаштары селеудей қуарып, оңі қашып, бет сүйектері сидып шыға бастап еді бұл кезде.

Өлім сағаты тоқтаусыз жақындай берді. Қаба сақал дұрыс айтты. Қаба сақал біліп айтты.

«Молодец, қаба сақал, — деп ойлады ол, — егер сен қазір тап осы арада болсан, қолыңды қысып қоюға да болатын болды. Рас, сен жақсы дәрігерсің. Аурудың диагнозын жақсы қоясың. Қандай ауруды болсын сениң көзің анық көреді, сениң тамаша миың адам ауруының қандай екенін бұлжытпай таба алады. Бұл жөнінен сен адамсың...».

\* \* \*

Май келді. Жер беті көк іісіне, жұпарға толды. Бәйшешек гүлдеп, қырлардың қойнауы өртеніп жатқандай қыпқызыл, сап-сары ала болып кетті. Дүние қыс құшағынан бо-сап, рақатқа малынды. Өзендердің лайы тұнып, мөлдір су-ларда күміс шабақтар ойнап акты. Зәулім қырлар мен біркүздар аспан тіреп, бірден өсіп кеткендей қеуделерін көтеріп қалыпты. Маңай құс үніне толы. Нөрестенің көз жасындағы таза да өткінші қөктемгі тамшылар жер бетін сүйіп өтті. Күн күркіреп, жерді тағы бір сілкіп-қағып, шаң тозаңынан тазартып, алғашқы бақаларды шығарып, көк жуаларды пісіріп кетті. Аспанды несер соңынан миллион түсті бояумен кемпірқосақ белдеуlep алды. Алыстағы белдерде алғашқы сағымдар билей бастады.

Мұның бәрін көз алдынан өткізіп жатқан Жанның жүргегін қуаныш пен қайғы қатар билейді. Бәрі де сұлуланып, тамашаланып бара жатыр. Әдейі оның өлер уақытына дәл келген сияқты.

Жан қазір төсекте жатып жазуда. Кітап бітуге де айналды. Ақырғы екі-үш бөлімі қалды. «Өлген адамның шығармасын ешкім оқып көрген жоқ қой, сондықтан мұнда тірі адамдар үшін талай жаңалықтар болуы мүмкін фой», — деп ойлайды ол.

Басы жаман ауыратынды шығарды, кейде жазып отырып, үзақ сирыйдан кейін жүргегі тұрып қалғандай сезілетін, төсекке қалай құлағанын да сезбей, сол жатқаннан екі-үш сағат бойы тырп етпестен жататын. «Шамасы, осы өліп бара жатқаным шығар-ау», — деп те ойлап қалатын. Осы ойынан шошынғандығы соншалық, ауырғанына қарамастан, басын көтеріп алып, тағы жаза бастайтын. Бірақ тез арада-ақ қайта құлайтын.

Енді ол далаға шықпақ түгіл, терезе алдына жоргалап келе алмайтын да халге жеткен. Әйнектің азғантай бөлігінен оған көшкен бұлттар мен жақын ұшып жүрген құстардан бөтен ештеңе көрінбейтін.

Сонда есіне:

«Аспанда азат құстар ойнап үшса...», —  
деген жол еріксіз оралатын. Сол терезеден көрінген жалтыр  
кек аспан сияқты мұның да жан дүниесі қаңырап қалғандай  
сезілетін.

Шәrbat мезгілінде тамағын пісіретін, бірақ әйтеуір көнілі  
үшін ғой, оның істеген тамағын ішіп жатқан Жан жоқ. Тек  
осы бір әдемі жұзге тесіле қарап, іші өртенеді. Өзінің өтіп  
бара жатқан өксік өміріне құйинеді. Қыз да мұның жанын  
түсінетін сияқты. Неткен сезімтал, нәзік, алғыр ойлы жан  
еді. Бәрін үнсіз үғып, үнсіз түсінеді. Осы бір әдемі жігіттің  
мезгілсіз гүлдей солып бара жатқанына үрейлене қарайды.  
Сондай кездерде Жан қызы кірпіктерінің дымқылданғанын,  
суланғанын да сезгендей болады. Сонда жүргегі дір ете қалып,  
өзінің қасіретіне ортақтасып отырған осы бір жас қызды  
кушырлана қысып, сүйіп алғысы келетін.

Майдың ортасында сандырақтауды шығарды. Тұн бала-  
сында денесі қызып, жай таптырмай, көз ілмей шығатын  
кездері болды. Аузына не келсе, соны айтып, бейне ішіне от  
түсіп кеткендей тынымсыз дөңбекшітін болды. Мінеки, осы  
бір ауыр кезеңдердің бірінде Жан құтырып жатып, қыздың  
көзінен телегей-теңіз болып ағып отырған жасты көрді. Ар  
жаяғын өзі де онша білмейді, есінен жаңылды ма әлде үйік-  
тап кетті ме, әйтеуір, сол бір сәттің я тұс, я шындық екенін  
білмейді. Бірақ таңға жақын қызу түсіп, ауруу сейілгендей  
болатын. Қаламды қайта қолға алатын. Я болмаса әбден  
шаршап, я ауруға жендеріп жатқан кездерде өзі айтып Шәrbat-  
қа жаздыратын.

Бірде осылай қиналып жатқан үстіне Кәрім келді. Қолында  
егетін құралдары, тағы бірнеше дәрі-дәрмектері бар. Мәлдір  
ақ сүйікты шприцке құйып, Жанның қасына жақындай беріп  
еді, таптырып жатқан Жан:

— Кәрім! Кімді алдағың келеді? Керегі жоқ. Сенің рак  
ауруынан жазатын дәрі тапқаныңа раҳмет. Ал мына  
морфийінді әрі алдың кет! Онсыз да мен дөңбекшіп жатып-ақ  
көңілді бола аламын. Маған морфийдің, жараны жеңілдетпей,  
адамды мас қылатын, бірер сағат көңілдендіретін алдамшы  
морфийіңің бір тиынға да керегі жоқ.

— Жан, мен сен қиналып жатқан соң әдейі... ең болма-  
са, бірер уақытқа жан жарасын жеңілдетейін деп едім.  
Кешір, — деп, жолдасы алдында ант-су ішті. — Жан! Сен  
түсінесің бе? Сенің әлі де жарты айдай, ең кемінде жарты  
айдай өмір сүруің маған ете қажет: сол уақытқа дейін мен  
сені сақтауым керек. Сол уақытта менің екі айлық еңбегім-  
нің жемісін көресің.

— Сандырақ! Жоғал, көзіме көрінбей. Алдамшы. Қайдағы жоқты айтып тұрысЫң. Менің өлөтіндігімді өзіңнің бес саусағындаі біліп тұрып екіжүзденесің, қара бет. Янустың\* құлы. Кет, сені қөргім де келмейді.

Көрімді қуып шыққаннан кейін Жан қатты қиналыш қалды.

— Мінекей, Шәрбат, адамдар қандай болады. Беті құліп, менің табытымның басына келіп, өлерде кеудеме үміт шамын жақпақ болады. Мен жан дос деп жүрсем...

— Қойыңызшы, ағатай! Мұмкін, ол шын айтып жүрген шығар. Қойыңызшы, сұраймын...

Шәрбаттың сөздері! Қандай жылы, жүрекке жылы тиетін, жұпар жапырақты, нәзік сабакты сөздер! Әлгі дәрігер-сымақтың қырышаш сөзінен гөрі мына шипалы сөздер қайғы жүгін өлшеусіз женілдетпей ме?!

Осы бір сөздер оның жаралы жүргегін жамап, бойына күш қүйғандай. Бірақ өмірінің соңғы кездерінде өте ашуланшақ болып бара жатқан да сияқты. Бұрын ешкімге қатты сөз айтпайтын ол жириен сақалды күнде сыбауға айналды. Көрімге де қол жұмсал, қатты сөздер айтқаны есінде. Мұнысынан әншіейінде өзі де үялғандай. Бірақ амал қанша, сол бір сәттерде ышқынып кетіп, тасып төгілетінін қалай тыйсын. Тіпті кейбір сөздерін өзі де аңғармай қалып, артынан опынатын болып жүр. Сірә, бұл жақсылық емес қой деп ойлайтын. Мұның бәрі кітаптың бітпеуінен және өлім сағатының жақындаі түсуінен еді...

Ол тұндерде жатып алып, қалған құндерін ойдан өткізетін. «Он тоғызы... Жиырмасы... Жиырма бесі... тоғызы, отызы... Бұл уақытқа дейін жете алар ма екенмін? Майдың қай күні екен? Өттең, біліп алсам... Бірақ асығатын не бар, бітіп қалды ғой...».

Азап, азап, азап — қаламсал ұстаған діріл саусақтар, үміті өшкен Жан, жазушы, адам үшін, солар үшін өмірінің ақырына дейін құреске түсіп жатқан жан.

Майдың жиырмасы. Бітуге жақын шығарма. Қаламсал жай жүреді. Бірнеше сағаттай есінен танып қалды. Құндер, сағаттар санаала бастады. Баяғы университетте оқытын қыз елестейді көзіне. «Қазір ол неше баланың анасы екен?».

Соның «шикі баласың» деген сезіне өлі түсіне алмайды. Адамның кейде осындаі кішкентай заттарды да түсіне алмай өліп кететін кездері болады екен-ау. Қайта жолықса ғой, анықтап сұрап еді.

\*Янус – екіжүзді адам деген мағынада. Ертедегі гректердің мифологиясы бойынша, уақыт құдайы. Екі жаққа қараған екі бетті адам ретінде бейнеленген.

Шәрбат қазір соны ойлап отыр. Адам кейде өлімге болмай, ұзақ тартысады, есінен танбауға, азапқа шыдауға көнеді. Сейтіп, сағаттар бойы қиналып жатып алады. Ондай уақытта өлім күте тұрады. Адамның еркінен аса алмайды. Онда өлім табалдырықтан аттағанмен, төрге ене алмайды.

Міне, Жан осындай арпалыста еді.

Іюньнің алтысы. Құн қып-қызыл болып шығып, соның артынша-ақ аспанды қара бұлт қаптап алды. Жауын болары сезіліп, жердегі шаң топырақты қатты жел ысырып айдай бастады. Өзеннің толқындары ақ көпіршіктеніп, жарға ызалана соғып жатты. Зәулім теректердің басы гүілдеп, бұтақтарындағы бозторғайларды сілкіп-сілкіп тастап, құтырына ыжыллады. Қара қаргалар желге қарсы тұра алмай, ыға бастады. Аспандары бұлттар құркіреп, әзір жаумаса да, жерге барған сайын жақындаپ, қаһарлана, сұрлана түсті. Жауын ісі сезілді. Қарлығаштар алдақашан жоқ болған. Алыстағы қарасүр бұлттар ішінен өр жерден-ақ ұсақ, жіңішке көгілдір сөүлелер жарқ ете қалып, жақындай берді. Үйлердің төбе шатырлары зарлап, терезелер сартылдап қоя берді. Иттер ызы-қиқы болды.

Жан сұлық түсіп жатыр. Бірақ табиғаттың осы дүлей күшін инстинкт бойынша сезіп, соған есі ауып жатқандай.

Шәрбат оның бетіне қарап еді. Қан-сөл жоқ қатып қалыпты. Басын сұмдық ой жайлап кетті:

«Өлім деген осы емес пе?».

Құлағын Жанның көкірегіне салып еді, жүргегі өлі де өлсіз, бірақ соғып жатыр екен – қуанып кетті.

Көзі білеудей болып іскен осы бір қыздың қайғысы қаншама ауыр десенізші. Қасында отырған шешесі де бозарып, үнсіз қалған. Екеуі де бейне табыттың қасында отырған адамдар сияқты.

Дауыл күшіне түсті. Төбе қаңылтырына тырс-тырс етіп бүршақтар да сабалап қоя берді. Төбеде мыңдаған барабаншы соғыс маршын ойнап түрғандай. Шәрбаттың жүргегі көтеріліп, денесінде біртүрлі діріл пайда болып, толқып кетті. Көз жасы одан сайын ағытылып, өлсіз адамның кеудесіне тиді. Жан ерні өзөр қыбырлап:

– Шәрбат... – дегендей болды. Шәрбат жалт қарады. Өңі ме, түсі ме? Қайтадан өлсіз ғана, бірақ айқын дауыспен:

– Шәрбат... – деді Жан.

Шәрбаттың жүргегі атша тулап қоя берді. Шашын жайып салып, қасында отырған шешесінен де үялмай, Жанға жақындаپ, үстіне төне берді. Жан да жарыққа үмтүлғандай емеурін көрсетеді, өзіне жақындаپ келе жатқан Шәрбат жүзінен көзін алмайды. Ақырында Шәрбат өбден төніп келіп, ыстық жасқа малынып, дымқылданған ернімен Жанды сүйіп

Дегенмен, бұл сол қыздан бөтен ешкімге ғашық та болған жоқ қой. Анығында, үлгіре алған жоқ. Артында ұрпақ та қалмады. Тек шыгармасы болмаса...

Өмірінде бір де бір жас арудың тән отына күймей өлу деген не сүмдүк еді.

Шыгарманың ақырғы тарауының бірнеше беттері қалды. Нагыз ашылатын, шешілетін жері. Соны адамдарға шешіп беру керек. Енді түнде де жазуга кірісті. Аурудың да үйықтатып жатқаны шамалы. Бес минут жазып, елу минут әлсіреп жататынды шығарды. Соңғы үш қунде нәр татуды да қойды. Тек жазу, жазу; естен танып жату. Тіпті денесінде торғайға тамақ болар да еті қалмады деуге болады. Бұрынғы сымбатты жігіттің беті шұқыр-шұқыр, әжім, сүйек. Оттай жанған, тереңге кеткен қап-қара көздер, әрең ілініп жидіп түрган шаштар, құбұтақша сидиып қалған жіп-жінішке қолдар – міне, Жаннан қалғаны осылар еді. Қазір оған қаламсап пен қағаз денесінің бір мүшесіндей. Есінен танып жатса да айрылмайды. Басын көтеріп алып жазады, есінен танады, Шәрбат тамақ өкеледі, оны қабылдамай, жазуға қайта беріледі. Стол үстіндегі сағат жұмыссыздықтан секундтарды санайды. Жанға аянышты көзben қарап, таңдайын үздіксіз қағады, басын шайқайды.

Майдың отызы. Жан сұлық түсіп жатыр. Қазір Шәрбат пен оның шешесі қасынан кетпейді, түндерде от сөнбейді. Қолдары кепкен ағаштай сидиып түр. Көзіндегі шырақ оты да сөніп бара жатқандай. Шашылып жатқан қағаздарды ретпен жинаиды күтушілер.

Июнь. Июньнің бірі.

Сұлық түсіп жатқан Жанның бетінен әлсіз қуаныш толқыны жүгіреді. «Әх, қаба сақал, өтірікші».

Екісі, үші... Бесі...

Жан әлі беріспей жатыр. Қолын созады. Қаламсапты іздегендей болады. Ақырғы жазылып бітпеген бетке үңілгісі келеді. Бірақ ауру төсектен көтертпейді. Шәрбатқа аянышты көзben қарап, ақырғы бетті жазып таста дегендей ишарат білдіреді. Қаламсап сұрайды. Қозғалып жатқан тек көзі ғана. Тіпті қолын да көтере алмайды. Оны тек өмірмен байланыстырып түрган осы бір бітпей қалған шыгарманың бір беті сияқты еді. Сол үшін де тырмысып, өлімге берілмей жатқан қалпы бар. Егер сол бетті қазір бітірсе, жайбарақат көзін жұмып, кете беретіндей сезілді Шәрбатқа. Сол минутты жақыннатпауға тырысады ол. Тіпті қолына қаламсап алмақ тұрсын, қағазға да қарағысы келмейді. Жанның бұл жағдайында оны қанжармен түйреп өлтіргенмен бірдей еді ол. Ол естен бір танып, бір танбай жатқанда, «шыгармамды бітіріп тастадым» деген сезіммен көзін жұмып кетуі де ықтимал еді.

алды. Жанның көзінен жас ытқып кетті. Бишара Жан! Өмірінің ең ақырғы сағаттарында ғана ұлбір ерінді, шынайы махабатты тапты-ау. Шешесі сырт айналды. Шәрбат көзінен жасы теңіз болып, ештеңені де аңғармай, Жангә қарап егіліп отыр. Жас ұлбір бетті жуады, иектен тамшылайды. Оны сүртетін Шәрбат жоқ.

Осы кезде есік сарт ете қалды. Үсті-басы су-су болған, әбден малшынған Кәрім кіріп келді. Келе сала қол сумкасынан бірдеңені суырып алды да, Жанға үмтүлды.

— Жанушка! Жанушка! Жан достым менің! Мынаны ішуге халің келе ме? Әлде мені естімейсің бе?.. Аузын жақындалат, Шәрбат. Тез! Басын кетер.

Қимылдар адам айтқысыз жылдамдықпен, математикалық дәлдікпен істеліп жатты. Кәрімнің суға малынған киімдерінен су сорғалайды. Арпалыс пен үрей қатар ойнайды оның жүзінде. Жанның аузын ашып, қарақошқыл бір нәрсенің алғашқы қасығын аузына апарды. Бірақ оның жартысы еріннен қайта төгілді де, жартысы ғана әрі қарай өткендей болды. Кәрім тағы қайталады. Сосын ғана терін сүртіп:

— Егер енді бір жеті шыдаса, Жан аман қалады, — деп айқайлап жіберді де, әбден шаршаған ол аузын буған қапшықша бұрышқа сылқ ете тусты.

\* \* \*

Ажал есік алдына келді. Табалдырықтан аттады. Арқасындағы қапшығын сілкіп тастап, төрт айлық азаптан құтылғанына қуанғандай босағаға отыра кетті. Үн деп демін алды. Аяқ-қолын созды. Керілді. Ажалға енді жайланаға болады. Енді азап пен қасіреттен құтылатын құн туды. Олармен есеп айрысуға болады. Ажал енді саспайды. Енді бұл бөлмедегі адам мұның болат саусағынан жырылып кете алмайды.

Ажалдың жағы қуарған. Ұрты солып қалыпты. Көздерінің орны індерше үнірідейді. Тістері ақсиып-ақсиып, әр жаққа қарап түр. Мола басына қойылған құлпыластар сияқты. Теріци қап-қара. Қолдарының үстіне ескен жұндерінің әр талы шегедей, тырнактары кішігірім құрекше тәріздес.

Ажал ойланып отыр:

«Неткен берік адам. Осы уақытқа дейін берілмей, арпалысып келді-ау бұл. Сірә, оттан жааралған пөле шығар. Адамдардың ішіндегі бір қырсығы екен. Мен осындаілардан қорқамын. Бұларды келіп алған құрлы зықынды шығарады. Тәлекек етеді. Мені де солай қылған жоқ па...»

Бірақ енді бітіп қалды ғой. Қанша тырбынғанмен, біздің ауылға аттанар кезі алыс емес. Мен, міне, демігімді басып алғанша ғана босағада отыра тұрамын. Енді ешқайда

кетпейсің. Құрық тасталды. Қыл шылбыр мойныңа оратылды, «Жан» деп аталатын дене, төрт ай бойы есігіңен ене алмай, тұндерді торып жүр едім; енді, міне, төріңе жақындаған келе жатырмын. Қазір жүргегінді сұрып аламын».

Көрім селк ете қалды. Тап осы ойды оқып, осы суретті көзімен көріп отырғандай селк ете қалды. Мына көрі албасты, мына босағада отырған ұсқынсыз, тұрсіз мақұлық – сол Ажал деп қалды. Тұрін де, түсін де айқын көргендей болды. Етсіз, солған жақтарын, сойдақ тістерін, үңірейген кезінің орнын көріп қалғандай болды.

Көзін сұртіп, босағаға қайта қарады.

– Уh!

Ештеңе жоқ екен, әйтеуір. Жаңағы ойы ма әлде түсі ме? Белгісіз. Сәл қалғып кеткен сияқты.

Осы күні осындай ойлар мен түстер ме, әйтеуір, белгісіз бір сезімдер Көрімнің басын мың шандып алып, қармағынан босатар емес. Есінен де жаңылыстыратын болып жүр. Кейде мына көз алдында жаңып тұрған шам аспандағы қүнге айналып кетіп, содан соң гүмп етіп мұхитқа құлайтын сияқтанады. Бетіне шашыраған толқынның ұсақ тамшылары тиғен сияқтанады. Көрім қайтадан қарағанда, шам сәл дірілмен бағыдай жаңып тұруши еді. Кейде бүкіл үй орнынан қозғалып, судың бетімен жүзіп бара жатырған сияқтанатын. Далаға жүгіріп шығам дей бергенде ғана есі қайта оралатын.

«Шынымен институтта бастаған зерттеулеріміздің теріс жолмен кеткені ме? Профессор К. қайда екен? Студент жолдастар, қазір олар да дәрігер ғой, солар қайда екен? Осы жолмен бара жатыр ма екен? Бір қорытындыға келе алғаны бар ма екен... Қайран профессор? Сіз ондаған кафедралардан босай алмай, жұздеген кабинеттерде тұтқындалып жүрсіз-ау. Әйтпесе, бағыт дүрыс болғанда, бір нәтиже шығу керек еді ғой.

Мінекей, мен де бір нәтижеге жеткен сияқты едім, бірақ ол да алдамшы болып қалып отыр ғой... Бірақ неге бөтен аурулар жазылады? Емдеген үш адамым қалай аяғынан тік тұрып, сауығып кетті? Неге?

Қайран Жан! Егер сені құтқарып алып қала алмасам, мына босағадағы... ана сүмдышқ Ажал сені құшақтап алып кете бере ме? Осы жаңалықты ашуға итермелеген де, барлық уақыганы тездеткен де сен өзің емес пе едің? Егер сен болмаганда, мен әлдекашан үмітсіз тастаған бұл ісімे қайта айналып соғар ма едім, соқпас па едім?

Мен сол топас құйімнен арылар ма едім, жоқ па? Мен мына үш адамға өмір алып бере алар ма едім, жоқ па...

Москва... Москва да тынышымды алып барады. «Жібер де жібер!». Мен мұны қалай жібермекпін? Ракты жаза ала-

ды деген дәрім жаза алмаса, бұдан артық қандай соққы керек?! Сандырақ болып шықпай ма сонда мұным? Жоқ, шыдау керек.

Шыда, Көрім. Әлде де шыдау керек.

Шыда, Жан. Шыдап бақшы, Жанушка. Жігерің қайда сенің? Болаттай жігерің. Тасқын селдей жігерің. Шыда. Шынымен-ақ көз жұмып кете бермекшісің бе? Жоқ, шыдау керек. Шыда, Жан.

Жан! Жан...».

Жан қозғалмай жатыр. Ерні бордай боп-боз. Көзі жұмұлы. Қолдарын айқастырып, өліктерше қеудесіне салып қоюыпты. Шәрбат қалғып отыр. Құндізгі арпалыстар оны да әлсіреткен сияқты. Жүзі әбден сынған. Жайқалған гүлдің солуы қандай көріксіз – бұл да сондай қатып-семіп қалыпты. Қалғып отырып бір селк етеді де, қайта оянады. Жанг қарайды. Қайта қалғиды. Зымиян үйқы көзді буып, бойын үйтады. Көрім де қалғиды. Басы тәмен иіле бастайды...

Шам жанып тұр. Жанның ерні бордай боп-боз. Қолдары айқастырылулы. Босагада...

...Бірақ құндер өте берді. Желімдей созылған сылбыр құндер. Өтіп болмайтын, әрең жылжитын ауыр-ауыр құндер. Бірақ, әйтеуір өте берді. Июнь құндерін жей берді. Июнь тауға әрлеп бара жатқан ауыр поездардай әрең жылжи берді. Құндерін бірінен соң бірін сөгіп, артына қалдыра берді. Қалған құндер тәмен ағытылған вагондардай зырқырай ұшып жогала берді.

Июнь жылжи берді. Жан көзін ашатын болды. Жан қозғалтын болды. Жан кірпігімен қаламды ымдап, қағазды көрсете алатын болды. Жан орнынан әлсіз қозғалатын болды. Июнь желімделіп қалған құндерін әрең ажыратып, таудың басынан лықсыта босата берді.

Жан нәр тататын болды. Шәрбат қайта толқыды. Көрімнің шашы бұрынғыдан да ғері қобырап, жүргегі қаттырақ соға бастады.

Қуаныш! Қуаныш! Жан езу тартты! Көрім есінен адаса бастады. Шәрбат қайтадан албырт, қайтадан жарқын бола бастады. Жан қаламсап сұрады. Шәрбаттың шешесінің тынымы кетті. Кастрюльдердің қақпағының салдыры күшейді. Бөлмеге тәтті бу бұрқырай бастады. Жан нәр тататын болды.

Қуаныш! Қуаныш!

Жан нәр жұта бастады. Жанның көзіндегі сөніп қалған от қайта лап етіп, қайта жалынады. Шәрбат қайтадан алып ұшып, бетіне қызыл үйірді. Көрім сезіміне шек болмады. Тілі шешіліп, сөзуарлығы қайта басталды... Шешендігі нағыз шегіне жетті. Бөлмені қуаныш жайлады.

Москваға телеграммалар үшты. Эфирге тыным болмады. Москва аэродромында профессорлар тиелген самолетті от алдыра бастады. Пропеллер зырылдай бастады.

Куаныш! Куаныш!

Газеттер ауыз жаппады. Газет беттерінде «Рак жеңілді! Рак бітті! Рактар династиясы тағынан тұсті!» деген хабарлар сыймай, сығылысып тұрды. Ракпен ауырып, кереуетке шегеленгендер орындарынан үшып түргелісіп жатты. Олардың жүзінде қуаныш жалыны лаулады.

Куаныш! Куаныш... Куаныш... Куаныш...

\* \* \*

Тұн. Шам жаңып тұр. Бөлмеде Көрім, Шәрбат және оның шешесі. Көрім сөйлеп отыр. Даусы да қоңыр, бірқалыпты, саспай, бейне бір ертедегі жыраулардай сөзін салмақтай сойлейді. Бөлме ішін тек осы бір қою, қоңыр үн толтырып тұр. Құлаққа жағымды, өзенің баяу ағысындай, бірақ ешкім тоқтата алмастай жойқын күшпен төгіледі. Бәрі де үйып тыңдал қалған. Жан да шалқасынан жатып құлақ тігеді.

— Мен де бір сен сияқты, жан досым, өмірдегі құпия сырларға құмар адам едім. Соларды білгім келетін еді. Дүниенің жұмбағын үққым келетін еді. Бірақ осы кезге дейін ештеңе істей алмай жүр едім. Менін қеудемде дауыл туғызған сенің ауруың болды. Адамда неше түрлі күштер, қабілеттер іштеп тынып, бүйірып, үйіктап жүре береді еken ғой. Оларды тұртіп оятып, дұрыс жолға бағыттап жіберетін бір күш болса, тамаша нәтижелер беруі мүмкін екен. Менің үйіктап жатқан мүмкіншілігімді қамшымен тартып жіберген сенің ауруың болды. Рас, бұл жұмысқа мен тап осы биыл ғана, соңғы екі айда кіріскең жоқпын, институттың ақырғы курсында жүргенде профессор К-нің басшылғымен біраз студенттер болып рак ауруының табиғатын зерттегенбіз. Сол тәжірибелер мен сонда мұғалімнің айтқандары бұл табыстың елу проценті екендігінде дау жоқ. Мінекей, сөйтіп, мен қар кетісімен далага кеттім. Апрельдің аяғы мен майдың іші жер бетіндегі көктің бәрінің қауап өсіп, дүниені ароматқа толтырып тұратын уақыт қой. Сенің айтуыңша, мінекей, осы кездерде шөп басында грамдап, килограмдап, центнерлеп шипалы дәрілер ілініп тұрады. Мен соларды іздеуге кірістім. Талмай іздедім. Өлім аузындағы адамды қалай алып қалу керек — мінекей, осы ой болды менің басымда сонда. Әр түрлі шөптерді жинастырыдым. Халық емдерімен таныстым. Ең аңы шөптер мен ең тәтті шөптерді жинастырыдым. «Удың басын у қайырар» де-

ген мақалды еске үстадым. Сөйтіп жүріп бір қорытындыға келген де сияқты болдым.

Бұл дәрінің айрықша қасиеті сол...

Жан тәтті үнге балбырап үйіктап бара жатыр. Кәрімнің де даусы өшіп бара жатқандай, бірте-бірте алыстай берді.

Шәрбат пен шешесі қөздерінен мейірім оты жарқылдап, Кәрімнің әңгімесін үйіп тыңдайды. Жанға әңгіме еміс-еміс, анда-санда үзіліп жетеді.

— ...Метастаза бергенмен... блокада жасау өдісіменен... — Стол үстіндегі сағат тынысыз шықылдайды. Плита үстінде буы бүркірап ыдыстар селкілдеп тұр. Шәрбат кейде солар жаққа жүгіріп барып келеді де, Кәрімнің әңгімесін қайта тыңдайды.

— ...дейтін асыл шөп бар...

Кәрімнің даусы тағы да сөніп, бір естіліп, бір естілмей жатыр. Жан бейне теңіз бетінде шайқалып келе жатқандай. Немесе біреу мұны әлдилегендей рақат, мас үйқының құшагына еніп бара жатыр. Үйіктап бара жатып Кәрімнің көмескі үні мен Шәрбаттың жарқын жүзін тағы да еміс-еміс шалып қалды.

\* \* \*

— Міне, Жан, көркем дүние! Міне, нулар шалқып жатқан! Міне, гүлдер шешек атқан! Әттең, ақын емеспін. Осы сияқты дүние қазір сенің құшагында. Не істесең де өз еркің — мейлі жырла, мейлі жыла. Аспаның да көгілдір, ауаң да мөлдір.

Жан аппақ тістерін ақсита күлді. Қуаныштан, шаттықтан күледі. Мас адамдай. Кеуде кере дем алады. Айқайлайды. Шидей аяқтарымен өрен тұр. Теңселіп барып, құлай жаздайды. Бұл оның далаға бірінші шығуы еді. Оның ар жағында Шәрбат тұр. Биязы, нәзік жан. Қандай тамаша еді жүзі қазір оның. Барлық қызыл бетке теуіп шығып, май айындағы гүлдерше құлпырып кеткен.

Кәрім Жанға жақындал келе жатыр.

— Жан! Менің сенде қандай есемнің кеткенін білесің бе? — дейді айқайлап. Жан туғінбайді.

Кенет Кәрім алға екі аттап басты да, көкке қарап мойнын созып тұрган Жанның тәменгі иегінен оң жұдырықпен салып өтті. Жанның аппақ тістері бір жарқ ете қалды да, екі аяғы көтеріліп барып, арқасымен жерге былш ете қалды.

— Ха-ха-ха-ха. Білесің бе, мен алғаш саған келгенде қандай базарлықпен сыйлағаныңды. Мінеки, қазір сол процентімен қайтты.

Үстін қағып, сақылдап күле түрегеліп жатқан Жан:

— Ах, Морфий, мен саған көрсетеरмін. Әлсіз адамға бокстің техникасын таныстырыуға шебер екенсің.

Көрім Шәрбатты айналып қашады. Шәрбат өзінің биязы даусымен:

— Болды, Жан! Қумаңызышы,— деп өтінеді. Жанарында құлкі ойнайды.

Жан да қып жүргенмен, өлі дұрыстап аяғын алып жүре алмайды. Шынынан ойыны көп. Бірақ бәрі де шат, бәрі де осы бір тамаша жаздың құніндей жарқын, бақытты, еркін құстар еді бұлар.

\* \* \*

Жан ақырғы бетті жазып отыр. Қаламсабын қойып, ұзак ойланады, басын шайқайды. Сызып, қайта жазады.

Ақырында орнынан тұрды. Алақанын уқалап, керілді. Қағаздарды актарып жүріп, ең бірінші, баяғы ауру қолдармен жазылған алғашқы бетті тапты да, оның оң жақ шетіне қызыл сиямын:

«Ажал аузынан алып қалған жан достарым Көрім мен Шәрбатқа арнаймын» деп жазды...

...Теменде гүлдер өсіп, қоға бас салды. Өлең желдің сөл лебімен-ақ шайқалып, теңіз бетіндегі толқиды. Әріректе бақ-бақтар гүлдеп, ұсақ-ұсақ ақ түйіршіктер кешкі ауада өрмекшінің ауымен бірге қалықтап жүріп алды. Су шетінде балықшы, жылқышылар қарайды. Әсем көбелектер құм ішінде сүттіген айнала үшады. Жар беткейлерінде құстардың шүрк тесік үялары көрінеді. Қекектің нақыштап қана, бейне бір бейтаныс қызбен танысқандай, өзінің атын шегелеп айтып жатқаны естіледі. Алыста өзен жайбарақат бұралады. Өзінің арнасында тербеле, рақаттана ағады. Ар жағында қырлы дала басталады. Кең жазықта жусан мен киікоты іісі мұрын жарады. Август бастала сайран кетуге дайын тұрған балқаң-бақтар шоқтанады. Бұл мезгілде киіктер ауыл маңына келмейді, дала түкпірлеріне кетеді. Торғайлар шықылық атып, өзінің кішкене денелерін кең аспанға лақтырып-лақтырып жіберіп, қайта қағады. Құн иек астындағы төбелерге жетіп, соған иегін сүйеп демалады, осы алқапқа жіңішке, ұзын, қызғылт сөүле жібереді. Жәндіктер жер бетінде еркін сайран етеді.

Мындаған, миллиондаған дыбыстар — гүлдердің шайқалуы, құстардың шиқылы, жәндіктердің қыбыры, желдің ызынды — жаз мелодиясын шертеді. Аспан да, жер де, ауа да осы бір дыбыстарға — табиғаттың шипалы музыкасына елтіп, салтанатты да белгісіз дірілмен балбырайды...

...Бұл июнь еді. Бұл июньнің аяғы еді.

## ҚАРАЖАҢБЫР

Аспаннан найзағай шарт етіп құлап түскендей болды: кемпір итсигек шауып жатқан шотын өнтек қоя беріп, селк етіп еріксіз жоғары қарады.

— Астапыралла!

Көк жүзінде қауырсындағы бір бұлт болсайшы. Бұл не шартыл? Әлде солай естілді ме? Немесе мына жүзі көгерे жалтыраған темір шоттан туған дыбыс па? Я итсигектің түбірі құрт етті ме? Бірақ олай дейін десе, қатты шартыл ғой. Кемпір құлағына сұқ саусағын жүгіртті. Бітіп қалған жоқ па екен? Қақырынып көріп еді, өз үні кәдімгідей сайрап тұр.

«Апырай, ө!»

Таңырқаған, қайран қалған кемпірдің жүргегіне қорқыныш кіре қойған жоқ та, бірақ өзі түсінбейтін, бұрын білінбеген белгісіз бір сезімге енді. Енді белін жазып, басын көтере, көз алдын қауымдай, кенірек шолды.

Қыр басында екі үй. Бірі — шымнан қаланған жымырық, тұлкінің ініндей тар, екі терезелі, аласа, ескі моржасының үстіне құпі сияқты етіп түбі жоқ ескі шелек төңкерілген, әрі десе, жанындағы кішкентай сайға қазірме-қазір құлап кетейін деп тұрғандай қысық үй. Бірақ жанында ашық аула, жабық қора, қыстан қалған самтық шөптерден жасай берген коршаулары мол қорам. Екіншісі — әлгі кішкентай сайдың бер жағында тұрған бес қанатты қоңырқай киіз үй. Бұл кемпірдікі. Екі үйден солтүстікке қарай қырлық таусылып, көктем мен жазда жұпар иісімен тойдышып, кездің жауын ала, кілемдей құлпырып тұратын, қазір құздің басы болса да, сөл қошқыл тартқанмен, өнін жоғалтпаған ракат көгал басталады. Ол әріректе ақ құмдыққа тіреліп, кей жерлерден кетік-кетік тарақтай жылғаланып ба-рып, Жем езеніне құлайды. Судың аргы бетінде біраз жер қайтадан ақ құм. Қыр басы бұл жерден бес-алты шақырым. Оның жиегіндегі жапырласа қалған үйлер сым басындағы торғайлар сияқты кішірейп көрінеді. Ол — аудан орталығы.

Мүмкін, дыбыс сол жақтан шықкан шығар? Жоқ. Дәл осы жерден, осы аспаннан...

Кемпір күдіктене қайта бір қарап, жиналмаған итсигектерін жинамай-ақ, үйге қарай жүрді.

Киіз үй жаңа да, ескі де емес. Сыртқы киіздерінің түсі өлі она қоймаған. Тұндікке таяу жерде бір жап-жасыл, әдемі кесіртке ішін солқылдатып, қызыл аузын көрсете ашып, басын өрлі-берлі жылт-жылт бұрып тұр. Қимыл бермегендеге, кемпір оны байқамайтын да.

«Жері құрып...» — деді кемпір күбірлеп. Үй ішінде тыныштық. Қызыл оюмен өрнектелген, бірақ ескілеу ақ киіздің

үстіндегі көрпеде көпшік жастанып, он жасар бала сабақа дайындалуда. Бұл – немересі. Дәпптері жоқ, ескі бір кітаптың бетін шимайлап есеп шығарды. Ортадагы қоламтада қара шойын құман беліне дейін көміліп, шөккен түйедей маңқи-юда. Есік жақта сары жез шылапшын құңгірт жылтырайды.

- Шылапшынды түсіріп алған жоқсың ба?
- Жоқ, әже.
- Тиген де жоқпсысың?
- Жоқ, әже!
- Ау, айналайын!
- Есебімді шығара алмай отырмын. Шығарып берші.
- Кемпір қою қабағын керіп, немересіне үнсіз қарады.
- Сен енді жақсылап тыңдаши деймін.
- Иә...

Кемпір құманның қақпағын ашып, ішіне су толтырды да, шырт еткізіп қайта жапты.

- Тыңдаши деймін, әже!
- Құлымның, тыңдап отырмын.

Бала әуелі бір рет «мінеші» деп алды да, тақпақтағандай қылып алдындағы кітабын оқи жөнелді.

Бұл екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы шыққан поездар туралы есеп еді. Үлкен екі қаладан – Москва мен Ленинградтан.

Кемпір үй іші жарық, сәске кезі болса да, тарамыс-тара-мыс өжім толы он қолының алақанын кесе үстап, көзінің алдына апара, алыстан мал қарағандай ойланып қалды. Ол жасы жеттіс екіге жетсе де, жүзден аса көп санап көрмеген адам болатын-ды. Мүмкін, санайын десе, мыңға дейін де, одан да әрі санай алар ма еді, бірақ олардың кемпірге қажеті шамалы болды. Өмірінде көп қолданыс таппаган сандар еді ар жағы. Мына есептің сондықтан оған қызын соққан түрі бар. Дегенмен, үндеңій қала алмады:

- Бұлар әлгі дәү шаһарлар ма?
- Шаһар деген не, әже?
- Қала ше...
- Иә, иә.

Ояқта соғыс болып жатқан жоқ па?

Бала шек-сілесі қатып біраз күлді.

- Бұл өншіейін есеп қой, әже. Есе-е-еп!
- Ә-ә... – деді кемпір. Сосын тағы:
- Бойыз деген не? – деп сұрады.

Бала тағы күлді. Өзі өмірі көрмесе де:

- Отарба ше, – деді ете жақсы білетін адамша. – Соны да білмейсің бе? Өзің, сірә, кинога барып көрдің бе?
- Жоға, тәйірі. Онда маған не бар?

Бала киноны жақсы қөретін. Жылдың қай мезгілі болса да, қолына тыын-тебен түссе, клубқа асығатын. Кейде тіпті ақшасыз да бара береді. Аққали дейтін қара, жалпақ бет киномеханик бар, күндіз кинофильм ленталарын орап дайындауға кімдер көмектессе, соларды тегін кіргізеді. Тіпті, есік алдындағы бақылаушы әйел қатайып, жібермей жатса, езінің жұмыс орнындағы сыйырайған тесіктердің біреуінің жанына қақайтып қояды. Бірақ балалардың көбі киноның аяғына жетпей-ақ үйиқтап қалатын. Себебі, киномеханик оларды өуелі почтаға жіберіп, кинофильмдер салынған ауыр темір жәшіктерді тасытқызады. Сонын бірнеше дана қылып жазылған хабарландыруларды аудан орталығының әр жеріне ілу ушін жүгіртеді. Ен аяғы бояу, желім ерітіп езу, фильмнің ленталарын әрлі-берлі орау, тіпті, құдайдың құтты күні от алмай, пырқылдан жатқан ескі двигателін алма-кезек бұрату жас балалардың діңкесін құртатын. Сонын кино басталғанда олар өліп жығылатын...

— Oho! Онда поезд, мылтықтар бар. Адамдар соғысып жатады.

Кемпір нанбаған кейіппен қарады.

— Шын айтам, әже, жұздеген, мындаған адамдар жүгіріп жүреді ішінде. Атысады.

— Әлгі құлыптың ішінде ме?

— Иә,

— Астапыралла! Бір-біріне оқ тиіп кетпей ме?

— Нағыз соғыс қой ол.

— Сендерге ештеңе етпей ме, көкем-ау?

Бала тағы сылқылдан күлді:

— Ой, өзің түсінбейді екенсің гой, бір күні ертіп апара-йынши. Біздін әскерлердің соғысқанын көрсөніз.

— Оларды кәдімгідей тірі қылып көрсете ме?

— Иә.

— Әкеңді көрген жоқсың ба, құлыным?

Бала мұңайып қалды.

— Жоқ, әже. Ылғи қарап отырам. Кейбіреулері үқсап кетеді. Бірақ аттарын айтпайды.

— Бәрібір танисың гой.

— Эрине. Бақтыбек өзінің әкесін көрді. Клубта «папа!» деп айқайлап жіберді. Артынан жылады. Сонын Аққали киноны тоқтатып қойды. Көрдің бе, әне.

— Сен де әкеңді қарап жүр, құлыным.

— Иә, — деді бала.— Жаңағы есебімді айтшы, әже.

— Ат арба дедің бе әлгі?

— Отарба деймін. О-от!

— Ие-е...

Кемпір ойланып қалады.

— Ой, езің шеше алмайды екенсің ғой, — деп бала қолындағы қарындашын лақтырып тастап еді, онысы жерге тұспеді. Себебі, ол тубінен сөл кетіліп, жіңішке жіппен байланып, койлектің жоғарғы ілгегіне бекітілген екен. Жарты қарындаш біраз теңселіп, салбандап тұрды.

Даладан тапыр-тұптыр басып шауып келе жатқан жалаң аяқ баланың дыбысы естілді. Сөттен кейін-ак табалдырықтан үлкен көзді, үлкен мұрынды қара бала Сағын аттады. Ол шолақ көйлек, ұзын дамбал киген. Көрші үйдегі Рысекеңнің скінші баласы. Бесінші класта оқиды. Өзінен үлкен апасы бар — аты Ақжібек. Ол жетінші класта. Алғырақ. Мұның озінен кіші қарындастарлар де толып жатыр.

— Эй, — деді Сағын өзінің ентіге айқайлай сөйлейтін әдетіне басып. — Біздің үйге көп ат келді. Эйда, мініп алып, шауып келейік. Жүр! Құлманның шоқысын бір айналамыз.

Соны айтты да, жерден алтын тауып алғандай қатты-қатты сықылықтап күлді. Көзі жайнаң-жайнаң етеді.

Сағынның үйіне аттылардың көп келетін себебі — әкесі Рысекең аудан орталығынан қашықтағы бес колхоздың осы жердегі пунктінде жұмыс істейді. Міндепті — колхоздардан келген адамдардың ат-көлігін жайлау, жаю, өздерін қондыру. Әйтеуір, адамдар ағылып жатады да, бұл үй өмірі көліксіз болмайды. Шөп, қора, аула, самтықтардың көп болуы да сондықтан. Кейде жұрт Рысекенді атымен атамай, «пункт» дейсалады.

Кемпірдің баласы Нияз қуанып кетті. Өзі атжанды-ақ. Қабыргасы ырсиган қандай арық ат болса да, ер-тоқымсыз түске дейін шабуға бар. Бірақ мына есеп...

— Келгендер кім? — деді кемпір.

Сағын қуана сампылдалп, бар білгенін айтЫП берді:

— Бір дегенім — басқарма, екі дегенім — әскерден қайтып келе жатқан кісінің тұмасы, үш дегенім — және бір жас тұмасы. Төрт дегенім — тағы бір мен танымайтын кісі. Төрт аяқты бір арбасы тағы бар. Аттары әйдік-ау, әйдік! Өсірепе бір қызыл қасқасы. Қамшыдай. Нияз, мен соны мінем. Қазір иелері шәй ішіп жатыр. Эйда, кеттік!

Нияз тұрайын деп жатыр еді, кемпір:

— Сабагынды болдың ба, қарағым, — деді.

Енді Нияз Сағынға жалынышпен қарады:

— Есебімді шығара алмай отырмын.

— Біреу ме?

— Жалғыз түйір.

— Әкел. Шәйдің батасындағы қағып тастайын.

Сағын отыра қалып есепке үңілді.

- Берірек отыр, қарындашың жетпейді.
- Жібін шешіп берейін бе?
- Ойбай, жоқ! Уақыт аласың. Әрі десе, жоғалып қалар.
- Екеуі бас түйістіре отырып, шығаруға кірісті.
- Тұбірін қараши, — деді Сағын біраздан кейін қарындаштың тұбін мұжгілей отырып.
- Соқпайды.
- Бірақ есеп дұрыс шығарылды. Мүмкін, кітапта тұбірі қате жазылған болар.
- Қойшы.
- Оллаһи, кейде ондай да бола береді. Қанша?
- Үшеуі жетпей тұр.
- Онда екі поезды бір-біріне қоссақ қайтеді... Сонда да біреу жетпей қалады... Ал екі қаланы поездарға қоссақ, біреу артық.
- Енді ол қарындаштың басын мұжи бастады. Нияздың оны іші жақсы көрмесе де, ештеңе айтуға батылы бармайды.
- Келгесін шығарсақ қайтеді? — деді кенет Сағын. — Дәл қазір бәрібір ештеңе шықпайды. Асықпай отырсақ, қағып тастаймыз гой. Бәрі асығыстықтан.
- Сүйтсек, сүйтейік.
- Екеуі ұшып тұра келді.
- Әже, келгесін шығарамыз.
- Қайдам, айналайындар. Ұмытып кетіп жүрмесендер. Алыстап кетіп, мектептен қалып қоймаңдар. Осы бос шабыстың орнына қолдарынча шелек алып, тышқан неге ауламайындар, шай-шекер болатын.
- Балалар дәл қазір тындаі қояйын деп тұрган жоқ, оны кемпір де біледі. Тек айта салды.
- Әже, ертең демалыс, күні бойы аулайық! Елу шақтысын қырмасақ, не деп айтты дейсің! — деді Сағын кемпірге жалынышпен қарал. — Ал мына аттар тұрганда, сабактан қалу түгіл, оған дейін жер жүзін бір айналып шығуға болады.
- Осыны айтты да, ол тағы сықылыктап күлді.
- Үйден шығысымен екі бала бір-бірімен жарыса, кішкене жолдың майдада шаңдағын көтеріп, тыптырасып жүгіріп ала жөнелді.
- Аттардың тың екені бел-белгілі. Жолаушылар жай жүріп, жолдағы пункттерге қона, бап сақтап келген сияқты, әрі арба бар жерде қаты жүре қою қыын. Жақын пункт Түгескен осы жерден отыз шақырымдай ғана жерде.
- Сағын қызыл қасқаға лып етіп мініп алды.
- Басқарманың аты жаман болсын ба?! Жалын-ай, жалын. Біздің үйдегі домбыраның шашағындей. Сен мынаған мін. Бұл да дүлей-ау деймін. Тұрысын қараши керіліп.
- Бұнысы жирен ат.

— Ешкім ұрыспай ма? — деп сұрады Нияз атқа жақындағ бере. — Өзінің мінезі қандай екен? Дұрс еткізіп жүрмесін әлі.

— Қайдан! Жуас екені көзінен-ақ, көрініп тұрган жоқ па? Қорықпа. Ешкім ұрыспайды. Және көрмей де қалады. Біз тез ораламыз ғой.

Нияз өуелі башайларымен аттың тірсегіне жабысты да, маймылша тырмысып, жалдан тартып, ерге өрмеледі. Әп-сөтте мініп те алды. Үй жанынан көп дыбыс шығармай қырлыққа шыққан олар, өудем жерге бармай-ақ, тасырлатып шаба жөнелді. Салғаннан алға суырылып Сағын шықты. Анда-санда «гит! гит!» деп айқайладап қояды. Аттардың да делебесі қозып кеткендей. Құлақтан жел зуылдайды.

Нияз атқа қанша құмар болғанмен, тап Сағындаі шабандоз емес. Аса қатты шапқанда қомпылдаңқырап кетеді. Қазір сондай шабыс басталып барады. Қалып қою және үт. Ұшып кете жаздал келе жатса да, ат басын тартар емес. Құмарлық пен үт екеуі қарбаласып, көңілді күдіктендіргенмен, алдында желеңдеп шауып бара жатқан ақ көйлек мақсат, нысанадай, соған қарай өршелене түседі.

Екі ат созылып, жусаңды далада ен жапанды дүбірлөтіп шауып келеді.

Жарыстың қызған кезінде аспаннан ашы дауыс жетті. Шырыл. Екеуі де ат басын тартып, қарқын азайғасын аспанды тінтті көздерімен. Бірақ өуелі ештеңені көре алмады. Тек бірер сәттен кейін Сағын қолын шошайтып, аспанның оң жақ бөктерін көрсетті. Сол жаққа қараган Нияз көк аспан жүзінде бір бүркіттің қолапайсызыдау далбаландал жүргенін көрді. Кейде тіпті қиранландал, құлап кете жаздағандай. Ашы дауыс та содан шығады.

«Бұ не? Бүркіт бұлай шаңқылдамайтын еді ғой».

— Күзен! Күзеннің даусы! — деді бұрыла шауып келе жатқан Сағын.— Күзен алып үшқан бүркіт қой!

Нияз жаңа түсінді. Иә, ана бұрулі сары дене, ашы шырыл — күзендікі. Бірақ шақар неме берілетін емес. Бүркіт оны бұрсе, бұл оған айбат шегіп, шыңырау аспанда айқас салуда.

— Соңынан қалмай шаба берейік, — деді Сағын. — Өйда, былай қарай шап! Мынау барып тұрган соғыс қой.

Енді бұлар жай шабуда. Аспанның аңысын андап келеді. Бүркіт ұзап ұша алатын емес. Күзеннің шырылы құлақты жарып барады.

— Дүниеде ең биікке көтерілген күзен осы шығар. Ой, сасық неме, — деп Сағын тарқ-тарқ құледі.

Кенет бүркіт күзенді тастап жіберді.

— Ойбай, Нияз, төбеңнен түспесін, тырнағы тиген жерінен өлсе де айрылмайды.

Енді екеуі далбалақтап екі жаққа шапты. Бүркіт төмен қарай құлап бара жатқан күзенді тағы бір байқап көрейін дегендей, сұылдай, ысқыра құлап, сары денеге жақындаі бере теуіп жіберіп еді, екпінің күшімен лақтырган тастай бағытын өзгерте үшты. Бірақ сонда да бір рет айбат шегіп, абыз шаңқ ете қалуға үлгірді. Әрі қарай бүркіт батпады. Күзен сұылдап келіп жерге құлағанда, Сағын енді солай қарай шапты.

— Эне! Эне! Кез жазып қалма. Қу соңынан.

Нияз да атын қос өкпеден жалаң аяғының өкшесін батыра аямай тепкілеп келеді. Күзен ештеңе болмағандай бір аунап түсіп, шапши жүгіріп, қашып барады. Енді екі атты қатар, қабаттаса шауып, оған жетіп-ақ қалғанда, ол бір інге кірді де кетті.

— Қап, әттеген-ай, — деді Сағын.— Осы пәлелер інді тап-қыш-ақ.

Аттар ауыздығын қарш-қарш шайнап, әрен тоқтады. Ин жаңа екен. Тышқандікі. Кірген-шыққан із жатыр.

— Енді не істейміз? — деді Сағын ойланып. Сонын керемет бір ой тауып кеткендей: — Мен үйден күрек әкелейін, сен осы жерде қал. Қашып кетпесін. Соғып аламыз.

Нияз қалғысы келмей:

— Бұл іннен шығып, қашып кетсе, қайтемін? — деп еді, оған Сағын:

— Қашса, соңынан қуа бер. Тек кірген інін көрсет. Саспа, баланың аяғын баспа, — деді.

— Құрсын, оны не істеймін, тістеп алып жүрер.

— Ойбай-ау, терісін тапсырасақ, ойдай шекерге қарық боламыз. Бұл саған саршұнақтың терісі емес. Күзен өте қымбат болады. Ауызға келіп түсіп түрган зат қой. Тіпті саспа деймін мен бар жерде.

Сағын «eh» деп тағы бір күлді де, жауап күтпей, шауып ала жөнелді. Нияз үңірейген, ар жағы қараңғы ін аузына қарап түр. Бірдеме жылтырай ма деп күтеді. Бір рет тілті аңының көзі сияқты бірдеме елестеп кеткендей де болды. Бірақ ешбір қимыл жок. Бүркіт аспанды жай шарлауда. Анадайдан Құлман шоқысы қарауытады. Ат жерді бір тарпығасын, ауыздығын тартты. Орнында тұрғысы келмей, бір езулей береді. «Сорлылардың аузына осыншама темірді тығып... және оны қашыратып шайнайды, тістері, сірә, ауырмай ма екен?» — деп ойлады Нияз. Аяушылық сезімі оның көзін әлгі тышқан ініне қайта аударды.

«Ішінде тышқан болса, ол сорлыны әлдеқашан жайратты-ау!». Оның көз алдына екі жәндіктің қараңғы, тар індеңі айқасы елестеп, кішкентай жүрегі дірілдең кетті. Көп уақыт етпей-ақ, алдына қүрегін өңгере шауып Сағын да жетті. Және бір ұзын темірі бар.

— Мә, екі атты тұса! Мен қаза тұрайын. Мына темір, шапшыса, керек болады. Қақ мәндайдан переміз.

Нияз аттарды тез тұсай салды да, жарты метрдей, сабак сиқты темірді ұстап, ін жанына келіп тұрды. Жүргінде қорқыныш бар. Құзен — қауіпті аң, жаны сіріден берік деп естіген создері үркітеді. Қақпанға тұскендерінің көбі өлмейді екен, үлкен кісілер үстіне шығып, етігімен езіп тұрғанда да болмайды десетін. Бірак, амал жоқ, қорыққаныңды Сағынга білдірмеу керек. Ол үлкен мұрнының үші терлеп, ыңқынқ қазып жатыр.

— Алыста емес, — деп қояды.

Шынында да, біраздан кейін құзеннің қызыл сары, тарақ құйрығы көрінді.

— Э, бәлем, ін тар екен. Кейін шыға алатын емес. Құрекпен-ақ соғып алатын болдық, алақай-ай.

Сағын қүргімен тағы бір көсіп жіберді де, анның ортан белі осы-ау дегендей, темірдің бір басымен құлаштай шіреңе үрды. Құзеннің артқы екі аяғы дірілдеп барып, біраздан кейін қымылсыз қалды.

— Мә, саған, Гитлер! Сасық құзен! — деді Сағын масаттанип кетіп. Сосын: — Саған әлі көрімді қөрсетермін, — деп тағы бір үрды. Ақырында топырақ аршылып, құзен түгел көрінді. Еш жерінен қан шықпапты. Құректің үшімен әрліберлі аударып көріп еді, былқ-сылқ етіп, тіршілік белгісін білдірмеді.

— Өтірік өліп жатпасын, сен бастан бір үршы, — деді Сағын. — Бұл ит өтірік өлгенси қалады. Жылан сияқты тірліп кетеді. Сосын тамағына қадалса, бі-ітті-і дей бер.

Нияз бастан бір салып өтті. Бірак ан бәрібір қозғалмады.

— Киноның соны, — деді Сағын, енді қорықпай-ақ, құзеннің құйрығынан тартып алып жатып. Оның жансыз денесі шынында да салбырап қалыпты.

— Әйда, тұсауды әкел.

Сағын құзенді тұсаумен тамақ тұстан және бір қылғындырып байлады да:

— Кеттік ауылға. Аңшылар деген осындаі болады, — деді шаттанып. — Үйдің іші құзен туралы дәнене білмейді. Дала-да тұрған құректі алдым да зыттым. Таңқалудың әкесін қазір көресің.

Шынында да, Сағында аңнан олжалы қайтқан аңшының көтеріңкі қөңілі бар. «Ол ештеңеден қорықпайды, неткен батыл, бесінші класқа барғанда мен де сондай болар ма екенмін», — деп ойлады Нияз іштей қызығып.

Бұлар әп-сәтте-ақ үйге жетті. Рысекенің үйіндегі шайды да ішіп болған қонақтар, кішкене балалар, Сағынның шешесі

Тойған да – бәрі даға, есік алдына шығып түр екен, солардың ортасына шауып кірген Сағын ыржия күле күзенді ортаға сылқ еткізіп, «көріндер» дегендей, лактырып тастады.

Шынында да, жұрт танғалысып қалды.

– Қалай үстадың, жаным-ау, құр қолмен күзенді, – деді қонақтардың ішіндегі бір қара мұрттысы.

Рысекең баласына сүйсіне, масаттана қарап, қонақтар алдында көтеріліп қалғандай.

Тек кішкентай балалар ғана қорқа соқтап, шешесінің кейлелгінің етегінен айрылатын емес.

Сағын аттан секіріп тұсіп:

– Мен қорықпастан... – деп жатыр.

Нияздың атының жүгенінен жас, ақшыл жігіт үстады да, аттың мойнын сипалап, «терлемеген екен» деп күбірлеп қойды.

Нияз, не себепті екенін, біртүрлі басынқы оймен үйге қайтты. Келсе, кітаптары сол күйінде жатыр екен, жинап, сөмкесіне салды. Есебін әурелеп көргісі де келген жоқ.

Жарты сағаттан кейін өзінің торы атына мініп мұның үйіне Рысекең келді. Кемпір бұл кезде түйе сауып жатқан болатын, сондықтан ол төрге шығып, үнсіз отырды. Бұл сирек сақалды, мұртты, ақшыл адам еді. Бірақ аузы қисық-ты. Сол себепті бір көзі қызыарып, жасаурап тұрады. Соғысқа жарақты болмай қалғаны да осыдан. Балалар «бұл кісі жас кезінде шайтан көрген, сонымен алысқан, женіп шыққан, бірақ аузы содан қисайып кеткен» десетін, бірақ оны еш бала батылы барып өзінен сұрап көрген жоқ. Рысекең бұл үйге тума, аралары үш-төрт ата. Аузының әлгі қисықтығынан сейлекен сөздері бұзылып шығады.

Түйе сауып болып, кемпір ішке кіргенде, ол:

– Хал жақсы ма, шешей, – деді.

– Шүкір.

– Шұбат ішнейін деп келіп едім. Біздің Сағынжан күзен соғып әкеліпті, – деп мақтандып та қойды.

– Естідім, жақсы болған екен, біздің үйдің де шәйі таусылып түр еді, жыртық үйдің де құдайы бар деген емес пе. Мың болғыр-ай.

– Амандық болса, біраз шәй болар.

– Тілеуің бергір, біздің түйені қырға апарып тасташы.

– Өзім де мал қайыруға шықтым. Аларам гой.

– Үйнен келген кімдер?

– Ойбай, сұрама. «Шошқалытау» колхозынан бір жас жігіт самаурын боп қалыпты. Соны ауданнан алып кетуге келе жатқан тумалары.

– Астапыралда! Екі аяқ, екі қолы да жоқ дей ме?

– Солай дейді.

— Сақтай гөр, жасаған! Қаріп болу қас пен көздің арасында деген осы-ау! Құні кеше сау жүрген адам...

— Амал қаша. Ана арбалары соған әкеле жатқан көлігі...

«Біреу қолынан айрылыпты, біреу бір аяғынан кестіріп келіпті» дейтін сөздер осы құні жи естілетін. «Самаурын» деген сөз де кейде естіліп қалады. Бірақ бұл ауданнан жоқ сі. Енді міне... Хабардың өлімнен кейінгі жаманы – осы «самаурын».

Рысекең сусын ішіп болды да, мұртын әдемілеп сұртіп, атына қонып, түйені жетелеп қыр асып кетті. Біраздан кейін тағы бір атпен Сағын келді.

— Эне, Сағын келді, мектепке кетесіңдер, тамақ іш, – деді кемпір баласына.

— Ішкім келмейді, әже.

— Неге, қарғам?

— Тек...

— Қой, қарның ашып қалады. Ең болмаса, екеуің сұтке құмаршық былғап жендер. Сағын, сен де жеші, айналайын!

Ол «иә» деп басын изеді. Екеуі темір келіге түйілген талқан құмаршықты сұтке былғап, сырлы аяқтан жеп отыр.

Құмаршық – құмда, өзен жағасында өсетін тікенекті шоп. Дәні тәтті де нәрлі. Аз жесен де тойып қаласың. Тек қағуы қыын. Тікен шөптерді жинап, алашаның үстіне салып, бақан сияқты үлкен ағашпен ұру керек. Сонда ғана кішкентай дәндері сауылдап тәгіліп түседі.

— Біздің үйде бір қапшық құмаршық түр, – деп қойды Сағын. — Бұғінгілер жарты қап бидай әкелді. Әкемнің сінбеккүніне.

— А-а... – деді кемпір. Сосын күбірлеп: – Жаңа Рысекең оны неге айтпай кетті екен, апымрау, – деді өзіне өзі.

Бұл екі үйдің бір-бірінен жасыратын ештеңесі жоқ болатын. Кемпір соған таңғалып қалған.

— Көкем ұмытып кеткен шығар, – деді Сағын.

Аш болмаса да, бұл екі үйге тамақ біткеннің бәрі таңсық. Ең аяғы қармаққа тұскен бір балықты да бөліп жей қояды.

— Бұғін айран үймай қалыпты. Аудандагы үйге ештеңе беріп жібере алмайтын болдым. Қазір тағы үйытып қоймасам.

Бұлар аудан орталығын орталық деп жатпайды, «аудан» дей салады. Онда кемпірдің келіні Нұрбике, оның ішкентай үш қызы баласы тұрады. Кемпір жастай Ниязды бауырына басқан-ды. Одан кейінгісі Әдемі бірінші класс оқиды, қалғандары жас.

— Енді аздап сусын ішіндер.

— Ишайік, – деді Сағын әуелі Ниязға, сосын кемпірге жынымия қарап. Ойы – Ниязға тамақты көбірек ішкізу, бір жағынан, кемпірге жағу.

— Екеуің де таусып ішіндер.  
Тостағандар бір жоба бар екен.  
— Соны да тауса алмайсың ба? — деп Сағын қыздырып қойды.  
Сөлден кейін екеуі де сусындарын таусып, далаға шықты.  
Сағын ерге, Нияз оның артына көрпе салып жайласып отырысты.  
Кемпір оларға бір-біріне байланған сөмкелерін ұсынды.

— Шу, — деді Сағын.  
Бұлар аудан орталығына жөнеле берді. Шоқытып келеді.  
Аттың жүрісінен кейде Нияздың басы Сағынның арқасына  
тиіп кетеді. Құлап қалмайын деп, белінен қыса ұстап алған.  
Екеуінің де іштері бұлк-бұлк етіп, ішкен сусындары шыл-  
пылдай шайқалады.

— Күршек сияқты, — деді Сағын құліп. — Піскілел жатыр.  
— Мес десеіші, — деп Нияз да көнілдене ұн қатты.  
— Ойырмай, Қиранбайдың ішін-ай, мес десен, нағыз  
мес-сс.

— Ұш шелек су сиятын шығар.  
Өзенге жеткесін ат ағыс бойлап су ішті.  
— Ауыздығын алмайсың ба, Сағын?  
— Ат басына құн туса, ауыздықпен су ішер, — деп Сағын  
сылқ-сылқ құлді. Нияз да қоштай құлді. Екеуі қызығылықты  
бір үлкен істін үстінен шыққандай.

Ат сораптап тартып тұр. Анда-санда бір-екі аттап ыққа  
қарай ойысады. Кенет анадай жерден өзеннің құм кемері жалп  
етіп суға құлап тұсті.

— Oho! — деді Сағын. — Бұл қайта ештеңе емес. Құлады  
деп үлкен кемерлерді айт. Мылтық атылғандай. Толқындары  
қандай.

— Зенбірек сияқты десеіші.  
Нияздың мұнысы — кинодан көргендегісі.  
— Судан шауып өтейік пе, әлле, — деді де, Сағын әй-шай-  
ға қарамай, атты қос өкпеден теуіп қалды.

Тап осы тұс тайыз екен, салдырлатып шауып өтті. Iрі-ірі  
тамшылар бұршақтай жауып, үсті-бастары малмандай болды  
да қалды.

Жүрдек ат біраздан кейін құмнан өтіп, қатаңдыққа тұсті.  
Жалғыз аяқ жол кішкене бір жасыл өлкенің бойымен келеді.  
Кенет олардың алдынан үй орнындай кішкентай көлшік кез-  
десе кетті. Оның бір жағасы қоға да, бір жағы ашықтық.

— Сен білесің бе, осында үлкен тостағанбақа бар-ау, —  
деді Нияз тоқтайық дегендей.

— Қойши.  
— Қыршын жаным қылсын. Нанбасаң, көрсетейін.  
Екеуі аттан түсे қалды. Көлшік таяз екен, түбіне дейін  
көрініп жатыр. Онда ұзын жоргалуаш құрттар, бетінде ты-

ным таппай зырлаган маса, кішкентай бүрге сияқты жәндіктер. Қөлшіктің тек қоға жақ түбі ғана қөмексілеу.

— Эне, тостағанбақа! — деп айқайладап жіберді Сағын алдымен көріп.

Тостағанбақа қоғаның түбінде дәңгелене қарайып жатыр екен.

— Айттым ғой, — деді масаттанып Нияз. — Мен мектепке жаяу барғанда ылғи осының қасымен жүрем. Өзімнің тапқан көлім. Қейде жағасында қашан тостағанбақа көрінгенше отырам. Бір күні сабактан да қалып қойдым.

Екеуі ракаттана құмардан шыға құлісті.

— Эйда, осы қолге ат қояйық, — деді Нияз сосын. — Әйттеуір, озіміздің тапқанымыз өтірік емес қой.

Сағын да қуанып кетті.

— Соңын балаларға жаямыз. Бері келіп көреді.

— Бірақ атын не қоямызы? — деді Нияз.

— Шынында да, ө?.. Байқал, Балқаш...

— Қой, олар үлкен көлдер ғой.

— Бола берсін. Немесе...

— Бақақөл болсын.

— Тіпті, Тостағанбақақөл неге болмайды?

— Ұзын емес пе?

— Не ұзын?

— Айтуға ауыр ғой.

— Негылар дейсің. Құніне бір қапшық сөз сөйлемейміз бе?

— Онда болсын.

— Тіпті, жағасына жазып кетейік.

— Эйда!

Сағын сол жерден бір бұта тауып алды да, көлшік жағасындағы дымқыл құмға тасқа басқандай қылып «Тостағанбақақөл» деп жазды да, артына, не себептен екені белгісіз, леп белгісін қойды.

— Қатып кетті.

— Алақай, енді балаларға айтып, көздерін қызықтыратын болдық.

— Айтпа деймін, тірі масқара болды.

Екеуі үлкен жұмыс тындырған адамдай, керемет жаңалық ашқандай орындарынан шаттана тұрды. Бірін бірі сүйемел-деп атқа мінді. Содан кейін де әңгімелері таусылмай, қызу сөйлесе отырып баурайға ілінді. Қырдың астында жалғыз аяқ жол болатын, бұлар сонымен жүрді. Қырдың басына шықпады, балаларға осы салқын, бір жағы қекорай, жұпар иісті жермен жүру бір ракат-ты. Осы қырдың астынан талай бұлақ көзін алып, былдырлап төмен жүтіріп жататын. Әр бұлақтың өзінің аты бар. Ол ат көбінесс сол жердегі қыр басында тұрған Құрметті адамдардың атымен аталады.

— Міне, Жанин бұлағы, — деді Сағын.

Жанин — аудан орталығындағы белгілі, білімді, сыйлы адамдардың бірі, әрі бір мекеменің бастығы болып істейтін. Бұлақтан Жаниннің әйелі су алып жатыр екен, балалар ат үстінен онымен амандастып, әрі қарай жөнелді. Сонадай жерден Ақжібек көрінді. Ол көбірек күтіп қалған сияқты. Дегбірсізденуде. Сағынды көре тарпа бассалды:

— Қайда жүрсің омалып? Қара жерге батып кеттің бе? Күтіп тұрмын, күтіп тұрмын. Жүріп болмайтының не? Бір түсіп аттан, бір мініп, не, алтын таптындар ма?

Сағын жым болды. Лыпылдан аттан тез түсे бастады. Со-сын:

— Мен қүзен ұстадым! — деді акталғандай.

— Қасқыр неге ұстамайсың! — деп үұрысты оған Ақжібек. — Маған десен, қасқыр ұста! Бір сағат болған шығар күткеніме. Сал ана көрпені ердің үстіне. Сағын барынша тез қимылдан, емпендең жүріп көрпені ер үстіне салып, тартпаны қайта тар-тып байлады.

— Ал, апа, байладым. Әп-сәтте жетесің үйге. Жақсы ат.

Кенеттен Нияз араласа кетті:

— Апа, менің есебім шықпай қалды, шығарып берші.

Үзенгіге аяғын сала берген Ақжібек кішкене ойланып қалды да:

— Қанекей, — деді. Сосын Сағынға қарай:

— Сен қайыршы, неге шығарып бермедің? — деді.

— Шықпайды... — деп міңгірледі Сағын.

Ақжібек қолына бір қалта шөп алды да, есепті оқи оты-рып, қара жерге жаза бастады. Сандар шөпсіз дымқыл жерге жақсы түседі екен.

— Дәптеріңе көшіре бер.

— Қазір, апа, мен әуелі ескі кітапқа жазып алам ғой. Класқа барғасын тазалап көшіремін. Шығара беріңіз.

Есеп шығарған жердің аумагы үлкейп барады.

— Түбірі қанша? — деді Ақжібек шығарып болып.

— Дұрыс шықты, апа. Алакай! — деп Нияз қуанып кетті.

Ақжібек Нияздың қолындағы кітапты алып, оның шимай-ланған бетінен Сағынның да қолын таныды.

— Мынау ма сенің шығарғаның?

Сағын көзінің қызығымен өзінің шатпағына бір көз таста-ды да, төмен қарап, басын түсіріп алды. Сосын:

— Біз қазір бөлшектерді өтіп жатырмыз ғой, — деп мұңдайды.

— Үшінші класты көз жұмып өттің бе, немене?

— Өткеннің бәрін біле берсөң, басың қара қазандай болып ісіп кетер, — деп Сағын апасына жалтақтай құлді.

Ақжібек оған жаман көзімен қарағанмен, бұл жолы ештеңде деген жоқ. Енді Сағын мойнына су құйылғандай үнсіз, жалаң аяғының башайларымен сайдың ылғал топырағын қазбалап тұр. Ақжібектің әр сөзі, тіпті көз қарасы оған бүйрықтұғын.

Қызы атқа мініп алды да, құйғытып шаба жөнелді. Асылы, ол атқа бір еркектен кем отырмайтын. Тіп-тік кетіп барады.

— Сағын, есепті баспашы, — деді Нияз.

\* \* \*

Кемпір сабы жарылған ескі шотпен итсигектерді шауып жатыр. Құзге қарай қай шөптің де сүйегі қатаймай ма, итсигектің сүйегі қазір тым берік. Тұбірі қандай десеңші. Бірак тап осы кезде ғана ол толысып, ашуын көбейтпек. Сондықтан шабатын мезгіл осы. Реті келсе, бірнеше шөмелे өртеп, оны жағып, қайнатып, қысқа жететін біраз сабын жинап алмақ ойы бар кемпірдің. Бұған дейін екі шөмеле итсигекті өртеп, сабын қайнатып, үрген доптай домалақ қылышп сузекілеп, екі үлкен бұзаулық дайындаған болса, келесі жылдың итсигегіне мол жетеді.

Кәрі де болса, күшті кемпір еді бұл. Жұмысқа шаршамайтын я шаршағанын білдірмейтін. Қазір де маңдайынан сорғалап аққан терін сұртпестен, ыңқ-ыңқ етіп, бір түбірден соң бір түбірді аударып жатыр. Аяқ астынан бір кесіртке шолтаң етті.

«Тұрі құрғырының жаманын-ай. Кәрі жылан сияқты...».

Кесірткенің құйрығының үші үзіліп түсіпті. Ол жері шоқтай қызырып, қанмен дөңгелене боялған.

— Алда, бишара-ай, — деді кемпір кесірткемен сөйлескендей. — Құйрығы құрғырдың өзі де осал зат қой. Қит етсе, үзіліп түседі. Қайбір ауырмайды дейсін. Тек айтатын тілің жоқ. Төзімінде де тұп жоқ жәндіксің-ау өзің.

Сосын актала кейіп:

— Қайтейін, сорлысың гой өзің де, аяқтың астынан оратылып, — деді. Бұл кезде кесіртке жүгіре берсе, талай жерге барып қалатын уақыты болып еді. Кемпір көбіне-көп өзіне айтып тұр.

Жер шаңдақтау. Шоттың астынан бұрқ-бұрқ шаң ұшады. Жел көтерілейін деген бе? Аспанға көз салып еді, сұрғылт бұлттар бірінің үстіне бірі мінгесе шөгіп қалыпты. Өуелі солтүстіктен жайлап тұрған жел жусан мен итсигек бастарайн жеңіл желкілдетіп етті.

«Жел болғаны тіпті жақсы, итсигек тез, жеңіл жанады. Әрі өзі оңдан туып тұр. Үйге қарай емес. Тұтінін аулаққа алыш кетер».

Мына бір итсигек зор біткен екен. Жер бетіне шыға өсken, тарбиған тұбірлерін кең сала, бұтақтарын уықтардай қадап тастапты.

«Нар итсигек, – деді кемпір күбірлеп. – Қанша жыл өсіп тұр екен?» – Осыны ойлағанда, оның өзінің 72 жасы есіне түсті.

– Ие... – деді ол таңқалғандай.

Кемпірдің қасынан бір ебелек секіре дөңгеленіп ұшып өтті. Бұл – желдін сәл күшейгендігінің белгісі. Жел болса, алдымен ебелектер ұшады.

– Қайда барасың, кішкентай қаңбағым-ау, – деп қалды бір сәт кәрі көздерін оған аударған кемпір. Асылы, ол дала шөпттері мен жан-жануар, макұлықтарына өзінше ат берे беретін және оған үйреніп кеткен-ді. Жанынан өтіп бара жатқан ебелекті өлтір сөздерімен сәби сияқты маңдайынан бір сипап қалды.

Шоттың сабы құргап кеткесін, ол өжімді, құстенген қара алақандарына түкіріп-түкіріп алды да, және бір итсигекке жақыннады. Бұл жолы оны шот бірден қырықты. Итсигек дауылдан төңкөрілген киіз үйдей теңкіді де қалды.

Кемпір «үй» деп белін жазып, артына қарап еді, біраз шабылып қалыпты. «Бұғінге осы жетер, жинау керек», – деп түйді. Сосын шотын үй жанына апарып, басын төмен қаратып жерге шаныша шапты да, сабын қоя берді. Мұнысы жүзін мал баспасын дегендегісі. Енді ол итсигектерді жинауга кірісті. Іңылдан өлең айтып жүрген сияқты. Даусы тым жай шығады. Дегенмен, жанында адам жүрсе, «әлди, әлди, әлди-ай» деген сөздердің баяу созылғанын естір еді.

Кемпір он шақты бала көтерген жан еді. Соның сегізі жер астында, қалғаны бір үл, бір қызы. Ұлы соғыста, қызы күйеуде. Екеуінің үйі де қатар. Аудан орталығында. Есігі бөлек демесен, бір үйде тұрады. Күйеу баласы Айтекен мекеме бастығы болғандықтан, броньмен соғысқа бармай қалған. Олардың да біраз бала-шағалары бар.

«Әлди, әлди, әлди-ай!»

Келіні Нұрбикенің де төрт баласы бар. Үлкені Нияз еді, оны кемпір бауырына салған, қалғандары қыздар. Ең кішісі бесікте.

«Әлди, әлди, әлди-ай...»

Кемпірдің өз балалары да көп еді, өте көп еді. Міне, тіпті, қазір әрқайсысы қез алдынан тізбектеліп өтіп те жатыр. Қебі жастай кетті-ау. Қасмағамбеті діңгектей азamat болып тұрған жерінде ішке барам деп жоғалды. Жоғалған жоқ-ау, өлерінен екі күн бұрын келді. Өз топырағына келіп жетті. Өйтеуір, жанып тұрған жігіт еді. Сонынан бір топ әскер қуып келіп, өлтіріп кетті. Ақтарға деген өшпенделік бұл кемпірде осыдан қалған.

Екінші ұлы Таған да күні кеше колхоздастыру дәүірінде қайтыс болды. Бұл да адам қолынан жан берді. Бандыларға деген өшпенділік кемпір жүргегіне осы кезде үялап еді.

Енді, міне, және соғыс... Шиеттей балаларын тастанап, соңғы ұлы Мырзаш та сонда аттанды.

«Әлди, әлди, әлди-ай...  
Бөпешім менің қайда екен?  
Қыздарменен тойда екен...»

Кемпір итсигекті бір жерге үйіре жинап, дауысын қайта естірте бастады:

«Қыздар неғып жүр екен?  
Бұзау бағып жүр екен.  
Бөпешім неғып жүр екен?  
Қыздарды бағып жүр екен.  
Балапан неғып жүр екен?  
Қанатын қағып жүр екен.  
Қошақан неғып жүр екен?  
Ақ борық қазып жүр екен.  
Құлыншақ неғып жүр екен?  
Қоңырауын тағып жүр екен...».

Ол «үһ» деп тағы бір рет белін жазып, маңдайындағы терін сұртті. Бұл беті әжімге толы, имек мұрындылау, бурыл шашты адам еді. Селдіреген жіңішке бұрымы бар.

«Ботақан неғып жүр екен?  
Боз інгенді таба алмай,  
Боз көдені жұла алмай,  
Бозғылт аспан астында  
Мұңын шағып жүр екен.  
Әлди, әлди, әлди-ай,  
Кімге шағып жүр екен?!

Әлди, әлди, әлди-ай,  
Тұрымтай қайда жүр екен?  
Басын бағып жүр екен...  
Әлди, әлди, әлди-ай...».

Итсигек жиналып болғасын, кемпір ыңылын қойып, үйден бір газеттің жыртығын, жарты құшақ кепкен, ашы іісі аң-қыған жусан әкелді. Жауалығының үшіне түйіп жүретін сіріңке талшықтарын, сүйкерін алып, от тұтатпақшы болып еді, сүйкер ескілеу болғандықтан ба, кепке дейін тутанаар болмады. Сіріңке басындағы күкірт те жарылып, үша берді. Ақыр от алып, қағаз тұтанды-ау. Қарасүр от газеттің ірі жазуларын бірінен соң бірін жалмап жатыр...

Кемпір бұдан он бес шақты жыл бұрын жүрттың бәрінің сауатын ашу науқанында біраз уақыт хат танытатын оқуға барып жүрген-ді, кейін, миына ештеңе қонбайтын жаман

кемпірді не істейсіндер деп қыңқылдаپ қоймағасын, шығып қалған. Сондықтан үйренгенінен қазір есте қалғаны бір-екі әріп. Олардың ішінен ең жақсы білетіндері – «і» және «1» саны. Себебі, екеуі де таяққа ұқсас. Тек «і»-нің басында әлгі сірінкелердің ұшындағы күкірттей мысқалдайғана ноқат бар. Қазір кемпір жаңып бара жатқан қағаз бетінен сол таныс белгілерін іздейді.

Биыл қырық екінші жыл екенін, балалардың сабакқа баратын айының сентябрь екенін, одан бері де бір ай өтіп кеткенін кемпір біледі, бірак ескі әдеті бойынша, биыл жыл-қы, былтыр соғыс басталатын жыл – жылан дей беретін.

От жусанды шарпыды. Қызыл тілдерімен бір жалап алып, қаракүйелендірді де, құшақтай орап, қызыл жалынымен балқытып жіберді.

«Майдай еріді-ау, жарықтық.»

Бірак итсигек тез жана қоймады, әуслі көк тұтіндестіп тұрып алды. Оның алғашқы жаңуы қыын. Ал бірақ бір жаңып кетсе, құрілдеп бой бермейді, тұтінің керуенше шұбалтып, маңайының бәрін қыздырып, қызыл шоқтарын гүлдей жайнатып жатқаны... Міне, итсигектер де от тарта бастады. Әуелі ұзын тұтін шұбалды. Ол белден асып, бірте-бірте қеңеіе жайылып, ертегінің алып жайыныңдай жалпайып кетіп жатыр.

Жел күшейе бастады. Тұтіндер керуені жылдамырақ қозғалғандай. «Маң-маң басқан өркешті түйелердей емес, желген аттардай сияқты ма», – деп ойлаған кемпір солтүстік жаққа барлай қарады. Иә, бұлт қөбейіпті. Жаңа бір әзірде қарасүр еді, қазір қөгеріп бара жатыр. Төменгі етегін жерге түсіріп жіберіпті. Дәү шымылдықтай, екі жақ шеті қеңеіе, көкжиекті ораңқырай, садақтай иіліп барады. Жаңбыр иісін сезгендей болды кемпір. Иә, ол иілу – жаңбыр. «Құргақ бұлттар бұлай ибалы иіле алмайды», – деп күбірледі кемпір. Сосын тағы: «Болса, болсын. Қайта шофын тез сөндіреді. Алашамен қымтап жауып, бастырып тастаймын. Тек желі қатты болмасын», – деп ойлады.

Сай жақтан қара қарғалар қарқылдастып, шуласып кетті. Әншнейінде дара-дара жүрсе де, жаңбыр алдында бірін бірі қайдан табатыны белгісіз, топтаса қалады. Басқа құстар да төмен үшуда.

«Бекерге-ақ жаға қойған екенмін, – деп ойлады енді кемпір, біраздан кейін тұнеріп келе жатқан бұллтың түрін көріп. – Желі қайталамаса болар еді. Жаңбыр бұлай тез келеді деп кім ойлаган. Жүрдек жел-ау, шамасы».»

Кемпір құшін байқайын деп, көрі бетін желге тосып еді, оның біраз екпіні бар екен, қаттырақ тиғендей болды. Тіпті тұрпілеу ме, қалай? Майда жібек емес. Енді ол оттың табы-

нан сәл кейін шегініп, жаңағы желді ойлап отыр. Бетіндегі өжімдердің бір де бірінің сзығы я иіліп, я қозғалмайды. Қоңілі алысыраққа кеткен сияқты. Жылдар керуенін сүзсілеп отыр ма?

«Жел...».

Кемпір өзінің ұзақ өмірінде талай желдерді, жанбырларды, аяздарды, борандарды, аптаптарды, жұт пен аштықты, молшылық пен тоқтықты, жастық пен мастықты, көшкен керуендер мен қонған көштерді, шапқыншылық пен аққан қандарды, аңдар мен құстарды, шөккен құмдар мен шалқыған суларды көп көріп еді. Қазір солардың ішінен біреуін ғана – желді ойлап отыр. Өз өмірінде көрген, өзі білетін желдерін ғана жылдар елегінен сатылап шығарып, соны ойлауда. Оның әр түрін тіпті көз алдына елестеткендей, сирақтап, жіліктеп бөледі. Өйткені кемпір қандай құбылыс болсын, оған өзінше баға берстін адам еді. Қашан оның түбіне жеткенше қазбалап, бойына біткен ақыл мен түйсігін, шамасы келгеніше, соған жұмсал бағатын...

Иә, жел...

«Оның да түрі көп қой. Тәтті жел – бұл рақат самал жел, жаңа ашыған қымыздай жұта бергің келеді. Кеудені жұпарға толтырып алатын жел осы... Қатты жел... Оның да түр-түрі, үрім-бұтағы көп. Ең үлкен ақсақалы – шоқпар жел. Қалғандары итерме, елірме, діңкілдек жел болып кете береді... Ине жел... Бұл денене үшкір тұмсығын сұғып алады... Тұншықпа жел, күйдірме жел... Айта берсөн, сан жетпес, сірә. Ойнақы жел – ол өзінді жақсы қөретін күшіктең жұтіріп келіп, бетінді бір жалап алады да, айналып шауып, тағы оралады... Желдердің түстері де болады. Қызыл жел, көгілдір жел. Сұрғылт жел. Ақ жел. Мөлдір... Әсіреле көгілдір жел жақсы-ау. Мынау келе жатқан сұрғылт жел. Бұдан еш жақсылық күтпей-ақ қой. Жаңбыр жауса, әуелі қарәкәтеніп, артынан тіпті қарайып кетуі де мүмкін. Ол жаңбырдың түріне де байланысты...».

Сайдың арғы бетіндегі Рысекеңнің үйінен салт аттылар мен бір арба аудан орталығына аттанып барады. Асыгулы. Жаңбыр басталып кеттей жетіп алғылары келеді-ау, шамасы.

«Жаңбыр...».

Кемпірдің өжімді жүзі ой орманы сияқты шытырман.

«Иә, оның да, жаңбырдың да, түр-түрі болады. Бірақ жел оған өмірші.

Қатты жаууы, жай жаууы, сылбыр жаууы – бәрі желден... Ақ жаңбыр... Сары жаңбыр... Бұл күн шығып түрганда жауады. Жылама жаңбыр. Бұл – ақ жаңбырдың ең ынжығы. Ақ жаңбырдың өзі алпыс түрлі. Үрдіс жаңбыр. Көзді ашып-жұмғанша төгіп салып, артынан жерді жайнатып, көкті

көңілдендіріп, зыңылдатып кете береді. Жаңбырдың да мінезі адамның мінезі сықылды, ей, астапыралда-ай! Сондай адамдар болады... үрдіс адамдар... Ынжық адамдар... Ауыздағысын ақтарып салып, артынан құліп отыратындар... Жазғы жаңбыры... құзгі жаңбыры... көктемдегі жаңбырлар... әрқайсының жұз түрі бар. Құзгі жаңбыр қыындау. Оның ішіндегі ең жаманы – қара жаңбыр. Қара жаңбыр – құндізгі тұн, көзді көр қылады... Бірак бәрі өтеді ғой. Артынан күн шықпай қоймайды. Арқандап қойсаң да шығады. Сірә, оны ұстап тұра алатын күш бар ма екен?».

Кемпір келе жатқан жаңбырды мұқаттым ба дегендей жеңіл жымып алды. Көзінде кішкентай ғана шырақ – от ойнағандай. Қалын қара орманның арасынан жылт ете қалған өлсіз сөуледей.

...Кемпірдің Мырзашы армияға кеткенде қар жауып тұр еді. Жапалақ қар...

«Неге хат жоқ, ә?».

От қатты ғүрілдеп кетті. Қараса, жаңбыр жақындаپ қалыпты. Әуе де түнерген. Жел қатауда. Енді жаңбыр иісі аңқып қоя берді. Ебелектер көтеп жүгіруде. Қаңбақтар да қөтеріліпті. Әр жерден ауыр секіреді. Ебелектерді тез басып озуда.

Кемпір емпелендең үйге қарай жүгірді. Келіп, терден тәмен жатқан алашаны алды да, сырттағы кішкентай үйме тезекті жауып, жел жағын қол диірменнің ескі тасымен бастырды. Содан кейін даладағы келі-келсапты, төгілмей тұрган бір қап тезекті ішке кіргізді. Беттері жалбырап ашылып бір кітап жатыр екен, оны да әуелі бір қағып, уықтың артына қыстырды. Жақын жердегі сай ішінен, шымнан қазылған тайыз құдықтан екі шелек су әкелді. Бұл құдықтың сусы тұщы және тәтті болатын. Маңайы үйысқан қалын балғын шөп. Ишінде бір бақа аяқтарын тарбита, басын шалқайта қалқып тұр. Жауын күтіп тұр-ау. Кемпір үйге келгесін тағы бір ақ шелекті есік алдына, шағын қазанды даладағы ошақ үстіне апарып қойды. Ылғи осылай ететін. Жаңбыр сүйін қатты қадірлейтін.

«Басымды жуармын!»

Итсигек өртеніп жатқан жаққа қарап еді, тұтіні азайып, қызыл жалын қөбейіп, алабұрқан бола, кейбір шоқ-жалындары үзіле қашып жануда екен.

Жел мен жаңбыр кемпірдің ойлағанынан, діттегенінен ертерек жетті. Әуелі қатты жел толқыны соғып отіп, шала жанган итсигектерді одан сайын шашыратып, шоқтарын ұшырды да, киіз үйдің сүйектерін де сықыр-сықыр еткізді. Шайқалып кетті қара үй. Дір ете қалғаны беп-белгілі.

«Піссімілдө, піссімілдө», – деп, кемпір жаулығы желбіреj, үйден балта, балға, қыл арқан алып шықты да, киіз үйдің жел

жағынан шықылдатып қазық қаға бастады. Тұндікті жапты. Содан кейін арқанды қазыққа байлас, үйді бекітіп бола бергенде, алғашқы жаңбыр тамшылары да жерге тарс-тұрс соғып, өуелі жердің шаңдағын боратып жіберді. Киіз үй енді желге тотеп берер деп ойлағанмен, ол ішке кіріп, қап алды да, оны ортан беліне дейін даладағы дымқыл құмға толтырып, онысын екі желбауга байлас, бекітті. Және бір жіпті бақанның саусақтары арқылы шаңырақтың құллареуішінен өткізіп, құм толтыра шелек ілейін деп еді, тұндік жабылғасын ба, өйтеп қоймады.

Далаға шықса, жаңбыр тамшылары қазан мен шелекке сарт-сұрт соғып, шоршып түскен шабақтардай біресе ішіне, біресе сыртына шашырап жатыр екен. Аудан орталығын жаңбыр передесі жауып жіберген. Рысекенің үйі маңынан да адам көрінбейді. Тек әлгі итсигек өрт қана, «осы дүлейге берілсем, неғыл дейсін» дегендей, әлі де жарқырап, айбат шеге жанып жатыр. От пен судың айқасы. Бірте-бірте шөгіп бара жатқан шөмелек кішкентай жұлдызшаларын шашыратса қаһарланды.

«Бота, бұзау».

Кемпірдің есіне осылар түсуі мұн екен, сайға қарай жөнелді. Жаңбыр бет қаратпайды, тамшылары ап-ауыр. Салмақты тиеді. Әрі сүмбіленікі болғандықтан ба, ызғарлы. Сайға түсे берген кемпір бота мен бұзаудың өздерінің де шиден шығып, екеуінің қатар жарысып келе жатқанын көрді.

«Айналайындар-ай».

Кемпір төлдерді баладай жақсы көріп, олардан «айналайының» аяマイтын. Сол «айналайынды» қай жастан, қай уақыттан айта бастағаны есінде жоқ. Шамасы, үлкейе келе шығар. Немесе орта жасқа жеткесін. Жас келін күнінде кайнағаларының жүзіне қарауға да үзатын үян-ды. Адам баласы үлкейе келе жақсы, жылы сөздерді көп айтады. Олардың үлкейесін көбейетіні несі екен? Жас кезде әлде ол сөздердің қадірі білінбей ме екен?

Бота мен бұзау ойнактап кемпірдің жанына келді де, бірақ көп кідірмей, үрге қарай жөнкіле жөнелді. Көрі адам жас жануарларға жете алсын ба, үйдің ығына алдымен бота, сосын бұзау, ақырында кемпір келіп жетті. Ұзылдаған жел мен жаңбырдың астында жүріп, оларды ішке әрең кіргізгенде, кемпірдің үсті малмандай болып қалды. Жаулықтан жаңа гана киіп алған женіл шекпеніне жіңішке жіптей тамшылар бұлагы ағуда. Ол бота мен бұзауды есік жақтағы керегеге байлас жатып, тағы да:

— Айналайындар! — деді. Сосын жаулығын бір сілкіп, тамшын сұртіп, есікті итере ашып, сыгалап қарады.

Күні өртеп сабын болатын құлдердің қалай ұшып жатқанына ол мұнды қөзбен біраз қарап тұрды. Анадай жерде шот

жатыр. Оны да жаңбыр сабалауда. Мына тезектер, қашшама алаша жапқанмен, ертең-ақ ісініп, бөгіп шығады-ау. Алаша өлім айқасына түскен белгісіз аңдай аласұрып жатыр. Кейде лапылдаған отқа ұқсан кетеді.

Жел есікті жап дегендей, өршелене лықси, қатты-қатты итереді. Бірақ оған көрі сүйек болатын емес. Итсигектің күлі енді тұмандана, тоз-тоз болып ұшып жатыр, ұшып жатыр.

Кемпір көңіліне мына жел, жаңбыр, сұргылт, ауыр аспан үлкен лаң әкелгендей. Жүрек ойнай ма, немене?

\* \* \*

Мектептен қайтып келе жатқан ұш баланың сөмкелері үш түрлі. Олардың тептік матадан істелген, иыққа салатын баулысы Жақсыбектікі. Екіншісі – өздерінің тілінде «ұқімет шығарған», бірақ ол иыққа асып жүретін, үлкен кісілерге арналғанмен, бауын қысқартып жүретін, үлкен қара сөмке, бұл – Амандостікі. Шіншісі – қолға ұстайтын, баулығын сыммен бекіткен, түріне қарағанда «қорлықты» ана екеуінен де гөрі көбірек көрген сөмке, бұл – Нияздікі.

Қазір олар әр нәрсени әңгімелеп, қызу таласа, қолдарын сермесіп келеді. Ауыздары бір тыным таппайды. Кейде бірін бірі тындауды қойып, үшеуі қатар жамыраса сөйлеп кетеді. Кейде біреуі қалған екеуінің алдына шығып алып, шегіншектей жүріп, бірдемелерді дәлледегендей болады. Тоқтап, үйіріліп те қалады. Әйтеуір, жүрістері өнер емес, қыыр-шиыр.

Жақсыбек ап-аласа бойлы, томпақ бет, келте мұрын, көзі шақпақ тастай жайнап тұрган бала. Амандос баяулау, өңі аққұба. Нияз қара томпақ. Үшеуінің кластары да, бойлары да бірдей. Үйлері аудан орталығының ең бітер шетінде. Нияз сондағы шешесіне соғып, аргы бетке, әжесіне кетпек. Қазір жолдастарын тастап кете алмай, әңгіме қызығына берілген. Бұл, әйтеуір, бірден мектептен шыға салып жалғыз кете бергеннен жақсы ғой. Әрі көнілді.

– Мен бар ғой, – деді Жақсыбек аузынан түкірігін шашырата, – мен бар ғой, «Қоңыртөбе» колхозының сүзеген бұқасы мүйізін найзадай шайқап жүгіргенде, қарамды көрсетпей кеттім-ау.

– Өтірікші, өтірікші! Өтірікші, өтірікші!

– Оллаңи, жаным қыылсын. Өйткені мен жаздықұні таба-ныма құлықты көп жақтым ғой. Содан желаяқ болдым.

– Қайда қаштың сонда? Ол – жүйрік бұқа. Ешкімді құтқармайды.

– Үйге де. Колхоздағы апамның үйіне.

– Е-е...

– Кебенниң үстіне шығып кетейін деп едім, таудай екен!

— Азғантай-ақ жер қашқан екенсің ғой. — Нияз мұны көнілі толмағандай айтты.

— Қайдан. Кеп қаштым, тіпті бүқаның өзі шаршаған шығар.

— Ал мен, — деді Нияз, — ақ құмның арғы бетінен сабан айдал жатқан жерден бір жасқа әлі толмаған Тілекгүлді жалғыз өзім арқалап келдім-ау. Ол ауырып қалғанда.

Солай деп, ол солтүстік жақта ағара созылып жатқан үлкен құм жотаны иегімен көрсетті.

— Қасқырдан қорықпадың ба?

— Жоқ. Тіпті қорықканым жоқ. Доғдырға алып келе жаттым ғой өйткені, қатты ауырғасын.

— Нұрбикенің өзі неге келмеді?

— Ойбай, жұмыс қыын, жібермеді ғой!

Онысы шын еді. Жалпы, бәрінің айтып келе жатқандары шындық болатын.

— Ал мен, — деді Амандос, енді кезегім келді-ау легендей, — папамның атының кісесін жоғалтып алғанда, сонда ол мені әкекемді танытып сабаганда, бір ыңқ еткен жоқпын-ау.

— Е-е, онда өзің айыптысың, сосын жыламадың, — деді Жақсыбек. — Бірақ зырқырап қашқан шығарсын-ау.

— Әйда! Қапысын таптым да, сыйтылып шығып, зыттым-ау.

Кенет Жақсыбек:

— Ойбай, әне қарындаш! — деп баж ете қалды. Екі бала елең етіп, көрсеткен жерге жүгіре тарпа бассалып еді, көздеріне ештеңе іліне қоймады.

— Алладым-ау, алладым, — деп екі алақаның шапаттап Жақсыбек тұр. Сөмкесін екі қара тізесінің арасына қысып алған. Енді әңгіме бірден қарындашқа ауысты.

— Менің көп қарындашым болса, — деді армандал Нияз, — аямай-ақ жаза берер едім. Кластағы балалардың бәріне үлестіріп берер едім.

— Әлжанға да бересің бе? — деп шын көнілмен сұрады Амандос. Себебі, ол кеше Ниязben төбелесіп қалған.

— Оған басқа балалардан гөрі азырак берер едім... — деді Нияз сөл ойлағаннан кейін. — Тіпті сайдагы қоғалардың бәрі қарындаш болып кетсе.

Осы жерде Жақсыбек кимелеп кетті:

— Менің бір сандық дәптерім болса! Мен де сүйтер едім. Тіпті бір үй толы дәптерім болса! Сабактан да бөтен жазу жазуға жетер еді. Өлең де жазар едім. Мен өлеңді жақсы жазам ғой.

— Өтірігінді соқ!

— Шын айтам. Апай анада айтты ғой. Өзің естіген жоқсың ба? Ал сенде не болсын дейсін, Амандос? — деді Жақсыбек әңгімесінің бағытын өзгертіп жіберейін деп.

— Менде ме... менде... менің айтқаным болса, жердегі қардың бәрін шекерге айналдырып жіберер едім.

— О-о! — деді екеуі де сілекейлері аға, іштей «болсынға» келісіп.

— Бірақ ол жазда еріп кетеді ғой, — деді Нияз.

— Ерімейді, — деді қатаң дауыспен Амандос. — Қуырып, қатырып аламыз.

Өне бір жерде Теміріс келе жатыр. Ол — ақсақ. Елден салық жинайтын агент. Үй-үйді аралап жұргені. Салық қағаздарын үлестіріп кетеді. Мойынында дәл Амандостың сөмкесіндегі қара сөмкө. Балалар оны, бір жағынан, ақша жинайтын болғасын, «Бір сом қырық тиын» деп атап кеткен. Алғашқы, сау аяғын басқанда, балалар «Бір сом» десе, екінші аяқ шолтаң ете қалғанда, тездетіп «Қырық тиын» десе қояды. Ауылда біраз ақсақ бар. Әрқайсынына да ат тағылған. Әрі онысы әркімнің жүрісіне қарай беріледі. Мысалы, Инасиық. Ол тіпті қатты ақсандалап, суға сұнгіп батып, қайта шығып жүретін болғасын, атын «Сұнгуір» қойған. «Қап, қап» деп жүретіндер де бар. Олар — қолы жерге тиер-тимес болып, сөл жетпей жұргендер тобы. Сырылдақ ақсақтың аты — «Бері кел, бері кел». Ол келе жатқанда бір қолымен алыстан-ақ шақырып келе жатқандай ербендейді. Сырылдақ дейтін себебі, даусы біртүрлі сырылдан шығады. Шын аты — Артаған. Бірақ балалардың мазақтап ат қоюға бармайтын бір топ ақсақтары бар. Олар — майданнан қайтқандар, аяқтарынан айрылып келгендер тобы. Оларды «Батырлар» дейді бұлар.

— Ойбай, «Бір сом қырық тиын» келе жатыр, — деді Жаксыбек Темірісті алдымен көріп. Бұлар сырттай мазақтауын мазақтаса да, одан сескенетін. Айтып жүргендерінің бәрін Теміріс баяғыда біліп қойғандай қуыстанады. Көшениң екінши бетіне лықси бұрыла берген балаларды Темірістің өзі шақырды. Даусы әмірлі:

— Тоқтаңдар, ей! Нияз, бері кел!

Қолын келте сермеп, тура тартып келеді. Нияз, амал жоқ, қорықса да түрді. Ана екеуі де төйт десе, қашуға дайын. Тек өздерінің аттары аталмағасын, шүкіршілік етуде.

Теміріс бұлардың қасына жетіп, қара сөмкесін ақсақ аяғының үстіне салды да, аузындағы темірін сырт еткізіп ашып жіберіп, бірер ала қағаз алдып, Ниязға ұстата берді:

— Иә, мынаны кемпірге бер, малының еті мен май салығын ертеңнен қалдырмай төлесін деп айт. Жоғалтып алма!

Сосын ол сөмкесін сырт еткізіп қайта жапты да, кенет «үйт!» деп үшешуіне бірдей ақырып қалды. Балалар зыта жөнелді. Нияз да қолына қағаздың тиуі мұң екен, зытып

берді. Анадай жерге шыққасын ғана үшеуі де ішек-сілелері қата сықылықтасып күле бастады. Теміріс те қоңылденіп, іштей жымиып бара жатыр. Ол балаларды қорқытып ойнағанды жақсы көретін.

— Несіне қорықтық, бәрібір жете алмайды ғой, — деді Жақсыбек.

— Алдымен қашқан кім?

— Мен емес.

— Мен де емес.

— Өзі ғой «ө-өй» деген.

— Ойбай, әне, Апанаси келе жатыр!

Балалар енді оған қарай зымырап жүгірісе жөнелді. Бұлар-лың «Апанаси» дегені – аудандағы жалғыз орыс, дәрігер қартан кісі Афанасьев. Оның келгеніне бір-екі жыл болғандықтан, қазақшаны толық білмейді, бұза сөйлейді. Дегенмен, осы уақыттың ішінде аудан орталығының барлық балаларының сүйікті болып алды. Балалардың орысшасының ең зоры – «здрәсти». Бірақ балажан дәрігер оларды көрген жерде үлкен сөмкесіндегі бар тәттісін аямайды. Онысы баласы жоқтықтан ба, кім білсін. Әйтеуір, жас балаларды, сәбілерді көрсө, жүрегі жылып қоя береді.

Үш бала келіп, оның етегіне жармасты:

— Здрәсти!

— Аман! — Қол алысып жатыр. Афанасьевтің абажалай алақанына мына балалардікіндегі он алақан сыйып кетерлік. Солай болғасын ба, әйтеуір, дәрігер үшінің шұптыраған алақандарын бір-ақ қысты. Үлкен сары сөмке ашылып, ішінен үш түйір тәтті де табылды. Төртеуінің қуанышында шек жоқ.

— Алакай, менің тәттім – қызыл!

— Менікі – көк.

— Ал менде – сары.

— Школа қандай? — деді Афанасьев.

— Жақсы, жақсы, — десіп жамырасты балалар.

— Ауру жоқ? — деді тағы дәрігер.

— Жоқ, жоқ!

Афанасьев пен балалар әрең ажырасты. Ол сары көмкемелі көзілдірігін дұрыстап, жымиып, бір үйге қарай бұрыла берді. Тап осы кезде жел бір рет ыз ете қалып, желпіп еті де, жаңбыр тамшылары саулап қоя берді. Бұлар өңгіменің, Темірістің, Апанасидің қызығымен жүргіп, желді де, бұлтты да, жаңбырдың жақындағанын да аңғармапты.

— Ойбай, енді аспаннан бақа жауады, — деп, Жақсыбек санын шапаттап жүгіріп ала жонелді. Айтса-айтпаса да, бұл жерде жаңбырдан кейін, қайдан шыққаны белгісіз, ұсақ бақалар қаптап кетеді.

Қалың жаңбырдың астымен үшеуі де жақын қалған үйлеріне қарай лап қойды. Бірдене десіп айқайласып, шуласып барады.

— Здрәсти, жаңбыр! — деп айқайлады Жаңсыбек санын шапаттап жүгіріп бара жатып, неге екені белгісіз. Амандос бір қолын қылыш ұстаган сияқты етіп, аспанға көтере:

— Потом! — деп айқайлайды. Өзі бұл сөздің мәнін түсінбейтін.

— Домой! — деп қосылды Нияз.

Жаңбыр ұлғайып, кішкентай балаларды дүрілдетіп қуып жөнелді.

\* \* \*

— Шам жақшы-ай, Назира, — деді үсті-басы малмандағы су-су, жаңа ғана үйге кірген Айтекен әйсліне. Назира керосинде аяғандықтан, шамды әбден қараңғы түсе, кештетіп барып жағатын. Енді ғана жақты. Жарықта үй ішіндегі балалар да айқынырақ көрінді. Бұл үйдің балаларының үлкені — Аманбол. Ол жетінші класта. Сосын Амандос. Нұрганым әзір мектепке барған жоқ. Қазір бәрі де қараңғыда жаңбыр үніне құлақ тігіп, үндемей отыр еді, жарық жағылғасын көнілденіп, қыбырласып кетті.

— Сау жерің қалмапты ғой, бетім-аяу, — деді Назира күйсүінің түрін көріп. — Жаңбыр бірден лақылдатып кетті ғой.

— Кім білген... Зонтик ала жұру екен. Тамақ дайын ба, қазір жұмысқа қайта кетем.

— Дайын.

Пештің артында ызылдап тұрған самауыр келіп, ортаға дастарқан жайылды.

— Нұргилені шақырсайышы балаларымен, — деді Айтекен. Назира Аманболға айтып еді, ол Амандосты жұмсады. Ол Нұрганымға бір қарады да, аяған түр білдіріп, ештеңе деген жоқ. Сосын үйдің бір қабырғасын тарсылдатып ұра бастады. Ара-арасында:

— Шай ішіндер! — деп айқайлап қояды.

Осы үйде екі семья тұрады. Есіктері ғана бөлек. Бұл ертеректе «живсырыенің» қабылдау пункті болған үй еді. Соның іздерін үй маңынан әлі көруге болады: шашылып жатқан, бірақ қурап, ағарып кеткен аң сүйектері, өсіреле тышқан, күзен сияқты кішкентай аңдардың бас сүйектері, қабыртқалары көп. Қайдан екені белгісіз, топайлар да мол кездеседі. Онымен балалар жазда асық ойнайды. «Үлкен асық» деп атайды бұл ойынды. Үйдің үрліктері ескірген. Бөлмеде екі жерден таяу бар. Бірақ белдік жоқ. Оны мына шым қабырғалар қалай ұстап түр екен деп қайран қаласын. Екі семьяны болетін

ескі қабырғадан көрші Нұрбикенің үйінің балаларының дауыстары естіліп тұрады. Балалар кейде қабырғаның бір жерінен Айтекеннің құс мылтығының темір шомполымен тесік жасап та қояды. Бұл екі үйдің балаларының «телефон» ермегі. Бірақ тесікті ұлкендер көрсе, ұрысип-ұрысип, сылап тастайды. Келесі тескенге шейін.

Қазір де бір тесік бар. Ол бұрыштағы ілулі тұрган бешпеттің астында. Кеше ғана жасалған. Бірақ сыр бермес үшін, Аман-дос тұра қабырғаға қарап айқайладап тұр.

Айтеке – аудандық финанс бөлімінің бастығы. Соғыстан броньмен қалған. Шақырып отырғаны – өзінің туған қарын-дасы. Мырзаштың әйелі.

Нұрбике келгенде, Айтекен шамды өзіне тарта жақында-тып, су еткен «Правда» газетін еппен алып оқып отыр. Оқығанда көзілдірік киетін әдепті. Осы аудандагы орысшаны жақсы білетін санаулы адамдардың бірі. Әкесі революциядан бұрын мектеп үстаған адам-ды. Қазір Айтекен қырықтың үстіндегі.

Нұрбике ұбырып-шұбырып төрт баласын ерте келіп, дастарқан басына жайласқанда, үйдің іші толып, жалғыз шамның жарығы жетпей, үй қабырғаларын отырғандардың зорзор көлеңкелері жауып кетті. Тек дастарқан басы ғана жарық. Нұрбикенің үш қызы – Әдемі, Сұлушаш, Тілекгүл бар. Үлы – Нияз.

Ортаға екі кішкентай тарелкаға салынған сары май, кесілген таба нан, аздаған бауырсақ, қуырылған бидай төгілді. Ауыр уақыт болса да, бұлар өзгелерден гөрі ауқаттырақ тұратын.

Айтекен көпшілке жантайып, газет оқып отырып ішті ша-йын. Аманбол да одан көргенін істеп, бір көпшілкі сүйреп келе жатыр еді, оған әкесі жекіп тастады. Сосын ол малдас құрып отырып ішуге көшті. Балалар тауықтың балапандарынша шөпірлесіп бидай теріп жеп отыр.

– Қазит не деп жатыр? – деді Нұрбике шайды ұрттап қойып.

– Айтартылған ештене жок...

– Мырзаштарды жазбап па? Көптен хат жоқ...

– Хат келмей, қайда кетер дейсің. Соғыста пошта шабан жүреді. Бөрін жинап бір-ақ аларсың.

– Біздер женеміз бе, осы? Кім женеді?

Айтекен қарындастына жаман көзімен қарады:

– Құдайдың жоғын соғатының не? Біз жеңбегенде, енді кім женеді?

– Абырой болар еді, – деді көнілі жайланғандай Нұрбике.

Окушы балалар Нұрбикенің анқау сұрағына құліп жатыр. Ол сақтық кассасында сыпыруышы болып істейтін. Сауатсыз

әйел еді. Рас, күйеуі кезінде аудандық партия комитетінде істеген, парткабинетті басқарған.

— Біз жазға қарай женіп шығамыз, — деді Аманбол білгішсініп. Жетінші класта оқығандықтан, ол өзіне бәрі де айқын деп ойлайды. Айтекен ұнделген жоқ, тек бір жөтеліп, кезілдірігін жөндеп қойды да, шайын ішे берді. Назира оны:

— Аузына май,— деп қолдан еді, бала масаттанып, отырган орнынан бір қозғалып қалды. Жаңбыр терезені сабалап, үйді дірілдетіп тұр. Дыбысы қатты гүрледеп жанған оттай. Немесе үйдің бір шеті жанып жатқандай.

Әңгімені тағы Аманбол бастады:

— Айтпақшы, ұмытып кетіппін, тұнде тұс көріп...

— Кешкүрым тұс жорытпайды ғой, — деді ырымға сенгіш Нұрбике.

— Жоқ. Жаман тұс емес. Ештенесі жоқ, — деп болмады бала.

— Содан бір үлкен теңіздің жағасына келген екенмін деймін. Маңайым қаптап тұрған темір ескерткіштер. Ескерткіш болғанда да, бәрі таныс адамдар. Тек көбі сауыт киіп алған, кейбіреулері суда тізесіне дейін су кешіп тұр. Кейбіреулері жағада. Кәдімгі адамдар. Тек болаттан жасалған. Ішінде бүкіл дүние жүзінің ғалымдары, ақын-жазушылары бар. Ломоносов пен Пушкин, Фарадей мен Ньютон, Менделеев пен Абай, тағы басқа адамдар. Кейбір ескерткіштер кәдімгі тірі адамдарша жағады тайыз суды кешіп-кешіп барады да, елсіз, жансыз маңайды жаңғырта «A-ha-ha-ha» деп айқайлайды. Теңіз жақтан жел есіп тұр. Құн бұлт. Толқындар бар. Әлгі дауыстар алысқа, әлдеқайда кетіп жатыр. Кәдімгі жартастың жаңында тұрып айқайлайсың ғой, дәл сондай, күшті, жаңғырықты дауыстар. Әуелі біреуі, сосын біреуі... Өлген ғалымдардың, ақын-жазушылардың, әйтеуір, барлық атақты адамдардың жиналған жері...

— Өлгендер дейсің бе? — деді Нұрбике.

— Иә, ылғи өзіміз өткен сабактардан біletін адамдарымыз. Суреттерінен танимын ғой.

— Онда, ылғи қайтыс болған адамдардың арасында жүр-сен, өмір-жасың ұзак болады екен, — деді Нұрбике.

— Кім білген, ғалым, ғұлама боларсың, — деп қосты Назира.

Айтекен оларға көзілдірігінің үстінен бір қарады да, ештеңде деген жоқ. Бұл оның қайсыбір әңгімені жаратпағанда істейтін әдettі. Осы жайын біletін Назира әңгімені өзге арнага ауыстыруды:

— Ертең жаңбыр басылса, аэродромға барып, үлетшіктерден шай сатып алмасам, бітіп қалды, — деді ол.

Шай жиналды. Жаңбырдың үдей тұскені белгілі.

— Аманбол-ай, ет асып жатыр едім, қазанның Қақпағын жауып келші. Тамшы тамып кетер.

Аманбол өдөтінше Амандосқа қарады да, ойна бірдеңе түсіп кеткендей, жұмсай қойған жоқ. Өзі барып жауып келді.

— От мықтап жанып жатыр. Жел әлемет екен!

— Онда ана пештің моржасын өлде де жабыңқырап қойшы.

Аманбол оны да істеді. Осы үйдің үлкен баласы болғасын, оның мойнында біраз жұмыс бар. Қыста ыргақпен шағыр суырып, инагашпен сайдагы бұлактан су тасып, киізкілем қағысып, біраз шаруа жасайды. Қар құреп, аққала тұрғызуға да епти.

Қораның есігі бір ашылып, бір жабылып, сартылдағаны естіледі.

— Ең болмаса есікті де дұрыс жауып жүрмейсіндер, — деді Айтекен отырғандарды көзімен бір шолып, ең сонынан кірген Нияз еді. Ол жерге қарады.

Айтекен қайта кіне бастады.

— Сиыр қайда? — деді сосын ол кенет.

Балалардың, әсіресе, оның ішінде Аманболдың манадан қорқып отырған сұрағы осы еді. Сиыр бүтін келмеді. Көбіне оған да жүгіретін Аманбол.

— Келген жоқ, — деді Назира бетіне ашуланған түр беріп, кесімді дауыспен. Үнінде «осы тұнде, жаңбырда сиыр іздетіп, балаларымды өлтіретін жайым жоқ» дегендей ыңғай бар.

— Неге? — деді Айтекен.

— Неге болсын. Келген жоқ.

— Жібер мына үшеуін қазір.

Олар — Аманбол, Амандос, Нияз. Үшеуі де іштей шошып кетті. Айтекен шындалап айтса, қайтпайтынын жақсы біледі.

— Құдайдың жоғын соқпаши, — деді енді Назира. — Қасқыр жеп қойса да, қаңғытатын жайым жоқ қара тұнде.

Балалар іштей қылпылдалап, Назираның айтқаны болса екен деп, шын ниеттерімен тілек тілеп отыр. Бұлардың сиыры Қадіркүл бұлағы деп аталатын шалғынды жердің маңында түнеп қала береді. Ол осы жерден бес шақырым. Қырдың астындағы сай-сала, құм бүйрарат, өзен бұлтарыстарының арасынан тұнде табу қын. Кейде Айтекен балаларды айсыз тұндерде де жібере береді. Қорықпауға үйренсін дей ме, әлде... Кейде сиырларды жақын орналасқан «Қоңыртөбе» колхозының қорықшысы қамап қойса, ертеңіне мал аш қалып, сүт бермейді. Қашан иесі келгенше қамаулы тұра беретін жайт та бар. Бірақ не дегенмен, бүгінгі жаңбырда сиыр іздеу тым қын. «Бар» десе, балалар, амал жоқ, үйден шығып кетер-ау, бірақ алысқа үзай алмас. Өзара келісіп, ық іздел, біраз бүрсендегеннен кейін, «таба алмадық» деп қайтып келер. Бірнеше рет оздерінің солай істегендері де бар. Әншейінде балалықтың алауыздығы көп болғанымен,

мұндай кезде бұлар бірінің айтқанын бірі өмірі өшкере етпейді. Тату-ақ боп кетеді.

— Осыдан қасқыр жеп кетсін, сонда көрерміз, — деді Айтекен кенет жібіп. Үш баланың иығынан үш жартас аударылып түскендей болды. Сосын Айтекен сұлығын күйп, зонтигін алдып, шығып кетті. Енді ерік өзіме тиді-ау дегендей, Аманбол қоңілденіп:

— Осыдан біздің сиырды қасқыр жесе, мен мұрнымды кесіп берейін. Келіңдер, одан да мектеп ойнайық, — деді кіші ба-лаларға.

Онысы — балалардың бәрін қатарластырып отырғызу да, өзі оқытушы болып, сабак сұрап, баға қойып ойнау. «Оқушылар» да қуана-қуана отырыса кетті. Нұрбике кішкене қызын қымтап орап, қалған балаларына тез келіңдер деп, үйіне жөнелді. Аманбол:

— Ал кәне, Балмағанбетов, түрегел! — деді.

Аманdos ұшып тұрды.

— Сен мынаны айт... Ә-ә-ң... Қасқырдың түсі қандай болады?

Аманdos кішкене ойланып тұрды да:

— Қара, — деді.

— Көрдің бе өзің?

Қасқырды осы уақытқа дейін Аманболдың өзі де көрменді. Тек қатты борандардаған олар үй жанына келіп, иттерді торитын. Откен қыста бір рет итті қуып жүріп, тіпті дүрсілдетіп үйдің төбесіне шығып кеткені де бар. Сол жолы Аққанышқ дейтін жақсы ит бар еді, алдып кетті қасқырлар. Бірақ балалар өлі тірі қасқырды көрген емес.

— Көрдім, — деп салды Аманdos. «Оқытушы» таңғалғанын жасыра алмады:

— Қашан, әй?

— Күнде-қүнде.

— Өтірік айтасың, екі қоям.

— Шын айтам. Кітаптан суретін көрдім.

— Е-е, — деді Аманбол. — Отыр, бес.

— Ал кәне, Есжанов, сен тұр.

Аманdos қатырдым ба дегендей, сылқылдап күліп, маңайына ыржалактай қарап отырып жатыр. Нияз көтерілді орнынан.

— Үшті нольге көбейткенде не болады?

— Ноль.

— Дұ-рыс. Ал біз Гитлерді қашан жеңеміз?

Нияз сөл ойланып қалды. Сосын жаңа шай үстінде Аманболдың өзінің айтқаны есіне тусти.

— Ендігі жылы жазда.

— Өте жақсы. Бес. Отыр.

«Оқытушы» өз ойынан дәл түскен «шәкіртіне» көңілі шын толып қалды.

— Есжанова Әдемі.

Нұрбикенің үлкен қызы түрегелді.

— Жаңбыр қашан басылады? — деді оған Аманбол.

— Бүгін түнде.

— Отыр, бес.

— Балмағанбетова Нұрганым!

Бес-алты жасар шамасында ол. Қара томпактау. Оған мынаңдай сұрап қойылды:

— Нешеге дейін санай білесің?

— Отыз бірге...

— Қане, санаши.

— Айттым ғой жаңа...

— Санасайышы енді.

— Аға, маған да бес қойышы.

— Оқушы бағаны сұрап алмайды.

— Айттым ғой, — деп қиналды бала.

— Ендеше, санаған жеріңе дейін сана да, отыра ғой.

Нұрганым сандардың кейбіреуін тастап, кейбіреуін алдынан айтып, әрек деп он төртке жетті де, төбелең үргандай тоқтап қалды. Әуелі ренжіп түрған оның көзінен енді моншактап жас тамшылай бастады, артынан өкіріп қоя берді.

— Бес саған, — деді Аманбол тездетіп, бір жағынан, шешесіне қарап. — Несіне жылайсың, жақсы айттың ғой.

Бестік баға алғасын да қыз бала біраз өкісп отырып, артынан барып басылды. Осы кезде Назира:

— Ал сабактарыңды қойындар. Үй сыйрамын. Нияз, Әдемі, Сұлушаш, үйлеріңе барындар, — сонсын өз балаларына қарап, — сендер мына бұрышқа шығындар, — деп сібірткісін сілтелеп жүріп, «мектепті» таратты да жіберді. Аманболдың:

— Конырау! Келесі сабақ ертең болады, — деуге шамасы әрек келіп, ұшып тұрып еді, Назира:

— Келесі сабактың қашан болатынын бір құдайдың өзі біледі, — деп кесіп тастанды. Оның бір әдеті — таңертен, түсте және жатар алдында үйдің еденін бір сыйрып, су төгіп алмаса, көңілі көншімейтін. Киіз-кілем қаққанда да сөл кір немесе шаңға үлкен мән беріп, балалардың діңкесін құратын. Басының сақинасы ұстай қалған құндері де ыңқылдал жүріп, қолынан шағырдан түйген сібірткісін тастамайды. Тағы бір әдеті — ерніне насыбай салады. Айткен де солай. Көбінесе балалар сол үшін әдейі жасаған кішкентай ағаш келіге маҳорка мен құл салып, араластырып езіп, дайындап қояды. Былғарыдан жасаған екеуінің екі насыбай қалталары да бір-бірінен аумайды.

Нұрбикенің балалары дүркірәй жүгіріп, үйдің бұрышын айнала шауып барады. Далада айқай жел. Жаңбыр.

— Әй, Аманбол-ай, төбеге күл төкпейсің бе? Тамшы ағып кетсе, масқара болар.

Аманбол даラға шықпауға тырысып, өртүрлі сылтаулар айта бастады.

— Иә, қоя қой, ендеше, — деп Назира райынан тез қайтты. Аяған болу керек.

Алғашқы наизағай шарт ете қалғанда, жаман үй қақ жа-рылып кете жаздағандай болды. Үш бала үрпісіп қалды. Ең аяғы, «оқытушының» қөзі де алақандай боп кетті.

\* \* \*

Жел күшейіп, кемпірдің киіз үйі солқылдап, ортадағы құм салынған қап жай тенселіп тұр. Ұықтар, керегелер сықырлап, сөл тесіктің өзі де инедсій желдің әсерімен сырнайдай уілдеп барады. Дыбыстар өртүрлі. Бәрі жабылып, қосылып, зор бір қара күшке айналып, үйді көтеріп тастағысы келген дүлейдей. Есік жақта беттері ашылып, бозарып және бір кітап жатыр. «Бота-бұзау басып кетер» деп, кемпір кітапты алды да, бетіне біраз қарап отырды. «Құрыш қалай шынықты» де-ген кітап екенін қайдан білсін. Ол тек бір жуан қоңыр кітапты ғана біледі, онысы — «Батырлар жыры». Баласы Нияз судыратып оқып беретін кітап. Екеуі де талай естіген жырларын қайта-қайта тыңдалып, кемпір қоғане жас ала елжіреп, бала рақаттанып қалады. Кейде қонақтар келгенде оқып береді. Мырзаш кітапты көп жинап еді. Ол ешбір кітапты я оқылмаған газет-журналды жырттырмайтын. Кейде жазатайым Нұрбике әлі оқылмаған газетті кол сұртуге жыртып тастаса, жер-жебіріне жетіп үрсатын. Оған Нұрбике «білмей қалдым» деп актала құле беруші еді. Сонда күйеуі алдында түрған аққөңіл жанды көріп, амалсыз дымы құритын. Соғысқа ке-терде де: «Кітаптарымды ешкімге тигізбендер, қайтып кел-генде өзіме керек болады», — деп буып-түйіп тастап аттан-ған-ды.

Кемпір мына кітапты да алғашқы кітаптың қасына, уықтың астына тықты. Туырлықты үстап қарап еді, су өтпеген екен. Сосын, не себепті екені белгісіз:

— Әл, ендеше, — деді. Кейде сондай ештеңе түсіндірмейтін сөздер болады ғой. Ауыздан шыққан сөздің бәріне бірдей мағыналы бола беру қайда?

Кенет есік ашылып, үсті-басы ағарандаған біреу кіріп келді.

— Сагынбысың?

— Ihim, өже.

— Оқудан қашан келдің?

— Жаңа бір өзірде. Ой, құрсын, әрең жеттім. Жел қаңбактай домалатып қуады-ау келіп. Бірақ қамшылап өзімді де олтіре жаздады. Арқам қызырып кеткен шығар. Уақ тастармен сабағандай.

— Нияз қайда?

— Көрген жоқпын. Мен кеш шықтым. Ол Нұрбикеніңде қалған шығар. Жаңбыр біз сабакта отырғанда-ақ басталып кеткесін, мені мұғалім қоя берді. Үйіне жетіп ал деп.

— Ие-е...

Баланың ақ көйлегі мен дамбалы денесіне құйып қойғандай жабысып қалыпты.

— Көкем су тамса, біздің үйге келсін деп жатыр. Соны айт деп еді.

— Ие-е, қарағым. Шұбат ішесің бе?

— Угу...

Рысекенің үйі түйе ұстамағасын, шұбатты осы үйден ішеді.

— Әлгі сормандағандалада қалып қойып жүрмесе, жарап еді. Түйе мен сиыр да жоқ. Сендер малдарыңды іздемейсіндер ме?

— Жоқ, — деді сусыннан басын көтерген Сағын. — Күн жаман болып кетті. Әлемет. Өздері келеді ғой. Қайда барап дейсің. Біздің малдар ақылды.

Сосын бала сықылықтап күлді.

— Үйлерінің төбесінен тамшы аға ма?

— Ешбір жаңбырда ағып көрген емес. Төбесі темірмен қаптағандай дейді көкем. Біз күл төккенбіз. Ал кеттім, әже.

— Бара ғой, қарағым.

Бала дүңкілдетіп жүгіріп ала жөнелді.

Кемпір біраздан кейін далаға шығып, жиған отынын қарап еді, алашаның ық жақ шеті жын тигендей аласұрып жатыр екен. Тезектің біраз жері су бол қалыпты. Оны тағы қолға түсken екі таспен бастырған болды. Қазан мен шелек суга толыпты. Оларды кемпір ішке кіргізді де, үйдегі үлкен қазанға құйып, орындарына қайта қойды. Далаға өрбір шығудың өзі күш. Әсіресе есікті ашып-жабу-ақ ақырет.

Қазір аспан көрінбейді. Жер беті боз тұман. Бір рет келіп арқан-қазықты байқап еді, со қүйі түр екен. Қайта су сіңіп қатайғандай. Арқан алып домбыраның қос ішегіндегі дірілдейді.

Бұлттан ба, жаңбырдан ба әлде жылдам кеш түсіп келе ме, маңай ымырттанып барады. Үйге кірген ол бота мен бұзаудың жатып қалғандарын көрді.

«Ақылдарыңнан айналайын».

Біраз отырғаннан кейін, ол сиырға барып қайтсам ба екен деп ойлады. Әлде өзі келер ме екен? Түйе қырға, алысқа

кеткен, оны іздеуге шара жоқ. Әрі оның өзі келетіні де рас. Ботажан-ақ.

Осы сәт кемпірдің есіне осыдан екі шақырым жердегі өздері өмір кешкен тоғай тұсті. Қыр басындағы қорымның бірінде кемпірдің шалы жатыр. Ол соғыс басталардан екі жыл бүрын қайтыс болды. Тоғайды одан ертерек тастап, аудан орталығына ауысқанмен, шал «өзімді сол жеріме, тоғайымның қасына, қырдың басына қой» дегесін, бұлар ақыргы тілегін орындаған-ды. Баласы Мырзаш қажырлы еді, қабірді әдемілеп салып, бейне әкесін бесікке құнлақтап салып жатқандай еңбек етті-ау. Шал нағыз уақытында өлді. Қайғы көрмей.

Су сүйектен өтіп барады. Енді ол қырга шығып, ескі қораға бетtedі. Ол Рысекеннің үйінің тап қасында. Анда-санда уйілеп қояды. Қырлық та еріп, былқылдай, сазданып бара жатыр екен. Тек жусан, көкпек сияқты түбірлерді басып жүрсөн ғана жеңілдеу.

Кемпір ескі қораға келді. Мұның іші сөл тыныштау екен. Тек төбенің тесік жерлерінен жаңбыр тамшылайды. Қораның алыс шетінен кемпір малдарын көріп, қуанып кетті. Сиыр да, түйе де, Рысекеннің үйінің малдары да – бәрі осы ұзын, үлкен қораға келіп панарапты.

«Ақылдарыңнан айналайын».

Алқынған журегін басып, кішкене отырып еді, оның қасына жай ыңыранып түйесі келді. Көнтек ернімен кемпірдің қолын, бетін ііскеледі. Ботам деп түр ма екен? Кемпір оның бүйдасын шешпей-ақ, «шөк-шөк, қарағым» деп, тулақ сияқты көн тізесінен қағып еді, шөгө қалды. Ала сиыр анадай жерде мүйізін қайқайтып, көзін бадырайтып қарап түр.

«Аяғыңнан байланып тұрсың ба, неге жақында майсың, түйеге біткен ақыл саған бітпеді-ақ».

Кемпір біраз отырып қалды. Қен, қу қамыс, шіріген шөп, оларға қосылған жаңбыр іісі – бәрі аралас шығады. Қасында жатқан қу қамысты алды да, кеүішіне жүққан сазды сүртті. Әр жерден де тамшылар сарылдаپ түр. Мына бір төмен салбырай қалған сары қамыстан жаңбыр суы самаурын шүмегінен құйылғандай сүмектейді.

Ол жаулығын түзеп алды да, жолшыбай Рысекендікіне кіріп шығайын, малдарының табылғанын айтайын деп ойлады.

Келсе, үйдің іші түгелдей шайға отырган екен. Тойған кішкене баласын емізіп, кесесін көтереді.

– Ойбай, үстің малмандай болыпты гой, – деді Рысекен көпшілінен көтеріле беріп.

– Ене, терге шық, шай іш, – деп жатыр ақкеңіл Тойған.

– Малдардың бәрі қораға келіп ықтапты, – деді кемпір тізе бүгіп отыра беріп.

Үйдегілер қуанып қалды. Әсіресе Сағын: «Мен айттым ғой, отлахи, келеді», – деп бір көтеріліп қалды.

Бұрышта қолдан жасаған ағаш домбыра. Бұл үйдің іші шеттінен домбыра тартады. Жаз күндері кешкүрим есік алдына алаша-киізді жайып жіберіп, Ақжібек «Ақбай» күйін бората бабына келтіріп, тынық ауда тартып отырғаны. Сағын да құр алақан емес. Әсіресе қара өлеңге жақсы.

Дастарқан жүдеу. Соғыс кезі екенін осының өзі-ақ айтып тұрғандай. Екі-үш жерде шелпек нан. Балалар өздеріне тиген үлестерін бірден жеп қоймай, ұзағырақ сақтап, титімдеп отыр.

– Шөп шай ма? – деп сұрады кемпір.

– Жоқ, ене. Кеше қайның жарты қадақ шай тауып өкелді. Ертең, амандық болса, құзеннің терісін апарып тапсырамыз.

Казір осыдан бір-екі жыл бұрын толып тұратын мата да, шай-шекер, әр түрлі тағам да дүкендерден жоғалып кетті. Карточкамен берілген азғана нәрсе бірде жетіп, бірде жетпейді. Аң терісін қабылдайтын мекемеде ғана бірдене бар. Бірақ бұл екі үй үлкен аңды аулауға жоқ. Тек балалар інге су құйып, қақпан құрып тышқан аулап, соның терісін шиге кептіріп апарып тапсырады да, аздаған шай-шекер алып тұрады. Ал жетпей қалғанда, сайда өсетін шөп шай дейтін өсімдікті қайнатып, қызартып ішеді.

Кемпір бір-екі кесе шай ішті. Терезеден жел ызылдап баралды. Ол да ылғи құрама, сынық әйнектерден қиуоластырылған екен, одан аққан тамшы терезе алдын алып кетіп, төмен сорғалауда.

– Балам үшін қорқып, жүргегі құргырдың ас батырмай отырғанын қарашы. Шайың жақсы екен, келін. Бірақ батпалы, – деді кемпір кенет түрегеліп.

– Қой, қайдағы жоқты айтпаши. Жел сол жақтан. Шықса, келіп қалатын уақыты болды ғой, – деп жұбатты Рысекең. – Келмесе, сол жақтағы үйде қалған шығар. Әрине, солай.

– Ендеше, бір қайнатым шай берейін, үйіне барғасын ішерсің, – деп Тойған кішкене қағазға шай орап, сыртынан шарық жіппен байлан берді.

Кемпір далаға шықты.

Жел мен жаңбыр жарысып тұр екен.

Жел манағыдан да қүшегіп, әлеметтеніп, күн қаранғылағынан кетіпті. Үйіне кірсе, бота да, бұзау да тұрып кеткен.

«Ей-й, жарықтықтар-ай, жамандықты сендер де сезесіндер-ау».

Бота ыңыранды. Кемпір олардың алдына бір шелек су қойып еді, бірінің басын бір итергіштеп, шелекті құлата жаздап, тез тауысты.

«Құдайдың осындай құнінде де шөл болады екен-ау. Бірақ қайтсін, жарықтықтар. Төл ғой, бала ғой».

Екінші шелектегі суды әкелді қемпір. Өзі олардың қалай ішіп жатқанын бақылағандай үнсіз қатып қара шелектің қасында отырды. Бұ жолы ыдыс түбінде аздаған су қалды.

«Бәсе».

Шам жақысы келіп еді, ол ойынан тағы айныды. Үйде бала немесе бөтен ешкім жоқ болса, қараңғыда да отыра беретін. Онысы әдет-ті. Солай біраз отырды. Дыбыстар, дыбыстар... Жаңбыр асыға-үсіге бірдемелерді деміге сыйырлап жатқандай. Жел ыңырып, жалынғандай. Кейде уіл жылауга айналып кете жаздайды.

Кенет кемпірдің ойына бірдеңе түсіп кетті. Орнынан ұшып түргелді. Устіне қалың мақпал бешпетін киді. Сыртынан шапан жамылып, белін орамалмен қатты тартып байлады. От жақтан бір қарын алып, оған үйиған айранды шайқап жіберіп құйды. Қараңғыда қалай құйылып жатқаны да белгісіз. Қарынның аузын жақсылап байлап, бір иығынан асыра салды да, екінші қолына таяқ алды. Соғын кішкене ойланып, тағы тұрып қалды.

— Қазір қайтып келем, қарақтарым, — деді бота мен бұзау жаққа қарап, олар тіл түсінетіндей-ақ. Бұрылып шыға беруге ынғайланды да, тағы от жаққа барып, ұзын бешпетінің екі қалтасына құрт толтырып алды. Есікті азар ашып шықты да, сыртынан байлап бекітті. Дәл осы кезде жаңбыр мен жел екпіні оны әнтек ұшырып түсірді.

«Адыра қалғырдың желі».

Анадай жерге былқ етіп құлаған қарны мен таяғын тауып алды да, ызамен өршеленгендей желге карсы адымдай жүрді. Кемпір енді аудан орталығына, баласына баруға бекініп еді. Бірақ жел болатын емес. Жаңбыр беттен сабалайды. Әсірессе, сайға түскенге дейін қеудеден итеріп, бір тоқтата, бір жыға жаздай, кемпірді тәлекек қылғандай болады. Кейде жаңбыр бет-аузына шелектеп құйып өткендей. Ондай кезде кемпір басын еріксіз кейін бұрады. Мына тұрган қыр басына жету ақырет болды. Әр жағында сай басталады ғой. Онда тыныштау болар. Жаңа ғана киген күмдерінен су етіп барады. Міне, ақыры әрең деп қыр басына жетті-ау. Бірақ бұл жердің желі мен жаңбыры тіпті әлемет екен. Олар кемпірді дәл осы жерде тосып алып, жібермейін дегендей. Ысылдай, қара жыландаш шағып, қара дүлейдей игеріп барады. Кемпір дәл мұндаиды ез өмірінде әлі көрмег еді. Әй, көрмеген шығар.

«Кара жаңбырға айналған екен».

Тайғанақ жолмен әрең деп сайға түсті. Аяғы алға, басы артқа тартады. Сай бойы көк тайғақтаныпты. Өзенге дейін

кемпір таяғын сүйене қидаландап әрең жетті. Өзен суы да желмен бірге арнасынан шығып, ыққа қарай лықсығандай. Толқындар өншійнде өмірі жете алмайтын құмдықтарға дейін шығып кетіпті. Тек төмпек құм басына өскен қияқтар ғана орелі қарайады. Осы жерде бір дүзген бар еді, кемпір қараңғыла соның сарынын анық естіді. Оның үні бөтен шөптердің үнінен өзгеше. Кеуішін шешіп, балағын түрініп, кемпір қорғасындай ауыр, сүқ қараңғы суға түсті. Аспан астын түгелдей су алып кеткен бе, немене?

«Қарағым аман болса, болар еді. Жаман жаңбыр, жаман жел екен... Жаман екен».

Толқындар кейде белге келіп қалады. Кейде тізеден де томен түседі. Бұл жер бұрын тап-тайыз-ды. Су ызгары шекеден шығады. Кемпір бұрқан-тарқан болып жатқан толқындармен алысып, арғы бетке шыққанда қараңғылық маңайын әбден жайлап алыш еді. Тек қараңғыдағы дыбыстар. «Қараңғы дыбыстар?!» – деп ойлады кемпір.

«...Дыбыстың түсі қандай болады екен? Оның біздің көзге корінбейтін түсі бар ма екен? Мыналар қараңғы дыбыстар ғой».

Қараңғылық... Кемпір қараңғылықтан қорықпайтын. Айтпақшы, бір рет зәресі ұша қорыққаны да бар екен-ау. Ол бұдан алпыс шақты жыл бұрын, мұның сәби қызы кезінде еді. Сол күні тапа-тал түсте тоқыма қаппен ауылдан жырақта тезек теріп жүрген. Бір мезгілде жер беті өуелі сарғыштанып сала берді де, сосын бірте-бірте қарай бастады. Ұмырт сияқты бір пәле. Жүргегі дүрсілдеп қоя берген қызыңға қарап еді, ол азайып, кеміп бара жатқан сияқты. Ақырында жер беті қап-қараңғы болып кетті де, аспандағы жұлдыздар жымында, ойнап қоя берді.

«Ақырзаман».

Ауыл адамдары оны көп айтатын. Мынау сол шығар? Мұндайды бұрын-сонды кім көрген?! Қызы тезегін лақтырып тастап, ауылға қарай зытып келеді. Анда-санда аспанға қараса, таныс жұлдыздар жоқ. Мысалы, ожау сияқты Жетікарақшы. Аспанның бетінің де езгергені-ау. Бірақ ауыл алыс болғасын, әлгі қараңғылық бірте-бірте сейіліп, таныс емес жұлдыздар соніп, жер беті қайта сарғыштанып, ақырында күн қайта жарқырады. Кейін, ауыл адамдары бұны күн тұтылу десіп, садақа жасасып, мал сойып жатты.

Қараңғылық... Мұнан кейін еш уақытта кемпір ешбір қараңғылықтан қорқып көрген жоқ. Бір рет мал іздел жүріп, далада түнеп қалғаны бар-ды. Қыстың күні еді. Қоршаулы, төбесі жабық молаға паналады. Есім шалдың қабірі еді ол. Есімді кемпір тірі кезінде көрген. Мінезі жақсы, жайдары кісі еді. Қасындағы бөтен молаларға панаlamай, соған кіргені де

сол себепті. Ондай жақсы адамдардың моласы да қауіпсіз деп түйді өзінше. Шынында да, ол әлгі молада қаперсіз үйіктап шықты. Жалпы, ол ештеңеден де қорықпайтын. Шайтан бар деп жас құнінде қорқытқандарға сенбейтін де, қорықпайтын да. Тіпті шайтан бар болып, қасына келгенде де, кемпірді қорқыта алмас еді...

Ол еңбек сүйгіш еді. Еш уақытта қандай ауыр жұмыстан болсын қашып көрген жоқ. Құн демей, тұн демей, еңбектене беретін. Онысын білетіндер: «Шіркіннің сүйегі неткен берік, картайса да күші бір таймайды», – десетін. Қүш демекші, еректердің бәрі майданға кеткесін, қолына шалғы алып, аздап та болса шөп шапты. Ниязға да шөп шабуды, шалғыны қайрауды үрретті. Жусан, итсигек, қекпектерге де шот салды. Үй-ішіндегі кәкір-шүкір жұмыстың бәрі өз қолындағой. Енді бір-екі ай өтіп, қара сұық түскесін, киіз үйін жығып, аудан орталығындағы келініне барады. Екі әйел болып шапқан шөп, отындарын жинаиды. Әйтеуір, осы жұмыстар ма өлде әуелден бойына сіңген еңбекқорлық қасиеті ме, қазір бұл сірі десен боларлық адам еді. Міне, осы сәтте де мылқау табиғатпен алысып, қара тұннің ішінде баласының халін білуге келе жатыр.

Арғы бетке шыққасын кеуішін киген жоқ, қолына алып, су сіңіп жатқан қатты құммен жүріп кетті. Маңдайдан тас бүршақтай ауыр жаңбыр тамшылары ұрып, кейін итермелейді.

Оның есіне таңертеңнен бері тамақ ішпегені енді түсті.

Аяғынан ызғар өтіп бара жатқасын, ол кеуішін киді. Біраз жүріп тастаса да, құм бітер емес. Өлде әлгі ойларымен келе жатып адасты ма? Немесе желдің өзгеріп кеткені ме? Олай емес те сияқты. Кемпір желмен алыса, бір-екі рет бағытын өзгерте жүргеннен кейін ғана, аяғы қатты жерге ілінгендей болды. Осы кезде ол мың рет жүрген жерінен адасқанына назаланып, шыдай алмай кетті де:

– Қатты құдай-ай, мен саған не жазып едім, – деді.

Міне, шилер. Қазір қыр болмақ. Шынында да, ол көп кешікпей қырдың етегіне ілінді. Бұл жердің желі шамалы екен, бірақ өрге шығу қыын. Бір-екі рет демалып алды. Қырдың басындағы желдің құштілігі сондай, аунатып түсіре жаздады. Осы кезде әлемет бірдеңе жарқ ете қалды да, аспан жарылып түскендей қатты гүрсіл естілді. Бұл найзағай еді. Оның жарығымен ауыл шеті түгел көрінді. Ит екеш иттер де үрмейді. Жан-жануардың бәрі тығызып қалған. Ол үнілеп отырып шеттегі үйіне жетті. Шам жанып тұр. Үйге кірерде жүрегі дүрсілдеп, балам бар ма, жоқ па деген ой келіп, қолы сәл қалтырап кетті. Бірақ кемпір төуекелшіл еді. Қайта қатайды.

Үйге кіріп келгенде, жетілік шамның айналасында үрпиісіп отырган бір ер, екі қызыбаланы, келінін, анадай бесікте жатқан бөбекті – бәрінің аман-сау екенін көргенде, көзінен жасы еріксіз шығып кетті. Бірақ онысын кім сезсін, үстінен, бет-аузынан су сорғалап тұр.

— Айналайындар, – деді кемпір жаймен ғана, тек өзіне естіртіп. Келінінің шошып кеткені белгілі.

— Енежан-ау, мына жеті қараңғы түнде, алласапыранда неғып жүрсін? Өліп қаласың ғой, бетім-ау.

— Ниязжанның қайда екенін білмей... – деді күбірлеп кемпір. Сосын тағы: – Неғылар дейсін... мені құдай не қылсын, – деді.

Балалар жапа-тармагай жүгірісіп келіп, оның үстінің сүйниң да қарамай, әжесінің етегіне жармасып жатыр. Бәрін де қүшірлана бір-бір сүйіп босатқан кемпір пеш жанына келіп, сыртқы киімдерін шешіп, қолындағы қарның келініне берді де, үйілеп барып төр алдына отырды. Келіні отты өртеп жағып жатыр екен. Дүзгеннің қызыл шоғы.

— Ниязжан, әженнің шапаның пешке іліп жіберші, – деді Нұрбике. Нияз келінінің құрсақтан көтерген жалғыз ер баласы болғандықтан ба, кемпір оны бауырына басқанмен, реті келгенде үстап қала қоюға тырысады. Бүтінгі ауа райы осыған дөп келіп, ол да мауқы басылғанша оңашада сүйіп-сүйіп алған. Баласының:

— Ағам қашсан келеді? – деген сұрағына өзі де іштей елжірей отырып:

— Керманды жеңеміз, жақында келеді ғой. Көп базарлық өкеледі, – деген.

Баланың аға дегені – әкесі. Кемпір сүртініп болғасын, балаларға құрт үlestіре бастады. Сиырдың құрты. Олар жапа-тармагай алып жатыр.

— Бешпетімді де жайып қойшы, келін.

Бұлар быламық дайындал жатыр екен, пісіп қалыпты. Бұл – бидайдың қол дірменге тартқан ұны мен сүт қосып, сүйікшалау дайындалатын тағам. Бетіне шығар онша ештene жок. Қататын май таба алмаған болу керек. Балалар жеп-жеп алды да, төсек салуға да шаманы келтірмей, жатқан-жатқан жерлерінде үйқыға кетті.

Келіні екеуі бұдан кейін ұзак әңгімелесе отырысып ыссы шай ішті. Аққұманның қызылы таусылағсын, Рысекеңнің үйінен алған шайды тағы салып, біраз ішісті. Сыртта жел ұлып тұрганмен, мұнда тыныш. Дүзгеннің шоғы қызулы-ақ. Төбебден тамшы да ағатын сияқты емес. Келесі бір найзагай сарт ете қалғанда, бесіктегі бала оянып, жылай бастады. Келіні бесікке сүйеніп отырып баласын емізді. Кемпір шай құйды.

Аққұман жарылғандықтан, жінішке қалайы темірмен шандып қойыпты. Ақырында әңгіме құнделікті шаруага ауысты.

— Шөп онша жиналмай жатыр, — деді кемпір.

— Мен де шағырды мандытып шаба алатын емеспін. Қыс болса келіп қалды. Бүгін бір түйедей дүзген шауып едім, соның бір арқасын алып келгенім жақсы болды. Эйтпесе, от та жаға алмайды екенбіз. Ертең Нияздан нарды беріп жібер, құн басылса. Екі қатынайын. Дүзгенді бір, сосын бір түйе шағыр шауып... тасын.

— Менде де бір түйедей шөп жиналып қалды. Оны кешкісін жіберермін. Аула жаса, әйтпесе, мал жеп қояды гой.

— Оры бар гой, тек терендетіп, жан-жағын қоршамасам.

— Амандық болса, жиналар-ау, — деп, кемпір көп өжім тараған көзін сығырайта келініне қарап: — Хат келмеді-ау бұл, — деді.

— Сүйтіп тұр. Өзім де қорқып жүрмін.

— Қолдары тимей ме екен әлде соғыста пошта дүрыс жүрмей ме?

— Ағекем сүйдейді гой. Сірә, солай болар. Кейде іркіс-іркіс келе қалады. Келген хаттарының бәрін жинап қойым, — деді мақтанған тұрмен келіні. Сосын аз үндемей отырды да:

— Құлбараның баласынан қара қағаз келді, — деді.

— Алда, пақыр-ай. Шалға қыын болған екен.

Кемпір көзіне келген жасты сілкіп тастанды. Оның баласы саржалақтау келген аққөңіл, жап-жас жігіт еді. Өзінің кішісімен бірге бұзауға мініп, тартыспак ойнап жүретін. Тұған күнін де біледі. Жалғыз бала. Ат шаптырып той жасаған. Онда әлі толық отырықшылыққа көшіп болмаған-ды бұл ауыл. Совет өкіметі орнап болғанмен, көшпелі халық уақытында мал салығын төлейтін де, Қарақалпақстан мен Орынбордың арасында бәлсениңші ауыл я болыс делініп көшіп жүре беретін. Сонда әлгі баланың тойы Қарашоқы деген жерде болып еді. Оның азғантай өмірі кемпірдің көз алдында түгелдей тұр-ау... Енді, міне, сол жас өмір үзіліпті...

Кемпірге бұл сезіндің ауыр әсер еткенін сезген келіні:

— Мұқанның баласы бір аяғынан айрылып келіп, той жасап жатыр, — деді.

— Алда, бишара-ай. Тілегін берген екен. Шалдың тәбесі көкке жетіп жатыр екен гой.

— Тойын жасауы жасау-ақ-ау, бірақ баласы келе сала жылап, кейбір жолдастарын көріп: «Енді мен қор болдым, сендермен бірге жүгіріп жүре алмайтын болдым», — деп, арақ ішіп, далада құлап, әл бермегесін, оны жолдастары түйеге тенденеп, бір жағына өздері отырып, үйіне өрең алып келіпті. Бірақ әйтеуір үйі-іші қуанышта.

– Бір аяғынан айрылып келсе де, шүкіршілік етер едік-  
иу, – деді кемпір кесесін ысырып қойып жатып. – Болдым.  
Үйге қайтайын. Ертең күн басылғасын Ниязжанды  
жіберерсің, түйені алыш қайтсын. Құлбаранікіне де ертең  
кіріп шығармын.

– Немене, қазір қайтасың ба? – деді үрейленіп келіні.

– Мал бар ғой, қарамаса болмас, әрі ыққа қарай жүрем.  
Ертең келем ғой. Ана балаларынды қымтап жатқызысайшы.

Енесінің еңбеккөр мінезін білетін келіні тағы да:

– Ене-ау, далада өліп қаларсың, – дей беріп еді, осы кез-  
ле пештің артындағы есік сықырлай ашылып, ішке қорбыған  
біреу кіріп келді. Үсті-басынан су сүмелектеп тұр. Кемпір  
байқап қараса – Қарағұл.

– Сәлем бердік, әже. Сәлеметсіздер ме? – деді ол үй ішіне  
жіті көз жүгіртіп.

– Амансың ба?

Кемпір мұны жаратпай қалды. Асылы, ол жеті қараңғы  
түнде бейсауат жүрген адамды жаратпайтын еді. Оның үстіне,  
Қарағұлды. Бұл осы ауылда бақташы болп істейтін, денсау-  
лығы кем адам болатын. Әкесі бай болып, ертеректе үсталып  
кеткен Жұмажан деген кісі еді. Кемпір оны да білетін. Жұма-  
жанда үят шамалы еді. «Топырағы торқа болсын, бірак өзінде  
үят жоқ еді? – деді кемпір есіне түсіре күбірлеп, – баласы да  
соган тартқан пөле шығар». Қарағұл, әрі десе, осы үйдің итін  
атып өлтірген. «Соны қалай келінім ұмытады екен?» – деп  
ойлады бір ауық кемпір.

– Тәрлет, – деді жай ғана Нұрбике.

– Жарайды, – деді Қарағұл есік жанындағы дүзгениң  
үстінен отыра беріп, – сиырым жоқ болғасын, іздел шығып  
едім, жолшыбай кіре кетейін деп...

– Біздің үйге сиырың келген жоқ, – деді кемпір. Қалай  
айтып қалғанын өзі де білмеді. Сосын тағы: «Не болса, о бол-  
сын, итті өлтіретін кісі ғой», – деп ойлады.

Қарағұл қипалақтап біраз отырды да: «Қой, кетейін», –  
деп, қымтырыла шығып кетті.

Кемпір осыдан кейін үнсіз біраз отырды. Тіс жарып еште-  
не деген жоқ. Тек кетерде ғана келініне:

– Айтекеннің үй-іші аман ба? – деді.

– Аман, жаңа барып шай ішіп келдім. Өзі жұмысқа кетіп  
еді, кеш келеді, әлі оралмаған шығар.

Кемпір келініне ештеңе демей, киінді де сыртқа шықты.  
Қазір жел күшейіп, тіпті жұлқынып кеткен екен. Бірақ бір  
абырой – енді жүріс ыққа қарай. Быламықтан ба, шайдан ба  
әлде отырып аздал демалып алғандықтан ба, кемпір қайрат-  
танып кеткен сияқты, емпендей келеді. Қырдан төмен түсे

бергенде тағы бір найзағай шарт етіп, бүкіл аспан шелмектей қирап сынып тұскендей болды. Жарықта байқағаны – қырдан төмен жөңкіле ондаған бұлақтар жыланша жылмаңдап жатыр екен.

Сай да көл-көсір. Аяқ бассан, суға тиеді. Арқа жағы мұздан, жаңбыр етіп барады. Кейбір жерлердің сұзы кебістен асады – шылпылдатып кешіп келеді.

Кемпір қандай жағдай болса да, ойлануды жарататын. Тіпті осылай дүние астан-кестен болып тұрғанда да, оны ойы әлде-қайда алып кетті.

Баяғыда осындай бір жаман жаңбырдың астына тұскені бар. Суық жаңбыр еді. Қара сұықта жауған жаңбыр. Ел онтустікегі қалың құмға қарай жетуге асырып, босып келе жатқан-ды. Үш күн, үш тұн жауып, жерді өуелі бөкпендей қылып тастанды да, артынан аяз үрып берді. Мал жейтін қылтанақ шөп табылмады. Қай шөпке ауыз салса да, мұз сауытқа оранған. Сауыт киген жусандар, сауыт киген изендер, шелмектей баялыштар мен қоянсүйектер. Сексеуілдер. Шөптер жеммен тербелे қозғалғанда, бейне мындаған моншақтар бір-біріне тиіп, сынып жатқандай. Маңай сонда бір жүрекке қорқыныш кіргізетін үнге толып еді. Қу дала. Бірақ құбірлеп сөйлеп жатқандай. Жердің тайғақтығы қандай. Сонда қай ауылдан да көп мал әлген-ди. Екі кемпір, бір шалдың аяқтары сынған. Бұл колхоз құрылардан он бес жылдай бұрын...

«Мына жаңбырдың да түсі жаман екен, одан, сірә, кем болмас». – Кейін кемпір жаман жаңбырлардың бәрін сонымен салыстырғанды әдетке айналдырды.

«Әй, кем болмас. Мұзы жоқ болғанмен, сірә, кем болмас».

Құм басталды. Киімнің бәрі су. Найзағай тағы жарқ еткенде, жақын қияқтың түбінен бір қоян ата жөнелді. Найзағай жарығының сәл сөтінде оның, барлық қымылын адам үстай ала ма, тек екі аяғын алға соза, артқы аяғы да жерге тимей, әдемі секірген күйдегі суреті кемпірдің көз алдында қалып қойды. Ол мана үйден шыққалы, кейін қайтқалы да-ладан көрген алғашқы тіршілік иесіне сүйсініп қалды іштей.

«Байғұс, найзағай өрбір шартыldaған сайын осылай қаша бере ме екен?!».

Қатты жарықтан кейін қараңғылық түседі. Оған көз үйренгенше бірер сөт өтпек. Кемпірдің көз алды өуелі қара дөңгелектерге толып кетті де, артынан сәл ғана сейілгендей болды. Бірақ сонда да маңайдан ештецені айырып болар емес.

Зарлап тұрған дүние кемпірді өп-сөттің ішінде өзенге алып келді. Шешінуге де мұмкіндік берген жоқ, сапырылып жат-

қан қара суға салды да жіберді. Кемпір кеуішін шешейін деп бір ойлады да, аяйтын еш жері қалмағасын, көнбістікпен өзенге түсіп кетті. Ағыс та қатайған, тегеурін алған сияқты. Едөүр толқындар ұрып жатыр.

«Сүмбіленің суын-ай! Қара темірдей қаруын!» – Кеуіштің іші шылпылдаған суға толып кетті. Аяқ, тізе, сандарды қарып отті қара су. Кемпір жағаға шыққанда, киімдердің бұрынғыдан да ауырлап кеткенін байқады. Бірақ қалған жол алыс смес еді. Осы медет болды көніліне.

Кенет осы кезде кемпірді соңғы рет сынап қалайын дегендей, жел мен жаңбырға қосымша құш бітті. Жаңбыр шелектей жөнелді. Аспанның бір жерінде ілуулі тұрган көл лак етіп ақтарылып кеткендей. Кенеттен тап болған дүлейден бе, сасып қалған кемпір тайғак жолда жалп етіп құлап қалып еді, қолындағы таяғы ұшып кетті. Құлағанда да, ыңғайсыз, тап қарақұсымен құлады. Қөзінің алды жарқ ете қалғанына қарамастан, бірден-ақ тұруға талпынып көріп еді, есекіреп, орнынан көтеріле алмады. Қатты құлаған еken. Тұрлі жаңбыр бетіне соққылап жатыр. Жел су киімдерді шылпылдастып жүлқиды. Тіпті дәрмен жоқ. «Адамнан өл тіпті кетіп қалатын, құштен ештеңе қалмайтын, сарқылатын кез болады екен-ау», – деп ойлады кемпір. Әлгі сөтте тағы бір жарқ ете қалған заттың наизағай ма өлде қөзінің оты ма, оны да толық айыра алған жоқ. Себебі, енді ешбір дыбыс та естілмей қалыпты. Ұңысып көріп еді, даусы естілмейді. Сабалап ұрып жатқан жаңбырлардың да, желдің де айқай-сартылдары кенет тынып қалған. Бірақ кемпірге еш жері ауырмайтын сияқты. Әйтесуір ойлау қабілетінен айрылмаған. Тап-таза мәлдір ой.

«Апырау, бұл мениң не жатысым? Елсіз далада қара тұнде жаңбырға бетімді тосып жатысым не? Тұрсам қайтеді? Әуп! Неге қозғалмаймын? Денемдегі әл қайда кеткен? Ең болмаса қолым қозғалар. Жоқ, ол да көтерілмейді. Жансыз ба? Астапыралла! Өстіп жатып өліп кетсем, ел-жүрттан ұят-ау! Әлде өлім дейтін осылай, жалғыздықты тауып келе ме екен? Адамдар өлерде қатты жалғызырайды-ау, ө».

Біраздан соң кемпір ептеп өл жинай бастады. Сарқылған қүші там-тұмдаған денесіне қайта қүййылып жатқандай. Жаңа бір мезгілде әлсіреп сөніп қалған дыбыстар да айқындалып келеді. Бір шым шоқалактың түбіне құлапты. Әуелі денесін сөл көтеріп, саздың үстіне отырды да, біраз демалды. Бас та дыңылдаپ, шулай ауырып кетті. Кішкенеден соң ептеп түрегелді.

«Таяғым қайда екен? Өлім туралы ойдың басыма орала кеткені несі? Картайғасын ба? Қой, таяғым қайда? Ерігіп тұратын уақыт жоқ. Өлімнің өзі сұраптай-ақ келеді ғой. Жоқты ойламай, үйіңе, малдарына жетіп ал».

Кемпір есендіреп жүріп өзін өзі жұбатты. Таяғы табылмасын, жол жағасын тізерлеп іздей бастады. Биік шөптер суга бөгіп қалған екен. Сау-сау құйылады. Тұбіндегі саз ій болып балқыған. Тізе, қолдар түгел балшық болды. Қас қылғанда, әлсін-әлсін шартылда, жарқылда тұратын наизағай тыйылып қалды. Тек жарығын әріректе жаққан болады. Дыбысы ауру адамның әлсіз күркілі сияқты.

«Қой, құрмағырды ертең тауып алармын. Жер жұтып кетер деймісің оған дейін».

Ол түргеліп жүре берді. Тайғақ жолда тағы бір құлады. Бірақ бұл жолы жай құлады. Тіпті білінген де жоқ. Әдейі өзі қалың, жұмсақ шөптің үстіне отыра қалғандай.

«Қайта-қайта құлай берем бе енді?!».

Бұл жолы ол масаттанып қалды.

Кемпірдің жеңіл денесін жел қыр басына көтеріп шығарды. Көз алдында қарауытып көрінген үйін көргенде, ол қуанып қоя берді. Есік бауларын шешіп, ішке кірейін деп жатыр еді, исінген түйенің даусы естілгендей болып кетті. Иә, ықта келіп тұр екен. Кемпір оның жанына келіп, су сорғалаған мойыннан құшақтады да: «Айналайын-ай, шыдамың жетпеген екен гой, мен өліп қала жаздадым-ау, оны білесің бе? Сонда сені кім қарап еді? Толған үрпіндегі ақ сүтінді боташына кім берер еді?» – деп босай бастады. «Бірак осы мен не деп тұрмын?» – деп қайта құбірлекен ол, түйенің мойыннан босатты да, ботаны алып шығу үшін ішке кірді. Бота түргеліп, тынышсызданып, аяқтарымен жер тарпып тұр екен. Ноқтасын шешкен бойдағак, әл бергісі келмей, далага ұмтылды.

– Жарығым, есікті ашайын, асықпаши. Енең де күтіп тұр екен.

Кемпір төлін сүйген жануарларды өте жақсы көріп, бар мейірімін төгетін. Бота қапыла еміп жатыр. Кемпір рахаттана, мейірлене қарауда. Нар да ыңырана түсіп, әуелі ботасын, соосын кемпірді ііскеп, талтайып тұрып алды.

Кемпір осы нарын өзге малдарынан бөлекше көреді. Талай мал бітіп, үстаса да, осының орны бөлек. Өзінің маңдағына бота тұрмайтын. Қанша туса да, әртүрлі аурулармен боталары тез өледі де, тұлышпен саудыратын. Мына соңғы ботасы өзір тірі. Сондықтан ба, баласына мейірімі күшті силяқты көрінеді. Жалпы, мейірімі мол мал.

«Мені де жақсы көреді... ақылдым».

Еміп болғасын, кемпір ботасын ішке кіргізіп, қайта байлады да, түйенің бүйдасын шешіп, есік қораға қарай жетектей жөнелді.

– Тоңып қаларсың, қарағым. Күн жаман болып кетті гой. – Қораға әкеліп, тамшы тамса да, ықтау деген бір жеріне

шөгергесін, тағы біраз демалып отырды. Сосын «әукім, әукім» деп сирын шақырып еді, ол орнынан тұрмаса да, бұзаудың кайда дегендей, жай бір моніреп қойды. «Өй, тас жүрек шөлесің-ау, жарығым», – деді кемпір, өуелі қатты айтса да, артынан шыдай алмай, «жарығымын» қосып. Найзагай қора үстінен тағы бір шарт ете қалды. Екі-үш ат, екі сиыр, бір түйе – бәрі жатыр... Ескі қора.

«Қора да тоза бастапты-ау. Құні кеше салынған сияқты еді. Колхоз құралғанда көптеп-көлемдеп балшық илеп, той-думан қылып түрғызылған еді. Қыста осында біраз мал қыстап, жазда босап қалатын. Қи ісі, қамыс ісі, көлеңке ісі шығып тұратын. Үлкен де ашық ауласы көктем мен күзде колхоздың қойларын қырқатын орынға айналатын. Қазір сол қораны қара жел сурыып, ызғытып тұр. Бірер жылда бұл қора да қулап түсетін шығар-ау... Колхоздың пункті бұз жерден ауып кетті ғой... Қутім жоқ... Апырау, Мырзашым неге хат жазбайды? Аман болса, болар еді, соғыста оқ деген мына жаңбыр сияқты дейді ғой. Соншама қорғасынды қайдан алды скен? Тек аман бола көрсін. Қайтадан елге оралып келсе, соның алдында өлсем, еш арманым болмас еді. Осы бір ауыр заман тезірек өтсе екен!»

Кемпір ауыр ойдан арылып, орнынан тұрды да, желмен алыса үйіне қарай аяндады. Тұннің біраз уагы болып қалса да, Рысекенің үйінің жанынан өтіп бара жатып кішкене екі терезесінен жылтыраған от көрді.

«Апырау, бұлар неғып жатпаған?»

Кемпір солай қарай бұрылды. Осы кезде найзагай жарқ ете қалып еді, өлгі екі от сөніп қалды. Тек ұлы жарық ғайып болғасын ғана өлсіз екі көз қайта сыйырайды.

\* \* \*

Рысекенің үйінің есігі тас бекітулі екен. Әртүрлі ағаштардың қындысынан жасалған қырық құрау, бірақ берік есік. Кішкентай жұдырығымен ұрып көріп еді, оны ешкім естімеді. Сосын кеуішінің өкшесімен дүрсілдетіп тебе бастады. Сонда да естілер болмады. Енді ол терезеге келіп, әйнекті қаттырақ ұрыңқырап жіберді де, есікке қарай қайта оралды. Жел ұлып, жаңбыр қүйып тұр. Әзір басылатын түрі жоқ. Кемпір тоңып, дірілледеп барады. Ақырында аргы есік сыйырлап ашылып:

– Бұл кім? – деп айқайлай сейлеген Тойғанның даусы естілді.

– Мен ғой, келін.

– Ене, ойбай-ау, сен бе, неғып жүрсің жеті тұнде? Аманшылық па? Қазір, Қазір, – деп Тойған қапылып жатыр. Әрең дегендеге темір ырғашақ сарт етті. Сосын көлденең тыққан таяқ-

ты алып жатқаны белгілі болды. «Әй, ит жегір, өрең алындығой», – деп кейіді ол іштен.

Есікті ашқасын тағы да:

– Аманшылық па, ене? – деді.

– Аманшылық, аманшылық. Тек жарық түргасын...

– Ойбай, ене-ау, – деді Тойған кемпірді қораға кіргізгесін даусын тәмендете, сыйырлай сөйлеп, – біздің үйге «Самаурын» келді?

– Қайдағы самаурын?

Алдында естісе де, кемпірдің даусы қаттырақ шығып кетті. Сосын барып есіне түсіп, тілін тістеді.

– Аяқ-қолдары жоқ өскер. Манағылар алып кете жатыр. Солармен тамақ жеп болып, шай ішіп отырмыз. Ертең жұрмек. Күн ашылса.

Кемпір кірерін де, кіrmесін де білмей, анырып тұрып қалды.

– Кірсейші, ене. Құдайдың күні өлтіріп барады ғой. Жұр, – деп су-су жеңінен тартты. Еріксіз ерді кемпір. «Бұл келген өскер бала менің балаларымнан бір хабар білмес пе екен» деген үміт отын жағып та келе жатыр. Бірақ «самаурын»... Кемпірдің өмірінде көрмегені еді бұл...

Үйдің іші құнғырт жарық. Кемпір әуелі төрде отырған адамдар шоғырын көрді. Бірақ бет-жұздерін айыру қыын. Әрқайсысы бір-бір қара көлеңке сияқты. Ар жағында ұйықтап жатқан балалар тобы. Ояуы Ақжібек. Ортада – кең дастарқан. Бұрын екі қабаттап жаятын еді, бұтін бәрін жазып жіберіпті. Есік жақта шылапашын жалтырайды. Үйдің төбесінен тамған тамшылар оған тиіп, сарт-сұрт етеді.

– Сәлеметсіндер ме, қарақтарым. Жол болсын, – деді кемпірдің өзі алдымен амандасып. Отырғандар жапа-тармалай амандасып жатыр. Тойған шай құйып отырған орнына жайласты да:

– Ене, шайға шық, – деді.

Кемпір дастарқан шетінде жастыққа қисайып жатқан Рысекеңнің жанына келіп отырып еді, үсті-басынан аққан су киіздің шет жағын алып кетті. Сосын үстіндегі ауырлаған сырт киімдерін қабырғаға қағылған қазық темірge іліп, қайта орналасты. Енді отырғандардың да жүзі айқындалып қалды: өздері ушеу екен. Бірі – жас шамасы қырықтарға келіп қалған орта жастағы, екіншісі – бала жігіт. Шіншісі ортада қомпиып отыр. Жан-жағын көрпе-көпшіктермен қымтап тастаған.

– Иә, кім боласындар, балаларым?

– Мынау Шошқалытауданбыз, – деді қара мұртты қолындағы кесесін алақанымен айналдыра отырып. – Армиядан жақын ініміз келіп, соны алып бара жатырмыз.

— Иә-е... Қай бала келе жатқан?

— Мен, — деді ортадағы қымтаулы жас жігіт, он қолын көтеріп.

«Жасаған-ау, жаңа «самаурын» дегені қайда? Он қолы бар ғой. Ана қолы да бар сияқты. Аяғының ең болмаса біреуі болса... Тойған да айта береді-ау».

Жігіт үстінен гимнастеркасын шешпеген. Омырауы толы орден, медальдар. Олары құңгірт жарықпен сөуле шашады. «Баяғының шолпылары сияқты екен», — деп ойлады кемпір. Жас жігіттің шашы тықыр. Қабағын жымқыра түйіп алышты. Қолын әлі көтеріп отыр.

— Қолынды түсірсейші, қарагым, — деді кемпір. Бірақ жігіт естімегендей менірейіп отыра берді. «Онысы несі екен? Миына жазым келген жоқ па екен?» — деп ойлады тағы кемпір.

— Айналайын, қолынды түсірсейші. Аты-жөнің кім? Қай туыс боласын?

Кенет жігіттің бет-аузы бұзылып кетті де, ашы дауыспен айқайлап:

— Тұра берсін, әже. Бұқіл қымылдайтын денеден қалғаны осы қол. Сосын мына мойын мен байғұс бас, — деп, мойнын тағы бір айналдыра басын сілікті де, әлгі кетерулі тұрган жалғыз қолмен алдындағы жастықты дұрс еткізіп салып жіберді. Еңіреп жылап қоя берді. Тап осы кезде соның бүйрұғымен болғандай-ақ наизағай да шарт ете қалып, отырғандардың бәрі селк етті.

— Осы, әже! — деп ол тағы айқайлады. — Қалғаны осы.— Қолын тағы жоғары көтеріп тұрып қалды.

— Қой! — деп жекірді кара мұртты.— Сабыр ет. Жалғыз сен емессің аяқ-қолынан айрылған. Тіпті жуде бір қолы қалмағандарды да естіп жатырмыз, шүкіршілік ет.

Сосын ол жігіттің айыбын жуғандай, кемпірге қарап:

— Спирт ішіп отыр еді, — деді. — Арақтың бір тұрі ғой.

— Е-е, қарақтарым, ішіндер. Қайтсін. Өздеріңе жаарасса, болды ғой. Денсаулықтарың көтерсе, — деді кемпір.

Мүгедек жігіт кенеттөн қарқылдан ашы күлкімен ұзақ құлді:

— Денсаулық! Әжекем-ау, денсаулық дейсің бе?! Ха-ха-ха-а! Қандай денсаулық, ө!

Басын шайқап-шайқап жіберді:

— Маған енді денсаулықтың түкке қажеті жоқ. «Денсаулық» деген ашы сөзді естігім келмейді. Өлім керек маған. Осы менің денсаулығым. Жер басып жүрмеймін енді. Екі аяқ жоқ болса, қалай жүрем?! Әке-шешемнің шашын аппақ қылдым ғой. Ертең, құні ертең-ақ, олардың бастарын қырау шалып, кеуделеріне ауыр тау қонады. Жолдастар, құрбылар,

құлын-тайдай бірге ойнап өскен құрбыларым енді мені құбыжық көрмек.

— Балам, қата сез айтпа. Қатты сез айтпа, — деді кемпір енді өзін өзі билеп, — жақсылық айт. Жақсы сез — жарым ырыс. Сабыр ет, оның түбі сары алтын деп халқын бекер айтпаған.

Жігіт басын тәмен салып, екі иығы селкілдеп, үнсіз жылап отырып қалды.

— Әкел спиртті!

— Қой, көп іштің ғой, Сисен, — деді қара мұртты.— Сен түгіл, біз де мас болып қалдық. Әрі манадан сөйлеп, назала-нып отырсың.

— Болады ғой, — деді үшінші қонақ, жас бала жігіт, үрей-лене жалынып.

— Қайтесің құрғырды, — деді Рысекең де. — Өзі бір көңілді бұзатын зат қой.

Бірақ ол жағалай қаумалап айтылып жатқан создерді тың-даған жоқ, алдындағы кесеге ортан белінен келтіре құюлы тұрған спирттің жартысын ішіп салды да, бет-аузы тыржиып біраз үнсіз отырды. Сосын Тойғанға қарап:

— Су бер, апа! Әртеп барады, — деді.

Жігіт кеседе қалған спиртті тағы көтерді де, көз денгейіне жеткізді.

— Өзі көздің жасы сияқты. Көз жасына қосып ішетін болам, әже, түсіндін бе?

— Аға, қойсайшы енді, — деді жас жігіт жыларман боп.

— Қарағым, — деді кемпір, — мен он құрсақ көтерген адам едім. Соның сегізі қазір жердін астында жатыр. Солардың қазір аяқ-қолдары жоқ түгіл, тек көздері мен сөйлер тілдері болып келсе де, тобем көкке жетер еді. Қалған бір ұлым соғыста. Жалғыз қызым күйеуде. Мен мына жердегі жалғыз үйде, ақ шашыма шаң араластырып, жасыма қарамай, тырбандалап отын-шөп шауып жатырмын. Көзім қараңғы, күңгірт. Тоқтының жасындай жасым қалса да, өлімге берілтім келмейді. Жаман сөзді айтқым келмейді. Сендер жассындар. Неге шыдамды-лық жасамайсындар? Кімге оңай дейсің?

— Иә, иә, — десіп бас шұлғысып қалды отырғандар. Тек Ақжібек қана үнсіз. Ол қара көздерін дөңгеленте қарап, мына создерді үйрейлене тыңдауда.

Жаңбыр үйді сабап жатыр. Найзагайлар үсті-үстіне ша-тырлап сыйнуда. Алғашқы тамшы дастарқанның шетіне там-ды. Кемпір оған қарап қойды да, тағы сөйлеп кетті:

— Ата жаумен шайқаста өлген де бақыт. Жер басып, айдың, құннің, өз ауылыңың бұлтының, шуағының астында жүр-ген де бақыт. Бақытсызық — жалғыздық. Бірақ сен жалғыз болмайсың.

— Қайдан, — деді кара мұртты. — Алды-арты толған ағашні, қарындас, өке-шеше, жора-жолдастары және бар. Жалғызың, қайда! Колға алып жүрсе де, бірдеме қылады. Са-бырыңқ керек тек.

— Қараймын, омырауың толған алтын-күміс темірлер. Олар жақсы соғысқандарға беріледі дейді. Одан да абырай-сыз емес екенсің. Жаман адам мен шірік ағаш сынғыш болады. Неге сонша сыннасың?

Кемпірдің өзі де ширығып кеткендей. Жігіт үндемей қалды. Біраз отырып, көз жасын жұдырығымен сұртті. Сонын Ақжібекке:

— Толтырып бір бақыраш су әкелші, — деді. Оны қылғытып жұтып салды да, бірдемені ойланғандай жерге біраз қаралды. Ақырында:

— Өже! — деді. — Менің де сендей анам бар еді. Соның даусын естігендей болып отырмын. Мен соғыста...

Осы жерге келгенде, ол тісін бір шықыр еткізіп, жалғыз қолымен кеудесін дұрс еткізіп қалды. Омырауындағы ордендер мен медальдар сынғырласып қоя берді.

— Мен... арр-ыс-стандарشا алыстым. Мен жастығымды ала жығылған адаммын. Міне!

Ол омырауын көрсетіп, кеудесін бірнеше рет дүңкілдете соғып қойды.

— Міне! Өтірік айтсам, мені қарғыс атын! Немістер бәрібір бізді жеңе алмайды. Көрерсіндер де тұрапсыңдар. Бәрібір жеңе алмайды, — деп, тағы да шыдай алмай, еңіреп қоя берді. — Сонда тағдыр маған соншама неге қатал болады? Неге?

— Аман келгесін, бәрі жақсы, — деді Рысекең. — Жылама босқа. Жаман ырым ол. Жазда өзім барып, он күн қыдыртам арбаға салып алып.

— Жылаймын, — деп қасарысты Сисен.— Жылағым келіп отыр. Еңіреп-еніреп көз жасымды тауысып, ертең ауылға тулақтай қатын барғым келеді.

— Үйреніп кетесің, — деді қара мұртты.

— Жоқ!

Бұл сөзді Сисен жұлып алғандай айтты.

— Жоқ деймін тағы. Мені доғдырлар мың ажалдан алып қалды, терімді теріс сойып, сүйегімді қиратып жатқанда да ыңқ, деген жоқпын. Қазір, міне, жылаймын. Жылаймын дегесін, жылаймын.

Сосын жасын тия алмай, өуелі булыға, кейін жарыла жылады.

— Балам, бәріміз де қой деп отырмыз, қойсаңшы. Өзің биыл нешедесің? — деді кемпір. Жігіт жауап бере қоймағасын, балаң жігіт:

— Ағам биыл жиырма бірде, — деді.

«Ай, жап-жас екен ғой. Шікі бала ғой. Қайран қатал тағдыр-ай! — деп ойлады іштей кемпір, — жыламай қайтсін?». Алдында отырган осы бір жас жанның бір қол, қос аяғы қайда, қайда ғана қалды екен деген сұрақ, манадан бері сыр білдірмесе де, кемпірдің миын тескілеп, маза бермей отыр. Осы бір ойды қашама қуайын десе де, ызындаған шыбын-дай қайта-қайта айналышқтап соғады.

— Қайда менің екі аяғым! — деп айқай салды жігіт осы кезде. Кемпір селк етті: «Апрай, адамның ойын адам біле береді деген осы екен-ау».

— Қайда менің бір қолым? Енді атқа қалай мінем?! Жорға дөненіме қалай мінем? Анашым мен әкемді қалай құшақтаймын?

Жұрт үндеңім қалды. Қайта-қайта «қой» дей берудің өзі біртүрлі боп барады.

— Жатайық, — деді қара мұрғты аяғын созып. — Құн жаман. Жол жаман. Ертең жүрсек, қын болады. Тұн ортасынан ауып барады.

— Жатпаймын, — деді Сисен. — Ана домбыраны әкеш!

Ақжібек домбыраны берді. Жігіт оны бір қолымен ұстады да, не істерін білмей аңырып отырып қалды. Осы сөтте алып бергеніне қысылып, Ақжібек те ернін тістеді. Жоқ, ойлап еді-ау, бірақ көнілін қия алмады, тарта алмайсың ғой деуге бата алмады. Жігіт құлді. Жұрт онысына жеңілденіп қалғандай.

— Ақжібек, — деді сосын ол жымышп, — «Доңыздаудың Шошқақөл тиянағын» тартыши, мен өнін айтайын.

Ақжібек домбыраны қайтып алғанына қуанып кетіп, тарта жөнелді. Жігіт өн бастады.

«Доңыздаудың Шошқақөл тиянағы-ау-уу...

Мен танимын даусынды қиядағы-ай-ау...»

Жігіттің дауысы ашық, сыңғырлап түр екен. «Қайран жас-ай, туған жеріне келгесін, мұнын шағып жатыр ау!»

Жігіт өн айтып отырғанда, кемпірдің есіне манағы бір қүйріғы үзіліп түскен кесіртке тұсті. Оны аяганы тұсті есіне. Енді осы екі аяудың арасы жер мен көктей, адам жүргіне қанжар сүққан мен тасбақаны маса шаққандай көрініп кетті. «Енді мұның күні не болмақ? Айтып отырғанының көбі рас. Бірақ шүкіршілік те керек емес пе? Қалай ойлайсың, кемпір? Сен біраз жас жасадың ғой. Ойланып көрші... Жоқ... Менің мұндаиды бірінші рет көруім. Адам дегенде аяқ-қол, бас-кеуде — бәрі болу керек қой. Әуелде адам солай жаратылмай ма? Ең аяғы, қабірге кіргенде жеті мүшен түгел болғанға не жетсін... Әлде бұдан өлім артық па екен? Қой, есіңнен жаңылма, кемпір. Сен де сабыр ет. Саған да ертерек ол тіпті, сабыр, сабыр...».

«Құ тағдырдың бар уын үйіп-төгіп,  
Құя берсөң, кеудеме сияды әлі-ай-ау-үү».

Кекесіні ме, шындығы ма? Әуелі Ақжібек жігіттің оз жа-  
нынан соңғы екі жолын қосып отырғанын түсінген жоқ. Дом-  
бырасын сабалап тарта берді.

«Доңыздаудың Шошқакөл тилянағы-ай- й...

Қарсы алсайшы сорлыңды қиядағы-ей- й...

Жуып өтер кеудені ақ самалмен

Қалмады ма-ау тағдырдың бір амалы- ай- ей».

Өлең сөзінің бөрі бірте-бірте қайғыланып, жүрттың жүргегін  
жыртып барады. Ақжібек домбырасын қоя салды. Сезімтал екен.  
Бірақ енді оған қарайтын жігіт жоқ, шамасы, өзі жолда келе  
жатып шығарған өлеңдері болу керек, туган жер топырағына,  
өзен-суына, ел-жүртіна арнағандарын сынғыр даусымен айта  
берді. Домбыраны мұлде ұмытты. Қажеті жоқ сиқты. Ақырында  
дауысы қарлығынқырап, мойын тамырлары білеуленіп, беті  
қып-қызыл бол кеткесін ғана, кеудесіндегі жалын араласқан  
а羞ы күйігін «үфһ» деп шығарды да, тына қалды. Бірақ сәл  
уақыт өтпей-ақ, мына өмірге, осы дастарқан басына қайта  
айналғанда, қасындағы Ақжібекке қарап:

— Айналайын, мәлдір көзді қарындастым, енді бір қайғылы  
күй тартшы, — деп, оның мәндайынан шолп еткізіп сүйіп алды.  
Қыз бала жаутандап жан-жағына қарап еді, өкесі:

— Бір күй тартсаншы, — деді.

«Көніл ашарды» тартты Ақжібек. Жігіт күй біткенше қатып  
тыңдалп отырды да:

— Айналайын, ақылыңнан-ай! — деп тағы бір сүйсінді. —  
Енді ең бір зарлы өн айтшы.

— Аға, мен өн білмеймін.

— Жоқ, бір зарлы өн айтшы деймін.

Бүл жолы ешкім ештеме демеді. Я айт, я айтпа деп. Қыз  
бала, болмағасын, қолымен қос ішекті қатты-қатты соғып-  
соғып жіберді де, өзінің жіңішке бала даусымен бастап кетті:

«Ағажан, ағажан,

Ал немісті жағадан...».

Тайсалмай, ашулы өзенге секірген еліктің лағындей.  
Қайырмасын көбірек қайталайды.

— Пай, пай!

— Міне, нағыз өлең!

Жігіт мұнайып тәмен қарап қалыпты. Шәй әлдеқашан  
сүйіп, шоқ сөнген. Тамшылар енді үйдің өр жерінен де сорға-  
лай бастады. Екі терезе сырнайдай уілдеп түр. Төбеден сы-  
лақтың бір кесегі шылп етіп құлап түсті. Бірақ барлық көңіл  
әнде. Ең аяғы, осы үйді ұстап түрған үш-төрт тіреу де тың-  
дал қалғандай.

«Ағажан, ағажан,  
Ал немісті жағадан...».

Ақжібек те біраз өн айтып таstadtы. Оның ішінде «Майданнан хат», «Жас қазақ» өндөрі бар. Отыргандарға әсіресе «Қараңғы тұн» мен «Сүйген жарға» өндөрі қатты ұнады. Тіпті кемпір де құбірлеп, ернін сылп еткізіп, «Ә» деп отыр. «Шынында, оқтар жаңбырша құйылады екен-ау. Қаңғыған біреуі қараптарымды қағып кетпесе, жарап еді-ау... Қой, қой...».

Ақжібек шаршады. Шамның да жарығы азайып, найзағай сөулесі үйдің ішин қаттырақ жарқыратып барады.

— Кірәсін таусылған шығар, — деді Тойған.

— Басқа жоқ па еді? — Мұны айтқан Сисен.

— Білтеге май құйып жағатын, ол да бітті. Ертең алып келмесем.

— Өкел білтені, — деді Сисен өктем ұнмен. Білте дегені кішкене шөлмек бөтелкенің ішінде жыланша ирелендей жатқан, шиыршықталған жіңішке мақта жіп екен. Бірақ ыдыстың іші құрғақ.

— Осы жарайды, — деді жігіт. Солай деді де, ол арт жағынан бір спирт бөтелкесін алды да, ішінде қалғанын шыныға құйып:

— От өкел! — деді.

Тойған қазандық астындағы қоламтаны ақтарып отырып, кішкентайлау құлғін бір шоқты қосауден қысып, жігітке жақыннады.

— Жана ма?

— Жанғанда қандай.

Жігіт әуелі «Норд» деген жазуы бар, темекі салатын қағаз қалырдан бір түйір шылым алып, соны тұтандырды. Сосын оның ұшын білтеге тигізіп еді, ақ жарық лаулап қоя берді. Тойған шамның білтесін басып, сөндіріп жатыр.

— Ал енді ол көп жанбас, жаталық, — деді қара мұртты.

— Мұнды бір өн айтшы, — деп Сисен тағы қоятын емес. Қолқалап өлтіріп барады. Кемпір анадай жерде жатқан таяғын алып:

— Ал қараптарым, мен үйіме барайын. Негіп жатыр екен, — деді.

— Ене, осында жата кетпедің бе, үйің сұық болар.

— Негілар дейсің, келін. Онсыз да үй толық қой. Әрі үйімді иесіз тастамайын.

— Спирт өкел! — деп айқайлады Сисен қара мұрттыға қарап. Ол әбден мас болып қалды. — Спирт өкел! Ақжібек қарағым, мына кісіге айтшы, спирт берсін деп. Сосын өз-зің бір ең-ң-ң қайғылы өн айтшы, ең-ң-ң зарлы құй тартшы.

Кемпір түрегеліп, үйден шыға бермекші болды да, есіне бірдене түсіп кеткендей, Сисенге бұрылышп, өз баласынан ха-

бар сұрады. Сисен кемпірдің баласының аты айтылғаннан кейін басын ұнсіз шайқады. Білмеді. Білсе, айтар еді. Білмейтін болды. Әлде мастықтан білмеді ме? Әйтеүір, кемпір шын білмейтіндігіне қудіктеніп қалды.

— Сапарларың оң болсын, — деді кемпір отырғандарға. Сисен сол кезде ғана кемпірге көзі жаутаңдап, бір көмек сұралғандай қарады да:

— Әже! — деді. — Әжетай! Білесің бе, менің де сендей...

Ар жағын айта алмай, булығып, мойнын бұрып алып кетті.

— Не дейсің, қарағым?

Сисен бұрылған да, қараган да жоқ.

— Сапарларың оң болсын, — деді кемпір тағы құбірлеп. Тойған оған ере түрегеліп, екеуі қараңғы қораға шықты. Әлі уіл. Есік тағы да өрең ашылды. Жел қарсыдан соғып түр еді, ашылған бойда екеуін де итеріп құлата жаздады.

— Абайла, ене!

Кемпір жаңбырдың астымен үйіне қарай асықты. Дала қап-қараңғы. Қөзінің алдынан кенет қызыл дөңгелектер жүгіріп өткен сияқты. Мұздай, ине тамшылар сабап, тесіп барады.

«Бұл ең болмаса ертең толастаса да жақсы болар еді-ау».

Мінс, қаруытқан үй. Есік байлаған бау суға ісініп, көпкे дейін шешілмеди. Ақыры кірді-ау.

Үй дірілдеп түр. Бірақ тамшы болмау керек. Киіздері бүтін еді ғой. Дегенмен, алып бара жатқан бір дүріл. Іште от жаңып жатқан сияқты. Басы айнала ма, құсқысы келе ме? Әлде козге жас тығыла ма?

«Жылаймын! Жылаймын дегесін, жылаймын!» деген Сисенниң ашы даусы естіліп кеткендей. Қөзіне бір тамшы жас жай құйылып келе қойды. «Бор болып бара жатырмын ба, немене? Неге жылаймын?»

«Жылаймын! Жылаймын!» — дейді Сисен, көз алдына тұра қалып. «Қой, жыламаймын. Неге жылаймын, ат жоқ, жөн жоқ». Бірақ жас тағы келді. «Жаңбыр сияқты ма, немене өзі таусылмайтын».

Кемпір жылы тәсекке кіргесін де біраз уақыт кез жасының ағып жатқанын байқады.

«Бор болған екенмін».

\* \* \*

Көрі кемпірдің аты Ағлағыл еді. Әке-шешесі сирағы шыққан қедейлер болатын. Қазір олар қайда! Атам заманда қайтыс болды ғой. Адамдар қалай тез ұмыт болады, ә? Осы ауылға көрші қона жүріп, шалына атастырылғаны есіне оралды. Бірекі рет болмаса, туған шешесін, әкесін, ошағын да көп көрген

жоқ-ау. Содан кейін, қыз деген сорлы еді ғой ол заманда. Қазір мүлде басқаша. Үйдің қасында болғасын, тайраңдан, ай сайын болса да, барам десе, барып тұрады. Бірге туған ана, қарындастардан да ешкім қалмады. Ол бір бетен өмір еді ғой. Балалық... Сол кез қазір буалдырланып, өшуге айналып тұр ма? Жок, жарқылы да көп-ақ. Сонда кемпірдің екі өмірі болғаны. Бірі – он беске дейін, екіншісі – содан кейін. Ең бақытты өмірі екінші өмірі болды-ау. Қызықтың бөрі сонда екен ғой. Балаларының өзі неге тұраплық.

Кемпір басына үймелеген ойлардан құтылу үшін, көрпесіне қымтана түсіп, үйықтап кеткісі келеді. Бірақ болар емес. Бір ойдан соң бір ой қалқып шыға береді. Көзі жабылмайды. Жабу – күш. «Бірақ қараңғыда ашып жатқаның не, жауып жатқаның не, бәрібір емес пе? – деп ойлады кемпір. – Үйқы келейін десе, онсыз да келеді. Адам қартайған сайын үйқының азайып, тұндердің ұзара беретін себебі не екен? Өлде өмірдің жарқын күндерінің кеміп, тағдырың адамды өлімге бірте-бірте дайындауы ма екен бұл?

Өлім? Иә, өлім... Несіне таңгаласын, күн сөнгенше тұрам дейісің бе... Жок... Тек мен осы жер бетінде өмір-бақи, мәңгібақи өмір сүріп келе жатқан сияқтымын...». Сосын, «сияқтымын» деп кекетті кемпір өзін өзі: «Саған, немене, жетпіс екі жарамай ма? Жас қыршындар да кетіп жатқан жоқ па? Оның дүрыс-ау, бірақ тап қазір өле кетуім қолайсыз. Ең болмаса балаңның алдынан жөнелтген жақсы ғой. Мауқың қандай басылады. Армиядан Мырзашым қайтса, жанымды соның жолында қияр едім.

Өлімнің ең қаттысы, мейірімсіз – баланың өлімі. Сегізін көз алдынан жөнелетті-ау. Қебі тұнде қайтыс болды. Адамдардың көбінің тұнде қайтыс болатын себебі несі екен? Тұннің қара шымылдығының астында... Ауыр соққылар еді-ау бұлардың әрқайсысы. Әрбір өлім артта қалған жақының үшін бір өлім де, ана үшін мың өлім ғой. Ішінді мың жыртқыш тырнайды-ау сонда, жас парлайды-ау бұлақтай. Молдалар о дүниеде өмір бар деп үйрететін. Ол оқу да базымызға көп қонбады. Бар үйренгеніміз – шала намаз. Қазір баста ештеңе қалған жоқ. Молдаларға салсан, о жақта өмір екеу көрінеді: біреуі – жұмақ та, бірі – тозақ. Олардың айтқаны егер рас болатын болса, менің бүкіл балаларым да жұмақта. Жазықсыз кетті ғой. Шалым да жұмақта болу керек. Онда орын көп шығар. Бишара, ақкеңіл, ешбір адамға зияны жоқ жан еді. Тілегі дүрыс болды жарықтықтың. Соғыс басталардан екі жыл бүрын, ел тынышта, Мырзаштың көз алдында, жаз айының бір жаймашуақ күнінде, сексен екі жасында қайтты. Кеткенше тілі байланған жоқ. Ең

ақырғы сөзі: «Арманым жоқ, той жасандар» болды. Сонымен, жаймен ғана көз жұмды. Қайтып ашқан жоқ. Тек иегі бір-екі рет болар-болмас дірілледі. Әйтеүір, бар екені шын болса, ол жұмақта. Оны кемпірі анық біледі. Бірақ одан әрі тағы не бар екен? Жақсы, жұмақ дейін. Оның да бір бітетін күні бар шығар? Сонда оның ар жағында тағы бір өмірлер басталып, оның да өзінше жұмақ, тозақтары болатын шығар. Себебі, бір жағынан, жұмақта ұзақ өмір сүрген адамдардың арасынан да аяғын шалыс басып қалатындар табылса, тозақта ұзақ қорлық көріп жүріп, түзелетіндері де бар емес пе? Сор мандайлардың шекесіне тигесін... Қой, бөтен ой ойлайын немесе үйкітайын. Бірақ мына түні құрғыры тыныштық беретін емес кой».

Кемпір аунап түсті. Қөзін жұмған болды. Бірақ сол сәтте алдына Сисен келіп тұра қалды. Неге екені белгісіз, самаурын екеуі қатар тұр. Самаурын қайнап бүркүлдайды, селкілдейді, әлемет бу шығып жатыр одан. Сисен де сол сијакты селкілдеп, іштей қайнап жатқандай. Бір мезет самаурының қақпағының тесігінен ыссы су атты. Сисеннің де қөзінен ыстық жас атқылап тұр. Қедімгі қайнаған судай аппақ буы бар ыссы жас. Самаурының басында моржасы қаңқияды. Сисен жалғыз қолын көтеріп отыр...

«Астапыралла! Енді оның өмірі не болмақ? Әлде кішкентай арба жасап берер ме екен? Бірақ ол аяққа қайдан жетсін. Ол да бір тұн өмір-ау. Ең болмаса жалғыз қолының қалғанын айтсайшы. Енді бір аяғы неге қалмады екен? Ең болмаса таяққа сүйеніп далаға шығатын. Ай, қыын-ау. Жап-жас бала. Оған шығатын қалыңдық табылар ма екен? Қыздары құрғыр аяғанмен, күйеуге шыға қояр деймісің оған.

Осы күнгі қыздар не болып бара жатыр осы? Өздеріне ерік берген сайын. Өзім әйел болсам да айтайын, бізге сол көп еркіндіктің қажеті де жоқ қой. Бір адам басқармаған үйден береке кетті дей бер. Ер кеткесін-ақ үйдің сөні кетіп, жүдейді-ау...».

Осы кезде оның есіне келінінің үйі, онда отырган Қарағұл түсті. «Осы күнгі келіндер қалай, нашарлап бара жатқан жоқ па осы? — деп іштей шошина ойлады.— Тым шыдамсыз емес пе осы күнгі келіндер? А? Қой, бұл ойды қояйын. Жазықсыз шығар, босқа кінәламайыншы. Бірақ Қарағұл... зияны жоқ итті өлтірген адам ғой ол... Не де болса, жанды мақұлықты өлтіру қыын-ау. Сондай адамдардың жүрегі тулак сияқты берік болатыны несі екен?».

Кемпірдің ойы қайта айналып Сисенге келді: «Сисен ондай емес. Жақсы бала... Әлгі, не дедім... я... қыздары құрғыр оған шықса, жақсы болар еді-ау. Әлде біреуі болмаса, біреуінің

жүргө жылып, шыға қояр ма екен? Сондай біреу табылса болар еді-ау бишараға. Болмаса біреуі адамшылық ойлап тиер ме екен? Табылса, жақсы болар еді-ау бишараға. Көрі әкешешелері қашанғы тұраң дейсің, туыстары да, ай, өмір бойы арқалап жүрер ме екен? Кейде осы ағайынды екі адамның қырқысып жататынын көріп жүрміз гой. Әр үйдің әйслі және бәле. Соғыс қой соның бәрін істеген, атасына мың нәлет! Жүріп жатқан қан майдан, әне, нағыз тозақ сол. Балалардың өлімі – ол да тозақ. Әлде осы өмірдің өзі бұрын болып кеткен біздің бір өміріміздің екінші қайталануы ма екен? Онда мен неге ол кезде өткен өмірімді білмеймін. Білмесем, онда бірнеше рет өмір сүріп не керек. Сол жұмақ-тозақтарының бәрі өншейін сандырақ болып жүрмесін.

Бәрі, әйтеуір, мен түсінетін нәрселер емес. Қанша жас жасасам да, әлі жарытып ештеңені түсінген жоқпын. Барлық адамдар да осындай ма екен? Әлде тек мен бе? «Тышқан жылы туып, жылан жылы кетіп бара жатырмын» деп бір қайнағам айтқандай өлерінде. Сонда өмірдің аз болғандығын айтқаны гой. Тышқап мен жыланның арасы алты-ақ жыл-ау. Ал о шал сексен екі жас жасап еді. Әртүрлі адам әртүрлі өледі. Біздің шалдың айтқаны әлгі. Ана шалдың айтқаны мынау. Кейде өлерде әзіл-қалжың айттып кететіндер де бар. Аймұрат дейтін шалға балалары қайтыс болар алдында:

– Өкे, сені қай қауымға қояйық? – дегенде, ол ашы жы-  
миып:

– Ай, балаларым-ай, маған қай қабір қалынマル төлеп  
қатын алып берер дейсіндер, біреуіне қоя салындаршы, – де-  
ген. Оны да естіген мына құлақ.

Тұндер, тұндер... Олардың қара болатын себебі не екен? Қызықтың, қуаныштың аздығынан ба? Қой, тұндерде де та-  
лай жақсы уақыттар болған жоқ па? Бәрі бірдей бұғингідей  
деймісін. Тұннің бәрі бірдей қара емес. Сосын күндердің бәрі  
бірдей жарық емес... Айлы тұндер... Жазғы тұндер... Самал  
тұндер... Алғаш қалыңдық болғандар да тұнде түседі гой.  
Қуанышты, толқынышты сәттің бірі сол-ау. Қазір күні кеше  
ғана болған сияқты қөрінгенмен, әлдеқашан керуендей көшіп  
кеткен шақ қой ол».

Кемпір өз ойынан өзі үялғандай тағы бір аунап түсті.

Мұның жастық шағында ауыл көшіп жүретін. Соңғы кез-  
ге дейін солай болды. «Мал бағып, отын шабатынбыз. Қыс-  
тары қиын еді сол өмірдің. Әсіресе сұық жаман. Жылу табу  
қиын. От жағу және қиын. Қоламтадағы шоқты сендірмей,  
жаман киізге орап, көшіп жүретінбіз. Баяғыда бір жанған от  
сейтіп сөнбейтін. Жазатайым сеніп қалса, көршіден шоқ сұрап  
алатынбыз. Қазір отқа табынуды қойдық қой. Қанша жағам

дессөң де өз еркін. Ереккөтер қыста бір білем құйрық майды қойына тығып, малға кететін. Сүйқа бермейді деп о кезде. Ол да бір от дейтін. Жаңағы Сисендердің ішіп отыргандарды да от қой. Әйтпесе, ол жана ма? Әйтпесе, ішке от түсіріп, қанды қайната ма? Соны ішпегендеге, дәл осында болар ма еді, жоқ па? Иә, ол от қой. Қып-қызыл шоқ қой тұрысымен. Ішін жандырып барады гой. Қайтсін. Шоқ демекші, біздер ауыл қонған жерде отын шаба бастайтынбыз. Әсіресе бая-лыштың қызыл шофын-ай.

Тұндер... Жақсы тұндер көп болды-ау. Алғашқы бала дү-ниеге түнде келді. Арқан керіп, қатындар жағалай қоршап тұратын. Әсіресе, сәбійің нәзік еріндерімен, мақпал тілімен сүт емгенде, ақ төсінді самал өпкендей, барлық сай-сүйегің еріп жүре беретін еді-ау... Атын Қасмағамбет қойып еді. Ол да оттан өлді... Мырзашым... Қазір ол да соқталдай жігіт... От кешіп жүр. От, от, от...

Өмір-ай өтіп бара жатқан. Балалардың өсуі өмірдің өлшеуіші сияқты, бір есептен. Қасмағамбет от еді жанып тұрган. Апырай, тіпті әкесімен де тілге келе жаздады-ау. Жиырмага жетіп тұрганында бір жириен бие жоғалып, соны тауып әкелмей қайтпа дегендеге, бір аптадан кейін бос келген. Сонда мұның шалы баласына есіктен кірер-кірместе:

- Жириен бие қайда? — деген.
- Таба алмадым, әке...

Жарлылық деген де жаман ғой, шал қолындағы қамшы-мен баласын арқадан осып өтті.

— Мен саған не айттым, — деп ақырды жөне. Бала тайсал-мады. Бірдене айттайын деп еді, тоқталып қалды-ау деймін. Тек көзіне жас шыламы еріксіз келіп қалды-ау деймін, жыл-тылдап кетті. Үйден жүгіре шықты сосын. Ат түяғының са-тырлап кетіп бара жатқаны, оның дыбысының сөніп бара жатқандары ғана естіліп тұрды.

- Неғылғаның бұл? — деп жылаған кемпірге шал:
- Аузынды жап! Бие шашатын бай емеспін, — деген.

Қасмағамбет содан оралмады. Заман да алласапыран бо-лып жатқан қез еді. Бірсесе қызылдар, бірсесе ақтар өтіп жат-қан уақыт. Бие де, Қасмағамбет те жоғалды. Арада бір жыл өткенде, шал кемпіріне:

— Біздің бала өлген екен, өжет еді. Мына құғын-сүргіннің бірінде өлген болды. Мен безбүйрек болдым. Өмірімдегі өзіме өзім қояр үлкен кінәм осы. Сен баланың анасының ғой, мені кешір, — деген.

Қазақ баласында қүйеуі әйелінен кешірім сұрау деген не сүмдыш, бірақ осы бір бала екесінің де сүйегін бордай қылып кетіп еді, кешіргенде не, кешірмегендеге не?

Сөйтіп жүргенде, бір күні бұлтсыз қунгі найзагайдай сарт етіп қара ала атпен Қасмағамбеттің жетіп келмесі бар ма?!

Қуаныш деген, көз жасы деген не болар?! Әңгімені көп айтпады баласы. Бірдемеден жалтақтайтын, қорқатын сияқты. Тек бар айтқаны – бір айдан бері көңіліме ұнамайтын бір топқа түсіп кетіп, солардан құтылғаным қуаныштымын деген. Не топ деп сұраған әкесіне ештеңе айтпады. Екінші күні таң ата ауылға жеткен топ қатты үйқыда жатқан Қасмағамбетті бірден үстады. Ақтар екен олар. Ауылдың қақ ортасында бүкіл елдің көзінше атып кетті.

Кейін бақсақ, бала ақтардың қолына түскен екен ғой. Олардың қатарынан қашып шығам дегенде, кек қайырған, иттер. Адам болып қалған алғашқы баласынан бұлар солай айрылды. Ай, ауыр болды-ау... Осыдан кейін шал мен кемпірінің арасында бір сұықтық кіргендей ме?» Кенет кемпір жүрегінің қатты-қатты соғып, тыптырышып кеткенін байқады.

«Апрай, ә. Жалғыздық-ай...»

Бұрын мұндайы жоқ еді. Жүрек дегеннің қай жерде екенін де сезбейтін. «Е-е, мына жерде екен ғой. Осылай қарандыра жатып көз жұмып кетсем, одан жаман зат бар ма? Әрине, өлімнен қорықпаймын ғой, бірақ...».

Оның есіне маңағы, жолдағы қатты құлағаны түсті. Сонда бір жеріме зақым келген жоқ па екен деп ойлады. Екінші баласы Тастанның өлгенін естігенде қатты бір құлағаны бар еді. Басы сандықтың қырына тиді. Неге екені белгісіз, бүкіл денесінен әл кетіп, сүйектері су болғандай опырыла құлады. Колхоз құрылғаннан кейін бір жылдан соң бандылар шығып, соларды бағындырам деп жүргенде, бір топ адамдармен бірге қаза тапқан. Сүйегін сол жаққа көміп кетіпті. Қасмағамбеттің де сүйегі бір төбенің бауырында қалып еді. Қазактың төбелерінің басында молалардың жиі үшырасатыны осындаудан ба екен? Жауқазын келіні жесір болды да қалды. Қазір ол Еріkbай дейтін баласымен «Қоңыртөбе» колхозында. Ой, өмір-ай... Есейген, адам болған балалардың өлгені кеудеге пышақ сұққандай болады екен. Осы екі баланың өлгені өсіреле қатты батты. Шыдай алмай, өліп қалатын шығармын деп те ойлад еді, өлмеді.

Адамның жүргегі қаншаға шыдайды екен? Осыншама өлімдерді коріп тұрып, баяғысынша соға бере ме екен? Қанша балалар өліп жатыр, шал кетті, мына соғыс...

«Кой... Берік бол, кемпір. Мырзашибім бар ғой әлі. Не жоқты сандырап жатырың?»

Тұндік сартылдап кетті. Шамасы, бір бауы босап не шешіліп кеткен шығар. Бірақ кемпір тұрғысы келмеді. Ық жақтағы шеті. Ештеңе етпес, жел жақ болса, онда үйді кеу-

леп кетер еді ғой. Әрі тамып жатқан тамшы жоқ. Буыны да әлсіреп, тұрғызбауы мүмкін.

Осылай ойлад, кемпір тағы біраз жатты. Жүргі лоблып, денесі бір тоңып, бір ысығандай. Белгісіз сезім бойды ала береді. Алаң қылады.

«Жамандықты сезбесе еді, құрғыр...»

Кемпір кейде жаман хабар естірде немесе жайсыз күй тап боларда, осындай қолайсыз сезімталдығын да байқайтын. Сол көзі де тартып жатыр. Ол да бір белгі. Жылауға көрінеді дейді. «Әлде жаңағы жылағанға көрінгені ме? Солай болса, болар еді-ау, бетен бір жаманышылық тап келмей... Қой, әуелі оны өзің шақырма».

Енді шалы туралы ойлады. Жүрек бірте-бірте тыншыған сияқты. Қатал ма еді шалы... Әлде... Жүрттың бәрінің де күйеуі сондай еді ғой. «Үйде бір кісінің басшы болғаны жақсы, екеу болса, келісімге келу қыын, әйтпесе, сен басқар да, шал бол, мен кемпір бола қояйын», – деп ашулы қарайтын. Кемпір: «Қой, ойбай, өзің басқара бер үйінді», – деп құтылағын, кейде андамай шалына қарсы келіп қалғанда. Соңда шалы өз үйінде хан болғандай, таққа мініп қалғандай мәсайрайтын. Ақкөңіл еді, бишара. Әуелден сіңірі шыққан кедей болғандықтан ба, малжанды еді.

Сосын кемпір: «Кенет қазір шалым түрегеліп келіп, қолында камшысы бар, мені сықпрыта сабаса, кайтер едім? – деп ойлады. – Онда мен жылап көріспі, бар мұнымды шагар едім, балаларым туралы айттар едім, аяғын құшып құлап, еніреп, ағытар едім шерімді. «Осы уақытқа дейін тебіренбей, неғып жатырсың» дер едім. Әрі «біз көріспегелі төрт жыл, иә, төрт жыл болды-ау» дер едім. Қасмагамбет үшін кешірер едім оны. Адам алдын болжап бола ма? Төрт жыл деймін-ау, енді қайтып, мың жыл өтсе де, кездесе алам ба десейші. Мың жылдан кейін кездессем, бір сәтке ғана қайта сөйлессем, арманым болмас еді-ау... Өмір... неткен қаталсың?»

Оның көз алдына шалы елестегендей болды. Орта бойлы. Ақ сақалды. Арық денелі. Жақтары суалып кеткен. Ақшыл жүзінде аздаған мұң бар.

«Қой, кемпірім, налыма, бәрі түзеледі. Бәрі түзеледі, – дегендей. Қыын уақыттарда ол ылғи осылай дейтін. – Баламыз да қайтар. Сен балаларды жақсылап бақ. Назиранны шетке шыққан деме. Қалғандары менің қасымда ғой. Қолдағы балаларға берік бол. Иә, қалғандары менің қасымда ғой».

Бота бір рет тұрып, қайта жатты. Кемпір енді өзінің үйқысы келгенін сезді. Найзагайлардың да дыбысы нашарлап, өздері алыстап бара жатыр ма, қалай?

Нияз таңтерен көзін ашып алса, екі қарындасымен үшеуі бір көрпенің астында жатыр екен. Терезеден күн сөулесі сығалайды. Жаңбыр басылып, бұлттар ыдырап кеткен ғой. Тек төбедегі сылаққа сіңген дымқыл, едендегі тесілген тамшы орындары, әлі сіңіп үлгермеген кілкіген су – өткен жаңбырдың ізі. Терезелерді мықтап жуып кетіп. Тап-таза. Бірақ аздаған жел бар сияқты. Баю уіл естіледі. Моржа да уілдей ме, немене? Ол жылы төсектен тұрғысы келмей, біраз жатты. Қарындастары бір-біріне тығылсызып, әп-әдемі үйықтап жатыр. Пыш-пыш етеді. Үйқысы әбден ашылғанша тұрғысы келмей жататын әдеті бойынша, ол көрпе астына басын қайта тартты да, тек көздерін ғана қалдырып, сығырая төбеге қарады.

Белдіктен тараган үрліктердің біреуі жарыла сынып, төмен енкейіп қалыпты. Бұу жерге баған, тіреу қою керек шығар. Осы үй бір күні құлап түссе, қайтеміз? Мына қабырғасы да сыртқа қарай шалқайған. Ал ана жуан белдік құласа, бір адамды тірі қалдырmas. Шешесі кенсе сипыруға кеткен болу көрек. Еш дыбыс жок.

Үйдің іші қөптен сыланбаған. Кір, шаң басыпты. Қабырғаның төменгі жағы шым-шытырық. Бұл балалардың істегені. Қарындашпен сыйады, шегемен тырнайды, әйтеүір, іздесен, осы жерден талай суреттер тауып алуға болады. Мына бір суреттің тұрғанына біраз болған шығар. Ол самолетке үқсайды. Тек бір қанаты кемістеу. Төмен шүйіліп келе жатыр. Тіпті оқ жаудырып келе ме, қалай? «Біздің самолет», – деп ойлайды Нияз мақтанышпен, әлгі суретті көрген сайын. Ал ана төмендегілер – неміс солдаттары. Тым-тырақай қашып барауды. Бұл қабырға ғой, ал төбедегі суреттер одан да қызық. Онда жоқ емес зат жоқ. Адам да, мал да, аң да, поезд, танк, жылан, әр түрлі құстар, үлкен бір етік – ол төбенің тең жартысын алып жатыр, жаныңа не керек, бәрі табылады. Және әлгі суреттер бір-бірімен сапырылыса, бытысып кеткен. Мысалы, самолет пен жылан қосылса, адам шыға келеді. Оларды құсқа қоссан, шөмеле пайда болады. Оның мына бір шетін алып тастасаң – қисық қазан. Қазанның ішінде үлкенді-кішілі бірнеше жұмыртқа. Біреуін жарылған жұмыртқа деуге болады. Қазанға ортасынан келе су құйылған сияқты. Оған кешегі ылғал қосылып, тіпті көдімгі судай әсер беріп тұр.

Тұндегі жаңбыр кейбір суреттерді өзгертіп, бірнеше жаңа суреттер салып кетіп. Нияз соларды сирегірек қарап жатыр. Мына бір құлап түскен сылақтың қарайған орнын неге үқсатуға болады? Сірә, кішкентай құшік емес пе? Анау жалбыраған құлағы ғой. Рас, бір құлағы екіншісінен әлдеқайда үлкен...

Үйдің су сіңген сыртқы есігі ауыр ашылып, ауыр жабылады. Бергі, екінші есік бұрынғы жеңіл шиқылын жоғалтпапты. Ішке шешесі кірді. Қолында шүбереккө ораған бірденесі бар.

— Құлымынам, ояу жатсың ба?

— Иә, апа.

Нұрбике көңілді. Тұнімен баласын құшақтап жатқан.

— Апа деме, жеңеше де.

— А-а-па-а.

— Ha-ha-ha! — деп құліп алды жеңешесі.

— Үйдей берсөң, Нұрбике деймін, сосын өжеме айтамын, Бұл жолы шешесі ұзак құлді.

— Қойдым, қойдым, ендеше. Айта көрме енeme. Бала болып кеттін бе? Айналайын. От жағайын, жата тұр. Даala мұздай скен, құдайдың күні ызырып кетіпті. Биыл қыс ерте түсіп кетпесе болар еді.

Сейлей жүріп кешегіден қалған дүзгенді сындырып, ошаққа толтыра тыға бастады. Қызыл дүзгеннің бұталары қазан мен ошақты тырналап, өрен сияды. Біраздан кейін от жана бастады.

— Тілекгүл оянып, жылаған жоқ па?

— Жоқ!

— Собалақ пісіріп берейін бе?

— Иә, иә.

Нияз қуанып кетті.

Собалақ — нан. Оны қолмен сопақтау қылып дөңгелентеді де, екі жағынан қазанның қара қүйесін жағып, оттың қоламтасына салады. «Ағынан жарыл» дейді. Піскен нан ақ жерінен жарылса, қуанысып қалады. «Әкен соғыстан аман келеді екен» деп жориды. Нан кейде қарасынан жарылады. Оnda — реніш. Сондықтан, көбіне ағынан жарылуы үшін, қүйені жіңішкелеп қана жағады. Нияз сондай собалақтың талайын жеген... Наннның аты нан ғой. Қай жерінен жарылса да... Бірақ үн жоқ кезде жармақ тарыдан нан жасап жеген күндері де болды. Бәрінен тәттісі — май салған тары палау...

Жарда үлкен қаңылтыр сағат сыртылдаپ тұр. Төмен салбыраған ауыр темір жүгі ботаника сабағының оқулығынан көрген қайдағы бір ағаш дәніне үқсайды. «Ботаника», «Зоология» деген кітаптарды Аманбол көрсететін. Себебі, ішінде көптеген қызық суреттер бар. Сағат демекші, осы үйде үш тауық, бір әтеш бар. Бірақ жазғытұргы балапандарымен көбейіп кетті. Қыста әсіресе әтештің пайдасы айтып жеткізгісіз. Ол — нағыз сағат. Қараңғы тұндерде ылғи сол оятады. Себебі, әжесі ерте тұрганмен, сағат білмейді. Ол түгіл, ақшаны да танымайды. Тек бір сомдық «сарықұлақты» ғана біледі. Қыста таңертең сабаққа бару қынын. Әсіресе желді,

аязды күндері. Декабрь айларында қатты қараңғы болады. Көшениң екі жағынан қамайтын иттер де бар. Солардың бірі, бірі емес, екеуі – Қожанбелов дейтін милиция бастығының қара иттері. Бір-бірінен ажыратып алғысыз осы екеуі жас балаларды дәл мектептің қасынан тосады. Ең қыны – өздері қабаган-ақ. Сондықтан көп балалар бір көше айналып, мектепке ар жағынан оралып баруға тырысады. Бірде сол екі ит қамалағанда, Нияздың тайып құлап қалғаны бар. Шешіп алып, қолына ұстаган белбеуінен енді қайыр жоқ. Сонда әлгі иттің біреуі алдыңғы екі аяғымен мұның тері тонының үстінен қеудесін басып тұрып, екінші балаға үре айнала жүгірген-ді. Зөресі жаман үшты. Біраздан кейін иттер, сірәден жендік қой дегендей, үйлеріне қарай ойнақтай шаба жөнелген. Бұл да қуана, қорқа мектебіне зытты. Балалар жолдағы иттердің бәрінің «мінезін» жақсы біледі. Сондықтан оқушылар жолшыбай бірінің үйіне бірі кіріп, топтана жүреді... «Ана тәбедегі суреттегі ит Қарағұл атып өлтірген өзімнің Майлыаяғым сияқты екен... Майлыаяқ сондай жақсы ит еді. Ол ешкімді қаппайтын. Тек құйрығын былғаңдата беретін жуас ит еді. Kicire ұмытылмайтын. Тек еркелеу үшін жақындаитын. Оны неге атып өлтірді екен Қарағұл? Өзін атып өлтірер ме еді», – деп ойлады Нияз балалықпен.

– Тұр, Ниязжан, шай ішнейік. Аналар үйықтай берсін, оятпа. Бала шай қызып артынан беремін... Кел, беті-қолыңды жу. Сосын арғы бетке жүгіріп барып, нарды алып келе ғой. Бұғін су да болса, бір түйе отын түсіріп алайық. Түске дейін кеуіп кетпес деймісін, жел бар ғой. Міне, собалақ та пісті. Тфу-фу. Фу-у.

Шешесі көсеуін шылдырлатып, шоқтың шет жағынан со-балақты домалатып шығарып алды да, үргіштеп, көсеумен қысып ұстаган күйі ластарқанның шетіне қойды.

– Ағынан жарылап па? – деді Нияз.

– Иә... – деді шешесі күмілжи. – Сүртініп болып отырған Нияз жылы собалақты қолына алып қарап еді, жарылған жер дәл қара мен актың арасынан еткен екен.

– Ақтан жарылған ғой бәрібір, – деді шешесі. Нияз собалақты жей отырып, ақсулауынан құйғызып, үш-төрт кесе шай ішті.

– Айран ішесің бе?

– Иә.

– Түйені біржолата жадылатып өкел. Мұндағы жады ескі. Бұғін отын ауыр болады. Және бір арқан ала кел. Жетпей қалар.

– Мм...

– Тыңдалап отырсың ба, ұмытып қалма.

– Қалмаймын дедім ғой.

Нияз ашуланайын деп еді, шешесі күлді.

— Ұмытпасын дегенім гой.

Осы кезде қабырганың бір бұрышынан бірдеме шықырлай, ақырында сым темірдің үші көрінді. Көрші үйден. Аман бол мен Амандостың ісі.

— Сірә, әке-шешелері жоқ қой, — деп күлді Нұрбике, — сазайын беретін.

Нияз қуанып кетіп, орнынан ұшып тұрды да, темірге жармасты. Бері қарай тартып алғысы келді. Бірақ болатын емес. Темір қолынан сыпырылып, өрі қарай қайта кетті.

— Тағы да, — деп айқайлады Нияз. Бірақ аржақтан ұн болмай қалды. Шамасы, Назира келіп қалған болу керек. Тек біраздан кейін Амандос:

— Нияз, далаға шық, ойнайық! — деп айқайлады. Даусы құңғірлеп жетті.

— Жоқ, арғы бетке барамын. Түье әкелем. Сен барасың ба? Мінгесіп келеміз. Тапырақтатамыз.

— Жоқ. Доп ойнаймын.

Осымен қабырга арқылы сөйлесу бітті. Нұрбике:

— Сірә, жаман үйді құлатып тынарсындар, — деп күлді. Сосын тағы: — Шашың өсіп кетіпті ғой, неге алдырмайсың? — деді.

— Рысекен көкеме алдырармын. Сағын да алу біледі. Қарындастарына айдар жасап берді кеше.

— Қой, ол жас қой, басынды я құлағынды кесіп алар.

— Осындағы Қарабасқа алдырсам қайтеді?

— Ол кісі алдыңғы күні қайтыс болды ғой. Өзі де біраз жасқа келіп еді.

— Қап, өжем шотын қайратып алам деп жатыр еді.

Қарабас жақсы шал еді. Бүкіл маңайдың шапашот, пышақтарының бәрін қылпылдатып қайрап беретін. «Иә, жақсы шал еді. Сақалы қап-қара болатын. Жас болғаны ғой онда. Неге шешем оны біраз жасқа келді дейді екен? Адам қалай өледі екен осы?» — деп ойлады Нияз.

— Ал тамағынды жеп болсан, жөнел. Тоңып қалма. Аяғың дымы қалмай жарылып кетіпті ғой. Тұзы жоқ май жақсайышы. Судан нарға мініп өт қайтарда. Айтпақшы, мен кешегі қарынды беріп жіберейін. Айран, қаймақ болса, әкеліп тастарсың.

— Әйда.

Осы кезде Әсембала оянып, көзін бір ашып қарады да, жылы төсектен тұрғысы келмегендей қайта қисайып, сәлдің арасында үйықтап кетті. Нияз айраны сығылып алынған жұмсақ қарынды алды да, ауыз жібін қайта қатты тартып байлап, далаға шықты. Сыртқы есік шынында да ауырла-

нып, ісініп кеткен еken, өрең ашылды. Түйе есік қой. Дала аздаған жел. Суықтау. Ертеңгі суық. Тұске жақын жылына. Санын бір салып жіберді де, «шу» дегендей бір дыбыс шығарып, ол сайға қарай жөнеле беріп еді, артынан:

— Эй, әй! — деген айқай естілді. Жалт қараса — почтальон Етікбай. Бұл өзінен сөл-ақ ұлken бала. Семьясында балалар кеп болғасын, мектепті тастанап кеткен. «Оқуды соғыс біткесін қатырам ғой», — дейтін мақтанып. Сейтіп жүріп, иығындағы ауыр сөмкені өрең көтереді. Соңдықтан ба, сөмке асынғанда, өншейінде де талтандап жүретін ол тіпті маймандақ қалады.

Ырсылдан мұның қасына жетті:

— Ой, қатып қалдым-ау. Неге тезірек шықладың да лаға?

— Өзің үйге неге кіре бермедің? Мен қайдан білейін.

Етікбай күмілжіп:

— Мына үйлерді де... — деді. Сосын сөмкесінен шығарып, Нияздың қолына бір қағазды бере берді.

— Хат, — деді ол сосын құлағына құпия сыйырлағандай. Бұрынғы хаттар үшбүршты болып келетін. Мынау бөтенше, көк қағаз. Оқып көрейін деп еді, Етікбай қолын бір сілтеп:

— Берібір орысша жазылған. Түк ұқсаң, басымды кесіп берейін. Одан да шешене бер. Ал мен кеттім, — деп, талтандап қыстыай берді. Қағаз шынында да орысша жазылған еken. Тіпті біраз жері тасқа басылған. Тек әкесінің фамилиясы мен аты және арт жағындағы бір-екі жол қолдан, сиямен және әдемі әріптермен жазылышты. «Жазуы қандай әдемі, менің де жазуым осындай болса, шіркін», — деп қызығып кетті бала. Сосын, үйге қайтып бармай-ақ, өуелі әжеме берермін деп, қағазды көйлегінің төс қалтасына салды да, жүгіре жөнелді.

Сай шылқыған су еken. Тіпті кейбір шилер көлшіктердің ортасында қалыпты. Жалаң аяғымен шылпылдатып кешіп келеді. Шалбардың балағы шашыраған сумен бірте-бірте ауырлауда. Мұнысы арт жағынан бөтен түсті шүберекпен жамау салған ескілеу шалбар еді. Бірақ қанша жулқыламаға түскенмен, өзір берілетін емес. Балалық қойсын ба, ол судың терең жерлерін әдейі таңдай іздел кешіп келеді. Күні ертең-ақ бұл көлшіктерді жарық алып жүріп іздесең де таба алмассың. Мына бір кішкентай ғана, тіпті дастарқанның аумағындағы көлшікте екі торғай қанаттарын жууда. «Кешегі жаңбырда бұлар қайда тығылды еken», — деп ойлады бала. Бұта, шөптерге тиіп кетсең, су тамшылар сау ете қалады. Ақ құм тастай болып қатып қалыпты. Жүгіре жөнелуге жеңіл. Және із қандай әп-әдемі болып түседі. Ол осы маңда өскен бір жас талды қығажалақтап отырып сындырып алды да, сонымен құм бетіне сурет сала бастады. Әуелі адамның дөңгелек басын, қалқыған екі құлағын салды. Көз орнына екі тесік, мұрын

мен ауыз орнына бір-бір сзызықтан сзызып, шаш үшін үш түйір тік сзызық жабыстырыды да, астына «Сағын» деп жазды. Кішкене ойланып тұрып, леп белгісін қосты. Қерсе, масқара қызық болар еді. Ол осы жолмен жүреді. Сосын табанынан түскен ізді қызықтап, біраз жер башайларымен, келесі жолы өкшесімен баса, із қалдыра жүрді. Сосын қатар-қатар жатқан қырық-елу табанның ізін қосты. Алғаннның суреті де түсірліді. Әрі-беріден соң бір-екі «үй», тағы бір-екі «адам» салып, әйтеуір, өзенге әрек жетті. Жаңбыр сорған ақ құм қанша жазсаң да, шимайласаң да жететін шетсіз, шексіз үлкен дәптер болғасын, бала айзыы қанғанша сыйғылап бітті. Күн де жылынып қалды сөйткенше. Тек бұлттар төмен көшуде. Бала бұлттарға қарап тұрып, сонау Алматы, Москва, бүкіл дүние жүзінің үстінен де осы бұлттар отіп бара жатқан шығар-ау деп ойлады. «Ана бұлтты мен де, менің әкем де – скеуміз бірдей көріп тұрмыз. Екі жақта болсақ та. Мен сені сағындым ғой, әке. Келмейсің бе енді, тез келсейші, әкекем-ау! Мен сені мазақтайтын едім, мойныңа мініп, есінді шығаратын едім. Енді келсөн, оллаһи, олай етпес едім. Қатты сағындым. Үйдің ішінің бәрі сағынды. Әсембала да, Сұлушашта, әжем де – бәріміз- бәріміз қатты сағындық қой. Келсейші, Боранбайдың әкесі бар, қандай жақсы. Ол әкесін айтып мақтанады да жүреді. Нұрбике де күнде сұрайды, келші, әкс», – деді ол жөнеліп бара жатқан бір бұлтқа қарап. Аспанмен әуре болып келе жатқан бала мұздай өзенге қалай кіргенін әуелі байқамай қалып, енді тез төмен еңкейгенде, көзінен бір тамшы ыссы жас үзіліп түсті де, кәрі Жемнің салқын толқындарына араласып кетті. Өзен бүгін толып қалыпты. «Бүкіл дүние жүзінің адамдары жыласа, бір өзен болар ма еді», – деп ойлады ол босап кеткен мұрының сүртіп жатып. Сосын судан қайта шықты да, шалбар, іш киімін шешіп, өзенде бeldен кешіп өтті. Сөл түршігіп қалды. Су тізеден жоғары жерлердің бәріне аса салқын тиді. Арғы жағаға шыққасын тез кийні. Айран құятын қарынды қолтығына қысып алыш, шапқылап жөнелді. Қолындағы тал шыбығымен екі жағын анда-санда сабалап қояды. Бір мезгілде онысы қолынан шығып кетіп, анадай жерге үшіп түсіп еді, жүгіріп бара жатқан бала қолын бір сілтеді де, өзін құйрық тұстан алаканымен шыптып қойып, жүгіре берді. Қегалға шыққасын ғана жүрісін жайлattты. Бұл жердің жолы саз, тайғақ, құлап тұсу киын емес. Жолдың шет жағындағы шөптөр суға толып, малмандай болып тұр. Аяғы кебіс кигендей қара балшық болды баланың. Онысы табанынан кейін үшып, ұсақ бөлшектері шалбарына да жабысада. Мына бір жерлерде үлкен, үкілі шилер басталады. Олардың арасындағы шөп тіпті қалың, шырматыла

өсken. Қоян да көп сол манда. Сағын екеуі осыдан жарты ай бұрын бір қоянды атпен құған. Ә дегенмен жалғыз аяқ жолмен қашқан ол біраздан кейін әлгідей қалындыққа сіңіп кетті. Жеткізсін бе! Қиқурай құған екі бала ең болмаса ұзағырақ қызықтап айыздарын да қандыра алмай қалды.

Кенет оның көзі жолдың жиегінде жатқан таяқты шалып қалды.

«Әжемнің таяғы ғой».

Әуелі қоянның көкегін үстап алғандай қуанған бала-ның көңіліне енді құдік кірді. «Тұнде кетіп еді, өзін қас-қыр жеп қойған жоқ па екен?» Жалт етіп қыр басындағы киіз үйге қарады. Маңында ешкім көрінбейді. «Әлде қолынан түсіріп алды ма екен?» Сол кезде кемпір үйден шығып, ошақ жанына еңкейгенін көрген ол секіріп-секіріп түсті де, қуаныштан:

— Әжекем! Әжекем! — деп айқайлап жіберді. Көңілдене таяқты алды да, үйге қарай жүгіре жөнелді. Енді таяғы — қылыш, қалқаны — қарын, «уралап» келеді. Әскер ойыны ғой. Дауысты естіген кемпір де елжіреп қоя берді: «Айналайын, қарашибыым, өзгелерден бөлөгім». Қазір кемпір күрекпен сиырдың таңертеңгі жылы тезегін жинап алып жатыр еді. Бірақ онысы мәз емес, сумен езіліп барады. Түйені таңертең қырға емес, сайға жіберген, өздерінің ескі тоғайының қасында. Сисендер де алакеуімде жүріп кеткен-ді. Оны Рысекен тонына орап, арбаға отырғызыды. «Даламды, жолымды, төбелерімлі, сай-жыраларымды көріп отырайын, — деді ол «жатсанышы» деген жолдастарына. — Армияға дәл осы жолмен, осындаі арбамен кетіп едім, сонда әлгілердің бәрімен іштей қоштасып едім, енді қайта қауышайын».

Ешкім ештеңе деген жоқ. Бір атты (ол мұртты), бір арба болып қозгалып кетті. Делбеде жас жігіт.

— Сау болыңыз, әже! Балаңыз аман келеді, — деді ол арба қасында тұрган кемпірге сау қолын ербендетіп. Арбаның дәңгелектері жолды терең тіліп барады. Былай шыға бір қоңыр әнді, даланың ыңыл әнін бастап кетті. Бұлар жалғыз атты мен жалғыз арба қырдан асып кеткенше қарап тұрды да, әркім өз үйлеріне үнсіз тарасты...

Нияз жетті арсаландап. «Ақылыңнан айналдым», — деді кемпір таяғын танып, баласын бауырына қысып жатыр. Бірақ Нияз кемпірдің құшағынан тез босады да, іңкөрлікпен:

— Әже, Сағын күзенді сойып тастады ма екен? — деп сұрады.

— Қашанғы шыдатсын. Сойған шығар. Не қылайын деп едің оны, құлымын?

— Көрем де, — деді назаланып Нияз. Әжесінің алдына қарынды лақтырып тастай берді. Кемпір оны тез кетеріп алды.

— О не болғаның, құлыным. Агарған қүйған затты лақтыра ма екен? Нанды, жалпы тағам атаулының бөрін жерге лақтыруға, қорлауга болмайды. Олар ренжиді. Олардан қасиетті зат жоқ дүниеде.

Нияздың есіне кешегі шекер туралы армандары ақ қар болып келіп, көз алдына тұра қалды. Сосын ештеңе демесстен, әжесінің бауырына тығылды да, сөл тұрып қалды.

— Айналайын...

Бала тағы босап шықты:

— Әже-ау, әже, Нұрбике түйені беріп жіберсін деп жатыр.

— Тамак ішіп ал. Қаймақ же. Сосын әкетерсің.

— Қарным ашқан жоқ. Сағынмен кішкене ойнап келейін бе?

— Көпке кетіп қаласың ғой.

— Негылар дейсің, әже. Мен тек мынадай ғана. — Ол шынашагының үшін шымшып тұрып көрсетті. Кемпір жымиды.

— Әже, әже. Ана арбаның ізі не? Мен жаңа қырдан шыққанда-ақ көрдім.

— Кешегі арбашилар ғой.

— А-а... Армиядан тез келіп қалған, ә. Қандай жақсы...

Кемпір ұндеғен жоқ.

— Әже, әже, ал мен кеттім Сағынға.

— Барсаң, бар, құлыным, ойнай ғой. Тіпті түске дейін ойнай бер. Мен түйені өзім-ақ апарағын. Ауданға барып келу керек екен ғой. Ана байғұс болған, баласы соғыста өлген көршімнің үйіне кіріп шығайын. Жолда армиядан баласы келген Мұқандікіне де соғайын. Түйені өзім апарағын, құлыным.

Сағынның үйіне қарай кетіп бара жатқан бала кенет тоқтай қалды да, кейін бұрылды. Көйлегінің төс қалтасына екі саусағын жүгіртіп, ішінен бір қағазды алып шықты. Екі бүктелген екен. Жердің сазын жалаң аяғымен езіп, қайтадан әжесіне жақыннады:

— Әже...

— Ау...

— Әкемнен хат келді.

— Қоңе, құлыным-ау, баяғыдан бері неғып айтпай тұрсын. Сүйінші демейсің бе?

— Ұмытып кетіппін. Ой, мынау Теміріс берген салық қағаз екен ғой. Е-е... Міне... Мынаусы...

Кемпір қағазды көргеннен-ақ дағдарып қалды. Бұрын мұндай қағаз алып көрмеген. Бала өлі қолын созып тұр. Қағаз жаюлы. Желмен сөл желбірейді. Кемпірдің тынысы сөл тарылып, жүрегі болар-болмас дірілдегендей болды. Бет терісі де жыбырлап өткендей. Алды қағазды. Бала кемпір

жүзіндегі дағдарысты байқамады. Қағазға ұзақ қараған ол қолын балаға қайта созды:

— Мә, мә! Оқышы!

— Әже, бұл орысша жазылған. Мен түсінбеймін ғой.

«Қара қағаз!» — Кемпірдің басына біреу ауыр балғамен соғып қалғандай зырқ ете түсті де, тізелері бүгіле берді.

— Немене, әже?

— Жай...

Кемпір есік алдындағы су алашаға отыра кетті де, естілер-естілмес дауыспен:

— Әкеші?... — деді.

— Нені?

— Қағазды өлгі... көк... қағазды.

— Өзіңнің қолында ғой, әже-ау.

— А-а... иә-иә...

Кемпір қағазға қайтадан ұзақ қарады. Аузы оқып отырғандай жыбырлайды.

«Бұл неге көк? Неге қара емес? Бөтен қағаз шығар. Мактау қағаз шығар. Ондайы да болады дейтін еді. Неге баланы қорқытып отырмын? Кейбір жері қалай жазылған өзінін... Маған не болған... Баяғыда зорлап оқытқанда, неге, сорлығана басым, оқымадым екен? Енді ауданға жете алам ба? Мына қағаздың я куаныш, я... не екенін білгенше жүргім жарылышпес пе екен?»

— Өзі тасқа басылған... — деген немересінің даусы өлдеқайдан жеткендей болады. Құлағы бітіп қалған ба, немене?

«Сорлы болып қалмасаң болар еді, жазған балам. Басыма неге бірден жаман ой келеді? Мына ит жүрек, қара жүрек не деп тұр? Қағаздағы мына иректер мен сзықтар, дөңгелектер мен ырғактар, тас жазу мен сия не деп тұр?! Қара қағаз орысша жазылып келеді дейтін еді. Мактау қағаз болса, жеті нан садақа жасар едім. Жасаған, бар болсаң, со лай сте гөрші. Бар малымды садақага шалайын. Жасаған, жетім-жесірдің көз жасын көре көрші. Бармысың, Жасаған? Естіп тұрсың ба?»

Кемпір теңселе орнынан тұрды.

— Балам, тамақ жейсің бе?

О несі? Аузына бетен сөз түспегені ме? Қайдағы тамақ?

— Түйе сайда жайылып жұр. Нұрбикеге...

— Нұрбикеге алып кетейін бе? — деді ұрейленген бала.

— Иә, иә... Жоқ, жоқ. Айтпақшы, Ақжібек бар екен ғой.

— Ол неге керек?

— Жұр, мына хатты оқытайық. Тез жұр, балам. Тезірек жұр.

Баланы қолынан қатты қыса ұстап алды да, Рысекенәндікіне қарай жөнеле берді.

— Әже, бір кебісің түсіп қалды ғой, — деді Нияз құлерін де, құлмесін де білмей.

— А?

Кемпір оның сөзін де, құлкісін де естіген жоқ.

— Кебісіңдің біреуі жоқ деймін. Мәсің саз болып қалды.

— А? Иә, Иә. Әуелі Ақжібекке барайық. Мынау Мырзаштан келген бе әлде кімнен?

— Мен оқи алмайды дейсің бе, әже? Фамилиясы мен аты ап-айқын жазулы түр. Әп-әдемі жазылған.

Кемпір тоқтап қалды кенет.

— А-а... Нұрбике оқыды ма?

— Жоқ. Мен үйден шығып бара жатқанда берді...

— Кім?

— Етікбай... Пошталион... Ол, Етікбай, қазір хат таратады ғой. Үлкен сөмкесі бар.

— Жүр, ендеше!

Кемпір кенет тағы орнынан қозғалды. Рысекенің үйінің алдындағы ит еліп қалғандай тырп етпейді. Далада жан жоқ. Бәрі де үйде шығар. Жаңбыр үйдің тебесін де, жер еденін де аямаған. Шұрық тесік. Төбе түгелдей ылғал, сылағы құлап түскен жерлері де қаумалап түр салмақтан. Жаңадан бір үрлік сыйниты. Бұрышқа тығызып, Ақжібек мұңайып, «Ақбай» қүйін тартып отыр. Ие, бәрі үйде екен.

Кемпір қолындағы көк қағазды ыссы шоқ ұстаған адамдай еппен үйлегілерге түгел ұсынды. Ауыр, әлемет ауыр заттай немесе түсіріп алам ба деп қорыққандай. Қосеумен ұстаған шоқтай. Үйдегілер бірдеңенің болғанын құнілгері сезгендей, бәрі бозарып, үнсіз қалды. Домбыраның соңғы, әлсіз үні ғана бұрышта зындылдан өліп барады. Кемпір Ақжібекке бұрылды. Қолы әлі сол күнде. Рысекен етік жамап отыр екен, ол да тарамыс, тебен-біздерін алдынан ысырып тастады. Ақжібек үркектеп, кемпірге жақындағы да:

— Қане, әже... — деді. Кемпір қағазды берді. Бірақ баласының қолын одан сайын қатты қыса түсті.

Ақжібек орыс сөздерін аздал бұзып оқи жөнелді. Әуелі дауыстап, сосын даусы төмендей берді. Ақырында, ең соңында, «погиб» деген сөзді тіпті жай, әрең айтты. Бірақ бұлардың ішінде осы сөздің шын мәнін білетін өзінен бөтен ешкім жоқ еді. Дегенмен, беті бозарып, көзіне бір тамшы жас ойнап шыға келді.

— «Бөгіп» деген не? — деді кемпір нағыз ауыр сөздің үстінен дәл түсіп.

Ақжібек әуелі әкесіне, сосын шешесіне, сосын кемпірге жаутаң-жаутаң қарап, көзінің жасын тыя алмады.

— Айтсаңшы, құлныым!

Ернін тістеп алды да, ол:

— Жақсы қағаз... емес, өже... — деді де, жерге қарады. Алғашқы екі сөзді айтқанда кемпір жүргегінде қайта ояна бастаған үміт сөүлесін, жана бастаған үміт отын соңғы қара тастай ауыр сөз лап еткізіп сөндіріп жіберді.

Кемпірге үйдің іші сәл қараңғыланып, ақырында сейілгендей болды. Осы кезде құлағымен ап-айқын құні кеше өзі естіген бұлтсыз құнгі қатты дауысты тағы бір естігендей. Жоқ, өлде тек солай болып кетті ме? Әлде құлағында қалып қойған тұндеңі көп наизағайлардың бірі ме? Әлде оқша жауған қара жаңбырдың үні ме? Тұндеңі тамшының бірі ме екен қағып кеткен құлынын? Қара жаңбыр солай ғой. «Не болып бара жатырмын жарық құнде? Кім сүйейді қолтығымнан?»

Тойған келіп кемпірдің қолынан ұстап еді, оны қағып жіберді. Ища деспеген келіні еді.

— Жұр, құлыным, үйге барайық, жұр.

Кемпір баланың қолынан тартып, есікке қарай беттеді. Енді ғана есі кіре айқайлаған Ақжібек:

— Өже, Мырзаш ұлыңыз хабарсызы кетіпті, — деді. Бірақ кеш еді. Кемпір бәрін түсінді. Бәрін білді. Енді ештеңені біліп я түсініп қажеті жоқ. Тұқ қажеті жоқ. Тұқ қажеті жоқ. «Мені алдай алмайсындар. Менен көп жасағандарың жоқ. Менің көне жүрегім бәрін үқты. Жаңағы дауыстар, Ақжібектің көз жасы, бәрі-бәрі соны айтып тұр. Мен құрылым. Мен құрылым. Қара шаңырақ құлап тұсті. Кешегі итсигек сияқты. Тек Ниязжанға білдірмей керек енді. Бөтен ештеңе, ештеңе де қалған жоқ. Тек сол ғана».

— Ниязжан, жұр үйге. Жоқ, жоқ, айтпақшы, сен осында қал. Құлыным, қолыңды қатты қысып жіберіппін ғой. Әкең табылады. Жоғалып қайды баарар дейсің. Сен осында қал. Сағынмен ойна. Солай ғой, Сағын. Мен үйге барайын.

Кемпір сүйретіліп жүре берді, Нияз аңырып тұрып қалды.

— Ене, тізе бүгіп отыра тұрсаішы. Біз ертіп апарайық.

Кемпір Ниязға бірдене айту керек деп ойлады. Тоқтады. Бұрылып артына қарады. Сосын тағы да:

— Ниязжан, әкең келеді. Табылады. Бұл тек қағаз ғой. Сен кешке дейін осында ойна. Кешке дейін маған ешкім келмей-ақ қойсын. Мен өзім... — дейді.

Ақжібек:

— Бөтен болімдерге қосылып кеткен шығар, құні ертең-ақ хат келеді, — деді. Енді ол түрекеліп кетіпті. Үйдің ішіндегілердің бәрі түрекеліп, мына үш-торт жерден тіреген тіреуіш бағанадай қатып қалған. Адамдардың бәрі бір мезетте отыра кетсе, тәбе опырылып құлап түсетіндей. Кемпір тағы құбірлеп:

— Иә, сүйтіндер, — деді.

Сосын жай бұрылды да, табалдырықтан аяғын әдептегіден де гөрі еппен көтеріп, белмeden шығып кетті. Артынан еруге ешкім бата алмады. Нияз жағдайды өлі толық түсінбеген си-яқты. Жан-жағына жаутаңдап қарай береді. Сағын оның жа-нына келіп, бір қалта асықты қолына ұстартты:

— Мә, біржолата ал. Төрт қызыл сақасы... бар... Алшыдан бөтен түспейді. Қорғасын...

— Айналайын, қалған бір көзгелдек қаймақ бар еді, Са-ғын екеуің жеп алып, хан ойнаңдар, — деп Тойған қапылуда. Тек Рысекен ғана Ниязға ештеңе деген жок, қасына келіп, мұрның мырс еткізіп бір тартты да, теріс қарай беріп:

— Қайран жақсы бала... Жақсы бала еді, — дей берді. — Қайран жақсы адамдар-ай, қайран! — деп басын шайқай береді.

Кемпір басын жерге салып жіберіп, еңкіштеніп үйге қарай келеді. Жерде әр түрлі шөптер. Саз балшық, дымқыл. Әр түрлі иістер. Шым-шытырық. Шырмауық па, изен бе, жапырақтар ма, ұсақ жәндіктер ме? Көк, жасыл, тіпті қызыл шөптер. Бөрі көз алдынан зымырап өтіп жатыр. Иә, мынау сай екен ғой. Сайда түрлі-түсті шөптер көп болады. Жасылға көп. Көздің алды жасылға толып кетті. Мына жерде тілдей бір көк жапырақ қалды. Жаңағы қағаз сияқты түрі. Сайдан шығарда құлап түсті кемпір. Қатты құласа да, еш жері ауырған жок. Қолына кірген қырыққыз тікен де ауыртпайды. Алды да лақтырып тастады. Жусандық басталды. Бозғылт бояу. Кей жусандардың басына ұсақ қоңыздар шығып алған ба, немене? Әлде түйіртпектері ме? Ау, мынау итсигек қой. Жасыл итсигек. Тұнде жүрегім неге қараптан қарап дүрсілдеп еді? Кешегі дыбыс не? Мына қоңырқай не? Үй екен ғой. Есік. Шиден тоқып, сыртын киізбен көмкеріп еді. Сарт етіп жабылды. Бүгін есік ауыр. Киіз есіктер судан кейін ауыр болады. Үй де ауыр. Ауыр, ауыр... Денені басып бара жатқан ауырлық.

Аптырау, бұл не? Сәл үйықтап кеткендей ме? Қой...

Кірді де, аңырып тұрып қалды. Кемпірдің сезімі алмастай өткіреніп барады. Енді не іstemек? Бәрі айқындалды үй ішіндегі заттардың. Иә, бәрі дәл баяғыдай. Тек ойлануға, жылауға болады. Неге ойлануға? Неге жылауға? Тек естен айрылмау керек. Иә, тек естен айрылмау керек. Иә, иә. Әне, төрде көрпе. Бір шеті қыртыстанған. Үстінде жастық жатыр. Мырзаштың жастығы. Көрпе де солай. Оттай жанады-ау. Қызылдан тыстаған еді. Уықтағы қыстырулы екі кітап. Олар да сонықі. Шаңырақ. Көрі шаңырақ. Олар ұзақ жасайды. Қайда, көп болды ғой. Шаңырақтар ұзақ жасай береді... Сан-дық. Сүйектелген сандық. Бұл да атам заманнан. Үлкен сан-дық. Тай сандық. Балалары дүниеге келмestен бұрын бар

сандық. Қыз күнінде, қалыңдық болып түскенде ауылынан алып келіп еді. Жұре береді екен. Жаны иттен берік екен. Сонда бұл сандықтың өмірінің қанша болғаны. Сандық үстіндегі көрпе-кііздерді алып, бөбек көтергендей жерге жайлап қоя бастады. Айтпақшы, бұл сандықтың кілті қайда? Бұрымына байлап жүретін. Шолпыша сылдырлайды кілттер. Бұрым да бітіпті-ау. Кәрі жыландай жіп-жіңішке. Боз қырау.

Сандықты ашты. Көптен ашылмады-ау бұ сандық та. Нафталин іісі аңқ ете қалды. Мұнда жатқан киімдерді жылына екі-үш рет жел қактырып алатыны болмаса, сандықты мезгілсіз аша бермейтін. Киімдердің көбі Миңзаштікі. Ең бетінде жайылып ұлының сары атлас көйлегі жатыр, белгісіз бір алып аңың терісі сияқты. Мұны ол соғыстан бұрын облыс орталығына КомВУЗ-ға оқуға барғанда киіп келген. Көйлекті еппен көтеріп алды да, жағасынан сүйіп, бетіне басты. Баласының іісі бар ма, жоқ па? Нафталин іісі көбірек. Бірақ жыламады. Мынау бешпеті. Нұрбикеге ұрысып, тазалап қой дейтін. «Сорлы Нұрбике. Ол әлі естіген жоқ-ау. Шағыр шауып жүр ме екен? Біз шөп, дүзген, жусан, итсигек шауып жүргенімізде, ол әлдекашан-ақ дүниеден өтіп кеткен екен ғой... Әдемі мен Сұлушаш, Тілекгүл мен Ниязжан, оларға қоса мен сорлы бақытсыз болып қалдым ба? Айналайын Миңзашым, қалайша ғана көз жұмдың? Бізді тастап далаға, қара суға батып кете бергенің бе?»

Кемпір өзінің де сары атлас көйлегін шығарды. Мұны да сол жолы Миңзаш қаладан әкеліп еді. Өзі анда-санда бір киетін. «Балаларым оралса, көзімнен қуаныш жасым сорғалап, осы көйлекті киіп, сүрініп-қабынып алдарынан шығам ба деп едім мен сорлы. Мынау пальтосы. Қара елтірі жағасы бар. Осылардың бәрін посылкамен салып жіберіп еді. «Әскер формасын кидім, қатып кетеді екен», — деп жазып еді-ау жағында. Енді бұларды кім кимек? Несіне бәрін сақтадым? Кімге бәрін сақтадым? Не үшін бәрін сақтадым?

Кой, тұрайын... Тұрғанда, қайда барайын?»

Кемпір үйден шықты да, ойланбастан-ақ бетімен жүре береді. Аяқтарының өздері-ақ алып келе жатқандай. Ол әлі көзіне бір тамшы жас алған жоқ. Тек жоқтау сарынымен іштей күбірлеп келеді. Көзінде жас болса да, алды ақ тұман. Кездің нашарлығынан ба? Мына дүние не болып бара жатыр? Қара-ыйып барады ғой... Тас қаранғы ғой... Ең болмаса жұлдыздар қайда? Баяғыдай... Жоқ, жоқ, ештеңе жоқ... Баяғыда, қыз күнінде күн тұтылғанда осындей болып па еді? Онда жұлдыздар бар еді ғой ең болмаса.

Шынында да, кемпір ештеңені көрмей қалды. Көз алдындағы жусандық, сүрғылт жер, бүкіл қырлық қараңғылыққа

бірден ене берді. Басы зын етті тек. Бейне бас сүйектің ішінен мың құмырсқа жүгіріп өткендей. Тенселе тоқтап қалды. Әуелі қорқып қалса да, кейін өзін бекітті. «Кез соқырлық деген осы ма екен? Мырзашым жоқта маған жарық дүниенің қажеті қанша? Неге одан сайын қарада түспейсің! Неге одан сайын көр қараңғыланбайсың!»

Бірақ кішкенеден соң алдындағы қараңғы шымылдығы бірте-бірте сейліп, дүние қайта жарықтанған бастады. Міне, ақырында қалпына келді. Бір сөттен кейін қайта ашылды. Енді құлағындағы зыңылдан бөтен ештеңе жоқ. Жүріп кетті кемпір. Жалғыз аяқ жолмен кебісі тырпилдай тартып келеді. Кемпір кенет өзінің кебістерін қашан киіп алғанын есіне түсіргісі келіп еді, одан ештеңе шықпады. Нияз айтып еді-ау жоқ деп. Міне, келе жатыр гой. Тырп-тырп, тырп-тырп... Қазір осы екі кебістің билігінде сияқты, көрі адам. Осылар алып келеді жалғыз аяқ сары жолмен. Кенет кемпір өзінің босай бастағанын сезді. Кез алдында көп қауым көрініп қалып еді осы мезгілде. Қабірлер фой. Мында оның шалы жатыр. Біраз балалары жатыр. Көзінен жас енді парлап ағуда. Шалына келе жатқанын енді сезді кемпір. Балаларына. Мынау сұық қабір емес, толып жатқан адамдар: тұмалар, бір рудың көрі-жастары гой. Үнсіз ауыл гой бұл. Шалының қабіріне ентіге жеткенде бетін жас жуып кетті. Шыдай алмады. Бірақ дауыс шығармады. Шалына айтатын сөздерін дайындалап келеді. Әлде тек солай сияқты ма? Қайдың сөз.

«Не бетімді айтамын саған? Мен сорлы саған не хабар, қайбір жақсы хабар алып келе жатыр дейсің? Мырзашың жоқ енді, шал. Бұ-ұ-ұл дүниеден жөнелді. Әлділеген ақ бөпен, бетінен сүйген бал балаң, есейіп ержеткен, ат жалын тартып мініп, қан майданға жөнелген қара көзді Мырзашыңның жанары мәңгі жұмылышты. Бір ауна, сорлы, орнынан, қалай шыдал жатсың?»

Кемпір құлпытастың қасындағы жыли бастаған топыраққа құлағанда, алғаш рет шерін теге дауыс етіп жарыла жылап жіберді. Қабір топырағы сарғыш, дымқыл, жылы екен. Құлпытаста арапша емес, қазақша, шалдың аты ойып жазылып, қызыл сырмен боялыпты. Кемпір жер ісін мықты сезіп жатыр. Жер дымқыл. Ол да жылаған ба? Кемпірдің, оның даусын есітетін бұл маңайда ешкім жоқ. Тек тогайлар. Тек бір қабірдің үстіндегі сұр құйкентай. Тек тәмен ұшып, енді жоғарылап бара жатқан ұсақ құстар. Құлпытастар. Құлпытастар...

«Аспандап ұшқан ақ сұңқар,  
Артыңа тастап, аңырадым,  
Құлап та түсті-ау шаңырағым!  
Негіп жатсың былқ етпей,

Үйінді ойран алғанда,  
Аспаннан түскен қызыл от  
Жарқ етіп жайды алғанда,  
Қара шаңырақ орнында  
Қара күйе қалғанда?!  
Мырзашиңнан айрылдың,  
Қанатымнан қайрылдым,  
Бишара болдым мен сорлы...  
Күннің жарық күнінде,  
Айдың жарық жүзінде,  
Қара түн басты қеудемді.  
Ең болмаса қу құдай  
Мені де бұрын алмады-ау!  
Құдайдың көрі қатты екен,  
Жыландаі шұбар бір хабар  
Аямай мені шақты ғой. Ah!  
Тұрсаңшы енді орнынан,  
Аңыратып қоймай осылай!  
Я болмаса мен сияқты сорлыны  
Қара жер бастыры-ып қоймай,  
Алсаңшы жылдам қасына. Ah!»

Кемпір жорғалап жүріп, балаларының қабірінің басында шерін тәкті. Олар әдейі салғандай, әр кезде қайтыс болсада, бір кезде үйіктап кеткен адамдай, тіпті бір киіздің үстіне көсліп-көсліп жата кеткен жандардай қатар жатыр.

«Айналайын көп бөбек,  
Кеудемдегі өрт бөлек.  
Жатсыңдар ма тып-тыныш?  
Анашың келіп тұрғанда,  
Жамырап неге «апалап»  
Шулап тұра келмейсіндер-аї?!

Құлындарым-ау!  
Ең болмаса Мырзашиб  
Бүйірмады-ау сендердің  
Алақандай қастарың,  
Құшақтасып жататын!».

Кемпір ұзақ жылап, аһылап жоқтау айтты.

Ол жоқтау айтпағалы қанша заман. Шалы өлгенде де мұнданың жыламап еді. Сексен екіге кеткесін бе өлде ауруы ұзакқа созылып, еті үйренгесін бе? Қайта өз келіндері, сосын басқа да алыс-жақын келіндері кезекпелесіп жоқтау айттысқан. Жоқтау созін бүл көп білмейтін де. Тек ертеректе, жас кезінде айтатын. Қазір сол сөздердің біразы жамырап өздері келіп құйылып жатыр. Қарлыққан дауыс аһ ұрып, осы қауымда жатқан барлық өліктерді тебіренткендей. Шын

жүректен жылағаннан адамдар тірілер болса, қазір олар қабірлерінен көтеріліп-көтеріліп шыға бастар еді де, осы жер жұбатушыларға толып кетер еді.

Кемпірдің әлі бітіп, тамағы кеуіп, жүргі дүрсілдеп, басы айнала бастады. Еңбектеп жүріп, біресе шалының қабірі басына, біресе оған жалғас балаларының қорғанының басына жете, екі арада жас төгіп жүр. Ақырында әлсіреген ол шалының құлпытасының қасына құлады. Тек екі иығы көтеріле еңкілдейді. Біраздан кейін әжім қолымен құлпытасты сипады. Маңғыстаудан әдейі алдырған ақ тас еді бұл. Шеберге қашатып жаздырған ақ тас еді. Жазу үнгімелеріне томарбояудың қан қызыл бояуын құйған ақ тас еді. Арғы беттен қара нарға артып әкеліп орнатқан ақ тас еді. Жазуын танымаса да, шалының маңдайындағы әжімінен сипагандай тарамыс қолымен тас бетін сипайды. Иә, бұл шалының беті ғой. Құлпытас – өлген адамның беті. Оның бөтен беті болмайды. Тасқа қарап күбірлеп, бірнеше рет «тұрсышы» дейді. Көз жасын жаулығының шетімен сұртуде. Онысы сарала. Ұзын көйлегінің етегі, қолы, беті – бәрі де қабірдің дымқыл топырағына боялған.

«Ahh!»

Кемпір кеудесінен тағы бір құшақ жалын от шашып, сыртқа бұрқ етіп шыққандай. Көз жасын тауысқандай. Іште тек жалын, от, күйік қалыпты. Оны сөндіре алатын жас жоқ. Жас та таусылады екен-ау! Тенселе басып орнынан тұрды. Аспандағы бұлттар одан сайын үркіп, көтеріліп кетіпті. Бірмагамбеттің қабірінің басында құйкентай отыр. Жылай ма, немене? Даусы зарлы шығатын сияқты. Қабірлер, жаңа қабірлер, ескі қабірлер, шым қабірлер, саман қабірлер, тас қабірлер – бәрі де кемпірді аяп, езіліп тұрган сияқты. Осы жатқандардың бәрін біледі кемпір. Құлкілеріне дейін. Мінез-құлықтары, жастары. Бәрін-бәрін біледі. Ана қабірдің иссі көңілді адам еді. Мынау үндемейтін сылбырлау. Бірақ қабірінің еңсесі көтерінкі. Біраз құрдас шалдар мен кемпірлер жатыр екен-ау... «Менің де кететін уақытым болыпты ғой». Маңай сүп-сүрғылт. Ең аяғы, қырдың астындағы шалғын да кілемдей жайнап тұрган жоқ. Біртүрлі мұнды. Ақ құм сарғайып бұлдырайды. Әншайінде айқын көрініп тұратын аудан орталығы да боз тұманда.

Кемпір сүйретіліп қауымнан шығып, жаңындағы биік жардың басына келді. Осы жардың дәл асты кемпірдің тоғайы. Қалың шидін ішінде, төбесі әлдеқашан опырылып түсікен, тек қабырғалары ырсиып қалған шым үйдің сүлдесі бұжерден ойыншық сияқты көрінеді. Мырзаш осында көп тұрып еді, әнеу бір бұрышта ойнап отырғанды жарататын. Жас күнінде табалдырыққа кеп сүрініп құлайтын. Далаға шықса,

құдыққа қарай жүгіретін. Сонда үрейленіп, зар қағатын кемпір. Құдықтың сұйна үзіліп қарап тұруды қатты ұнатушы еді Мырзаш... Сосын не... иә, есейген кезіндегі мына қырдан басынан жалғыз аяқ жолмен дедектеп сайға қарай жүгіруші еді. Бұл жер Мырзаштың дүниедегі ең бір қимас жері еді. Аудан орталығына көшіп кеткеннен кейін де жаз құндері осында келіп, киіз үй тігіп, кенсеге атпен қатынайтын. Қасиетті жері еді гой осы.

Кемпір жалғыз аяқ жолымен төмендей берді. Екі-үш рет тоқтап, дем алды. Жазатайым ұшып түссе, төменге дейін тоқтау жоқ. Мына жерде, дәл тіл баурайда бір ағаш өскен. Не ағаш екенін де білмейді кемпір. Бәрі де оны тек «ағаш» дейтін. Балалар соны қызықтайдын. Оның ұсті қөктем күндерінде толып тұрган мереке еді-ау. Оған қонбайтын құс жоқ-ты. Бұлттан бөтеннің бәрі осыған қонып кетеді дейтін марқұм шалы. Осы маңайдың үкісі-сөні боп еді. Қазір ол да жалғызыраپ, мұңайып қалыпты. Кемпір мұны қанша жылдан бері білсе де, я үлкеймейді, я кішіреймейді. Осы күйінен айрылатын емес. Мәңгі өмір сүретін ағаш емес пе екен? Ағаштардың кейбіреулері мәңгі өмір сүреді дейді гой. Мына қыр-жар, өзенсу – бұлар да өлмейді гой. Біз өлсек те, осы бұрыш өлмейді. Бөтендерге қоныс болады. Тек жол өледі-ау деймін. Мына жалғыз аяқ жол бітуге айналыпты гой. Тіпті данғыл, сайрап тұрган жолдар да өледі. Мәңгі өмір... Қайда екен сол? Адам баласына неге мәңгі өмір берілмеді екен? Жаңа-жаңа дүнияның сиронын танып келе жатқанда өліп кетеді. Ал жаңа туған балалар оны түсіну үшін тағы да аз өмірінің жартысын сарп етеді. О несі екен, ә? Қаншама шырақ, жалын, гүл өмірлер сөнді. Бірақ олардың орнына жаңалар өсіп шығып жатыр гой. Дегенмен, әрбір адамның өзінің маңдайына жазылған ғасыры бар. Қанша бұлқынсан да содан шыға алмайсың. Бір көлдің балығы шоршып екінші көлге түсे алмайтыны сияқты.

Бұл ойлар кемпірге аз да болса қуат бергендей. Міне, құдық. Бетін шылау ма, кіреуке ме, жеңіл шарбы басқан. Таңтерең су алуға келгенде, ол өзінің жүзін осының тұнық бетінен көретін. Мына шилер. Қаншама тарттым сендерді? Қанша шыпта, үй орағыш шилер істедім? Баданадай жуан, бойшаң берік шилер еседі мұнда. Шидің арасынан тек аттының басы ғана қылтиып көрінетін еді-ау.

Тоғай... Үйінің орны. Терезелері аңырап тұр. Кемпір есқі үйдің ішіне кірді. Жыламаймын гой, бәрібір жылайтын жас қалған жоқ деп ойладап, жынды адамша екі бөлмесін жай арапап шықты. Бір тіршілік белгісі болсайшы. Тек біртүрлі иіс бар. Қүйік иісі ме, шірік иісі ме, немене?

Сүйретіліп есік алдына қайта шыққан кемпірдің көзіне ескі күлде шөгіп жатқан қара нары оттай басылды. Оның көзінен де сорғалап, су ма, жас па, бірдеме ағып жатыр екен. «Көз жасы ғой мынау», — деп кемпір ойлап болғанша-ақ, жарықтық, орнынан атып тұрып, бір рет гүрлдей ыңырысып жіберді де, кемпірге қарай талтаңдап желіп кетті. Тез жетіп, қайғысына оргақтасқызы келгендей. Тап осы кездे кемпір шыдай алмады, аяқтары өзінен өзі үүгіліп, отыра кетті. Нар келіп, өзінің түкті еріндегін оның бет-аузына тақап ыңырана иіскегенде, кемпір оның мойнынан құшақтай алды да, еңіреп жіберді. Көз жасының қайдан құйылып кеткенін. Қара нар алдыңғы екі аяғымен шөгө, басын кемпірге сүйеп, қара темірден құйып тастағандай қатып қалыпты. Кемпір ұнсіз еңіреп жатыр, еңіреп жатыр.

Шилер қозғала бастады. Аспанға бұлт қайта үйіріліп, қара-йып барады. Қайдағы бір құс ұн қатады. Қыр басына бір атты шауып шыға келді. Бұл кемпірді іздел жүрген Рысекен. Тәмендегі суретті көріп, ол аттан секіріп түсті де, қолындағы қамшысымен жердің жонын бір тіліп жіберіп, екі шекесін қос қолдай ұстай алып, еңкілдеп отыра кетті.

Енді кемпір мен нардың көз жастары бір бұлақ болып ағуда. Ұнсіз. Кемпірдің басы тағы да айналып барады: енді ол өзін осы күйде нар екеуі шексіз кеністікте қимылсыз ұшып бара жатқандай көріп кетті. Тек басына кенет келіп, ұлы шындықтай жарқ ете қалған ой — ертелі-кеш жер бетінде өмір сүрген жалғыз ғана адамның өлімі де дүниенің бір рет тасталқан болып құйреп түскеніндей екен-ау деген наизағай ой еді. Қанша рет қирады екен сонда мына фәни дүние?!

## МАЗМҰНЫ

Баспадан (алғысөз орнына) .....	4
Қарала сиыр .....	8
Отамалы .....	18
Қызыл ай .....	40
Майлыаяқ .....	74
Уақыт .....	90
Жан .....	98
Қара жаңбыр .....	136

3407

**Жармағамбетов Тобық**

## ОТАМАЛЫ

Әңгімелер мен хикаяттар

Күрастырылган Е.Дүйсенбайұлы

Бас редактор З.Серікқалиұлы

Суретші А.Тіленішев

Техникалық редактор Р.Баязитова

Компьютерде беттеген Г.Есімбекова

Теруге 15.04.02 жіберілді. Басуға 23.05.02 қол қойылды.

Қалпы 84x108<sup>1/2</sup>. Қағазы офсетті. Қаріп түрі «Таймс».

Шартты баспа табагы Ы.13. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 91.

«Раритет» баспасы, 480091, Алматы к., Масанчи, 98,  
оф. 14, тел.: 92-35-83, 92-36-83, факс 92-17-19.

Тапсырышының диапозитивінен  
«Курсив» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде басылған

Кейіпкерлерінің имани тазалығы,  
ізгілік ойлары, аңызға айналған  
сыршылдығымен оқушыларымыздың  
талай үрпағына қызмет етер  
Тобық Жармағамбетовтің, бұл  
кітабы көп томдық «Қазақ  
прозасы қазынасынан»  
сериясына ел ықласын аударап  
ырысты басылымдардың  
бірі болар деп ойлаймыз.



Қазақ  
прозасы  
қазынасынан

